



**«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ
ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТАҒЫ ДАМУЫ»**

халықаралық ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
17-18 наурыз 2023

PROCEEDINGS

of the international scientific conference
**«CURRENT STATE AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT
OF MODERN SCIENCE AND EDUCATION»**
17-18 March 2023

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции
**«СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ»**
17-18 март 2023

Атырау, 2023

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Қ 22

Редакция алқасы:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Қ 22 Қазіргі заманғы ғылым мен білім берудің жағдайы және болашақтағы дамуы: халықаралық ғылыми конф. мат. = Современное состояние и перспективы развития современной науки и образования: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceedings international scientific conference: Current state and prospects of development of modern science and education. – Атырау: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2023. – 527 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-3210-7

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. Мақаланың мазмұны мен жіберілген қателерге автор жауап береді.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования. Ответственность за содержание статьи и допущенные ошибки несет автор.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education. The author is responsible for the content of the article and mistakes.

ӘОЖ 001
КБЖ 72



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
HUMANITIES

ҒТАМР 17.82.10

Ө. НҰРҒАЛИЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ЫРЫМ-ЖОРАЛҒЫ КӨРІНІСІ

Б.Қ. Мұратбек

Фил.ғ.к., доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Мақалада ақын Өтежан Нұрғалиев туындыларындағы лингвомәдени бірліктер (лингвомәдениеттаным), туған топырақтың ғылымы (филологиясы) ақын өлеңдерінің өзегі тілдік тұлғалық концептілік аймағы және өлеңдеріндегі лингвоелтанымдық единицалардың қолданылу ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен қатар, қазақ халқының рухани байлығы мен дүниетанымы ақынның «ғалам бейнесі» ретінде көрінетіндігі, ақын туындыларындағы концептілік құрылымға ерекше халықтық, ұлттық сипат тән екендігі айқындалған.

Түйін сөздер: әдет-ғұрып, наным-сенім, тұрмыс-салт жырлары, жоралғы, ырым.

Әр халықтың өмір сүру қалпы мен дағдысына сәйкес күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданатын, жанына медеу тұтатын наным-сенімдері қалыптасады. Ол атадан-балаға рухани мұра ретінде тасымалданады. Кез келген әрекет мақсатқа лайықтылығынан айырылып, семиоткалық таңбаға айналса, әдет-ғұрып болып кетуі мүмкін. Әдет-ғұрып мифтермен, салттармен тығыз байланысты. Кейбір ғалымдар мифті әдет-ғұрыптардан шыққан деп тұжырымдайды (К. Леви-Стросс, Е.М. Мелитинский). Әдет-ғұрып салтқа қарағанда қиындау жүйеге, бірнеше кезеңдер мен ұзақ мерзімге ие. Ол арнайы әндер мен драмалық қойылымдармен ерекшеленеді.

Негізі әдет-ғұрып адамның өзін қоршаған ортаның бір мүшесі ретінде тануына, бір-бірімен қарым-қатынас жасауына өз үлесін тигізген. Мәселен, қазақ халқында беташар кезінде қалыңдықтың аяғының асытна жаңа сойылған қозының терісін жайып бет ашқан. Бұның да өзінің мәдени мазмұны бар.

Салт – белгілі бір уақыт аралығында дәстүрлі әдістер арқылы тұрақты ретпен орындалатын әрекеттер жүйесі. К. Лоренцтің айтуына қарағанда, салт жан-жануарларда да болады, шығу тегі жөнінен олар өзара ұқсас.

К. Лоренц салт-дәстүрдің 3 қызметін айрықша бөліп қарастырады:

- 1) агрессияны түсіруі;
- 2) «өз» ортаңды анықтау;
- 3) «басқалардікін» күштеп алу [1, 83 б.].

Салттың адам үшін маңызы зор. Тіпті тіл салт-жоралғылардың белгілі бір қалыпқа түсу нәтижесінде дүниеге келді деген болжам бар.

В.Тернердің айтуы бойынша, салт – жалпы қалып пен халықтың байлығын ұстап тұратын маңызды құрал, оның қиын жүйесі – адам психикасымен тығыз байланыстылығы. Олай болса, әрекет мақсатқа лайықтылығынан айырылып, семиотикалық таңбаға айналғанда, салт болып өзгереді. В.Тернер былай деп жазды: «... салт пен символика эпифеномендер ғана емес, олар адамның жағдайына белгілі бір дәрежеде қатысатын онтологиялық құндылықтарға ие. Символикалық әрекеттер мен салттардың кең таралуы біздің мәдениетіміздің дамуына тиімді болуы мүмкін». Адамзат тарихында салт-дәстүрлер әрбір мәдени – әлеуметтік тұлға деңгейін анықтауда маңызды орын алады. Әрбір жеке тұлғаның дәстүрге сай әрекеті оны шығармашылық істерден тежейді.

Салт-дәстүрді театрлық қойылымдармен шатастыруға болмайды. Миф адамның өмір сүру формасының барлық түріне де енді. Салт пен мифтің ауызша таралуы бір қоғам мүшелерінің пікірлері мен көзқарастарының бірлігін қамтамасыз етті. Салттардың әсерінен пайда болған адам тілінің семантикалық таңбалары қай кезде де прототиптік жағдайлардың жүйесін көрсетуі тиіс.

Наным-сенімдер адамның табиғат күштерімен магиялық байланысқа түсуіне септігін тигізді. Мысалы көз тиуден сақтану үшін көзге тіке қарамай, көзге түспей жүру керек деген сенім бар. Одан сақтанудың бір жолы – күлкі. Сенімдердің салмақты түрлерімен қатар күлкілі жағдайлары да қатар дамыған. Тілдік қоғамда күлкінің өз маңызы болған. Христиандық мәдениетте өлім, шайтан күледі, міне осыдан «дьявольский смех» деген фразеологизм қалыптасып, тілдік айналымға енген. Адам өмірге келгеннен бастап оны қорғаушы періште мен арбаушы шайтан бірге болады. Періште адамның жақсы әрекеттерін көріп қуанса, шайтан жаман істерді көріп рахаттанады. Бірақ қасиеттілер күлмейді, жай ғана жымыып, қуанады [2, 67 б.].

Әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне, діні, қоршаған ортасы, қалыптасқан ұстанымы, ата-бабасынан қалған наным-сенім негізінде ұстанатын салт-дәстүрлері, тұрмыстық дағдылары болады. Ол өмір сүру қалпына айналып, атадан-балаға мирас боп беріліп отырады. Бұның көрінісі тілде сақталады. Ұлы Абай өлеңмен дүние есігінің ашылып, өлеңмен жер қойнына кіретінімізді айтып кеткен. Халықтың күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын жөн-жоралғыларының бірі «қырым». Ө. Нұрғалиев өлеңдерінде

*Ұшырта шапқан ұшқынмен
Ұшықтап өткен қыс айым,
Үлкен бір үстірт үстінен
Үскірген желге ұсайын...*

*«Көңіліңнің, – дедің сонда, – қапасын
Бір серпуге кетіп бара жатасың»
Есіңде ме Ерагага соққаным –
Сіздің шалдың алайын деп батасын.*

*Сол кеткеннен, жолым болып, мол кеттім
Мол кетуден көкірекке толды екпін
Бірде адасып, бірде тауып жолымды,
Барар жерге бұралаңдап мен жеттім
Сіздің үйге сол баруым дөп екен,
Анда-санда соны есіме ап өтем
Тағы да бір бата алатын кез жетті
Мен барғанша тірі жүрсе Әбекең!*

Жоғарыда берілген өлең жолдарында ұшықтау ырымы мен бата беру жоралғысы суреттеледі. Ақын ұзақ сапарға барар алдында үлкен адамнан бата алып жолға шыққандығын, жолының оңды болып, енді тағы бата алуға барғысы келетінін баяндайды.

Сонымен қатар халықта қорықтық құю, аластау, ұшықтау, өкпемен ұру деген емдік ырымдар бар. Бұл сырқаттанған науқасқа немесе жас түскен келінге, ұшынған адамға, жас нәрестеге, балаға жасалады [3, 114 б.]. Бұл жоралғы ақынның «Өкпемен қағу» өлеңінде бүге-шігесіне дейін баяндалған.

*... Анам менен неше ауруды табатын.
Тоқсан түрлі кеселіне бір шипа,
Осы зой деп жас өкпемен қағатын...*

Бұндай ем жасау үшін аурудан ада, кеселден аман жас мал немесе қанатты құс алынады екен. Ақынның өлеңінде:

*Асыл дәрі текке күйіп кетпесін,
Дегендей-ақ балам азап шекпесін,
Кемпір мені жібермейді ойыңға,
«Қой сояды» деген хабар жеткесін..*

– деп беріледі. Өлең жолдарында әрі қарай емнің жасалуы суреттеледі:

*Бір қолда өкпе, бір қолында тас құман,
Бірдеңе аңдып батқан күннің астынан,
«Жұм көзіңді!» дейді маған... мен тұрам,
Жұмып алған екі көзді тас тұман...*

ескі наным-сенім бойынша баланы өкпемен қағып тұрып, емші тілек айтады:

*Түн ауруы болсаң, ауру, түнмен кет!
Күн ауруы болсаң, ауру, күнмен кет!*

Бұл тіркестердің астарында халықтың түн мен күнге сыйынғаны, оны жоғары бағалағаны, киелі санағаны жатыр.

«Балам менің өлген жоқ!» өлеңінде дүниеден өткен адамды о дүниеге аттандыру жоралғылары да баяндалады.

*... Жаманаттың тас төбесін ойғанбыз,
Жексен жайын айтып, айтып қойғанбыз.
Биыл күзде жылы болды дегенге,
Жаназаға көк бұзауын сойғанбыз.*

Бұл шумақтарда Жексеннің қайтқанына жыл бір жыл болғандығы туралы ақпарат беріліп, сол садақасына көк бұзаудың сойылғандығы айтылған. Бірақ ақын өлеңінде жаназаға сойылды деп қолданады. Жаназа қайтыс болған уақыттағы садақасының атауы. Біздіңше, ақын ұйқас ыңғайына қарай сондай тіркес қолданған.

*Тірлігінде хан қоятын бұ халық,
Тастап еді тізімнен де шығарып.
Біздің кемпір салып жатыр айқайды
Ақ жаулығы аяғына шұбалып:
«Аман-есен оралдың ба, Жексен-ау,
Қара жерде ойылып жүр өкшем-ау,
Жат жерлерден тауық құсап теретін
Несібеңді тауыстың ба, Жексен-ау!...»
... Аспандағы куә қылып Күн, Айды
Қарсы алдына бір тізерлеп құлайды.
«Бірге кеткен Нұрғалиды өзіңмен
Өз қолыңмен көмдің бе?» – деп сұрайды.*

Бұл шумақтарда жоқтау, қаралы адамдардың көрісу салты бейнеленген. Ақын қолданысындағы Біздің кемпір салып жатыр айқайды сөйлемінің астыртын мағынасы Жексенмен жылап көрісті дегенді айтып тұр.

«Жан жылуы» өлеңінде асау туралы айтылады:

*Бұл да сөзі сол сорақы соғыстың,
(Қасіретін әлі ұмытқан жоқ ешкім)
Сылл-сылл еткен шикі қайыс шоқаймен
Тонның ішкі бауындай-ақ таныспын
Әр барғанда бір қайтарым «сый» алып,
Асатудан бір тоярым – бұл анық.
Кісі толы нағашымның үйіне
Бара алмаймын шоқайымнан ұялып.*

Ақын бұл өлеңінде асату салты туралы ақпарат берген. Асату – сыйлы қонақтарға жасалған табақтан көпшілікке, бала-шағаға берілетін астан асату [4, 59 б.]. Тура мағынасындағы тұйық етістік формалы асату етістігі жоралғының атына айналған. Бұл өлеңнің бірінші тармағында – Бұл да сөзі сол сорақы соғыстың – сорақы соғыс тіркесі қолданылған. Негізінен сорақы сын есімі адамның мінезіне байланысты немесе іс-әрекетті бейнелейді сорақы бала, сорақы әрекет деген сияқты. Сорақы соғыс тіркесі арқылы ақын халықтың әбден шаршағандығын, жоқшылық пен күйіктен жүнжіп кеткендігін сипаттау үшін қолданған. Асату ауыз тигізу, ол тоя ішер тамақ болмайтыны белгілі.

Ақын Асатудан бір тоярым – бұл анық деген жол арқылы күнделікті тойып тамақтанбайтын баланың жүрек жалғауы асату екендігін баяндап тұр. Өлеңдегі қайыс шоқай – соғыстың зардабын танытатын бірлік. Сонымен қатар қазір қолданыста сирек кездесетін базына сөзі ақынның өлеңдерінде кездеседі. Тіпті «Базына» тақырыбында өлеңі де бар. Сөздіктерге сүйенсек, базына сөзі өкпе, наз дегенді білдіреді. «Базына»:

*Оған біраз, оған біраз жыл өткен
Кетпей қойған сол бір сәтке жүректен.
Сол Степан (ұлты – қазақ) нағашым –
Қылық асап қойды маған бір өктем.
Болмаса да көз қимайтын қазына,
Ырза болар едім зой мен азына
Қонақ болып шақырылып үйіне...
Жасап едім сәл жиендік базына.*

Қазақ халқы жиенді қатты сыйлаған. Нағашылы-жиенді қалжыңдасып, сыйласып өткен. Тілдік қолданыста *жиен ел болмас, желке ас болмас* деген мақал болғанымен, біздіңше, ол жиеннің қанының бөлектігін, яғни оны ң анасы – қыздың – барған еліне сіңісті болсын, төркінін жағаламасын деген оймен айтқан. *Жиеннің көңілін жықпа, жігіттің жақсысы нағашыдан* деген тіркестер осыған дәлел. Бұл өлеңде осы нағашылы-жиеннің жақындығына қылау түскен сәт суреттеледі. Бұл ақынның екінші шумақтың соңғы тармағындағы *Жасап едім сәл жиендік базына* дегенінен байқауға болады.

*Алдым сонда көңіліме дерт-сабақ
Өттім соны өзегіме өрт санап.
... Әкесінің ақшасына Степан
Әкеп еді Москвадан төрт сағат.
... Әкесіне тақты апарып біреуін,
Ақжарбайға тақты апарып біреуін.
Күтіп тұрмын мен төртінші сағаттың
Мәселесін маған әкеп тіреуін!
Қатар өскен досы да ем, жиен ем,
Бір сағаттың еншісіне ие де ем,
Кітабымыз, асығымыз ортақ ед,
Аман едім арға жұққан күйеден
... Болмаса да ердің құны – қазына,
Қарамай-ақ көбіне де, азына,
Сол арада жиен болып, қазақ боп,
Жасадым мен тұңғыш рет базына.*

Бұл өлең жолдарындағы *Қатар өскен досы да ем, жиен ем*, тармағында Степан мен Өтежанның жақындығын көрсету мақсатында дос, жиен сөздері алынған. Ақынның астыртын мағынада айтпағы бір сағатты маған қиып беретіндей ең жақын досы, әрі жиенімін деген ой. Жиен, дос сөздері туыстық жақындықты анықтаушы бірліктер. Бұны әрі *Кітабымыз, асығымыз ортақ ед*

деген қосымша сөйлеммен қорытындылап тұр. Кейінгі жолдарында Сол арада жиен болып, қазақ боп. Жасадым мен тұңғыш рет базына деген тармағында ақынның жиендікке салып сағатты сұрағандығы айтылған. Базына негізінен көңілі қалу, наразы болу мағынасында қолданылғанымен бұл жерде ақын наразы болып, дегенмен, балалыққа салып, қатты қызығып сағатты жиендікке салып қалап алғанды берілген. Бұл сөзімізге келесі жолдарындағы

*Бәлки, менің ісім сәл бір ағат-ты.
Ұшқыр көңілім аңсады ма қанатты?
Тел қозыдай тату өскен Степан
Жұлып алды өз қолымен сағатты!
Бай да болып кетпес, сірә, ол мұнан,
Кедей болып қалмаспын да мен бұдан.
Пәленбай жыл жылы ұяда орныққан
Жұлып алды жүрегімді орнынан.*

Бұл өлең жолдарында сағатты жұлып алды деген сөйлем бар. Яғни ол баланың сағатты алғандығын баяндап тұр. Бала көңілінің соншалықты суып қалғандығын көрсету үшін қасиетті саналатын ұя сөзі таңдалған. Тел қозыдай тату өскен Степанның Пәленбай жыл жылы ұяда орныққан Жұлып алды жүрегімді орнынан деген сөздері ақынның наразылығын бейнелеуші сөйлем. Бір сағаттың еншісіне ие де ем, Аман едім арға жұққан күйеден тармақтарында енші беру жоралғысы да көрініс береді. Қазақта бөлек шыққан үйге, немесе, қыз тұрмыс құрғанда еншісін береді. Ол сол балаға тиесілі несібе, соған бөлінген құрмет сый, бұйым. Ол әркімнің шамасына қарай мүліктей, малдай берілуі мүмкін. Ақын бұл өлеңінде нағыз қазақы танымға өзек болатын генетикалық ерекшелік ретінде, ұлттық болмыстық ерекшелік боп қанына сіңген, баласы да, атасы да, аты қазақ жоғары бағалайтын ар сөзін де орынды қолданған. Аман едім арға жұққан күйеден деген тармағы Степанның алдында ешқандай әбестік жасамап едім, арым таза еді дегенді меңзеп тұр.

*Соғыс! Кәззап! Жетім қылдың көңілімді,
Қаяу қылдың, жаяу қылдың өмірімді,
Жаман сағат алдында мен жеңілдім,
Білмей келіп, білмей келіп жеңілуді.
... Бұдан басқа кінәм да жоқ тағатын,
Бұдан басқа жалам да жоқ жабатын,
«Ел болмайды жиен» деген осы өлең –
Нағашыма сыйлайтұғын сағатым...*

Өлеңде көңіл сөзіне ерекше эмоциялық екпін түсірілген. Қазақ табымында көңілді, яғни психологиялық ахуалды өте жоғары бағалаған. *Көңіліне қарау, көңілін қимау, көңілін түсірмеу* деген тіркестер осының дәлелі. Науқас адамның көңілін сұрау, жақыны дүниеден озған адамдарға көңіл шай беру салты да осыдан қалыптасқан. Өлең жолындағы Жетім қылдың көңілімді тіркесі ақынның психологиялық жағдайын сипаттайды. Тілдік қолданыста көңілі жетім

тіркесі өте сирек қолданылады. Ақынның айтпақ ойы соғыстың зардабы, ішкі құса күйі, бітпейтін сағанышты жетім көңіл тіркесіне теліген. Бұл жетім көңіл тек Өтежанның ғана көңілі емес, соғыс жылдарындағы жарын күткен әйелдердің, жаулығын сүйретіп баласын тосқан ананың, әкесін шинелмен елестеткен баланың, досынан бұрын соғыстан жаралы боп келіп ұры тазыдай қысылған жолдастың көңілінің жетімдігі.

«Ел болмайды жиен» деген өлеңдегі

Нағашыма сыйлайтұғын сағатым... – деген жолдарында да нағашылы-жиеннің арасындағы сый-сияпат беру жоралғысы жатыр. Астыртын түсінігінде нағашысына тартылған өлең жолдар бұрынғы сағат بازیнасының есесі.

Жалғыз баласынан соғыста айырылып, өмірдің, күйбең тірліктің ауыртпалығын өзі тартып, аұыры бір жұтым суға зар болып, сусыа, адасып өлген Мұқаш шал туралы «Мұқаштың ақыры» туындысында да сыбағы сөз қолданылады. Мысалы:

*«Шал не көрді бұл өмірден!» – демес ек,
Сол шал тартқан сыбағыны жемесек,
Бәрін көрді; ең ақырғы көргені –
Опасы жоқ бұл дүниеде көк есек...*

Бұл тармақта сыбағы тартудың құрмет көрсету жоралғысы екендігі, айтылады.

Ауыл тірлігінің бүге-шігесіне дейін танып, салт-дәстүрдің барлығына сусындап өскен ауыл баласының әр шығармасы қазақы тұрмыс-тіршілік пен салттық жоралғылардан өрілген. Сыбағы сөзі оның жиырма шақты өлеңінде кездеседі. Дегенмен әрқайсында ол әртүрлі ренде қолданылып, кейіпкерлер мен туындының мазмұнына сәйкес контекстік мазмұнға ие болады. Оқырман бұл сөзді ақынның шеберлігімен әр туындыда жаңа қолданыс ретінде таниды.

Өтежан Нұрғалиев өлеңдерінде тұрмыс-салттық жоралғылар мол суреттеледі. Ақын әр салт пен жоралғыны мейлінше туындының мазмұнына лайықты қолданған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Жұбаева О.Қ. Кеменгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары. Фил.ғыл кандидаты диссертация авторефераты. Алматы, 2002. – 27 б.

2 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987. – 263 б.

3 Нұрғалиев Өтежан. Ақтөбе кітапханасы. 15 том. – Ақтөбе: «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС. 2013. – 320 б.

4 Сыздық Р. Сөз құдыреті. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014.

- 5 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: «Ғылым». 1998. – 137 б.
- 6 Әзімжанова Г. Көркем прза прагматикасы. Алматы, 2005. – 300 б.
- 7 Қайырбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Фил.ғыл.канд. диссертация. – Алматы, 2004. – 135 б.
- 8 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 292 б.
- 9 Колшанский В.Г. Объективная КМ в познании и языке. – М., 1990.
- 10 Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» романы бойынша). фил.ғыл.канд. диссертациясы. – Алматы, 2003. – 127 б.

ҒТАМР 16.21.07

БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ПАРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТИДЕГІ РӨЛІ

Н.М. Жақсыбаева

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қ.Т. Маликов

Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Бүгінгі таңда тіл білімі саласында қарым-қатынас барысында қолданылатын бейвербалды амалдардың өзіндік ерекшеліктерін қарастыру, оның тілдік қолданыстағы мәні мен мазмұнын ғылыми тұрғыдан зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мақалада бейвербалды амалдардың тіл біліміндегі рөлі мен оның тілдік көрінісі мәтін деңгейінде талданды.

Бейвербалды амалдардың қолданылу ерекшеліктері, білдіретін мағыналары, олардың ұлт мәдениетімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, ұлттық-мәдени ерекшеліктерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты талданып, жүйеленген деп айту қиын. Қарым-қатынастың бейвербалды түрін, оның жасалу жолдары мен қарым-қатынастағы табиғатын ашып көрсету, тілдегі көрінісі мен алатын орнын талдап, жүйелеу жаңа ғылыми бағыттарды терең түсінуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: тіл, мәдениет, бейвербалды амалдар, мәтін, әдебиет, коммуникация.

Бейвербалды амалдар – адамның эмоционалды қалпынан хабар беретін, құрамына ым-ишара, дене қалыбы, визуалды байланыс, дауыс ырғағы, дауыс екпіні, жанасу сынды амалдар кіретін қарым-қатынастың тілдік емес формасы.

Бейвербалды амалдарды өз орнымен қолдану, мәтіннің танымдық мәнін күшейтіп, әсерлілігін арттыра түсетіндіктен, бұл мәселені зерттеу тілдік және тілдік емес қатынастарды түсінуге, меңгеруге мүмкіндік береді. Сондықтан, бүгінгі таңда тіл білімі саласында қарым-қатынас барысында қолданылатын бейвербалды амалдардың өзіндік ерекшеліктерін қарастыру, оның мәні мен мазмұнын ғылыми тұрғыдан зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Вербалды амалдар мен бейвербалдылықты тереңінен қозғап зерттеген белгілі ғалым Г.В. Колшанский: «Вообще паралингвистический аспект релевантен только в сочетании с изучением вербального общения. Случаи так называемого неязыкового общения лежат вне сферы паралингвистики, на стыке психологии с физиологией и этнографией» – деген тұжырым жасайды. Бұл

пікірде тілдік емес, тілден тысқары элементтердің паралингвистикалық құралдарға ұқсастығы болатынын, бірақ оларды параамалдармен шатастыруға келмейтінін, олардың адамның физиологиялық ерекшелігі ретінде ғылымның өзге салалары қарастыруға тиістігі жөнінде айтылған пікірді оқимыз.

Ғалым имманетті-тілдік және тілден тыс факторлардың қосылуы, бірігуі және олардың информацияны нақты жеткізудегі табиғи процестердің жүруінің екі түрлі себеп-салдары бар екенін атап көрсетеді:

а) біріншісі – вербалды құралдарды таңдау еркіндігі бар екені; олардың көптігі мен мол болып келетіндігі, тіпті ондай мүмкіндіктің әр коммуникант үшін жеткіліктілігі, тіпті мейлінше көптігі мен артылып түсетіні болса;

ә) екіншісі – коммуникативті процестің материалды жақтан нақтылығы. «По естественной необходимости эти два фактора должны были быть объединены в процессе развития языка. Характер этого объединения, однако, весьма своеобразен, так как он не образует некоторого органического соединения интра и экстралингвистических факторов, а является по существу своему объединением, лежащим на поверхности языка. Экстралингвистический фактор не включен и не может быть включен в структуру языка, так как система языка функционирует имманентно и в принципе не нуждается в каких-либо дополнительных средствах для выявления коммуникативного содержания» [1].

Бейвербалды амалдардың зерттелуі туралы тілші-ғалым Б. Момынова: «Кең ауқымдағы танымдық (когнитивтік) тұрғыдан да дене тілі, ым мен ишаратты зерттеу – тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра отырып, кешенді зерттеу арқылы іске асатынын, теориялық тұғыры әлі толық қалыптаса қоймаған жаңа бағыт екенін» айтады [2].

Тілдік орта қарым-қатынасты іске асыру үшін сөйленіс кезінде ойды жеткізу мақсатымен түрлі-түрлі тілдік және тілден тыс, тілдік емес, тіл айналасындағы құралдарды пайдалану дағдысын қалыптастырған. Осы тіл айналасындағы құралдарға *ольфакторлық, тактильдік, көзбен көретін, құлақпен еститін тілдік және тілдік емес* құралдар жатады. Тілдік құралдарды ғылыми тілде вербалды амалдар деп аталса, тілдік емес құралдар бейвербалды амалдар деп аталады. Коммуникацияның осы аталған екі амалының ара қатынасы қандай межеде танылуы керек деген мәселеге байланысты бүгінгі таңда қалыптасқан ғылыми пікірлердің өзіндік жүйесі бар.

Дегенмен де қандайда бір болмасын мазмұнның барынша толық жеткізілуі үшін кей жағдайларда таза тілдік құралдардың элиминация құбылысына ұшырайтындығы байқалады, мұндай сәттерде дәл сол элиминациялық процесс іске асқан мезеттен бастап экстралингвистикалық құралдар іске қосылады. Бұл кезде белгілі бір іске асуға тиісті тілдік актінің нақтылығы артып, тиісінше айқындала түседі. Ал лингвокреативтік ойлау жүйесіне сәйкес сөз – ұғыммен бірге формалар да жасалады. Әрбір сөйлеушінің тілінде, сөзінде нақты бір сөздің көмегінсіз тыңдаушыға жететін, практикалық үшін практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру барысында жасалатын қимылдар,

бет-пішін өзгерістері болады. Мүмкін мұны практикалық ойдың көрінісі деуге де болатын шығар. Өйткені, ым мен ишарат та, дене қимылдары да – ойлаудың жемісі. Ал ойлау мен тіл тығыз байланысып жатқан категориялар. «Практическое мышление, т.е. мышление непосредственно, включенное в практическую деятельность и направленное непосредственно на решение частных задач, принимает форму наглядно-действенного мышления. Наглядно-действенное мышление – это элементарная форма практического мышления, направленная на разрешение элементарных практических задач» [3].

Бейвербалды тілдік коммуникация құралдарына қатысты терминдер *бейвербальды амалдар, бейвербалды элементтер, қатынастың бейвербалды құралдары* деп түрліше аталып жүр, яғни олардың аталуында бірізділік жоқ, толық тұрақталмаған. Тілдік қатынастың осындай элементтерін *дене тілі, тән тілі* деп те атап жүргендігін байқауға болады. Дегенмен бұл атау бейвербалды элементтердің табиғатына сай, олар туралы толық түсінік бере алатын атау деп санаймыз.

Тілдік емес амалдардың табиғатын зерттеу қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымында өте тығыз байланыста қарастырылады. Әдебиеттанудағы бейвербалды амалдарға алғаш көңіл аударған Ж. Аймауытов саналады. «Психология» атты еңбегінде келбет ілімі, беттің ымы туралы алғаш рет сөз қозғаған [4]. Ж. Аймауытов мимика мен ишараға жататын тілсіз амалдарды өз түсінігіне қарай жіктеп көрсеткен. Ол мимикаға: *бет құбылысын, маңдайдың қатпарын, маңдайдағы сызықтарды, көз қарасын, танау, мұрынның желбіреуін, еріннің жымырылуын*, т.б. жатқызады.

Ал ишараны *ымдасу* сөзімен бөліп атайды да, оған: *көкірегін керу, иығын қозғау, төмен түсіру* сияқты қимылдарды жатқызады. Оның 1926 жылы жарық көрген «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты ғылыми еңбектерінде ғалым Г. Пірәлиеваның айтуынша: «Адамның сыртқы сезімдік құбылыстары, эмоция мен сезім, сондай-ақ түрлі мәнердегі келбет ілімі, көз әлпеті, беттің ым-ишарасы, басқа дене құбылыстарының психологиялық ерекшеліктері қазақ өмірінен алынған қызғылықты, нақты материалдар арқылы зерттелген» [5].

Академик Қ. Жұмалиев «Абай – қазақтың бірінші психолог ақыны» атты мақаласында ым, ымдау, ишара мен емеурінге көңіл бөліп, өз тарапынан арнайы сөз еткен. Сондықтан да Қ. Жұмалиев ым мен ишаратты әдебиеттануда айрықшалап, ерекше қарастырған ғалымдардың бірі болып табылады [6].

А. Байтұрсынұлының 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегінде көптеген әдебиетке қатысты теориялық мәселелермен қатар кескін, бет әлпет жөнінде айтылған өзіндік ерекше пікірлері кездеседі. Онда айтыс үстінде айтысушы, сөз сайысына түсуші ақындардың дене ишараттарына көңіл аударып, ерекше мән берген, айтыскерлердің бет-әлпеттерінің өзгерісіне, психологиялық ерекшеліктеріне тоқталған [7].

Сондай-ақ М. Жұмабаевтың «Педагогика», «Жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлам», «Жан көріністерін үйрету жолдары» еңбектерінде, сондай-ақ заманымыздың ұлы суреткері, академик-жазушы

М.Әуезовтің «Әдебиет тарихында», академик З. Қабдоловтың «Жебе» атты еңбектерінде, жалпы әдебиеттегі психологизм проблемасы сөз болған жерлерде, зерттеулерде ым мен ишараттың адам портретін, адам психологиясын жасаудағы қызметтеріне орай бейвербалды амалдар әрқилы деңгейде сөз болып, осы бір күрделі мәселе ғалымдардың назарынан тыс қалып көрмегенін байқаймыз.

Ал М. Жұмабаев – бейвербалды амалдар мен адам психологиясы арасында терең байланыс барын алғаш аңғарғандардың бірі. Ол: «Адамның жан сыры дене арқылы, мимика арқылы сыртқа білінеді», – дей келе, дененің жанға байлаулы болатынын, соған байланысты ішкі жан-дүниенің дене қимылдарының жасалуына әсер ететінін айтады [8].

Яғни дене қимылдары мен бет-әлпет, ишараттар зертеушілердің көңілін бұрып, ойларын қозғап, ойларына ой қосып отырған. Бұл, түптеп келгенде, заңды үдеріс.

Ал енді тілдің қатысынсыз, былайша айтқанда, сөзсіз, тек соматикамен, дене мүшелерінің қатысымен ғана орындалатын тілсіз амалдардың қандай себептермен лингвистиканың нысаны болатыны көпті толғандырып келгені, әлі толғандырып жүргені рас. Сондықтан да дене қимылдары мен ым, ишараттардың лингвистикалық зерттеулердің нысанына қалай айналатынын анықтап алу қажет деп білеміз. Ол үшін, параамалдарды өзінен ұқсас ұғымдардан ажыратып алып, бөліп қарастырып, жеке тану керек және таныту қажет.

Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады (М. Әуезов) дегенде, сөзбен жеткізуден гөрі қатты, алқымды алған ашу мен ашыруды *отты көздің жарқ етуі* мен *қадала қарау* арқылы жеткізу әлдеқайда оңтайлы, өте өтімді болып тұрғанын байқау қиын емес. Мұндайда ауызша сөйлесу кезінде сөздің артық көрінетіні, қажеті жоқтығы байқалатыны бар. Келтірілген мысалда бүкіл айтылар ой, айтайын деген сөз бір ғана көзқараспен-ақ жеткізіліп тұр. Бұл көзқараста қаншама экспрессия мен сезім жатқанын қара сөзбен айту дәл мұндай әсерлі шықпас еді.

Сондықтан да, әсіресе, түрлі эмоцияны, әрқилы сезім-күйді жеткізу кезінде ауыздан шығатын сөзбен бірге түрлі қимылдар, бет-пішін өзгерісі қызметке кірісетін болған. Айталық, *ашулану, қатты қуану, шаттану, ренжу, өкпелеу, ризалық таныту, мақұлдау, қарсыласу* т.б. эмоцияның жасалуына бейвербалды амалдар еркін қатыса береді. Осы аталған сезім күйлері сияқты түрлі әрекеттер ақпарат жеткізудің, қарым-қатынастық хабарлама жеткізудің тілдік емес амалдары, олар тілімізде көптеп кездеседі. Ондай амалдардың адам өз ойын, айтайын дегенін тілдік құралдармен жеткізу жетімсіздеу көрінгенде, болмаса сөйлеуші экспрессия үстемелегісі келгенде, жеткізілетін ақпаратының эмоциялық бояу-реңкін үстемелей түсу мен қоюлату мақсат еткенде кірістіріледі, дәл осындай кезде сөйленіспен қатар ым мен ишарат жарыстыра орындалады. Көбінесе ұлттық, жеке бір ұлтқа тән ым мен ишараттың сөйленіспен қатар өрілуі тілдік қарым-қатынас үстінде заңды, тіпті қажетті көрніс болып саналады. Сондықтан болар бейвербалды амалдардың жалпы

адамзатқа ортақ түрлерінен гөрі ұлттық сипатпен қаныққан түрде болып келетін ым-ишараттардың мөлшері көп те, олардың салмағы алдыңғыларыға қарағанда көп болып, басым түсіп жатады.

Ым мен ишараттардың бірнеше ұлтқа ортақ болып келетін түрлері бар, ал, керісінше, ұқсас ым мен ишараттардың әр түрлі ұлттар тілінде мағыналары жағынан қарама-қарсы, мүлдем ұқсамайтын болып келетіндері кездеседі. Яғни, сөзге тән белгілердің бәрі, атап айтқанда, синонимділік, антонимділік, омонимділік құбылыстар, олардың қатарында көп мағыналылық бар, бәрі де – бейвербалды элементтерге де жат болмайтынын айту жөн. Ал қазақ тіл білімінде бейвербалды элементтердің мұндай мағыналық ерекшеліктері мен қырлары осы күнге дейін арнайы зерттеу нысаны болмай келгені белгілі.

Бір ғана ымның я болмаса ишараның бірнеше мағынаны білдіретін кездері жиі ұшырасады. Бейвербалды амалдардың, оның ішінде ишара, ымның саны шектеулі, аз болатындықтан, семантикалық жақтан мағыналары нақтылықтан гөрі жайылыңқы болып отырады, нәтижесінде ым мен ишараттардың басым көпшілігі көп мағыналы болып келетіні сондықтан болар деп ойлаймыз. Бірақ ым мен ишараттардың көп мағыналығы коммуникацияның өту жылдамдығын шабандатпайды және де тілдесім актісіне қатысушы тараптардың бір-бірімен түсінісуін қиындатпайды.

Айталық, қарсылықты, келіспеушілікті бірнеше бейвербалды элементпен жеткізуге болады. Мысалы, *қол сермеу, бас шайқау, орнынан үнсіз тұрып кету, қырын қарап отырып алу, төмен қарап көзімен жер шұқу, кісіге тура қарамау, жек көре қарау*, т.б. Осы санамаланған ым мен ишараттардың әрқайсысы қарсылықтан өзге де мағыналарды жеткізе алады. Орнынан тұрып кету қарсыласумен бірге *сөзді тыңдағысы келмеуді, шыдамсыздықты, менсінбеушілікті* де білдіреді. *Сес, айбат* көрсеткісі келген адамның *тістенуі, тісін қайрауы, саусағын шығаруы, саусағын безеуі, шірене түсуі*, т.б. мүмкін.

Тілдік сана вербалды түрде көрінеді. Тілдік сананың нысаны бүтін универсум болса, тілдік өзін өзі танып-білудің нысаны тіл және тілдік элементтерден тұрады, оның түпкі жемісі – мәтін. Өзін-өзі тілдік танымды жүзеге асыратын екі жол бар: бірі – вербалды, екіншісі – бейвербалды. Бірінші жол тілдің метатілдік функциясымен байланысты. Бірақ «...сознание может выражаться и невербальными способами. Так, определенные языковые выражения люди квалифицируют как ругательство и реагируют на них поведением, далеко не всегда вербальным (например, брезгливым или возмущенным взглядом, жестом и т.д.)» [9]. Бұл бейвербалдылықтың тілге қатысты бір жағын ғана, оның ішінде, тыңдаушының, ақпаратты қабылдайтын адамның реакциясын көрсетеді.

Коммуникация кезіндегі паралингвистикалық құралдардың тілдік актіге қатысының екі түрлі сипаты (характері) бар: біріншіден, тек қана коммуникацияның жеткізілуінде паралингвистикалық байлаулы тұйықталған құралдардың болуы (свернутый) нақты бір жағдаяттарда сөз фразаларының қолданыс табуына мүмкіндік береді; екіншіден, паралингвистикалық құралдар сөйленісті толықтыратын (компенсациялық) фактор болып сияқты

қарастырылып, тілдік жақтан кеткен қателіктің, дұрысы кемістіктің, жетіспеушіліктің орнын толықтырып, қажет жерінде жабатын құрал қызметін атқарады. Ол құралдың өз алдына атқаратын қызметі бар, оның қызметінің сөйлеу тілі үшін маңыздылығы зор. Сөйлеу жүйесіндегі функционалдық қызметі жоғары бағаланады.

Бұл айтылған мәселелер – паратілдік құбылыстардың ерекшелігін көрсететін жиынтық түсініктің бір ғана деталін құрайды. Параэлементтердің тілдегі орны мен маңызы, нысан ретіндегі ерекшелігін жеткізу үшін бұл дәлеліміз аздық етеді. Ендеше, өз тарапымыздан, әлемдік лингвистикада осыған дейінгі бар, қалыптасқан көзарастарға арқа сүйей отырып, паратілдік амалдардың тілдік жүйедегі орнын анықтау мен тілге қатысын белгілеуге байланысты кейбір өзіндік пікірлерімізді айтып, оларға тоқталып өткен дұрыс деп санаймыз.

Коммуникативтік жүйедегі тілдік емес коммуникативтік амалдардың екіншілік дәрежедегі қызметте болатындығы даусыз мәселе. Бірақ, тілдік емес элементтерді түсіндіруде міндетті түрде адамның ырқына тәуелсіз түрде вербалды амалдар (ғылым тілімен сөйлетсек), тілдік амалдар іске қосылады. «Несмотря на самое разнообразное их происхождения, они по своей функции лишь примыкают к языку, используются языком и декодируются с помощью языка» [1]. Сондықтан да барлық паралингвистикалық құралдар өздерінің материалдық тегі немесе жасалу жолына қарай емес, коммуникативтік актідегі атқаратын қызметі мен актіге қатысуы тұрғысынан келгенде ақпаратты, ойды жеткізуіне қарай, коммуникативтік акті кезіндегі функциясына сай алғашқылық, негізгі қызмет атқаратын тілдік құралдарға өте ұқсас. Олар тілдік біліктермен тепе-тең дәрежеде зерттеліп, тілдік зерттеулердің нысанына айналады, вербалды элементтермен қатарласа келіп, иық тиістіре тұрып, тілдік элементтер секілді ортақ тілдік қасиеті байқалып тұратын, тілдік сапаға ие элементтерге айналады, Бұлай деуіміздің тағы бір себебі бар. Ол себептің ең негізгісі және маңыздысы – ишараттардың пайда болуымен байланысты. Және жасалуы жағынан түрліше болуында жасырынып жатыр. Мұның өзі ишараттарды шығу тегіне қарай, тектік жағынан бір-біріне орайластыра отыра:

– биологиялық;

– мәдени-тарихи;

– этнографиялық;

– паралингвистикалық қырларынан зерттелеуіне жағдай туғызатынын көреміз.

Біз, тілді зерттеушілер, бейвербалды құралдарды паралингвистикалық жақтан, олардың тілдік сипатын басшылыққа ала отырып қарастырамыз. Өйткені, экстралингвистикалық факторлардың арасынан, тілдік қатысымға (речевое общение) қатысатын тілден тыс фактор ғана паралингвистикаға енетіндігін ғалымдар жүйелеген. Сонымен қатар, вербалды коммуникация кезінде байқалатын кейбір олқылықтардың орнын бейвербалды элементтер толықтырып отырады. Тілдік қатынастың ауызша немесе жазбаша

орындалуының шартына орай паралингвистикалық амалдар екі түрге ажыратылады:

– қолмен жасалатын қимылдар, иық-қол, саусақтардың қатысы – қозғалыстағы (динамикадағы) амалдар;

– қозғалыссыз (динамикалық емес) амалдар, атап айтқанда, мультипликациялық тип деп айтуға ыңғай тудыратын белгілердің көрінуі, заттардың орналасуы, мәтін ішіндегі әр түрлі таңбалық белгілер, символдар, т.б. жатқызылады.

Параамалдар нақты бір сәттегі немесе сол сәтіндегі тілдесім үшін маңызды болғандықтан, мезеттік (сәттік) тілдік қатынастың маңызды компоненті болып табылады. Мұның өзі коммуникацияға қатысатын тілден тыс құралдарды тілге әсер етуші экстралингвистикалық факторлардан ерекше бір белгісіне қарай ажыратуға жағдай жасайды: «Внеязыковые средства, участвующие в коммуникации, и есть те паралингвистические условия, которые вплетатся в языковое общение. В этом смысле паралингвистический аспект отличается от просто экстралингвистических факторов тем, что он определяет языковое общение каждый данный раз на конкретный момент коммуникативного акта, т.е. он имеет силу в чисто синхронном срезе» [10].

Тілдегі интралингвистика, экстралингвистика, паралингвистиканың бір-бірінен айырмашылығын көрсету мақсаты алдыңғы орынға шығарылғанда қатысымның тағы бір маңызды бөлігін есте ұстаған абзал. Ол коммуникациялық акт процесі кезінде сөйлесімнен де, сөйленіспен байланысып жататын ситуациядан да тыс тиісті ақпаратты жеткізуші туралы акт барысында анықтала түсіп, белгілі болатын ақпарат болып табылады. Ол – сөйлесім актісіне қатысушы субъектінің характеристикасы. Сөйлесім актісіне қатысушы субъектінің тілден тыс, тілге жатпайтын характеристикасына дауыс ерекшелігі (тембр, тон), артикуляциялық ерекшеліктер (кейбір дыбыстарды дұрыс айтпау, тілін бұрап сөйлеу, т.б.) жатқанымен, олардың жеткізілуге тиісті ақпараттың мазмұнына тигізетін әсері жоқ, тіпті еш уақытта да ешқандай қатысы болмайды. Бұлар физикалық тұлға ретіндегі субъектінің таза биологиялық ерекшеліктері ғана болып табылады. Олар тілдік параметрлерден тысқары жатқан, тілдік жүйе мен құрылымға енбейтін, медицина, анатомия сияқты ғылым салалары зерттейтін нысандардың қатарында жүреді. Сондықтан паралингвистикалық құралдарға субъектінің жұмсалымдық жағынан пайдасы бар, вербалды коммуникация кезінде ішінара кездесіп қалып жататын кейбір ақауларды реттейтін, сезім-күйді жеткізуді байытып, толықтыратын құралдар ғана жатқызылады. Осыған орайластыра келіп, параамалдарды А.И.Смирницкий «сверхязыковой остаток» – деп атаған.

Қорыта келгенде, тіл мен паратілдің арасындағы қарым-қатынас тілдік не болмаса негізгі (алғашқылық) және паралингвистикалық не болмаса қосалқы (екіншілік) жүйелердің қатынасына негізделген. Бірақ жеткізілетін ақпараттың мазмұнына қатысы жоқ сөйлеушінің тілін шайнап сөйлеуі, кейбір дыбыстарды айта алмауы, сақаулығы, дауысының қырылдап шығуы, дауысының шіңкілдеп я болмаса гүрілдеп шығуы, көз, мұрын, қас, қабақ, маңдайды жиыру әдеттері,

беттің қызылдығы, қансыздығы т.б. сияқты қарым-қатынас үшін мәнсіз факторлардың коммуникацияның мазмұнына тигізетін әсері жоқ. Бұл зерттеушілер білуі қажетті өз алдына жай ғана нәрсе дер едік, олардың ақпаратқа да ешқандай қатысы болмайды. Сондықтан олар паралингвистикалық элементтердің қатарынан орын алмайды, тек қана сөйленіс процесіндегі адамның физикалық күйін білдіреді. Олар, ең бастысы, тіл жүйесі мен паратіл жүйесінің лингвистикалық өлшемдеріне (параметрлеріне) жауап бере алмайды. Сонымен бірге ақпаратты қабылдау барысында жоғарыда келтірілген адамның физикалық күйінің ақпараттың мазмұнына, мән-мағынасына әсері тимейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Колшанский Г.В. Функции паралингвистических средств в языковой коммуникации // Вопросы языкознания. – 1973. – №1. – С. 17-23.
- 2 Момынова Б. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер мен бағалауыштық лексиканың рөлі // Тілтаным. – 2003, №1. – 14-20 б.
- 3 Серебренников Б.А. Роль человеческого фактора в языке. Язык и мышление. – Москва: Наука, 1988. – 195 с.
- 4 Аймауытов. Ж. Психология. – Алматы: Ғылым, 1998. – 255 б.
- 5 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 157 б.
- 6 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қаз. мем. көркем әдебиет баспасы, 1960. – 303 б.
- 7 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Арыс, 1996. – 390 б.
- 8 Жұмабаев М. Жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлам // М. Жұмабаев. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 45-47 б.
- 9 Никитина С.Е. Языковое сознание и самосознание личности в народной культуре // Язык и личность. – Москва: Наука, 1989. – С. 35-47.
- 10 Девкин В.Д. Некоторые особенности кинетического кода и его взаимодействия с вербальным // Вопросы строя немецкой речи. – Владимир: Наука, 1973. – С. 57-65

ҒТАМР 16.01.11

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: «КИІМ» ЛЕКСИКА- СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ НЕГІЗІНДЕ

Б. Оразбекқызы

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

А.Қ. Таусоғарова

Ғылыми жетекші, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Қазіргі таңда қазақ және ағылшын тілдеріне қатысты көптеген мәселердің, ортақ заңдылықтары мен құбылыстарының айқындалмаған тұстарын зерттеу тіл мамандары үшін өзекті мәселе. Екі тілдегі әрбір бірліктерге салыстырмалы-салғастырмалы талдау мәдениетаралық қарым-қатынас барысында әр ұлттың ерекшелігін зерттеудің мүмкіндігін қамтиды.

Мақалада қазақ және ағылшын тілдерінің тұрмыстық лексикаларының лексика-семантикалық өрісі қамтылды. Әсіресе, «киім» лексика-семантикалық өрісінің тұрмыстық лексикалардың ерекшелігін танытудағы маңыздылығы жоғары. Мақалада екі тілдің ортақ тұстары мен айырмашылықтары лингвомәдени аспектіде кеңінен қарыстырылған.

Қазақ, ағылшын тілдерін салғастыру арқылы мәдениетаралық қатысымның нығаюына, тіл біліміндегі лексика семантикалық құрылымдарды жаңа қырынан ашуға мүмкіндік туындайды.

Түйін сөздер: салғастырмалы талдау, лингвомәдениеттану, тұрмыстық лексика, киім, өріс, семантика.

Бүгінгі таңда тілдік материалдың әмбебап ерекшеліктерін анықтау қажеттілігіне, әртүрлі тілдердің ұлттық көрінісін сипаттауға деген ұмтылысқа, екі тілді сөздіктерді жетілдіру қажеттілігіне, семантика мен тілдік ойлаудың ұлттық ерекшеліктерін зерттеуге деген қызығушылыққа байланысты практикалық бағыттағы салғастырмалы зерттеулерге қызығушылықтың өсуі байқалады.

Ұлт – тіл – мәдениет бір-бірімен тығыз байланыстағы ұғымдар. Мұны соңғы жылдары қалыптаса бастаған лингвомәдениеттану пәні зерттейді. Бұл салада В.В. Воровьев пен В.Н. Телияның зерттеулерінің негізгі ой желісі барысында туды. Бұл ғылым саласы лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің бірігуінен пайда болып, этнос мәдениетінің тілге әсер етуін қарастырады. Бұған

дейін ұлттың тілі мен мәдениетінің ерекшеліктерін, олардың өзара байланысын ғалымдар этнолингвистика пәнінің негізінде зерттеп келді.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы И.Г.Гердер, В. Гумбольдт еңбектерінен этнолингвистикалық көзқарастар байқалады. Осындай көзқарастарды XX ғасырдың басында Ф.дэ Соссюр: «Әр халықтың салт-дәстүрі тілінде көрініс табады, екінші жағынан алғанда дәл тілдің өзі қалыптасуына септігін тигізеді» – деген құнды ойлар келтіреді [1].

Қазақстанда бұл мәселе 70-80 жылдардан бастап Ә. Қайдар, Е.Жанпейісов сияқты тілші-ғалымдардың еңбектерінде сөз бола бастады. Ә. Қайдаров ойына жүгінетін болсақ: «Этнолингвистика, егер оның түп-тамырына үнілсек, этнография мен лингвистиканың жай қосындысы емес, бір шаңырақ астында әрқайсысы өз бетінше тон пішіп, өзінің жырын жырлайтын шартты түрде ғана қосарласқан дүние емес, этнолингвистиканың нысаны – этнос және оның тілі.

Антропоцентрлік ғылыми парадигма шеңберіндегі зерттеулерге бет бұру синтездеу типінің жаңа ғылыми бағыттарының пайда болуына әкелді. Әлеуметтік лингвистика, этнолингвистикамен қатар, лингвопсихология филологиялық білімнің жаңа саласын – лингвомәдениеттануды қалыптастыра бастады.

Лингвомәдениеттану тілге әлемді игеруде адамға берілген әмбебап құрал ретінде жүгінеді және тілді мәдениет феномені ретінде зерттейді.

Тіл – адамзат арасындағы қарым-қатынас пен болмысты танудың құралы ғана емес, қоғамдағы саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани, тарихи өзгерістердің куәсі. Этностың этномәдениеті мен жан дүниесі, дүниетанымы ұрпақтан ұрпаққа тілі арқылы ғана жетеді. Қоршаған ортадағы дүние бейнесі әрбір этностың төл тілінің аясында ғана қалыптасады. Осындай материалдық лексикалардың құнарлы қабатын киім-кешек атаулары құрайды.

А. Вежбицкая «Понимание культур через посредство ключевых слов» кітабында қоғам өмірі мен оның тілі бір-бірімен тығыз байланысты екенін баса айтады [2]. Әр түрлі тілдердегі сөздер сәйкес келмейтіні белгілі, сонымен қатар олар белгілі бір қоғамның немесе тілдік қоғамдастықтың ойлау тәсілі мен өмірлік ұстанымдарын жеткізеді. Бұл сөздер мәдениетті түсінудің баға жетпес кілті екенін атап өткен жөн.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеуде өріс әдісі үлкен маңызға ие. Бұл салғастырмалы лингвомәдениеттануға да қатысты, өйткені тілдерді салғастыру олардың ұқсас және жеке ерекшеліктерін ашады.

Ю.Н. Караулов: «Өріс теориясы тілдің шындықпен байланысын, оның тілден тыс шындықпен байланысын көрсетеді» деген пікір білдіреді. Әр түрлі тілдердегі сөздің семантикалық мазмұны іс жүзінде толығымен сәйкес келуі мүмкін, сонымен бірге тілдер олардың біреуінің жүйесіне ғана тән және екіншісінің жүйесіне жат белгілі бір мәндерге ие бола алады [3]. Тілдің лексикалық жүйесін зерттеу сөздік құрамын жан-жақты қарастыруды, сөздердің көмегімен нақты әлемнің «семантикалық картаға түсіру» (semantic mapping) мәселелерін талдауды қамтиды.

Белгілі бір семантикалық құрылымды білдіретін өріс оның негізгі реалийлерінің және салыстырмалы тілдік құралдардың иерархиясын көрсетеді. Мұндай құрылымды тілдік бірліктердің элементтері мен гиперогипонимикалық байланыстарының пәндік-концептуалды жіктелуін көрсететін рулық-түрлік қатынастардың көмегімен сипаттауға болады.

Күнделікті қолданыстағы лексикалық бірліктер арқылы мәдениетті зерттеу тиімді болып табылады және мұндай лексиканы тұрмыстық лексикаға жатқызудың да айқындап көрсете түсетін жақтары бар. Ол: тұрмыстық қатынаста қолданылатын лексикалық бірліктер. Осы тұрғыдан алғанда ауызекі сөйлеу түрінің барлығы, онда қолданылатын лексикалық бірліктердің барлығы тұрмыстық лексикаға жатпайды. Сөйлеу тілі лексикасындағы күнделікті үйде, туыстармен, достармен сөйлесу барысында тұрмыстық қарым-қатынасқа байланысты сөйлеуде қолданылатын лексиканы жатқызады. Мұнда негізге алынып тұрған критерий – лексикалық бірліктердің тұрмыстық қатынас мақсатына байланысты тілде жұмсалуды [4].

Бұл тұрғыдан келсек, сөйлеу тілі лексикасын лексика-семантикалық, экспрессивтік-стистикалық сипаты жағынан өзара төмендегідей топтарға бөліп қарастырады:

- 1) тұрмыстық-қарапайым лексика;
- 2) варваризмдер;
- 3) әдеби-сөйлеу лексикасы.

Бірқатар ғалымдар тұрмыстық лексиканы былайша түсіндіреді: «тұрмыстық-қарапайым лексика, бұған күнделікті өмірде, тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі, сөйлеу тілінің аясындағы сөздер жатады. Тұрмыстық-қарапайым сөздердің ішінде бір нәрсенің бағасын кеміту, құнын төмендету мақсатында қолданылатын, стилистикалық бояуы бар сөздер, дөрекі, тұрпайы сөздер, қарғыс-алғыс мәнді сөздер көп кездеседі» [5].

Ә. Хасенов еңбегінде тұрмыстық лексика жайлы: «Тұрмыстық лексика – күнделікті жиі қолданылатын аса қажетті, сондай-ақ халықтың тұрмыс жайы, салт-сана, әдет-ғұрпына, өмір тіршілігіне қатысты сөздер. Бұлар, негізінен, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне тән жалпылама лексикамен астасып жатады. Тұрмыстық лексика – халық өмірінің айнасы есепті», – деген анықтама береді [6].

Тұрмыстық лексикаға жататын сөздердің бұлай топтастырылуы ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын тұрмыстық қатынасқа қатысты қолданылатын сөздер деп тұрмыстық лексиканы түсінуімізді, оған берілген түсініктемені нақтылай түседі. Тұрмыстық лексика халық өмірінің рухани айнасы іспетті мәдени, рухани және материалдық заттарының атаулары деп түсіндіріледі. Сондай-ақ бұл термин «этномәдени» және «этнографиялық» атауларымен синонимдес.

XX ғасырдың аяғы XXI ғасырдың басындағы қазақ және ағылшын тілдеріндегі «киім» атаулары – қоғамның өмір салтын сипаттайды және лингвомәдени ерекшеліктерін ашады. Киім мыңдаған жылдар бойы адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Киім – материалдық мәдениеттің

мәні және қоғамның тарихи дамуын, оның ұлттық құндылықтары мен климаттық жағдайларын көрсете отырып, оның бай тарихи-мәдени мұрасын ашады. Адамның тұлғасын анықтауда, жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы, діни көзқарасы және басқа да белгілерді көрсетуде киім өте маңызды рөл атқарады.

Қазіргі сөздіктерде жиі көрінбейтін жаңа атаулардың пайда болуы осы бірліктерді талдауды, түсінуді және жүйелеуді қажет етеді. Кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық және семантикалық топтардың негізінде тілдің құрылымдық жүйесін құрайды. Лексиканы зерттеудің кең тараған әдісі сөздердің тақырыптық жағынан талдау әдісі теориялық тұрғыдан Ф.П. Филиннің, Д.Н. Шмелевті, А.А. Уфимцеваның т.б. еңбектерінде негізделген.

«Киім атауларының ассоциативті-деривациялық және фразеологиялық семантикасы» еңбегінде А.В. Тихомирова «киім» семантикалық өрісін зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын айтады: «Киім материалдық мәдениеттің маңызды салаларының бірін құрайды. Ол адамдарды табиғи әлемнен ажыратады, өркениеттің атрибуты, индикатордың көрсеткіші болып табылады. Киімнің адамның қоғамдық байланыстар жүйесіне енуі жынысын, жасын, әлеуметтік жағдайын, конфессияға жататындығын және т.б. көрсетуі мүмкін».

Сонымен қатар, зерттеуші киімнің мәдени маңыздылығы тілде: сөзжасамдық және семантикалық туындыларда, фразеологиялық бірліктерде және мәтіндік функцияларда көрініс табатынын айтады.

Осы кезге дейінгі зерттеулерде, этнограф ғалымдардың еңбектерінде қалыптасқан топтастыруды ескере отырып және жинақталған нақты тілдік деректер негізінде қазақ тіліндегі киім атауларын екі макротоптарға бөліп қарастыруға болады.

Қазақ тіліндегі «киім» тұрмыстық лексикасының лексика-семантикалық өрісінің ядросын – ұлттық киімдер құраса, ағылшын тіліндегі «киім» лексика-семантикалық өрісінің ядросын – күнделікті киім түрлері құрады. Бұл жағдайда интегралдық сема кең мағынада денені жабатын, киетін заттар жиынтығы – «киім» болып табылады.

Қазақ тіліндегі «киім» тұрмыстық лексикасының лексика-семантикалық өрісінің перифериялары: костюм, көйлек. Мұндағы лексикалық-семантикалық өрісі иерархиялық көп сатылы жүйе болып табылады, онда микроөрістер ерекшеленеді.

Негізгі киім түрлерінің бұл екі тобы да әрі қарай лексика-семантикалық топтарға бөлінеді:

Сонымен қатар қазақ тілінде киімнің атаулары өзіндік ерекшеліктерге қарай бөлінеді:

1. Маусымдық мезгілдерге байланысты киім атаулары;
2. Киімнің жас ерекшелігіне қарай аталуы;
3. Тойда, мерекелерде киетін киім атаулары;

4. Киімнің жергілікті, аймақтық, ру-тайпалық ерекшелігіне қарай аталуы;

5. Әлеуметтік жағдайға байланысты киім атаулары.

Қазақтың киім атаулары ұлтымыздың тұрмысы мен тіршілігіндегі, салт-дәстүрі мен дүниетанымындағы, тарихы мен өнеріндегі бірегей заттық этномәдени және рухани-мәдени болмысының жемісі болып табылады. Қазақ халқының ұлттық киімдерінде ұлттың эстетикалық талғамдары, өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастары өзіндік ерекшеліктерімен айқын көрініс тапқан.

Киім атауларына қатысты арнайы зерттеу жүргізген Ә. Алмауытованың «Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты» атты зерттеу жұмысында киім атаулары ономазиологиялық бірлік тұрғысынан талданып, уәждеме (мотивация) теориясы негізінде қарастырылған. Киім атаулары уәждік белгісіне байланысты жасалу материалына, формасына, жасалу технологиясына, әлеуметтік мәніне, этномәдени ерекшелігіне, түсіне, қызметіне, көлеміне байланысты топтастырылған [6].

Ағылшын тіліндегі «киім» лексика-семантикалық өрісінің интегралды семалық тобын «a piece of clothing» құрайды. Оның құрылымын айқындау үшін біз антонимия қатынасын негізге алуға болады. Осылайша, «dress up» және «dress down» кіші топтары ерекшеленеді. Бұл кіші топтарды бөлу заттардың табиғи бөлінуіне, сондай-ақ компоненттерді талдауға негізделген.

1. «Dress up» тобына жататын лексемалар: dress, top, jumpsuit;

2. «Dress down» тобына жататын лексемалар: shirt, trousers.

Бұл атаулар бірқатар терминдер үшін жалпылама болып табылады. Қазақ тілінде «top» лексемасының мағынасы тарылған. Қазақ тілді жастар арасында жиі қолданылып жүрген бұл атау тек дененің үстіңгі жағына ғана киілетін қысқа киім. Ал ағылшын мәдениетінде «top» лексемасы дененің үстіңгі жағына киетін кез келген киімнің мағынасына сәйкес келеді.

Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі «Clothes» тобында синонимдік қатарлар да анықталды: poncho – capelet, dinner jacket tuxedo, high low dress – mullet dress, drop waisted dress – low waist dress, және т.б. Сырт киімнің (Outerwear) микроөрістерін «worn outdoors», «windproof», «worn in cold weather» саралаушы семалары бар атаулар құрайды. Сонымен, ағылшын тілінің барлық терминдері үшін интегралдық сема – «clothing» болып табылады.

Ағылшындықтардың киім таңдауға деген мұқияттылықтары лингвомәдениеттанулық тұрғыдан тілдік және мәдени шекаралардың ашықтығы мен инновацияларды қабылдау тенденциясын көрсетеді. Сонымен қатар, ағылшын тілінің лексика-семантикалық өрісінде «Unisex» микроөрісі қазақ тілдеріне қарағанда кеңірек қолданылады. Бұл екі жынысқа да қолайлы әмбебап киім стилін табуға, сондай-ақ киім саласын жеңілдетуге бейім. Осы лингвистикалық мәдениеттерде қазіргі кезеңде сыртқы келбетке көп уақыт пен көңіл бөлуден уақытты үнемдеу деген сенім басым. «Unisex» әмбебап болып табылады және өндіруші үшін де, тұтынушы үшін де айтарлықтай шығындарды қажет етпейді. Қазақ лингвистикалық мәдениетінде бұл микроөріс жайлы айту

қиынға соғады. Өйткені, қазақ мәдениетінде қашан да ер адам мен әйел адамның киімі айтарлықтай айырмашылықтармен ерекшеленіп отырған.

Бұл қазақ қоғамының киім саласын жеңілдетудің әлемдік тенденциясын қабылдауға дайын еместігін және дәстүрлі бөлінуді ұстанатындығын көрсетеді. Қазақ және ағылшын лексика-семантикалық өрістерінде «сән» сферасының қазіргі даму кезеңін танымал сәнді мерзімді басылымдардың, сондай-ақ заманауи сөздік дереккөздердің материалдары бойынша зерттеу тілдердің әрқайсысының осы салада әр түрлі дәрежеде дамыған лексикалық құрамы бар екенін көрсетті.

Мұның себебі, зерттелген тілдер сырттан әсер ету үшін әр түрлі дәрежеде ашық және тілдің ішкі ресурстарын қолдана отырып, лексикосемантикалық құрамын байытуға тырысады. Екінші жағынан, бұл әртүрлі лингвомәдениеттердегі адамдардың киімге деген көзқарасына байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ, бірнеше баламалардың болуы себеп болуы мүмкін. Мұны келесі мысалдар көрсетеді:

Қазақ тілінде – жемпір, ағылшын тілінде – cardigan, cardigan jacket, Cardie;

Қазақ тілінде – шалбар, ағылшын тілінде – cigarette pants, skinny, drainpipes, stovepipes, pencil pants, skinny pants, skinnies, slim-fit pants;

Қазақ тілінде – жеңсіз жейде, ағылшын тілінде – crop top, cropped top, belly shirt, half shirt, midriff shirt, tummy top, short shirt, cutoff shirt. Лексика-семантикалық өрістерді салыстыра талдай отырып, «комбинезон» сөзіне ағылшын тіліндегі «body, bodysuit, unitard, catsuit, dungarees» лакундары бар. Сол секілді, «шекпен» лексика-семантикалық өрісін ағылшын тіліндегі «redingote, trench coat» сөздері құрайды.

Ағылшын тіліндегі «киім» лексикалық бірліктері құрылымы жағынан, мағынасы жағынан да ерекшеліктерге ие. Ағылшын тіліндегі киім атауларының құрылымдық ерекшеліктеріне – жасалу жолдарын, оның ішінде тіркесу әдісі арқылы жасалу жолын айтуға болады. Қазіргі лингвистер күрделі сөз тұтас мәлімдеме де, мәлімдемелер тізбегі де болуы мүмкін екенін айтады. Модельдің құрылымдық белгілерінің бірлігі осы модельді жүзеге асыратын күрделі сөздердегі мағыналардың кеңінен таралуына кедергі келтірмейді. Дәл осы себепті күрделі сөздерді қалыптастырудың белгілі бір тұрақты модельдерін құру қиын.

Ағылшын тіліндегі «Clothing» зат есімдерінің лексика-семантикалық өрісінің атаулары көптеген лексикалық бірлікті құрайды. Жақын шеткері периферияларға «usage conditions» (outwear (overcoat) clothes, lingerie, hosiery, home wear), «purpose» (casual wear, sportswear and active wear) топтары шығарылады. Алыс периферияларды «according to the structure» (shoulder, waist), «season» (summer, winter, for spring and autumn wear, year-round).

«Men' s wardrobe» микроөрісінің құрамына «formal wear» гипонимі кіреді. Осы ЛСӨ-дегі ең үлкен топ «women' s clothing» тобы болып табылады. Бұл ағылшын әйелдерінің киімдері әртүрлі және әртүрлі мақсаттарға бейімделгенін көрсетеді. Бұл ретте «women' s clothing» микроөрісінде және «men' s clothing»

микроөрісінде «casual wear» тобының «sport and active wear» тобына қарағанда лексикалық бірліктері көп екенін атап өту қажет және ол айтарлықтай көлемді.

Осыдан ағылшын мәдениетінде жағдаяттарға сай киіну қарапайым екендігін түсінуге болады. Бірақ, ағылшындықтарда спорттық стильге басымдық беретін кездер де жиі кездеседі.

«Women's footwear» және «casual footwear» топтарының лексикалық бірліктері бірдей санды қамтиды, ал «casual footwear» тобында «sports and active footwear» тобына қарағанда лексикалық бірлік көп. Бұл, қазіргі ағылшын қоғамында әдемі, бірақ мүмкін болса ыңғайлы аяқ киімге артықшылық берілетіндігін көрсетеді.

Сондай-ақ, «Unisex clothing» және «Unisex footwear» микроөрістеріндегі лексикалық бірліктер жиі қолданылады. Осыдан біз ағылшын лингвомәдениетінде қоғам гендерлік шекараларды жоюға және әмбебап киім мен аяқ киімді іздеуде жаһандық тенденцияны ұстанады деп тұжырымдаймыз.

Сонымен қатар, «Accessories» тобын анықтау фактісін маңызды. Бұл біздің көзқарасымызда ағылшын қоғамында қазіргі уақытта зайырлы және мерекелік қабылдауларда, сондай-ақ шіркеудегі жексенбілік қызметтерде кеңінен қолданылатын аксессуарларға, әсіресе бас киімдерге көп көңіл бөлінетіндігін көрсетеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «киім» атауларының лексика-семантикалық өрісін талдау барысында гендерлік бірегейліктің әр мәдениетте әртүрлі сақталғандығын байқауға болады. Қазақ тіліндегі «киім» атауларындағы микроөрістердің «ер» және «әйел» киімдері болып бөлінуі, әрараптағы лексикалық бірліктердің көптігі қазақ мәдениетіндегі ерекшелікті танытады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда тілдер мен мәдениеттердің өзара әсер ету кезеңінде біз үшін оларды зерттеу ғана емес, сонымен бірге өз ұлтымыздың өзіндік ерекшелігі мен даралығын сақтау мәселесі маңызды болып отырғанын атап өтуге болады. Өрістік әдіс лексикалық деңгейдің бірліктерін құрылымдау нысаны ретінде ең тиімділердің бірі ретінде танылады, өйткені ол антропологиялық бағыттағы ғылымның қазіргі даму кезеңінде өзекті болып табылатын қоғамның лингвомәдени ерекшеліктерін ашуға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Соссюр Ф. де. Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1977.
- 2 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс-ның авторефераты. – Алматы: ҚазХҚжәнеӨТУ, 2004. – 50 б.
- 3 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 287 с.
- 4 Песчанская Т. Социально-психологические особенности менталитета и специфика картины мира // Ұлт тағылымы. 2005, №3. – 269-272 б.

5 Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.

6 Хасенов Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері. Алматы, 1995. – 220 б.

7 Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Ф.ғ.к.ғыл. дәреж. алу үшін дайын. дисс. авторефераты. – Алматы, 2004. – 31б.

ҒТАМР 16.21.21

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ СӨЗДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ә.Б. Оспан

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Б. Сағындықұлы

Ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Бүгінгі лингвистикада әбден зерттелген, бір жүйеге түскен деп жүрген лексика саласының ішінде де шешімін таппай жүрген жайлар аз емес. Олардың қатарында диалектілік лексика мен кәсіби сөздердің межесі, тілдегі жаргон сөздердің жайы, тіліміздегі термин сөздердің жайы секілді бірқатар жайларды атауға болады. Осындай күрделі мәселенің бірі – тіліміздегі тұрмыстық лексика мәселесі.

Тұрмыстық лексика өзінің кеңінен қолдануына байланысты тіл сөздігінің ең негізгі бөліктерінің бірін білдіреді. Себебі тұрмыстық лексика тілдің сөздік құрамының дамуындағы өзгерістерді танытуда маңызды рөл атқарады. Мақалада қазақ халқының танымдық жүйесіндегі тұрмыстық лексикалардың қалыптасуы мен бүгінгі таңдағы сипаты зерттелді. Сонымен қатар, қазақ халқының таным түсінігіндегі тұрмыстық сөздердің этимологиялық негіздері, бүгінгі қолданыстағы жиі кездесетін сөздердің мағынасына әсер етуі жайлы ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, тұжырым жасалды.

Түйін сөздер: таным, тіл, тұрмыс, тұрмыстық лексика, ұлт, лингвистика, ауызекі сөйлеу.

Қандай да бір халықтың лексикасын зерттеу дәстүрлі және өзекті мәселелердің бірі. Әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасаған тілінен көрініс табады. Әрбір ұлттық тілді зерттеу тіл иесінің қоғамдық әлеуметтік өмірін, тіршілік көзін, рухани мәдениетін, ұлттық психология мен ұлттық дүниетанымын зерттеуді қамтиды. Себебі тіл білімінің бұл саласы қоғаммен өте тығыз байланысты. Оның бойында тарихи таным, соған сәйкес халықтың материалдық және мәдени өмірінің көріністері бейнеленген.

Қатынас құралы ретінде тілдің сөздік құрамына және лексикалық бірлік ретіндегі сөздің табиғатына қатысты жалпы лингвистикалық мәселелер бар. Себебі тіл қарым-қатынас құралы ретінде адамзат тарихында пайда болған

элеуметтік-психологиялық құбылыс. Адамзат қоғамында ұлттардың шығуының гетерогендігіне қарамастан тіл біртұтас сипат береді.

Лингвистикалық зерттеулерде түсінік жүйелерін құруға арналған материалдық әлемнің бірлігі, өмірдің фундаменталды шарттары, жер өркениет шарттарындағы адамдардың қызметтерінің жалпы магистралдық бағыттары, адамның қоршаған ортадағы шындықты қабылдау механизмінің тұтастығы секілді жалпы халықтық факторлардың маңыздылығы жиі ескеріледі [1].

Тұрмыстық лексика қажетті өмірлік маңызды ұғымдарды білдірумен байланысты. Тұрмыстық лексиканың семантикалық қабаттары күнделікті өмірде адам тұрмысының көптеген жақтарын қамтиды. Соған орай, қазақ тұрмыстық лексикасын зерттеу лексика-семантикалық ерекшеліктерін, лексиканың осы саласының қызмет ету сипатын анықтап қана қоймай, халықтың материалдық мәдениетімен, оның қазіргі және тарихи өткенімен танысуға мүмкіндік береді. Бұл тақырыптық топтың лексикалық бірліктері халықтың өзіндік өмірінің кез келген саласында аздаған ауытқуларға нақты жауап береді. Өмір сүру ортасының, рухани өмірдің, тұрмыс жағдайының өзгеруі және басқа да факторлар тілдің сөздік құрамына әсер етеді.

Қазақ тіл білімінде тұрмыстық лексиканы зерттеген жұмыстар көп емес. Мұндай зерттеулер В.М. Вербицкий, В.В. Радлов, Л.П. Потапов, В.И. Эдоков, Е.М.Тощакоев, Е.Н. Жанпейісов, Ә. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиұлы, Б.Сағындықұлы сынды ғалымдардың этнографиялық жұмыстарында көрініс тапты.

Тұрмыстық сөздер аясына адамның күнделікті өмірінде қолданылатын заттарының, бұйымдарының атаулары сондай-ақ тұрмыспен тікелей байланысты күнделікті үй жағдайына, үй шаруашылығына байланысты сөздер жатқызылып жүр. Сондықтан да бірқатар зерттеу еңбектерінде бұл мәселеге қатысты «этномәдени лексика», «этнографиялық лексика», «кәсіби лексика», «тұрмыстық лексика», «материалдық және рухани мәдениет лексикасы», «заттық мәдениет лексикасы», «тұрмыстық терминдер», «кәсіби-тұрмыстық лексика» және т.б. көптеген терминдер қатар зерттеліп жүр.

Тұрмыстық лексика жайлы екінші бір түсінік оның қолданыс аясына байланысты. Бұл жерде тұрмыстық лексика күнделікті сөйлеу тілі лексикасына байланысты қарастырылады. Бұл жайлы Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлының еңбектерінен кездестіреміз. Күнделікті сөйлеуде қолданылатын лексиканы тұрмыстық лексикаға жатқызудың да айқындап көрсете түсетін жақтары бар. Ол – тұрмыстық қатынаста қолданылатын лексикалық бірліктер. Осы тұрғыдан алғанда ауызекі сөйлеу түрінің барлығы, онда қолданылатын лексикалық бірліктердің барлығы тұрмыстық лексикаға жатпайды. Сөйлеу тілі лексикасындағы күнделікті үйде, туыстармен, достармен сөйлесу барысында тұрмыстық қарым-қатынасқа байланысты сөйлеуде қолданылатын лексиканы жатқызады [2].

Ғылыми-техникалық даму нәтижелерінің кең қолданыс тауып, ұлттық келбеті көзге ұрып тұратын мүліктер көзден таса болып бара жатқан жаһандану заманында күнделікті тұрмысымыздан халқымыздың рухани және материалдық

мәдениетінің бейнесі іспетті дүниелердің біразы бірте-бірте кетіп жатыр. Сонымен бірге ол дүниелердің атаулары – лексикалық материал да тілімізден жоғалуда. Шын мәнінде, бұл атаулар тек тілдік материал ғана емес, олар халықтың ұлттық психологиялық көңіл-күйінің, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің, солардың бойындағы ұлттық бояу сіңген талғамдарының т.б. бейнесі, ұлттық рухы.

Ұлттың тарихы, тұрмыс салты, ой-өрісі мен эстетикалық талғамдары тек оның рухани байлығы арқылы ғана емес, оның күнделікті тұрмыста қолданған құрал-жабдықтарынан, үй-жиһаздарынан, киім-кешектерінен, әшекей-бұйымдарынан да көрінеді. Сондықтан оларды жүйелі түрде арнайы зерттеу – мәдениетті түсініп, игерудің негізгі құралы болып табылады. Сонымен қатар, тұрмыста қолданылатын кейбір сөздердің мағынасының көмескіленуі этнолингвистикалық, тарихи-лингвистикалық зерттеулерді қажет етеді.

Адам қоғамында болып жатқан процестермен тығыз байланысты тіл білімінде бұл процестің де назардан тыс қалуы мүмкін емес. Әсіресе, ұлттық және рухани мәдениетіміздің жаңғыруына, тіл арқылы ұлт болмысын тануға байланысты тұрмыстық лексиканы жан-жақты зерттеу қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттың өзегін құрайды. Тұрмыстық лексикаларды қажетті, өмірлік маңызы бар ұғымдар болып табылатын сөздер құрайды. Осынау топқа кіретін сөздерді пайдалану кәсіпке, аумақтық және әлеуметтік шектеулерге байланысты емес.

Тұрмыстық лексиканы лексиканың кез келген өзге тобынан ажыратуға мүмкіндік беретін нақты критерийлер жоқ десе де болады, себебі кейде тұрмыстық сөздер адам өмірінің күнделікті тұрмыстан алшақ жатқан салаларында да кездесе береді.

Тұрмыстық лексиканың семантикалық қабаттары адам тұрмысының, тіршілігінің көптеген тұстарын қамтиды.

– әшекей заттарды қосқандағы киім-кешектер, сондай-ақ оны дайындаумен және қолданумен байланысты әрекеттер; азық-түліктер, сондай-ақ асты дайындаумен және оны жеумен байланысты әрекеттер мен үдерістер;

– үйде қолданылатын заттар мен әртүрлі құрылыстар, тұрғын жайлар;

– ұйқымен және оянумен, сонымен бірге, қандай да бір мазасызданулармен және т.б. байланысты сөздер [3].

Ә. Хасенов еңбегінде тұрмыстық лексика жайлы: «Тұрмыстық лексика – күнделікті жиі қолданылатын аса қажетті, сондай-ақ халықтың тұрмыс жайы, салт-сана, әдет-ғұрпына, өмір тіршілігіне қатысты сөздер. Бұлар, негізінен, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне тән жалпылама лексикамен астасып жатады. Тұрмыстық лексика – халық өмірінің айнасы есепті» – деп анықтама бере келіп, оларды былайша топтастырады:

- үй-баспанаға байланысты сөздер: жаппа, жеркепе, кереге, уық т.б.;
- құрал-сайман атаулары: мама ағаш, қамшы, жүген, құрық т.б.;
- киім-кешек аттары: саптама етік, кәмшат бөрік, түлкі тымақ, күпі т.б.;
- ыдыс-аяқ аттары: таба, табақ, жанан, тостаған, қазан т.б. ... [4].

Тұрмыстық лексикаға жататын сөздердің бұлай топтастырылуы ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын тұрмыстық қатынасқа қатысты қолданылатын сөздер деп тұрмыстық лексиканы түсінуімізді, оған берілген түсініктемені нақтылай түседі.

«Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» тұрмыстық сөздердің күнделікті тұрмыста қолданылатын сипаттары беріледі. Мысалы: төсек, ас, нан, тұз, шам, терезе, сағат, бос белбеу, бетім-ай, жолың болғыр, о тоба, тілеуің берсін т.б. [5].

Жұмыста біз қолданған термин халық өмірінің рухани айнасы іспетті мәдени, рухани және материалдық заттарының атауларын түсінеміз. Сондай-ақ бұл термин «этномәдени» және «этнографиялық» атауларымен синонимдес.

Тұрмыстық лексика жайлы деректерді А.Төлегеновтің «Түркістан уалаяты» газетінің лексикасы атты мақаласынан кездестіреміз. Аталған мақалада зерттеуші газет тілінде кездесетін тұрмыстық лексика тобына жататын сөздерді шығу тегі мен тұрмыста атқаратын қызметтеріне қарай былайша топтастырған:

а) үй жиһаздары, тағам атаулары, ыдыс-аяқ: үй, ағаш үй, киіз үй, шатыр, жүк, орындық, сандық, ошақ, қазан, темір қазан, мыс қазан, шойын құман, күбі, саба, қонақ асы, ет, сорпа, сүр, қалжа, көже, тоқаш.

ә) киім, мата және матадан жасалған материалдар: ішік, тон, шапан, етік, бөрік, жейде, кебін, жіп, жібек, жүк, шыт, көк шыт, бөз, дәке, шұға, кебін, кенеп, кендір, тері былғары, қызыл былғары, қара сүрік былғары, елтірі, шылбыр, арқан, кендір арқан т.б.

б) мал атаулары: түйе, бура, нар, інген, жылқы, айғыр, бие, құлын, ат, сиыр, бұзау, тоқты, қозы т.б.

Қазақ тіл біліміндегі бұл саладағы ең іргелі еңбек – Б. Абдигалиеваның «Бытовая лексика казахского языка» деп аталатын зерттеу жұмысы. Бұл жұмыста халықтың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын заттар атауларына талдау жасалынады. Олар төмендегідей топтарға жіктелінеді:

1) тұрғын үй және оның бөліктері;

2) үй іші тұрмысында қолданылатын заттар, үй аспаптары;

3) ыдыс-аяқ атаулары, киім-кешек атаулары, аяқ киім, бас киім атаулары, ат әбзелдері, тоқыма атауларына толық семантикалық талдау жасалынған. Сөйтіп тұрмыстық лексиканы алғаш рет зерттеу нысанына айналдырған [6].

Тұрмыстық лексика жайлы құнды деректерді Ж.А.Манкеева еңбектерінен кездестіреміз. Ғалым тұрмыстық лексикаға былайша баға береді: «Сонымен, көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені – ұлттық материалдық мәдениеттің реликті, әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі, бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қана қызмет атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет

мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [7].

Қазақ халқының мәдени тарихында ұлттық киім-кешек маңызды орын алады. Халықтың тарихи дамуы мен көркем шығармашылығының жылнамасын да атап өту керек. Материалдық мәдениеттің тұрақты элементтерінің бірі бола отырып, ол тек этникалық және географиялық ортаны ғана емес, сонымен қатар экономикалық даму деңгейінде, әлеуметтік-экономикалық жағдайын да айқын көрсетеді. Қазақтардың киімінен де адамның жынысын, жасын және отбасылық жағдайын байқауға болады. Тұрғын үйлер, аулалық және шаруашылық жапсарлас құрылыстарда да халықтың материалдық мәдениетінің аса айқын элементтері көрініс табады.

«Үй» ұғымын белгілеу үшін қыпшақ тілдерінде бірнеше сөз түрі бар. «Үй, тұрғын үй», қазақтілінде кең контексте қолданылады және бірнеше мағынасы бар: «киіз үй», «жазғы үй», «үй» деген мағыналық топқа бөлінеді.

Киіз үй құрылысы бөлшектерінің атаулары басқа түркі тілдерімен ортақ ерекшеліктерге ие екендігін байқауға болады. Қазақ тілдерінде тұрмыстық лексикаға байланысты атаулар, әсіресе киіз үйдің бөлшектерімен байланысты болып келеді. Біз бұны ежелгі лексика пластикасы деп санаймыз.

Материалдық мәдениеттің маңызды қабатын еңбек құралдары құрайды. Мысалы: «балта», «балға», «тырмауыш», «қылыш қысқыштар», «қалақ», «жүнді ұратын таяқша», «күрек» деген атаулар жатады. Мұнда қазақтардың шаруашылық құрылымының ерекшелігімен түсіндіріледі. Еңбек құралдары түрлері мен функционалдық мақсаты бойынша әртүрлі болып келеді. Ал, олар қазіргі уақытта тұрмыста белсенді қолданылады. Еңбек құралдарының атаулары зерттеу жасауға үлкен мүмкіндік береді.

Халықтың экономикалық және шаруашылық өмірі туралы түсінік өткенді көрсетеді. Бұл тұрғыда қазақ тілінің диалектілері мен сөздерінің лексикасы ерекше қызығушылық тудырады. Онда ескірген еңбек құралдары мен басқа да заттардың көптеген атаулары сақталады.»Ас үй және үй атаулары, керек-жарақтар» лексика-семантикалық тобына тоқталсақ, ондағы бар сөздерге мысал келтірейік. Мысалы: «шыныаяқ», «пиала», «кесе», «ағаш тостаған (ет дайындау үшін қолданылады)», «шәйнек», «табақ», «оқтау», «құмыра», «қымыз дайындау кезінде пайдаланылатын шойын құмыралар», «қазан» және т.б. атауларды атауға болады.

Тұрмыстық лексиканың материалдық мәдениеті маңызды орын алады. Адам қандай да бір затты ойлап тауып, оған тиісті атау береді. Үй тұрмысындағы заттар халықтың өмірін, тарихын, мәдениетін сипаттайды. Көшпелі өмір салтында керек-жарақтар, оның өлшемдері, материалы, пішіні болады. Көшпеліхалықтардың тұрмысында сынғыш материалдан жасалған үлкен көлемді заттар тұтынуды қиындатты, соған орай, олар үй бұйымдарының заттарын табиғи материалдан жасаған. Көшпелі өмір салтында берік әрі жеңіл сапалы материалдан яғни, ағаштан жасалған заттар саны аз емес. Тұрмыста қолданылатын ағаш заттар әр түрлі және өз атаулары бойынша қолданылды.

Көптеген атаулар ыдыс-аяқ пен үйдің керек құрал-жабдықтары қазірдің өзінде архаизмге айналды. Ескі ыдыстың жоғалуына байланысты терминдер атаулары да жоғалады. Ал ыдыс көлемі, пішіні, мақсаты бойынша ғана емес, сонымен қатар дайындау материалы бойынша да ерекшеленеді. Мысалы: «ағаш қазан», «темір қазан», «металл ыдыс», «фарфор ыдыс» сияқты т.б. атауларда соның ішіне кіреді.

Ат әбзелдерінің атауларының өз ерекшеліктері бар. Оларға мысал келтірсек: «ер-тоқым», «керім (ер-тоқым үстінен киіз салынады)», «кеуде белдігі», «төсеніш астындағы ер-тоқым» атаулары жатады. Жануарлар шикізатынан жасалған заттар жалпы халықтық лексикасында сөздік құрамының ең көне қабатын құрайды.

Сонымен қатар, қазақ тілдерінде мал шаруашылығының әр түрлі жақтарын сипаттайтын бай сөздер мал шаруашылығы лексикасына ие болып келеді. Бұл шаруашылық-экономикалық өміріндегі мал шаруашылығының үлкен үлес салмағымен түсіндіріледі. Бұл лексика-семантикалық топ өзінің шығу тегі әр түрлі, сондай-ақ, оның дамуының көп ғасырлық тарихи жолында түрлі сөздік қатпарларға негізделеді. Сөз байланыстарының осы типтері арасындағы айырмашылық сөздердің лексика-семантикалық тобы тілдің лексикалық семантикасы дамуының заңдары мен заңдылықтарының өнімін, ал тақырыптық топ – заттар мен құбылыстардың өздерінің жіктемесіне негізделген сөздердің бірігуін білдіреді. Жеке лингвистер «лексиканың тақырыптық топтары» және «лексика-семантикалық топтар» деп атайды. Мұндай топтың ортақтығын құрайтын қарым-қатынастардың лингвистикалық мәні бойынша тұжырымдалған. Бұл сөздің мағынасы дифференциалды семантикалық белгілер жиынтығына жатады. Бұл ретте, бір ғана белгілер бір сөзге емес, бірқатар сөздерге тән және осы белгілердің ортақтығы негізінде сөздер лексика-семантикалық топтарға біріктірілуі мүмкін. Сондықтан да тұрмыстық лексиканы ерекше топқа бөліп зерттеудің мәні мен мақсаты анықталғанын нақтылап алу қажет. Осылайша, лексика-семантикалық топты анықтау кезінде біз тіл білімінде жалпы қабылданған кез келген тілдің сөздері әр түрлі мағыналық байланыстарда және лексика-грамматикалық қатынастарда бір-бірімен бірге болғанда тұтас жүйе болып табылатыны туралы ережені негізге аламыз.

Қорыта келгенде, тіл адам баласының танымдық қызметінің нәтижесінде қоршаған орта туралы білімді, одан алған әсерін жинақтап қана қоймайды, сонымен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтық, ұжымдық этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды. Тіл – сөйлеушілердің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі болып табылады. Ал, тұрмыстық лексика өте кең, сондай-ақ тілдің сөздік құрамының маңызды бөлігін құрайды. Сол себепті, ұлттық тілді дамыту үшін оның әр қабатын зерттеу өзекті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қайдаров Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика // Қазақ тілі тарихи лексикологияның мәселелері. – А.: 1998. – 301 б.
- 2 Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.
- 3 Жанпейісов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1989. – 282 с.
- 4 Хасенов Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері. – Алматы, 1995, – 220 б.
- 5 Калиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1996. – 168 с.
- 6 Абдигалиева Б. Бытовая лексика казахского языка // Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1985. – 200 с.
- 7 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 2000. – 272 б.

ҒТАМР 17.71.91

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЖАҒЫМСЫЗ КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ

Ш.М. Қосбаева

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қазақ халқының сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің төрінен ойып тұрып орын алар асыл қазыналарымыздың бірі – ежелден келіп жеткен фольклорлық мұрамыз. Онымен терең сусындаған адам халықтың аса бай тарихынан мол мәлімет алары сөзсіз. Мақалада мифтік кейіпкерлердің қандай топтарға бөлініп, жіктелетіндігі қарастырылады. Мифологиядағы протагонист пен антагонист кейіпкерлер жүйесі талданып, жағымсыз образдардың ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері, олардың әдебиеттегі орны турасында сөз қозғалады.

Түйін сөздер: фольклор, мифология, мифтік кейіпкер, аңыз, ертегі, жанр.

Адам баласының құпия әлемнің сырын барынша түсінуге тырысып, қоршаған ортасын, айналасын ерекше тылсым күшке балап, одан туындаған қиялды көркем образға айналдырған жанрды мифология деп атасақ болады. Миф деп отырғанымыз – халықтың қоршаған орта турасында қорытып, қалыптастырған ілімі. Ертедегі адамдардың қоғамдық санасы мен оларды қоршаған табиғатты түсінуге тырысып баққан ой жемісіне айналған миф қазіргі таңда ертегі секілді тәрбиелік маңызы зор, үлгі-өнегеге толы әдеби жауһарға айналды. Бұл тұрғыда фольклоршы ғалым С.А. Қасқабасов мифтің басты міндетін былай деп көрсетеді: «жер бетіндегі нәрселердің, аспан шырақтарының, адамның, жан-жануардың пайда болу себептерін түсіндіру» [1, 28 б.].

Қазақ мифологиясында қырықтан аса кейіпкер бар. Олардың бірқатары жағымсыз образдар болса, енді бірі жағымды кейіпкерлер қатарында. 2016 жылы С. Итеғұлованың құрастыруымен жарық көрген «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» атты жинақта фольклордағы мифтік кейіпкерлерді алты топқа жіктеп көрсеткен:

Тотемдік кейіпкерлер: *Көк бөрі, Көк өгіз.*

Шамандық кейіпкерлер: *Самұрық, Бәйтерек, Бақсы.*

Демонологиялық кейіпкерлер: *Албасты, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Мыстан кемпір, Пері, Жын, Шайтан, Дию.*

Хтоникалық кейіпкерлер: дәулер (Дәу, Қара дәу, Жалғыз көзді дәу), Шойынқұлақ, Үш дәу (Үлкен, ортаншы, кіші), Аю дәу), алыптар (Алаңғасар мен Арсалаң, Толағай, Ерсары, Ұлтанқұл), ергежейлілер (Ергежейлі, Жартықұлақ, Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс).

Ілкі қаһармандар: сиқырлы көмекшілер (Таусоғар, Көлтауысар, Саққұлақ, Желаяқ, Епті), пірлер (Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Сексек ата, Шопан ата).

Трансформацияланған мифтік кейіпкерлер: Қаңбақ шал, Тазша бала.

Мифтік кейіпкерлердің барлығы дерлік толық қамтылмағандықтан, бұл жіктеу жүйесі әлі де болса толықтыруды қажет ететіні рас. Онымен қоса, кейіпкерлердің дәл бұлай жіктелуінде үлкен дау туғызатын сұрақтар да жоқ емес. Мысалы, Алаңғасар мен Арсалаң, Ерсары және Ұлтанқұлдарды мифтік кейіпкерлер қатарына жатқыза алмаймыз, т.с.с. Дей тұрғанмен осы образдар жүйесіне кеңірек тоқталып өтсек жөн болмақ.

Осы аталған кейіпкерлер арасында Көк бөрі, Көк өгіз, Самұрық, Бәйтерек тәрізді кейіпкерлер көп жағдайда бейтарап, жағымды образда көрінсе, демонологиялық кейіпкерлердің барлығы дерлік, атының өзі айтып тұрғандай, жағымсыз, ұнамсыз кейіпте келеді. Ал дәулерге келер болсақ, адам жейтін Қара дәу мен Жалғыз көзді дәу, Аю дәу мен алып күш иесі Шойынқұлақ жағымсыз кейіпкер болса, Үш дәу табиғаттарынан алаңғасар, ешкімге титтей болсын зияны жоқ, аңғал кейіпте келеді.

Алыптар да екі сипатта көрінеді: бірі адам баласына жақсылық ойлап, үнемі көмекке әзір болса, екінші бірі – алапат күштің иесі, жамандық жолын ұстанушы. Мәселен, жоғарыда атап кеткен, мифтік кейіпкерлер қатарына жатқызуға келмейтін Алаңғасар мен Арсалаң табиғатынан қыңыр болса да, бала мінезді, аузын ашса жүрегі көрінетін, жан баласының көңілін қалдырғысы келмейтін сондай ақкөңіл, аңғал кейіпкерлер. Қазақта «арсалаң» деген сөз көңілі таза, аздап ебедейсіздеу келетін, алайда ақжарқын адамға қарата айтылатындығы содан болса керек-ті.

Алып күш иесі, ірі тұлғалы Ерсары мен тау көтерген Толағайдың әдебиеттегі образы – батыр бейнесінде. Бұл екеуі – адамзат баласы үшін жағымды кейіпкерлер. Ал алыптардың арасында келетін Ұлтанқұлдың бейнесі – жағымсыз. Бұл кейіпкердің бет-болмысы «Алпамыс батыр» жырында өте жиіркенішті етіп көрсетілген.

Ергежейлі кейіпкерлердің ішінде Жарты құлақ – өте алғыр, еті тірі, тапқыр бала. Алайда бойы бір-ақ тұтам. Ал керісінше «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» Жарты құлаққа мүлде қарама-қайшы кейіпкер. Егер Жарты құлақ адамзатқа пайдасы бар кейіпкер болса, Бойы бір қарыстың адамға тигізер кесірі соншалық үлкен.

Ал Таусоғар, Көлтауысар, Желаяқ, Саққұлақ сынды кейіпкерлер табиғатынан ерекше қасиетке ие, епті, адам баласымен жолдас болуға бейім келетін, нақты бір істі атқарушы, көмекші кейіпкерлер болып көрінеді. Сондай-ақ Тазша бала мен Қаңбақ шал да адамзатқа зияны жоқ жағымды кейіпкерлер қатарында.

Мифологияда адам жейтін, сирақтан ұстап алып суға батыратын, алдап-арбап зұлымдық жасайтын, алайда үнемі жеңіліске тап болатын жағымсыз кейіпкерлер де жетерлік. Осы аталған кейіпкерлерге тоқталып өтсек.

Әйел сипатындағы жағымсыз кейіпкерлер ішінде өте жиі кездесетін бейне – Мыстан кемпір бейнесі. Қазақ фольклорында Мыстан мен Жалмауыз кемпір кейбір тұстарда аражігі ашылмай біртұтас кейіпте келе береді. Алайда фольклорлық туындыларға жіті мән берген адам Мыстан мен Жалмауыздың екі бөлек образ екенін анық аңғарады.

Мыстан кемпірдің сыртқы бейнесі кәдімгі бақсы-демондық кейіпкерлер тәрізді: шашы тіке әрі ұзын, тістері қисық, тырнақтары өткір. Мыстан ертегілерде көбінесе жылқы қуып, тісімен жер қазып, бас кейіпкерді ұрлап, асқа у салып, тұтқынды байлап ұстап немесе тірідей жеп қояды. Мыстанда соншалықты ерекше қасиет пен сиқыр жоқ. Ол өз дегеніне адамды алдап-арбау арқылы жетеді. Мыстан кемпірдің адамға тән екінші қыры – пендешілігі, дүниеқоңыздығы. Мыстанның пендешілігі басым. Ол – дүниеқоңыз. Дүниеге қызығып жауыз адамдардың айдағанына жүреді. Мыстанның бал ашып болашақты болжайтыны тағы бар.

Көрнекті ғалым С.А. Қасқабасов «Казахская волшебная сказка» атты еңбегінде Мыстан бейнесі қашан пайда болған деген сұраққа «Мыстан ерте заманда матриархат кезеңінде айналасына билік жүргізетін ақылды әйел бейнесінің өзгерген түрі» деп жауап береді. «Ежелгі Мыстан бейнесі күшті эволюцияға түскен» – деген пікірін келтіреді [2, 93 б.].

Ғылымда Мыстанды мыс дәуірінде өмір сүрген басқарушы әйелдің заман ағымына сай өзгеріске түсіп, құбылып келген бейнесі деп түсіндіру ұғымы бар. Матриархат дәуіріндегі ақылгөй, дана әйел бейнесі патриархат дәуірі келіп жеткенде, әйелдің қоғамдағы орны өзгеріске ұшыраған сәтінде ұнамсыз кейіпкерге ауысады. Оның ақылды, алды-артын болжағыш, көрегендік қасиеті енді ұнамсыз болып бағаланады. Мыстан небір айла-амал тапқыш зұлымға, барлық ақыл-ойын жамандық үшін жұмсайтын жиіркенішті бейнеге айналады.

Қорыта айтқанда, Мыстан – сыртқы кейпі ұсқынсыз, ұзақ өмір сүрген, шашы жалбыраған, мүсәпір кемпір бейнелі озбыр, бойында ерекше дерлік тылсым күші жоқ, бірақ айла-амалы мен қулық-сұмдығы жетіп-артылатын, қарапайым жолмен-ақ өлтіруге болатын, көп шығармаларда таз баласы бар, өзінен басқаға жақсылық ойламайтын, дүниеқоңыз кейіпкер.

Жалмауыз – қазақ мифологиясындағы аяқ-қолының тырнағы сояудай, қарға тұмсықты, әрі қажырлы, адам жегіш жауыз кемпір бейнесінде суреттелетін кейіпкер. Жалмауыз кемпір көбінесе балаларды аңдып, жеп қоюды мақсат тұтады. Жалмауыз кемпірдің фольклорлық демонологияға енуін зерттеген ғалым-зерттеушілер оны сонау ертедегі матриархат дәуірінде шыққан деген ойды айтады. Ерте дәуірде әулет, ру-тайпаның, күллі іс-жоралғылардың тізгіні әйел затының қолында болып, кейін патриархат басымдыққа ие болады. Сол заманнан бастап, негізінен әйел кейпіндегі демондық кейіпкерлер көбейе түскен. Соның бірі – осы жалмауыз кемпір.

Кейде оны өткір де ұзын тырнақтары бар, жетібасты кейіпкер ретінде сипаттайды. Сонымен қатар ол қандай да бір зат кейпіне еніп, адамға сезілмейтіндей оған мықтап жабыса алады. Жалмауыз кемпір образының ерекшеліктері де қазақ ғалымдарын әрқашан ойландырған мәселе болған. Солардың ішінде Ш. Уәлиханов Жалмауыз кемпірдің адамжегіш екенін жазған [3].

Қазақ фольклорында жиі ұшырасатын, фольклорлық шығармалардың көбінде әйел бейнесінде көрініс табатын, бойында асқан жойқын қуаты бар, кісі баласына жау кейіпкердің бірі – Жезтырнақ. Ол – мифтік бейне. Жағымды кейіпкерге қарсы, оның қас жауы ретінде бейнеленетін Жезтырнақ халық арасынан шыққан батырлардан жеңіліп қалып отырады. Ертегілер мен аңшылар жайындағы аңыз-әңгімелерде Жезтырнақ бейнесі толық сомдалады. Ертегілердің көбінде дерлік Жезтырнақ бейнесін ұзын бойлы, тырнақтары пышақтай өткір, жапандағы жалғыз әйел ретінде бейнелейді. Дегенмен де аңшы аңыздарында Жезтырнақтар адам тәрізді жұптасып өмір сүреді, олардың да балалары болады деп баян етіледі.

Жезтырнақ – үлкен жез тырнақты, имек жез мұрынды, әдемі әрі жас әйел бейнесіндегі жын-пері тектес мақұлық. Жезтырнақ – алапат қара күш иесі. Оның ащы даусы жерді жаңғырыққа бөлейді. Өзінің айқайымен ол ұсақ хайуанаттар мен құстарды өлтіре алатын қасиетке ие.

Зерттеуші П.Т. Әуесбаева «Түркі халықтарының хикаялары» атты ғылыми зерттеуінде «Жезтырнақ персонажы түркі халықтары ішінде қазақтарға ең көп танымал. Қырғыздар «жезтырнақты» сондай-ақ «джез тумшук» деп атайды. Яғни, оның тырнақтары ғана емес, сондай-ақ мұрны да жез не темірден жасалғанының белгісі болып табылады» деген пікірін білдіреді [4].

Қорыта келгенде, қазақ фольклорында кездесетін Жезтырнақ – тау мен тасты немесе орманды мекен ететін, жұптасып өмір сүретін, адамнан өзінің өткір тырнақтарымен ерекшеленетін, бар күш-қуаты сол өткір тырнақтарына жиналған сұлу да ажарлы келіншек сипатында көрініс табатын қаскөй күш.

Қазақ демонологиялық фольклорындағы Пері – әйел заты бейнесіндегі демондық құбылыс. Ертегілер мен аңыздарда Пері бейнесі көп айтылады. Қазақ ұғымында Перінің діни сенімдік сипаты көрінеді: олар мұсылман перісі және кәпір перісі болып бөлінеді. Аңыз бен ертегілерде Перінің қыздары аққу болып ұшып жүреді. Олар көлге келіп шомылғанда адам оның аққу бейнесіндегі пердесін сыпырып алып, аруға айналған Пері қызымен некелескені жайында ертегі, аңыздар бар. Перінің қызымен қарым-қатынас құрып, тіпті одан ұрпақ көргендер туралы да айтылып жатады. Перімен аса сақтықпен қарым-қатынас орнатпаса, ол адамға қас болуы да ғажап емес. «Перінің кәріне ұшыраған» кісіні «Пері соққан» деп жататыны содан қалған.

Келесі бір жағымсыз бейне – Албасты бейнесі. Албасты – барлық түркі тілдес халық мифіне ортақ кейіпкер, алайда әр елде сипаты мен бейнесі әртүрлі болып келеді. Қазақ мифологиясында Албасты зұлым әрі зиянкес жын бейнелерінің бірі ретінде берілген. Албасты кез келген тіршілік иесіне айнала алса да, оны көбіне су жаратылысымен байланыста қарастырады. Албасты –

аузындағы өткір тісі көрініп тұратын семіз, түкті әйел, оның салбыраған төсі жерге жетеді.

Албастыны көбіне желіні жер сызған ешкі немесе түрі ұсқынсыз қаңғыған ит, аузына әйел өкпесін тістеген түлкі түрінде бейнелейді. Қазақ түсінігіндегі бұл жағымсыз кейіпкер босанып жатқан әйелді кеудеден басып тұрып, өкпесін ұрлап алады да, жүгірген бойы өзенге тастайды. Солайша босанып жатқан әйел өледі. Ал албастының өкпені алып қашып бара жатқанын көріп, оны ұстап алып қинаса, қайтарып әкеледі. Содан әлгі әйел қайтадан тіріледі. «Албасты басқыр!» дейтін қарғыс сөз осыдан шыққан болуы әбден ықтимал.

Үббе немесе Үбі – қазақ наным-сенімінде судың ішінде кездесетін құбыжық. Үббе өзен-көлге суға шомылып жүрген адамдардың сирағынан ұстап алып, батырып өлтіреді. Ерте кезде адамдар суда жүрген сәттерінде қандай да бір қорқынышты сезе қалса, «Үббе, маған тиіспе!» деп айғайлайтын болған.

Сонымен бірге қазақ демонологиясында «Үбіжәй», «Бүжәй» дейтін де кейіпкер кездеседі. Көбіне Бүжайды шақырып, кішкентай балаларды қорқытады. Әр өңірде қолына қорқынышты бір затты ұстап тұрып «Бүжәй келе жатыр! Жыласаң, Бүжәй алып кетеді!» деп баланы тәртіпке салып жатады. Бұны айтқан адам «Үбі», «Үбіжәй», «Бөжей», «Бөжек», «Үбіжік» дейтін осы құбыжықты меңзеп тұрса керек. Үббе мен үбіжәй негізі бір ұғым деуге де толық негіз бар.

Қазақ халқында жағымсыз бейнеде келетін мифологиялық кейіпкерлер жетерлік, десе де олардың дені жоғарыда көрсетілген мифологиялық кейіпкерлердің аңыз-әңгіменің, ертегінің ішінде жүргені тәрізді, одан басқа да сан түрлі жанрға ауысып, тіпті сіңісіп те кеткен. Қазақ мифологиясының өзі әртүрлі жанрға шашырап кеткен. Сол себепті де қазақ мифологиялық кейіпкерлері туралы сөз қозғағанда фольклордың мифологиядан өзге жанрларына да тоқталған жөн болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: «Жібек жолы», 2009. – 303 б.
- 2 Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 256 с.
- 3 Уалиханов Ш. Таңдамалы – Алматы: Жазушы, 1985. – 455 б.
- 4 Әуесбаева П.Т. Түркі халықтарының хикаялары. Ғылыми зерттеу. – Алматы: ИП «Сагаутдинова», 2014. – 415 б.

ҒТАМР 02.41.21

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – БІРЛІК ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

К.Н. Макашева

Т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Ә. Жұматаева

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Бұл мақалада Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде алатын орны және татулық пен келісім тәжірибесі әлемдік қауымдастықта құнды деп танылған елге айналған. Қазақстандағы ұлтаралық саясаттың негізгі нәтижелері қарастырылады.

Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы республикадағы этносаралық қатынастар саласының институционалдық дизайнына, халық дипломатиясының өзіндік органына айналды. Бүкіл қазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясына аса маңызды рөл жүктелген.

Түйін сөздер: Қазақстан халқы Ассамблеясы, этносаралық келісім, татулық пен келісім, халықаралық ұйым, тұрақтылық пен бейбітшілік.

Қазіргі мемлекеттердің ішкі саясатының негізгі бағыттарының бірі – халық арасында бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету. Қазақстанның ішкі саясатының өзегі – ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету. Этносаралық келісімді қамтамасыз ету 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясынан бастау алады, онда барлық адамдар азат және қадір-қасиеті мен құқықтары жағынан тең болып туылады. Оларға ақыл мен ұждан берілген және бір-біріне бауырмалдықпен әрекет етулері керек. Сонымен қатар, әрбір адам нәсіліне, терісінің түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа нанымдарына, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне қарамастан тең құқықтар мен бостандықтарға ие екендігі атап өтілген [1].

Қазақстан халқы Ассамблеясы – тамыры, ұлты, діні, дүниетанымы бөлек бір елдің халқын біріктіре білген іргелі құрылым. Әрбір азаматтың айқын даралығына қарамастан, бізді ортақ ой мен мақсат біріктіреді. Бұл ең алдымен Отанға деген сүйіспеншілік, мемлекеттегі бейбітшілік пен келісімді сақтау. Мұндай ұйымды құру идеясының өзі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі. [2] Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші

орган болып табылады, бұл органның міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға жәрдемдесу болып табылады. «Қазақстан халқы Ассамблеясы» Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен 1995 жылы 1 наурызда құрылып, 2007 жылы атауы өзгертілді. 2016 жылдан бастап бұл күн мереке – Алғыс айту күні ретінде тойланады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде алатын орны зор. Біріншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясы – мемлекеттің саяси жүйесіндегі мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асыратын ұйым. Екіншіден, ҚХА мемлекеттің қоғамдық-саяси тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Үшіншіден, ҚХА этносаралық қатынастар мәселелерінде қоғамның мемлекеттік және қоғамдық институттарының тиімді өзара әрекеттесу алаңы болып табылады. Төртіншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясы жоғары заң шығарушы орган – Парламентте этностардың мүддесін қорғайды. Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы дамудың елеулі жолынан өтіп, халық дипломатиясының бірегей институтына айналды, Ассамблеяның арқасында этностар арасында ерекше сенім, ынтымақ пен өзара түсіністік ахуалы қалыптасты, онда этникалық және діни тиесілігіне қарамастан қоғамның әрбір адамы Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген барлық құқықтар мен бостандықтарға ие және пайдаланады, этносаралық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық деңгейде беделінің өсуіне ықпал етеді.

Татулық пен келісім тәжірибесі әлемдік қауымдастықта құнды деп танылған елге айналған Қазақстандағы ұлтаралық саясаттың негізгі нәтижелері төмендегідей:

1. Елімізде этникалық және діни көзқарасына қарамастан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз ететін құқықтық база құрылды. Бұл қағида мемлекеттің этносаралық саясатының негізін құрады.

2. Қазақстан халқы Ассамблеясы тұлғасында ұлттық саясат пен этносаралық үнқатысуды жүзеге асырудың бірегей және тиімді тетігі құрылды, соның арқасында барлық жерде этностардың мәдени жаңғыру процесі жүріп жатыр, ал Ассамблея олардың жан-жақты диалогын қамтамасыз етеді. Бүгінде бұл тәжірибені кейбір көршілес елдер де қабылдап жатыр.

3. Түрлі мәдениеттер диалогы орнатылып, Қазақстан негізінен жалпыадамзаттық құндылықтарға ие көпмәдениетті қоғам ретінде қалыптасты. Қол жеткізген рухани интеграцияның өзегі қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан толерантты және жаңашыл мәдениеті екені сөзсіз. Рухани бірегейлік отандастарымыздың азаматтық және саяси бірлігін толықтырады, бұл ХХІ ғасырда мемлекет тәуелсіздігін нығайтудың және қоғамды топтастырудың тағы бір іргетасына айналады.

4. Бірқалыпты тіл саясаты жүргізілуде, Қазақстан бұл мәселелерді өткір қақтығыстар мен сілкіністерсіз шешкен санаулы елдердің бірі. Ел азаматтарының, әсіресе, жастардың мемлекеттік тілді меңгеруінің заңды үрдісі бар. Қазақстанның тілдік байлығы жалпы қазақстандық мәдениетті байытып,

көпұлтты Қазақстанның бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде әрекет етеді.

5. Еліміздің рухани жаңғыруы, ең бастысы, конфессияаралық келісім мен толеранттылық қамтамасыз етілді. Қазақстандықтардың қазіргі ұрпағына тарихи мұра болып қалған рухани саладағы толеранттылық болашақта азаматтық және конфессияаралық татулықты сақтаудың жақсы негізі болып табылады. Осылайша, көпұлттылықтың кемшілігі емес, керісінше елдің артықшылығы екені іс жүзінде дәлелденді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық байланыстары серпінді дамып келеді, бұған беделді халықаралық ұйымдардың мүшелері мен шет мемлекеттер өкілдерінің Қазақстанға бірнеше рет сапарлары дәлел. ЕҚЫҰ құрылымдарымен тығыз жұмыс байланыстары орнатылды. ЕҚЫҰ жәрдемдесуімен этносаралық қатынастар проблемаларын зерттеу үшін гуманитарлық зерттеулер орталығы құрылды, оның қатысуымен Орталық Азия аймағындағы этносаралық қатынастарды үйлестіру мәселелері бойынша 10-нан астам халықаралық конференциялар мен семинарлар ұйымдастырылды.

Осылайша, Қазақстанда Қазақстан халқы Ассамблеясының тікелей қатысуымен барлық аз ұлттар үшін құрылған білім беру, мәдени және тілдік орта, ақпараттық және мәдени нысандардың (Достық үйлері, ұлттық театрлар, мұражайлар, мектептер, БАҚ болуы), кеңейіп келе жатқан халықаралық байланыстар Қазақстанның және оның бүкіл халқының қоғамдық-саяси және мәдени дамуының ортақ ісіне өз үлесін қосуда. Мемлекет басшысы құрған халықтық дипломатия түріндегі этносаралық қатынастарды үйлестіру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган өзінің өміршеңдігі мен қажеттілігін, мемлекеттің демократиялық институттары жүйесіне органикалық түрде сәйкес келетіндігін нанымды дәлелдеді.

Біздің басты байлығымыз – әртүрліліктегі бірлік. Сондықтан мемлекет өз халқының мәдени-рухани дәстүрлерін ұлттық мұраның бір бөлігі ретінде сақтауға қамқорлық жасайды. Бұл қолдау құралдарының бірі – мәдениетаралық диалогты дамытудың бірегей институты – Қазақстан халқы Ассамблеясы болуға шақырылған [3].

Бүкіл қазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясына (ҚХА) аса маңызды рөл жүктелген. Ассамблеяның құрылуы Қазақстанның және оның көшбасшысының тәуелсіздік алғаннан бергі ішкі және сыртқы саясатының заңды жалғасы болды. Қазақстан бастапқыда бейбітшілік, толеранттылық және сындарлы диалог мұраттарына берілген заманауи, зайырлы мемлекет құру бағытын белгіледі. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы республикадағы этносаралық қатынастар саласының институционалдық дизайнына, халық дипломатиясының өзіндік органына айналды. Ассамблея сол кезде бұрынғы кеңестік дәуірде де, қазіргі әлемдік тәжірибеде де теңдесі болмаған азаматтық қоғамның түбегейлі жаңа институты ретінде құрылды. Енді Ассамблеяның арқасында этносаралық қатынастарды саясиландыруды болдырмауға, сол кездегі бар жанжал әлеуетін сындарлы бағытқа бағыттауға мүмкіндік туды деп нық сеніммен айта аламыз [4].

Сондықтан да Қазақстан халықаралық қоғамдастықта Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің толеранттылығын, конфессияаралық және мәдениетаралық келісімін қамтамасыз етуге бағытталған дәйекті ішкі саясатты жүргізетін және Қазақстанның біртұтас халқы – Қазақстан халқын белсенді түрде құрушы халық ретінде танылды. Заманауи және бәсекеге қабілетті зайырлы мемлекет. Қазақстан өркениеттер диалогы деп аталатын өрісті кеңейтуге және тереңдетуге мүдделі, қазіргі заманғы әлемдік тәртіптің негізгі мәселелері бойынша Шығыс пен Батыс арасындағы түсіністікті жақындастыруға бағытталған халықаралық бастамаларды әрқашан қолдап келеді және өзі де дайын екенін білдірді [5]. Демек, Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстанның бірегей саяси жаңашылдықтарының жемісі. Бүгінде оның жұмыс тәжірибесі әлемнің көптеген елдері үшін тартымды әрі пайдалы болып келеді. Бүгінде Конституция мен Қазақстан халқы Ассамблеясы жай құрдас емес. Бұл тұрақтылықтың, жаңғырудың және өркендеудің іргетасына айналған екі ұлы құндылық. Сенім, дәстүр, ашықтық, толеранттылық – көпұлтты гүлденген мемлекетіміздің негізін құраған қағидаттар. «Әртүрліліктегі бірлік» қағидаты этносаралық саладағы мемлекеттік саясаттың негізі болып табылады [6].

Қазіргі кезеңде Қазақстан халқы Ассамблеясы түрлі мүдделер тепе-теңдігін сақтаудың және қоғамдық келісімді нығайтудың тиімді тетігіне айналды. Ол барлық ұлттық-мәдени орталықтарды және елімізді мекендейтін аз ұлттар өкілдерін біріктіреді. Алғашында орыс және басқа да тілдерді қолдау арқылы мемлекеттік тілді жаңғырту мен дамыту бағытын жариялаған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың сауатты, дәлелденген және нәзік тіл саясаты мемлекеттің үйлесімді және ілгері дамуының кепілі болды. Қазақ тілінің дамуына барынша қолайлы жағдай жасалды. Мемлекеттік тілді оқытатын орталықтар бар, барлық жерде қазақ тілінде оқытатын мектептер мен балабақшалар ашылуда. Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелігіне кандидаттар ұлттық мәдени орталықтардың ұсыныстары бойынша шағын жиналыстар сессияларының шешімдерімен, ал облыстық және республикалық қоғамдық бірлестіктерден олардың жоғары органдарының шешімдерімен ұсынылады. Елімізде 100-ден астам ұлттық мектептер бар, 170 жексенбілік мектептер жұмыс істейді, онда 23 ана тілі оқытылады. Ұлттық жаңғырудың үш мектебінде 12 ана тілін оқытатын 29 кафедра бар.

Көпұлтты және көптілді Қазақстан үшін тұрақтылық пен этносаралық келісімді қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының біріне айналды. Қазақстан Республикасының Конституциясында этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласын реттейтін жан-жақты нормалар бар. Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық өзара іс-қимылдың негізгі институты ретінде әрекет етеді, оның жұмыс істеуі үшін ҚХА туралы арнайы Заң шығарылды, соған сәйкес Ассамблея кепілдік берілген парламенттік өкілдікпен қамтамасыз етілген.

ҚХА өз қанатында Қазақстан Республикасының 100-ден астам этностарының өкілдерін мәдениетті, тілдерді және дәстүрлерді дамытуға жағдай жасалған белсенді инфрақұрылымға біріктіретін ЭЫҰ мен «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысын құрып, біріктірді. Мемлекеттік құрылыстың жаңа кезеңінде маңызды саяси және конституциялық константалардың бірі ретінде «бейбітшілік пен келісім» қағидасының маңызы артып келеді. Қазіргі заманның жаңа сын-қатерлері – қазіргі халықаралық қақтығыстардағы, көші-қон ағындары мен босқындардағы этно-діни фактордың рөлінің артуы – Қазақстан халқының бірлігін, ынтымағын және патриотизмін одан әрі нығайтуды талап етеді. Қазақстан халқы интеграциясының барлық бағыттары мен векторларын көрсететін Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі артып келеді. Бұл ретте Ассамблеяның әлеуметтік маңыздылығы әлеуметтік әл-ауқаттың ұлттық моделін қалыптастыру жағдайында арта түсуде. Бұл, ең алдымен, қоғамның революциялық емес, эволюциялық дамуының алғышарттарын жасайтын құрал ретінде қайырымдылық пен медиацияны дамытуға қатысты. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті, оның ішінде этникалық ортаны дамытуға, этностардың тарихи шыққан елдерімен экономикалық ынтымақтастықты пайдалануға баса назар аудару маңызды. Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық сананы жаңғырту үдерістерінің қозғаушы күштерінің біріне айналып отыр және бұл үдерісте озық қазақстандық жастарды және барлық қазақстандық этностарды осы үдеріске тарту қажеттігі үлкен рөл атқарады. Бұл ретте «Қазақтану», «Мың бала» сияқты жобаларды жүзеге асыру еліміздегі мәдени-тілдік ортаны одан әрі үйлестіруді, ортақ құндылықтардың, мақсат-міндеттердің бірлігін қамтамасыз етуге арналған.

Рухани-мәдени интеграция процестерінің маңызды құрамдас бөлігі – барлық этностар бірлігінің шоғырландырушы негізі, дүниетанымымыздың, халықтың өткені, бүгіні мен болашағының іргелі негізі ретінде тарихи сананы жаңғырту. Бүгінгі таңда елімізде кезектен тыс президенттік сайлауды өткізуге байланысты маңызды саяси трансформация процесі жүріп жатыр. Осылайша, Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанды табысты, қалыптасқан және серпінді дамып келе жатқан мемлекеттердің қатарына әкелген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің стратегиялық бағыты сабақтастығының нақты және түсінікті тетігі белгіленді. Соның арқасында бүгінде бәріміз еліміздің тұрақтылығына, қауіпсіздігіне және прогрессивті ілгерілеуіне сенімдіміз. Қазақстандықтардың басым көпшілігінің қолдауының арқасында біздің сайланған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Баршаға гүлдену! Үздіксіздік. Әділет. Прогресс» тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім, берік әлеуметтік саясат, ұлтына, дініне, мүліктік жағдайына қарамастан барлық азаматтардың құқықтарының теңдігі – Қасым-Жомарт Тоқаев тұғырнамасының бұл ережелері әрбір азаматтың жүрегінде қызу үндестік тапты. Сайлау қорытындылары біздің бірлігіміз бен халқымыздың жоғары саяси мәдениетті, азаматтық кемелділік танытып, өзінің прагматикалық мүдделері үшін объективті таңдау жасағанын бұлтартпас дәлелдеді. Кезектен тыс сайлау ел алдында тұрған барлық міндеттерді табысты шешу үшін халықты

топтастыруға қуатты серпін береді. Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамалары мен саясаттары Қазақстанның жаңа тарихының бастау нүктесі болды. Оның сөзі сайлауалды тұғырнаманың ережелерін ғана емес, сонымен бірге оларға қол жеткізудің негізгі тәсілдерін де атап көрсеткен азаматтарымыздың негізгі өтініштеріне нақты және түсінікті жауап болды. Бұл жерде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың әрбір азаматтың ұсынысын ескеретінін, сондай-ақ сайлау науқаны кезінде көтерілген назар аударуға тұрарлық мәселелердің барлығын зерделейтінін айта кеткен жөн.

Мемлекет басшысы бірқатар негізгі басымдықтарды атап өтті:

1) Елбасының Стратегиясын одан әрі іске асыру – бұл, ең алдымен, Қазақстанның Үшінші жаңғыруы және Бес институттық реформа;

2) өткір әлеуметтік мәселелерді нақты шешу және әлеуметтік саясатты жаңарту;

3) қазақстандық кәсіпкерлерді, инвестицияларды, іскерлік белсенділікті қолдау. Бұл басымдық кең орта тапты – тұрақтылық негізін қалыптастыруға бағытталған;

4) қоғамның бірлігін қамтамасыз ету және әрбір азаматтың құқықтарын қорғау. Қазақстанның ұлттық мүдделері сайланған Президент қызметінің негізгі мазмұнына айналады. Биліктің халықтың өтінішін «есту», жергілікті жерде мәселелерді шешу, азаматтарға жүйелі түрде есеп беру міндеті ерекше атап өтілген. «Уәде берме, орында!» қағидасы. – орталық және жергілікті билік органдарының іс-әрекетінің бағасына айналады. Барлық салада – экономикалық, әлеуметтік және саяси салаларда ілгерілеушілік қағидасын Президент заман талабына бірден-бір дұрыс жауап ретінде қарастырады. Екінші жағынан, Мемлекет басшысы президенттік қызметтің жаһандық мақсаттарын ғана емес, оларға қол жеткізудің негізгі тәсілдерін де атап өтті. Билік пен қоғам арасындағы диалогты нығайту үшін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылуда. Мемлекет басшысының басты мақсаты – қоғамның бірлігін қамтамасыз ету, әрбір азаматтың құқығын қорғау.

Мемлекет басшысы Президент ретіндегі жұмысының басымдықтары деп атаған 10 міндетті ерекшелікпен атап өтті, оның ішінде: халықтың табысын арттыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес; сот реформасы; жұмыспен қамту; жаңа жұмыс орындарын ашу; табысты әділ бөлу; тұрғын үй мәселелерін шешу; әділ әлеуметтік саясат; әмбебап оқытуды қолдау; сапа жағдайын қамтамасыз ету қызметтер; өңірлік дамудың жаңа бағыты; «Рухани жаңғыру» бағдарламасы; сыртқы саясат және жастар блогы. Жастарға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекет басшысы жастарды прогрестің қозғаушы күші деп есептей отырып, Қазақстанның дамуында шешуші рөл атқарады.

Сондай-ақ «Президенттің кадрлық резерві» жасақталады. Ассамблея тарапынан «Жаңғыру жолы» ҚХА жастар қозғалысын дамытудың жол картасын жүзеге асыруға ерекше мән берілмек. Ассамблеяның барлық шаралары мен жобаларына жастар тартылады. Барлық жұмыстардың ортақ түйіні азаматтар мен қоғамның талап-тілектерін ескеретін Президенттің

Сайлауалды Тұғырнамасын жүзеге асырудың мазмұнды Жоспары болмақ. Жалпы, Ассамблея Президент Қ.К. Тоқаев алға қойған міндеттерді жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде белсенді түрде атсалысты. Президенттің төңірегіне бұрынғыдан да біртұтас отбасы болып топтасып, стратегиялық бағытының мақсаттарына жету жолында жан-жақты еңбек етіп, сол арқылы еліміздің белсенді тұрғындары мен озық ойлы жастардың күш-қуатын олардың барлық салада жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге бағыттауымыз қажет. Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге мүмкіндік беретін қоғамның дамуы, өркендеуі, біртұтас қоғамының нығаюының игілігі үшін.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің белсенді жұмыстарының ішінде мемлекет үшін үлкен топтастырушы және зияткерлік әлеуетті жинақтап, халықтық дипломатия институтына айналдырып, ұзақ даму жолынан өтті. Барлық этностардың мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін дамыту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Көбінесе Ассамблея жұмысының арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі қалыптасты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Всеобщая декларация прав человека от 10 декабря 1948 года. URL: <http://fms45.ru/2007/09/27/vseobshhajadeklaracija-po-pravam.html>.

2 Назарбаев Н.А. Ассамблея народов Казахстана.10 лет // Елорда Астана –2005.

3 Доктрина Национального Единства Казахстана. Одобрена Администрацией Президента и направлена в Правительство 29 апреля 2010 года, одобрена на состоявшемся 19 апреля 2010 года заседании Совета Ассамблеи народа Казахстана.

4 Тугжанов Е. Модель народной дипломатии // Индустриальная Караганда. – 2009. – № 48-49. – 1 мая.

5 Совет Ассамблеи народа Казахстана. URL: assembly.kz/novosti-assamblei/item/1741.html.

6 Ассамблея народа Казахстана – надежный оплот мира и согласия. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/32442/>.

ҒТАМР 16.21.07

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

С.Ж. Ахметова

Мұғалім, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Мақалада білім беру жүйесіндегі өзекті болып отырған тақырыптардың бірі – оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылып зерттелген. Оқушыларды кәсіби даярлау міндеттеріне олардың мәдениетінің ерекшеліктерін нақтырақ түсінуге, басқа мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасауға, ұлтаралық шиеленістерді болдырмауға мүмкіндік беретін және этникалық қақтығыстарды болдырмайтын тұлға даярлау негізгі міндет болып отыр. Осыған байланысты білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық шарттары өте қызықты және өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Түйін сөздер: мәдениетаралық құзыреттілік, коммуникация, диалог, желілік қоғамдастық, толеранттылық, тілдік дағды, сөйлеу қақтығыстары.

Жаңартылған білім беру мазмұнымен сандық технологиялы қоғамды жедел дамытудың бірден бір жолы білім беру мен мәдениетті үйлесімді бірегей ету идеясында жатыр. Сондықтан да білім беру саласының өзі мәдениетті тәжірибе тарату формасы ретінде танылып отыр. Мәдениетаралық құзыреттілік ұғымы бірегей феномен ретінде қазіргі замандағы білім беру тәжірибесінде өте өзекті позицияға көтерілді. Адамдар арнайы мәдени және ел туралы білімге ие болмай өзара бір-бірімен жемісті диалог құра алмайды. Басқа мәдени дәстүрлерді елемей және қабылдамау, нақты әлеуметтік тәжірибе көрсеткендей, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстардың шиеленісуіне әкеледі. Білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттілігі деген түсінік – басқа мәдени және тілдік қауымдастықтың өкілдерімен білім беру үдерісіндегі өзара коммуникативтік, оқу-танымдық, жалпы мәдени ішкі және сыртқы ресурстарды қоса алғанда білім, білік, дағды және қарым-қатынастардың жиынтығы. Білім беру үдерісінде жүйелі, кешенді, тұлғаға бағытталған, білім беруді ақпараттандыру принциптерін қамтыған, мәдени диалог, толеранттылық, АКТ құралдарын қамтыған мәдениетаралық құзыреттілік моделі қалыптасты. Білім

беру үдерісінде мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық түрі апробациядан өтті. Нақтылап айтсақ, АКТ құралдары арқылы мәдениаралық құзыреттілікке қол жеткізудің тұрақты мотивациясын қамтамасыз ету, білім алуда технологиялық кешендерді қолдану, интернет технологиялар, телекоммуникация, авторлық гипермедиялық оқулықтармен жұмыс, қашықтықтан оқу, нәтижелі оқу-танымдық әрекет үшін желілік қауымдастықта оқу [1, 189 б.].

АКТ-ны қолдана отырып, «мәдениет және мәдениаралық коммуникация» түсінігін әмбебап анықтау үшін пәнаралық байланысты жүзеге асыру қажет. Мәдениаралық құзыреттіліктің негізгі компоненттерінің бірі – коммуникативті білім алушылар. Коммуникативтік құзыреттіліктің өзі бес компоненттен тұрады. Сөйлеу құзыреттілігі төрт тілдік дағдыға негізделген: айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдылары.

Коммуникативтік құзыреттіліктің екінші компоненті – тілдік құзыреттілік. Тілдік құзыреттілікке белгілі бір тілді игерудегі осы тілдің тұтастай ғылыми әдістемелік құрылымы енеді. Мәселен, белгілі бір тілді игерудегі оның фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік бөлігін тұтастай сауатты меңгеру.

Үшінші құзыреттілік – ол әлеуметтік мәдени-құзыреттілік. Осы орайда білім алушы оқу үдерісінде қарым-қатынасқа түскен елдің мәдениетімен, дәстүрімен, тарихымен және ұлттық дүниетанымымен қауышады. ХХІ ғасырдағы жалпы адамзаттық құндылықтарды ескеретін болсақ, ешкімнің жеке шекерасына қол сұқпай, ар-ұжданына нұқсан келтірмей, мәдени үйлесімділікте кіріктірілген білімді бойына сіңіру – қазіргі замандағы басты қажеттілікке көтерілген жұмсақ дағды. Басқа құзыреттіліктермен тең түсетін компенсаторлықты айтатын болсақ, ол ақпарат тілдік құралдардың жетіспеушілігі жағдайында жағдаяттан шығу дағдыларын дамытуды көздейді. Оған бейвербалды қарым-қатынас түрін жатқызуға болады. Мысалы, бас изеу, бас шайқау, иық көтеру. Білім беру және танымдық құзыреттілік дегеніміз – заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қолжетімді әдіс-тәсілдердің негізінде білім алушылардың өз бетінше жалпы және арнайы білім дағдыларын одан әрі дамытуы [2, 55 б.].

Мәдениаралық құзыреттілікті бірқатар ғалымдар коммуникативтік құзыреттіліктің компоненттік құралына енгізеді. Жеке тұлға мәдениаралық құзыреттіліктің екі аспектісін нақты білу керек, ол – өзінің отандық және білім алып жатқан шетелдік мәдениетті түсіне білу қабілеті. Дж. Летонен бұл туралы адамдар шектеулі көзқарастан бас тартуы керек деп айтады. Төзімділік, белгілі бір мәдениеттегі мінез-құлық ережелеріндегі мәдени сезімталдық, белгілі бір мәдени фактілер туралы хабардар болу керектігі туралы ескертеді. Автордың көзқарасы бойынша, қарым-қатынасты сәтті жүзеге асыру үшін білім алушы елдің тарихын, өнерін, экономикасын, қоғамын білу керек, яғни осы ел жайлы және оның мәдени аспектілері туралы жан-жақты қаруланған болу керек [3, 31 б.].

Заманауи педагогика ғылымында білім алушылардың мәдениаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Қазіргі заманғы жаһандық адамзат тек таңдаған бейіні бойынша кәсіби маман болып қана қоймай, білікті кәсіби қоғамдастықта тұлғааралық және мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін шешу үшін сауатты қарым-қатынас жасауға қабілетті тұлғаға айналуы керек. Бүкіл әлемдік білім беру алаңында білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру үлкен басымдыққа ие болып отыр. Осы орайда құзыреттілікке негізделген білім, белсенділікке негізделген орта, жеке тұлғаны дамытуға бағытталған тәсілдер білім беруді ақпараттандыру принциптері және педагогиканың мәдени-шығармашылық мақсаттылығы өзінің кешенді функциясын толыққанды атқарған кезде ғана мәдениаралық құзыреттіліктің өз жемісін береді. Білім беру үдерісінің субъектілері мен өкілдері мәдени, тәрбиелік, танымдық, коммуникативтік қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін үлкен даму ортасына айналып отыр. Бұл жерде білім бәсекесіне түскен талапкерлер өзінің ішкі уәждік және сыртқы ресурстарын тиімді пайдалану арқылы сәтті жүзеге асқан мәдениаралық құзыреттіліктің үлгісі болып табылады. Мәдениетаралық құзыреттіліктің құрылымдық құрамдастары әртүрлі қоғам мен тілдік қауымдастықтардың мәдениеттеріне танымдық қызығушылықты білдіруді, мәдени қоғамдар мен тілдік қауымдастықтар өкілдерімен өзара әрекеттесу үшін мәдениетаралық коммуникацияның жетекші рөлін сезінуді, толеранттылықтың көрінісін көрсететін мотивациялық және қатынастық болып табылады. Басқа мәдениет өкілдеріне екінші елдің мәдени бейнесін түсіну, оның ұстанымдарына ашықтық таныту өзге жердің табиғи, тарихи, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық ерекшеліктерін түйсіну, сондай-ақ мәдениетке тән әдеп нормаларын, әртүрлі қоғамдағы мінез-құлық ережелерін ескеру – аса маңызды критерийлердің бірі. Серіктестің пікірі мен көзқарасы, оның дүниетанымы мен пайымы да үнемі басты назарда тұратын қағидатқа айналуы керек.

Ең алдымен, білім алушы зерттелетін мәдениеттің дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын, ұлттық вербалды және бейвербалды қарым-қатынастың мәдени ерекшелігін, сөйлеу қақтығыстарын алдын ала болжай білу және шешу түрлі мәдениет өкілдерімен тіл табыса білу және өзінің жеке мінез-құлқының, осал тұстарын бағалай білу де аталмыш құзыреттіліктің маңызды компоненті болып табылады. Қарым-қатынас мотивтері ашықтық пен қызығушылық сезімдері, құндылық қатынастары сияқты ішкі ресурстар ретінде әрекет етеді. Ақпараттық құралдар мен технологиялар, оқушылар жұмысының формалары, әдіс-тәсілдері сыртқы ресурстарға жатады. Оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген моделі интегралды құрылым ретінде АКТ арқылы ұсынылған. Әдістемелік блок білім беруді ақпараттандыру, мәдениеттер диалогі, толеранттылық, мәдени іс-әрекеттің педагогикалық мақсаттылығы ұстанымдарын, сонымен қатар құзыреттілік, жүйелілік, белсенділік, тұлғалық-бағдарлық деген тәсілдер тиімді бағдарларды белгілейді. АКТ арқылы оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың мақсаты мен

міндеттері мәнді мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру үшін оқу материалының теориялық және практикалық негіздерін анықтайды. Бағалаушы-тиімді блок АКТ арқылы оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру критерийлерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін көрсетеді [4, 27 б.].

Педагогикалық шарттарды орындау арқылы білім беру үдерісінде оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігіне қол жеткізіледі. Атап айтқанда, АКТ арқылы оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілікті меңгеруге тұрақты мотивациясын қамтамасыз ету; технологиялар кешенін пайдалану – интернет-технологиялар, телекоммуникациялар, авторлық гипермедиялық оқулықпен жұмыс, қашықтықтан оқыту, тиімді оқу-танымдық өзара әрекеттесу үшін желілік қоғамдастықтарда оқыту; оқушыларды АКТ-ға үндеу арқылы «мәдениет» және «мәдениетаралық коммуникация» ұғымдарының әмбебап мағыналарын нақтылау үшін пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру; қажетті ақпаратпен өнімді алмасу және АКТ көмегімен мінез-құлық реакцияларын реттеу үшін білім беру процесіне қатысушылар арасындағы субъектілік қатынастарды ұйымдастыру. Ол белгілі бір формалар мен әдістерді қолдану арқылы да қамтамасыз етіледі. Эксперименттік оқу процесінің репродуктивті, өнімді және шығармашылық кезеңдерінде белгілі бір нысандарды, әдістерді қолдану кезінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негізделген моделі және дәлелденген педагогикалық шарттар оқушылардың жеке тұлғаны қалыптастырудың максималды деңгейіне жетуіне оң әсер етті. Аталған құзыреттілік зерттелетін критерийлердің статистикалық маңызды көрсеткіштерімен дәлелденеді.

Оқушылардың мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда олардың сөздік қорындағы, біліміндегі, жас ерекшелігіндегі, кәсіби құзыреттілігіндегі және т.б. айырмашылық кәсіби тілдесімде бөгет болуы мүмкін екенін ескеруіміз керек, себебі білім, құзырет тағы басқа қосымша көрсеткіштер қатысушылардың кәсіби деңгейін көрсетеді. Оқушы өзі қарым-қатынасқа түсушілердің ролін, статусын білуі, соған орай өзінің сөзін үйлестіре білу, тілдесімнің мәдениетаралық ерекшелігін ескере отырып, қажетті тілдік құралдарды пайдалана білу қажет. Күні бүгінгі қоғам өмірінде көрініс тауып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістер еліміздің білім беру жүйесіне зор ықпалын тигізіп отыр. Мемлекетіміздің халықаралық байланыстары одан сайын беки түсіп, дамудың барлық саласында өзге елдермен қарым-қатынас орнатуға тура келіп отыр. Осындай дипломатиялық қатынастарды нығайту үшін, жандандыра түсу үшін шетел тілін жете меңгерудің сыртында оның елдік, дүниетанымдық феномені туралы іргелі түсінік қалыптасқан болуы керек. Әртүрлі ұлт өкілдерінің тепе-тең және біріге отырып жасаған интеграциялық процестері өзара мәдени байланыстың орнауына септігін тигізеді. Осы күндері «мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігі» деген ұғым коммуникативтік құзыреттілік деген ұғымды бірте-бірте ығыстыра бастады. Себебі шетел тілін оқыту мазмұнында

мәдениетаралық компонент жетекші орынға көтеріліп, ал өзара қатысымдық құзыреттілік пән мазмұнына қойылатын талаптардың бірі болып отыр. Дегенмен, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың, дамытудың өзіндік алғышарттары бар:

а) жат мәдениетті түсіну, оған құрметпен қарай отырып, өз мәдениетін саналы түрде меңгеру;

ә) өзге мәдениет өкілдерінің вербалды және бейвербалды әрекеттерін жете түсіну, яғни рецептивтік іскерліктен хабардар болу;

б) білім алушыларға оқу материалын аутентті етіп ұсыну [5, 71 б.].

Яғни бұл жердегі жетекші идея – оқу-танымдық үрдіс ұйымдастырылған ортада сөз мәдениеті қалыптасқан, мәдениетаралық құзыреттілігі бәсекеге қабілетті, кәсіби біліктілігі жоғары маман даярлау болып табылады.

Қорытындылай келе, мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі өзге мәдениет өкілдерімен шынайы қарым-қатынас орнату мақсатында өзге мәдениет ерекшеліктерін және өз мәдениетімізді құрметтей отыра тілдік терең түсіністік негізінде өзара ақпарат беру, ақпарат қабылдау. Сонымен қатар өзара түсіністік қабілетін қалыптастыра отырып, оны мақсатқа бағытталған түрде қолдана отыра, нәтижелі өзара қарым-қатынас орната алу қабілеті болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Мұсырманова О. Жастар руханияты, құндылықтары және тәрбиесі // 2000. – 270 б.

2 Тоғыз А.Я. Білім берудегі инновация. – Челябинск, 1995. – 120 б.

3 Дворникова Т.М. Межкультурная компетенция // Межкультурная коммуникация и профессионально ориентированное обучение иностранным языкам: Материалы I Международной научной конференции посвященной 86-летию образования Белорусского государственного университета. – Минск, 2007. – 117 с.

4 Қунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теория. – Алматы, 2005. – 172 с.

5 Вторушина Ю.Л. Формирование межкультурной компетенции в контексте профессиональной подготовки будущих учителей иностранного языка (на материале преподавания английского языка с использованием народного фольклора): дисс.... канд. пед. наук. – М., 2007. – 187 с.

ГРНТИ 16.01.45

РОЛЬ АРГУМЕНТАТИВНОГО ДИСКУРСА В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

М.Б. Керемкулова

Ст.преп., Казахстанско-Российский медицинский университет, г.Алматы

В данной статье рассматривается роль и значение использования аргументативного дискурса в процессе обучения иностранному языку исходя из экономической направленности. Также показаны способы его использования в учебном процессе.

Ключевые слова: образование, обучение иностранному языку, методика, аргументативный дискурс, лингвистика.

В современных исследованиях проблемы эффективности обучения вызывают интерес вопросы развития у обучаемых способности к аргументации – умения грамотно с точки зрения лингвистики и логики сформулировать и обосновать свои мысли, доказать их истинность. При этом, как известно, недостаточное владение языком затрудняет фиксацию и приведение в соответствие «мысли, ищущей своего выражения» порождает неясность и неточность формулировки высказываемых суждений (тезисов), что, в свою очередь, влечет за собой невозможность их логического обоснования. Таким образом, в аргументативный дискурс следует учитывать как логический, так и лингвистический аспект данной проблемы, что обеспечивает реализацию авторской целеустановки (убедить адресата в истинности и обоснованности выдвигаемых им суждений) [1, с. 132].

С середины 90-х годов XX века, когда идея риторизации начинает распространяться на все сферы человеческих отношений, аргументация провозглашается одним из главных компонентов отечественного гуманитарного образования, а обучению аргументативным умениям отводится роль важного компонента в структурной модели коммуникативной компетенции [2, с. 204].

В отличие от традиционного взгляда на классификацию упражнений, образующих систему, который состоит в том, что от языковых упражнений предполагается переход к условно-коммуникативным и лишь затем к коммуникативным, мы полагаем, что, независимо от конечной цели обучения, на его начальном этапе (как в нашем случае) очень важно дать обучаемому возможность ощутить изучаемый язык именно как средство устного обмена

мыслями, как инструмент коммуникации. Следовательно, в иерархии упражнений в любой системе приоритетная роль должна принадлежать речевым (коммуникативным) упражнениям. Языковые упражнения могут быть лишь составной частью различных типов коммуникативных, там, где необходимо вспомнить и повторить языковые формы. Так, например, при появлении ошибки в форме неправильного глагола, преподаватель может нацелить обучаемых на воспроизведение форм ряда неправильных глаголов. В данном исследовании мы не останавливаемся на проблемах объяснения грамматического материала на основе языковых правил, но полагаем что, при необходимости, объяснение должно быть прежде всего доступным по форме и оно не предваряет языковой опыт, а опирается на его наличие [3, с. 86].

Как показывает практика обучения иноязычному общению, одним из наиболее эффективных способов, позволяющих обеспечить устойчивое формирование указанных компетенций, является обучение аргументативному дискурсу, в ходе которого у обучающихся формируются навыки логичного, последовательного изложения (что связано с формированием навыков логического мышления), адекватного выбора аргументов для защиты своей точки зрения, грамотного структурирования текста, а также навыки зрелого чтения, для которого характерно овладение разноуровневой информацией, представленной в тексте, ее переработка, хранение и дальнейшее использование [4, с. 95-103]. Таким образом, обучение аргументации способствует преодолению фрагментарности восприятия, клиповости мышления и неспособности адекватно участвовать в коммуникативном процессе. Лежащие в основе аргументативного дискурса базовые формы дискурсивного мышления – индукция и дедукция, посредством которых осуществляется продуктивная интеллектуальная деятельность человека, – создают предпосылки развития навыка логичного последовательного изложения, умения выделять в дискурсе частное и общее, а также устанавливать логические связи между структурно-композиционными элементами дискурса.

Обучение аргументации как одному из средств познания, направленного на поиск, постижение и распространение истины [5, с. 83], отвечает условиям лично-ориентированной парадигмы лингводидактики, предполагающим передачу не только научного знания в соответствии с потребностями обучающегося, но и метазнания, подразумевающего обучение методам и приемам познания.

Обучение аргументативному дискурсу предполагает использование заданий репродуктивного характера, систематическое выполнение которых способствует формированию у студентов умения самостоятельного порождения аргументативного дискурса в любой коммуникативно значимой ситуации. В качестве заданий такого рода можно предложить следующие:

– дать краткое описание дискурсивной ситуации, в которой предполагается выступить с аргументированным высказыванием;

- охарактеризовать аудиторию, к которой говорящий будет апеллировать;
- определить цель своего аргументативного высказывания;
- сформулировать тезис;
- провести отбор аргументов;
- обозначить дискурсивные маркеры, которые послужат средством обеспечения связности и логичности аргументации говорящего;
- сформулировать заключение [6, с. 31-32].

В целом, алгоритм работы по обучению письменной аргументации совпадает с основными этапами обучения устному аргументативному дискурсу. Вместе с тем, в ходе обучения письменной аргументации требуется специальная отработка дискурсивных маркеров, стилистических приемов, структурно-композиционных особенностей, характерных для письменной речи.

Аргументативный дискурс в теории аргументации разработан довольно хорошо, однако его место и функциональные особенности в рамках ситуации учебного взаимодействия не выявлены и четко не сформулированы. Разработка теоретических аспектов коммуникативной модели английского аргументативного учебного дискурса как единицы профессионального общения, ориентированного на функционально-содержательную сторону обучения языку, имеет самое непосредственное отношение к общим проблемам функционирования языка в различных ситуациях вообще, и к такому разделу лингвистики, как описание языка в учебных целях, в частности.

Литература

- 1 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Ленинград, 1974. – 228 с.
- 2 Махновская Н.И. Система обучения аргументативным умениям в курсе риторики в вузе и школе. – Москва, 2004. – 633 с.
- 3 Жителева Е.А. Аргументативный дискурс в учебной ситуации(на материале английского языка). дисс.... канд. фил.наук. – Тверь, 2004. – 175 с.
- 4 Куликова О.В. Принципы построения аргументативного дискурса (методологический аспект) // Лингводидактические аспекты обучения профессиональному общению. – М.: «Рема», 2006. – 128 с.
- 5 Алексеев А.П. Аргументация. Познание. Общение. – М.: Изд-во МГУ, 1991. – 150 с.
- 6 Куликова О.В. Обучение аргументативному дискурсу в контексте современных парадигм лингводидактики // Интернет-журнал «Мир науки», 2018, №6.

ҒТАМР 16.21.49

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

К. Абаева

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Г.Е. Дюсембина

Ғылыми жетекші, PhD-доктор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Ақпараттық ғасырда білім беру саласындағы мультимедиялық ресурстар мен инновациялық жұмыстарды меңгермеген мұғалім жалпы білікті педагог болып қалыптаса алмайды. Цифрлық технологиялар дамыған сайын оларды білім беру саласында тиімді қолдана білу қабілеті мен дағдысы, пәнаралық байланысты сақтау мен академиялық білімді практикалық тұрғыда меңгерту де қатар дамуы тиіс. Мақалада мультимедиялық құралдар мен олардың маңызы талданады. Плаформаларды сабақ процесіне кіріктірудің бірнеше үлгісі фразеологизмдерді меңгерту тақырыбы арқылы көрініс табады.

Түйін сөздер: мультимедиялық құралдар, фразеологизм, инновация, компьютерлік қосымшалар.

Өткен ғасырдың соңғы декадасында басталған ғылыми-техникалық революцияның нәтижесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жеке сала ретінде орнығып, бүгінде адам өмірінің барлық қызмет саласына тиімді кіріктірілді. Әсіресе, білім беру кеңістігіндегі инновациялық идеялар мен бірегей шешімдер оқытуды жаңа деңгейге көтеріп, мектеп қабырғасындағы дәстүрлі сабақ оқыту үдерісі моделінің жаңаруына себеп болды. Дүниежүзіндегі қарқынды интеграция мен мультимедия ортаның кеңеюі отандық білім беру жүйесінің оқыту стандарттарын күшейтті, себебі ендігі басты мақсат – сапалы әрі заманауи білім берумен қатар ұлттық құндылықтарға баулу, ұлттық бірегейлік негізінде бәсекеге қабілетті, икемді дағдылары (soft skills) мен функционалдық сауаттылығы жоғары деңгейдегі жаһан азаматын тәрбиелеп шығару.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде қарқынды жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік реформалар да сапалы білім – тұтас елдің зияткерлік капиталын қалыптастырушы негізгі стратегиялық ресурс екеніне дәлел.

Шыны керек, әлі күнге дейін қоғамда «инновация, мультимедиа» сөздерін естіген мұғалімдер мен болашақ педагогтер екіге бөлінеді. Бірінші тобы

жаңашылды жақтаса, екінші тобы модернизацияға үреймен, қорқынышпен қарайды. Бірі жаңа технологияларды сабақты қызықты өткізуге көмектесетін құрал ретінде көрсе, басқалары дәстүрлі сабақ құрылымын бұзатын, оқушылардың концентрациясын кетіретін артық элемент ретінде көреді.

Технологияларды оқыту процесіне кіріктіру – заман талабы, білім алушылардың қызығушылығымен үндесетін әрі олардың сабаққа деген көзқарасын жақсартатын тиімді оқыту әрекеті. Замануи оқытуды компьютер-планшеттерсіз, ғаламтор мен мультимедиалық қосымшаларсыз елестету мүмкін емес. Бұл жайлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Bilim jáne Gylym!» республикалық конференциясында 7 түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу қажеттілігіне тоқталып, ерекше атап өтті [1]. Жеті ілімнің ішіне ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу құзыреттілігі де кіреді. Білім беруді жаңарту білім алушыны теориялық білімді жаттап қана қоймай, практикада қолдану дағдыларын, жоғарыда атап өткендей, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды көздейді. Бұл ұлы мақсат «Қазақ тілі» сабағында оқушылардың бойында ана тілі арқылы ұлттық болмыс негізінде өмір бойы оқу-іздену, өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту, сыни ойлау мен поликоммуникативті кәсіби құзіретін қалыптастыру арқылы көрініс табуда.


Сәтті қолданған тіркестер мен ой-тұжырымдарының ұжымдық интеллектінің күші нәтижесінде сақталып қалуының мысалы – фразеологизмдер. Ана тілін терең түсініп, тіл арқылы халқының мәдениеті мен ұлтының тарихына көз жүгіртуге мүмкіндік беріп, академиялық білім мен қатар коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, шешен сөйлеуге, анализ бен интерпретацияға баулитын тіл білімінің қызықты саласы да – фразеология. Жаңартылған білім мазмұнында тұрақты тіркестер жеке грамматикалық тақырып ретінде қарастырылмайды. Дегенмен кез келген шығарманың үзіндісінде болсын, әдеби немесе публицистикалық мақалада да, күнделікті ауызекі сөйлеуде де кездеседі, сондықтан тұрақты тіркестерді меңгерту оқушының таным көкжиегін кеңейтіп, білімнің практикада қолданыс табуының жарқын үлгісін көрсетеді.

«Тұрақты тіркестер» тақырыбы көпжақты болғандықтан, әртүрлі форматтағы мультимедиа элементтері мен ресурстарды, инструменттерді оқыту процесіне кіріктіруге болады. Оларды қолдану білім беру сапасын арттырып, адамның айналасындағы әлеуметтік өзгерістерге, жаңашылдықтарға айтарлықтай сәтті бейімделуіне мүмкіндік береді. Оқытуда компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін тиімді қолдану оқушылардың өзіне және біліміне қатысты танымдық қызметін, шығармашылық талабы мен мотивациясын, белсенді бағыттарын ынталандыруға көмектеседі.

Мәселен, оқулықтағы ереженің берілуін де компьютерлік қосымшалар арқылы қызықты форматта ұсынуға болады. Көз жеткізу үшін төмендегі үлгілерге назар аударайық.



Сурет 1. Ережелердің оқулықта берілу үлгісі.




Сурет 2. Ойын бөлмесінің QR-коды және видео-синхронды оқыту үлгісі.

Joyteka – «Learnis» атымен Ресей аумағында танымал болған онлайн-квест платформасы. Компания жуырда ребрендинг жасап, атауын ауыстырып қана қоймай, мультимедиялық сервистің құрамындағы интерактивті тапсырмаларға арналған шаблондарды жаңартып, толықтырды. Жоғарыда көрсетілгендей, бейнебаянды қарап, бірден бекіту сұрақтарына жауап беруге болады. Бұл платформа арнайы тіркелуді қажет етпейді, сондықтан сабақ уақытын үнемдейді, қолжетімді. Оқытуға арналған бір онлайн-кеңістіктің өзінде тапсырмаларды 5 түрлі форматта дайындау мүмкіндігі бар.


Олар:

1. Тематикалық безендірілуімен ерекшеленетін «Квест»:



Квест – ағылшын тілінен аударғанда «іздеу, табу» деген мағынаны білдіреді. Геймификацияның бұл әдісі арқылы оқушыны сыни әрі креативті ойлауға, шығармашылық қабілеттерін шыңдап, тақырыпты ойын арқылы меңгеруге, тапсырмалардың шешімін оңай және жылдам табуға, топта жұмыс жасауға, өзіндік пікір қалыптастыруға үйренеді.

2. «Jeopardy» атымен танылған интеллектуалды викторина.



Шаблонды қолдану арқылы мұғалімдер әр ұяшықты жеке жасау жұмысынан арылады, себебі дайын дизайнға тек сұрақтар мен тапсырмаларды орналастыру қажет. Мәселен, фразеологизмдерді оқыту барысында да тұрақты тіркестерді деңгей бойынша орналастыруға болады.

Берілген тұрақты тіркестердің синонимдік қатарын (күтпеген жерден-аяқ астынан, су жүрек – қоян жүрек, аузына құм құйылды-жұмған аузын ашпады және т.б.), антонимдік (қолы тар-қолы ашық, көк жалқау – қолынан мөрі тамған, қара ниетті – көңілі түзу және т.б.) жұптарын табу, бейнелермен сәйкестендіру және т.б. түрлі тапсырмаларды беруге болады [2].

Бұл платформаның тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге, талдау жұмыстарын жүргізе білуге үйренеді. Біздің мамандығымыз креативтілік пен жаңашылдықты, үздіксіз оқуды қажет етеді, сондықтан фразеологизмдер сынды лингвомәдени бірлік ретінде қаратырылатын тақырыптарды меңгертуде мультимедиялық ресурстарды тиімді интеграциялау маңызды. Сонда оқушы қазақ тілі сабағында еркін әрі критикалық-креативті-проблемалық тұрғыда ойлануға, пікірін түрлі форма мен форматта интерпретациялауға және қоржынындағы білім өзін-өзі дамыту барысында сабақтастыра қолдануға қол жеткізеді. Цифрлық технологияларды оқыту барысында қолдану – бұл тек өзіне және өзінің іс-әрекетіне баға беру ғана емес, өзінің әлсіз жақтары мен потенциалын, мүмкіндіктерін аша білу үшін қажет.

Онлайн платформа мен сервистің типі	Дидактикалық мүмкіндіктері
Инструменталдық (тест, сауалнама т.б. үлгілері)	Қателіктерді талдау мен автоматтандырылған тексеру; Болашақта білім беру процесін жақсарту үшін диагностика жасалатын рефлексивті сауалнамалар жасау.
Мультимедиялық-генеративті (тапсырма үлгілері)	Лезде кері байланыс беру; Мультимедиялық форматта рефлексивті әрекетті жүзеге асыру (аудио, видео).
Коммуникативтік	Синхронды және асинхронды режимде кері байланыс беру; Оқушылардың өзара пікір алмасуы.

Сурет 3. Онлайн мультимедиялық сервистердің дидактикалық мүмкіндіктері [3].

Қорыта айтқанда, қазақ тілін оқытуда оқушылардың пәнге деген қызығушылықты арттырып, білім беру сапасын жаңа дәрежеге көтеру пайдалы әрі тиімді цифрлы ресурстарды қолдану қажет. Педагогтің бойынан жаңашыл технологиялар мен методиканы меңгеру және рефлексиялық қызмет пен әрекеттерді білім берудегі трендтермен ұштастыра білу көрініс тапса, қазақ тілін үйтеру нәтижелі болары анық [4].

Ақпараттық ғасырда білім беру саласындағы мультимедиялық ресурстар мен инновациялық жұмыстарды меңгермеген мұғалім жалпы білікті педагог болып қалыптаса алмайды. Цифрлық технологиялар дамыған сайын оқу техникасы да бірге нығаюы қажет. Америкалық дипломат әрі ғалым Бенджамин Франклин атап өткендей: «Білімге салынған инвестицияға ғана толығымен сенуге болады, себебі пайдалы білім мен біліктілік ең үлкен кіріс әкеледі, сәйкесінше, қайтарымы, оған төлененетін дивидент те мол болмақ» [5]. Оқушының ақпаратты қабылдап, түсіну және рефлексия жасап, қорыту дағдысы жақсы дамыған кезде, мұғалімнің сабақ өту тактикасы да тиімді әрі нәтижелі болады. Фразеологизмдер арқылы сөздік қоры мен тіл байлығын арттырып, фразеологизмдерді түрді мәдени контексті мен күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады. Бұл педагогиканың дидактикалық принциптеріне негізделі отырып, педагог пен білім алушы арасындағы ынтымақтастықты арттырып, фразеологизмдер негізінде рухани құндылықтарды сіңіртуге септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қ.К. Тоқаев Мемлекет басшысының «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. URL: https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-bilim-jne-lym-atty-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrysynda-soilegen-sozi.

2 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2010. – 252 б.

3 Князева Г.В. Применение мультимедийных технологий в образовательных учреждениях. – Научная работа по специальности «Науки об образовании». – 28 с.

4 Бөрібекова Ф.Б., Жанатбеков Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014. – 181 б.

5 European Union – European Structural and Investment Funds Operational Programme II – Cohesion Policy 2014-2020 «Investing in human capital to create more opportunities and promote the well-being of society». URL: <https://education.gov.mt/en/education/myScholarship/Documents/Endeavour/Write%20Ups/2nd%20call/504%20Neil%20Farrugia%20Article.pdf>.

ҒТАМР 13.91

ЫРЫМДАР МЕН ТЫЙЫМДАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

А.А. Нургазиева

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Бұл мақалада ғасырлар қойнауынан адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан қазақтың таптырмас қазынасы, мол рухани байлығы, жас ұрпаққа беретін үлкен тәрбиелік мәні зор ырым-тыйымдар қарастырылады. Батыс мәдениетіне еліктеген қазіргі жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру ырым-тыйыммен байланыстыра қарастырылады. Сонымен қатар ата-аналардың балаға үлгі болу қажеттілігі мектеп тәрбиесімен ұштастыра байланыстырылады. Бала тәрбиесі бір сәт босаңсуды, бейқамдықты көтермейтін тіршілік-тынысымыздың аса өзекті тетігі болғандықтан оны зерттеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің басты міндетіміз деп түсіндіріледі.

Түйін сөздер: салт-дәстүр, ырым-тыйымдар, ұлттық тәрбие, ұрпақ, қоғам, батыс мәдениеті, бала тәрбиесі, мектеп.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз. Ал ойлы-пайымды, білімді, мәдениетті, іскер, еңбекшіл азамат тәрбиелеуді адамзаттың ақыл-ойы мен мәдениетінің дамуындағы бағалы байлықтың бәрін игере отырып және оны бүгінгі ұрпақтың санасына ұстаздық шеберлікпен біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор.

Өзге халықтар сияқты, қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан бергі жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік секілді ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіріп келеді. Адамның жарық дүние есігін ашқан күнінен бастап, есейіп, қартайып, о дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқалармен қарым-қатынасы атаулының барлығы – салт-

дәстүрлерден өзекті орын алып, адамның дүниетанымын қалыптастыратын тәрбие мектебі.

Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнерінің тегін тектеу, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау өскелең өмір талабы болып отыр. Қазақ халқының қаһарман, батыр ұлы Бауыржан Момышұлы былай дейді:

«Қай ұлттың болмасын ана тілі, ата дәстүрі, салт-санасы – сол халықтың өзіндік қадір-қасиетін, жан-дүниесін, тұрмыс-тіршілігін көрсететін төл белгілері. Олар – бүкіл бір халықтың өмір жолында ғасырлар бойы мысқалдап жинаған рухани қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған ардақ мұрасы. Онсыз қара шаңырағы бар іргелі ел болып, бүтін ұлт болып қалу мүмкін емес. Ана тілі, ата дәстүр өзінен өзі жалғаспайды немесе біреу сырттан келіп сен үшін көсегенді көгертіп сақтап та бермейді. Халықтың өз бет-бейнесінен айырылуы не сақтап қалуы – әрбір ұрпақ өкілінің өзінен кейінгі ізбасарларына бабалар аманатын қай сапада жеткізуіне байланысты [1, 3 б.]»

Қазіргі таңда өз елінде жүріп ана тілін білмейтін, тілі шұбарланған, салт-дәстүрді ұстанбайтын, шыққан тегін білмейтін, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдірмейтін, өз ұлтын менсінбейтін, өзге ұлттың тіліне, мәдениетіне еліктеп, ұлдарымыз шаш өсіріп, қыздарымыз кіндіктерін ашып, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ажырата алмай адасып жүрген қазақ жастарының көбейгенін өзекті мәселе ретінде қарастыруымыз қажеттілік танытады. Осы орайда Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың: «Адамға алдымен білім бермес бұрын, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы, ол түптің түбінде оны апатқа алып келеді» деген даналық сөзі еріксіз ойға оралады. Бүгінгі бала ертеңгі ел тұтқасын ұстайтын азамат деп есептеген дана халқымыз бала тәрбиесіне аса қатты мән берген. Олай болса әр адам ұлттық тәрбиеге басымдық бере отырып, өз ұрпағының бойында еліне, жеріне, ұлтына деген сүйіспеншілікті оятудан жалықпауымыз керек.

Өмірден көргені мен түйгені көп дана халқымыз ұрпақ жалғастығына, ұл-қыздарының аман-сау болып өсуіне айрықша назар аударған. Атамыз қазақтың «баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма қадалсын» деуі де, біздің осы пікірімізді айқындай түседі. Егер зерделеп қарасақ, бала, яғни ұрпақ тәрбиесінде қазақы ырым-тыйымдардың маңызы ерекше. Әдетте ата-бабаларымыз өмірдің өзінен алынған ырым-тыйымдар арқылы бала-шағасын кездейсоқ қауіп-қатерден, айтпай келетін алуан түрлі бәле-жаладан қорғап отырған. Этнограф Досымбек Қатран: – Ырым-тыйым көп жағдайда адамның наным-сеніміне тығыз байланысты. Ырым дегеннің өзі қандай бір жағдайға байланысты әлдебір әрекеттерді атқармауға тыйым салады. Ырым-тыйым халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін шатастырмау үшін де қалыптасқан. Оның үстіне ақ пен қара, күн мен түн, жақсылық пен жамандық секілді дуалистік түсініктердің қолданыстағы мәні мен маңызын, парқын ажырату үшін, бұған қоса, осындай жағдайаттарды ырымдауға, олардың қайсыбіреулеріне тыйым салу мақсатында ырым-тыйым пайда болған. Ал

тыйымның өзі ырымдауға байланысты болады. Мәселен, шай немесе сусын құйғанда, үлкендер «қолдың сыртына қарай құйма» деп жатады. Ал мұның мәнісі халқымызда мәйітті арулаған (жуындырған) кезде суды қолдың сыртына қарай құяды. Демек сусынды ешқашан қолдың сыртына қарай құюға болмайды. Сондай-ақ «ауылға қарай атпен шаппа немесе жүгірме» дейді. Мұның өзі қазақтың салтында үйге қарай шауып келетін жағдай бар екендігін білдіріп тұр. Анығын айтсам, қазақтың салтында суыт хабар айтуға келген адам ғана ауылға шауып келеді. Сонымен қатар «есікті керме» деген тыйым бар. Мұның мәнісі, бұрындары жаманат хабар алып келген адам ғана есікті керіп тұрып, хабарды жеткізетін болған. Тағы бір ерекшелік, мұндай хабар әкелген адам үйге кірмей, тізе бүкпей кетеді. Түйіндеп айтсақ, ата-бабаларымыз қалыпты жағдай мен қалыптан тыс жағдайдың ара жігін ажырату үшін ырым-тыйымдарды пайдаланған. Демек, ырым-тыйым күнделікті тұрмыста орын алып келген алуан түрлі жайттардың негізінде қолдану үрдісіне енген. Бұған қоса, ырым-тыйым адамның қауіпсіздігін сақтау мақсатында да қолданылғанын айтуға болады. Қалай десек те, қазақтың ырым-тыйымдарының астарында үлкен тәрбиелік мән бар. Жасыратын түгі жоқ, менің өзім де ретіне қарай қайсыбір ырым-тыйымдарды ұстанамын. Өйткені ырым-тыйым жақсылыққа бейімдеп, жамандықтан сақтандырып отырады. Міне бұл – ырым-тыйымның басты қағидасы [2].

Халқымыз «тыйым көрмеген баладан тексіз адам шығады», «тектеу көрмегеннен кісілік сұрама» деп ұрпағын ұнамсыз мінез-құлықтан, ерсі іс-әрекеттен шектеп, жақсылыққа баулып, игілікке икемдеп, тыйым-тектеу тәрбие үлгісін қалыптастырған екен. Баланы жастайынан тектеп, тыйып өсіру дегеніміз – оның бойына әдептілік әліппесін сіңіру деген сөз. Адамның кемелді адам болып жетілуінің алтын арқауы да, халық педагогикасының қайнар бастауы да – әдептілік. Ұл-қызына көрсетер инабатты үлгісі жоқ, әдеп-ізеті жоқ халық болмайды [1, 184 б.].

Ырым мен тыйым сөздер бір-бірімен сабақтас, өзектес болады. Халық ұғымындағы ырым ұрпаққа өнегесі, шапағаты тиетін, ізгі қасиеттер жұғысты болса екен деп қолданылатын ғұрыптың түрі. Ол негізінде жақсы ниет пен көңілге медеу, тілекке сүйеніш табу үшін қолданылады. Киелі, қасиетті ерекше бір рухтан сол арқылы медет тілейді. Ал кей әрекеттерден жамандық шақырады деп ырымдап, тыйым салады. Осы жерден біз осы екі ұғымның өзара байланысты қанаттас жүретінін аңғарамыз. Осы айтқанымыз сенімді болуы үшін мына мысалдарға назар аударсақ: бүйірінді таянба, үйге, ауылға қарай жүгірме, таңдайынды қақпа, тізеңді құшақтама. Осы сөздер жамандық шақырады деп ырымдап, тыйым салған. Ал дүбірлі ас пен тойдан сарқыт алу, үйге оң аяқпен кіру, отқа май құю үстіндегі жақсы тілек болашақтан күтер үкілі үмітпен ұштасып, сәттілік пен береке, ізгілік ұрпағыма болса екен деген қалау аңғарылады.

Ырымдарға қарағанда тыйым сөздердің айтылу мәнінде, қолданылу бағытында айырма бар. Ырымдар көңілге медеу, тілекке сүйеніш табу үшін қолданылғандықтан, ауқымда, кең ұғымда айтылып, үміт түрінде көрінсе,

тыйымдарда ой қысқа қайырылып, нақты талап, бұйрықты мәнде жеткізіледі. Мысалы, күлді баспа, ақты төкпе, көкті жұлма, ұяны бұзба. Бұл сөздер жоғарыда айтқан ойымыздың толық дәлелі болады. Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылғандықтан, ойы айқын, жас ерекшелігіне сай түсінікті, нақты тұжырымдарды білдіреді. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырады. Есі жаңа кірген кезден басталып ержеткенге дейін құлағында жүріп, жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейрімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қатқылдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол. Қысқа да нұсқа, айтылу екпіні де ерекше тіркестер шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойынұсындырғандай. Өйткені ойлы, мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл. Бұл талдап, талқылауды қажет етпейтін, сөзсіз орындалуға тиісті өмірлік міндеттей мәнді тұжырымдар. Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған. Атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таюмен тең саналған. Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген. Сондықтан әр жаста ата салтынан аспай, айтқаны қалтқысыз орындалған. Міне, қазақы тәрбиенің құдыретті ерекшелігі осы жерден көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата-ана болмас еді.

Біздіңше, адам қоғамының барлық түрінде де тыйым сөздер қажет. Тіршілік болған соң күнгейі мен көлеңкесінсіз болмайды. Сол кереғарлықты реттеп отыру үшін нанымдық, сенімдік, моральдық-этикалық, құқықтық нормалар сияқты тыйым сөздер де әлеуметтік ортаны реттеп отырады. Қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Тыйым сөздердің мағынасына үңілсек, тәрбиенің әр саласын аңғаруға болады. Оларды шартты түрде былай бөлуге болады: біріншіден, адамның түрлі қарым-қатынасына байланысты пайда болған; екіншіден, табиғаттағы тылсым күштердің киесі ұру, аруақтың қаһарынан, пәле-жаладан қорғануға арналған. Біздің бұлай бөлуіміз қолданылу үстіндегі мазмұнын жіктеуден туған. Адамдардың өзара қарым-қатынасына байланысты туған тыйым сөздерде үлкен-кішінің арасындағы, әке мен балаға қатысты, ағайын арасындағы, адамның жеке басына байланысты тыйым сөздердің үлгілері бар. Олар: нанды баспау, дастарханды аттамау, табалдырықты баспау, үлкенге дауыс көтермеу, ата-ананың назасына қалмау, ағайынға пышақ, қайрақ, балта, ит сыйламау, некелілердің төсегіне отырмау, тәнін ашып жүрмеу, кіндігін көрсетпеу, айға, молаға қарап дәрет сындырмау, жағынды, бүйірінді таянбау, т.б. тәрбиелік ұғымдар қамтылған. Мысалы: адамға қарап күлме, біреуді алдама, кісі ақысын жеме, үлкеннің бетінен алма, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирен, кемтарға күлме, ұрлық қылма, зорлық жасама, арыңды сатпа, аманатқа қиянат жасама, әйелге күш көрсетпе, мақтанба, тәкаппар болма, өтірікке куәлік жасама, жалқау болма.

Әдептілік – адамдармен қарым-қатынаста көрінетін сыпайыгершілік, ізеттілік таныту арқылы өз ортасында сүйкімді, жұғымды көрсететін ерекше қасиет. Ол адамгершілікпен, имандылықпен қанаттас жүретін ұғым. Біздің мұны ерекше бөліп көрсетуіміз бүгінгі қоғам үшін орны ман маңызы ерекше болғандығынан. Мұндай сөздерге: үлкеннің алдын кесіп өтпе, үлкенге әрқашан орын бер, үлкеннен бұрын сөйлеме, үлкеннен бұрын тамаққа қол созба, топта, даурығып сөйлеме, адамды қорлама, орынсыз күлме, қолыңды білеп сөйлеме, кісінің көзінше қасынба, мұрныңды шұқыма, кісінің үстінен аттама, тосып сөйле, кісіге қарап түкірме, т.б. жатады.

Тазалық тәрбиесінде жас ұрпақтың дені таза, тәні сау болып өсуі үшін жеке бас тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздердің орны ерекше. Олар: аяғыңды жоғары көтерме, сыпырғышпен ұрма, шалбарыңды жастанба, дәрет суын аяқ асты төкпе, сыпырындыны, күлді шашпа, құдыққа түкірме, саусағыңды сорма, қолға жұққан суды сілікпе, тамақтың үстінен аттама, итке ожаумен ас құйма, шелектегі суға аузыңда батырма және т.б. [3].

Адамның туғаннан бастап бар өмірі халқымыздың ғасырлар бойына қалыптасқан салт-дәстүрлерімен тығыз байланысты. Толып жатқан ырым-жосындардың атқарылуы адам дүниеге шыр етіп келген күннен-ақ перзент тойы – шілдеханадан басталады. Бұдан кейін аластаған бесікке баланы бөлеп, ат қою тойы басталады. Ал баланың туғанына қырық күн толысымен оны қырқынан шығарып ырымын жасайды. Бесікті, босағаны немесе үйді отпен аластау – халықтың ертеден келе жатқан ырымдарының бірі. Баланы бесікке саларда бесікті отпен қару, жас отауды аластау жын-шайтан иектемесін, пәле-жаладан сақтасын деген ізгі ниеттен туған [4, 5]. Бос бесікті тербетуге болмайды, себебі жаман ырым саналады. Үйге келген адам бос бесікті тербету арқылы өзінің ұрпақсыз екенін білдірген. Ұрпақ жалғастыратын қасиетті бұйым ретінде бесікті сатпайды және кез келген адамға беруге, аяқ астына тастауға болмайды. Бұдан басқа тісі шықты деген қуануы, тұсау кесу, ашамайға мінгізіп атқа отырғызу секілді көп кәде, жол-жоралғылар да бар.

Расында, бала өмірге келеді, ержетеді, ұрпақ жалғастырады, елге қорған болады. Осы жолда ол бірнеше өмір сатысынан өтеді. Балаларға арналған ырым-тыйымдарға назар аударсақ: егер баланың желкесі терең шұқыр болса – қырсық болады. Сәби шалқасынан жатып ұйықтаса – елге белгілі азамат болып өседі. Аяқ-қолын еркін созып ұйықтаса – батыр, кеменгер болады. Бүк түсіп жатса – уайымшыл, жігерсіз болады. Етпетінен жатып ұйықтаса – ойшыл болады. Жас балаға бұғана ұстатпайды, онда бойы өспей қалады деп ырымдайды. Батырдың, ақынның, шебердің, палуанның сарқытын жегізсе немесе олар сәбидің аузына түкірсе, олардың жақсы қасиеті мен өнері балаға қонады деген де ырым бар. Беделді тұлғалардың жақсы қасиеттері жас балаға жұғысты болсын деген ырыммен жас баланың аузына түкіртеді. Оның негізгі мәні – жасы үлкен, ел сыйлаған, атағы шыққан, елге танымал тұлғалардың жақсылығы жұқсын, сол адамға ұқсап беделді, танымал болсын дегені. Баланың тісі түскенде оны кесек ет, май немесе бауырсаққа қосып, тісі иттің тісіндей өткір, мықты болсын деп итке асатады. Сонымен бірге көктей болып өссін деп

түскен тісті жеміс ағашының түбіне көмеді, таудай болсын деп тауға қарата лақтырады. Егер бір үйде қыз туыла берсе, келесі баланы ұл болсын деп ырымдап, оған ұлдың атын қояды. Балаға бас ұстатпайды, егер бас ұстаса әкесі өмірден өтеді деп тыйым салған. Нанның қиқымын жесе – бай болады дейді. Қыз баланың басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі. Сонымен қатар қыздарға кәрі жілік ұстатпайды, ұстаса күйеуге шықпай, оң жақта отырып қалады дейді. Жас балаға бұғана ұстатпайды, бойы өспей қалады деп жорыған.

Өмірде, тұрмыста, салтта жасалатын ырымдар саны көп және оны қолайлы сәтінде халық ұмытпай қолданған, әлі де қолданып келеді. Жалпы айтқанда ырым – халықтың сенімі мен ақ ниетінен, шын көңілінен туған ұлттық ерекшеліктің бір саласы. Ол халықтың мінезі мен әдет-ғұрпымен біте қайнаған. Сөйте тұра кейде халқымыз «Қазақ ырым етеді, ырымы қырын кетеді» деп те айтып жібереді. Бұл сөз – ырымның бәрі бірдей орындала бермейтінін ескерткені деп түсіну керек [5, 140 б.].

Соңғы кездері батыстан енген «гендер пати», «хэллоуин» және «цветная вечеринка» ұйымдастыру сәнге айналды. Торттың үстіне шырақ жағып, оны үрлеп өшіру де бар. Тәрбие беретін үлкендеріміздің өздері жастармен жарысып, әлеуметтік желілерге мерекелеген сәттерін салу арқылы жастардың санасына батыстық мәдениетті сіңіріп жатыр. Әжелеріміз алаулаған от түгілі жанып бітпеген шоктың өзін су құйып немесе басқалай өшіруге тыйым салған, жаман ырымға балап өз отын өзі өшірмеген. Бұл ырымның түп мағынасына үңілсек, халқымыз өзінің шырағын әдейілеп өшірмеген, «шырақтың өшкені, бақыттың бастан көшкені» яғни, «отбасының іргетасы бұзылып, ошағы жағылмай қалады» – деп түсінген. Сол сияқты батыстық кештерді «Құрсақ шашу», «бастаңғы» сияқты салтымызға сай ұйымдастыруды көнерген салт деп ұғынғандарға соңғы кездері оқырманға ой салар деген үмітпен еліне, ұлтына жаны ашыған аға буындарымыз әлеуметтік парақшаларында жазып, көпшілік талқысына да салуда. Бұл туралы қоғамдық пікір де әрқилы. Соған қарап, қазақ қоғамына жат дәстүрлер көзге үйреншікті, құлаққа сіңісті болып бара жатқанын аңғарамыз. Ұрпағымыздың бойына сырттан кірген жат нәрсені қабылдапайтын «қазақылықты» аға буын қалыптастырмаса, өскелең ұрпақ қайдан білсін.

Сонымен қатар көптеген тыйым сөздің әуелбастағы мағынасы көмескіленіп, «неге» десе, тек «жаман болады» деп шолақ жауап қататын нұсқасы қолданылады. Сондықтан қазіргі жастар қазақы тыйымның түпкі мағынасын түсінбеген соң оны орындамайды, ескіліктің сарқыншағы, бос наным ретінде қарайды. «Балаңа көңілің толмаса, кемшілікті өз басыңнан іздей бер» демекші, әр ата-ана өзін тәрбиелеу арқылы балаға үлгі көрсетуден жалықпау керек. Мүмкін сонда жастарымыз өзге елдің қаңсығын таңсық көрмес пе еді. Бала тәрбиесінде бір ғана отбасының алатын орны ерекше деп ой түюге болмайды. Баланың тұлға болып қалыптасуына ата-ана өз ұясында, сынып жетекшілері мен ұстаздар мектеп қабырғасында бірлесе тәрбие жұмыстарын жүргізгенде ғана саналы ұрпақ өрбіте аламыз. Келесі кезекте өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші рөл атқаратын мектеп

болғандықтан, әр сыныпта ұйымдастырылатын тәрбие сағаттарында оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай салт-дәстүрмен қатар ырым-тыйымдарды мағынасын түсіндіре отырып саналарына сіңіру және оқу, тәрбие жұмыстарын көбейтіп, ұлттық ұлағаттылыққа баулып отыруымыз қажет. Себебі, бала тәрбиесі – қазіргі заманда ең басты мәселе. Мектеп қабырғасында сапалы білім мен жүйелі тәрбие алған саналы жас ұрпақ еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы екенін ұмытпағанымыз жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ахметова З. Күретамыр. – Алматы, 2019. – 208 б.
- 2 <https://sputnik.kz/20181218/qazaq-ugym-tyiym-8527658.html>.
- 3 <https://stud.kz/referat/show/27225>.
- 4 Жүнісов А. Пәниден бақиға дейін. Әдет-ғұрып әліппесі. – Алматы: «Жазушы», 2001.
- 5 Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы: «Санат», 1998. – 256 б.

ҒТАМР 17.09.91

XXI ҒАСЫР ЖАС АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҒАШЫЛДЫҚ

Ж.М. Боранбаева

Магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.

А.А. Акбулатов

PhD-доктор, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.

Мақалада тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ поэзиясының дамуы, жас ақындардың тақырыптық, көркемдік тұрғыдан ізденісі сөз болады. Жас ақындардың поэзиясындағы махаббат лирикасының жырлануы талданады. Жас ақындардың махаббат туралы көзқарастары, дәстүр мен жаңашылдық мәселесі қарастырылады. Махаббат лирикасындағы дәстүрлі ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар сараланады.

Түйін сөздер: жас ақындар, махаббат лирикасы, ұлттық құндылықтар, жалпыадамзаттық құндылықтар, постмодернистік тенденция, көркемдік әдіс, тәсілдер, қазіргі қазақ поэзиясы.

XXI ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ халқы біршама жаңалықтарды бастан өткерді. Өтпелі кезеңдегі түрлі құбылыстар, құндылықтарды бағалау бағытындағы өзгерістер, ауыспалы қоғамдық жүйеге тән болып келетін кемшіліктер ақын-жазушыларды толғантпай қоймағаны анық. Аумалы-төкпелі кезеңнің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік жағдайдың төмендігі ел болашағы, ұлттық мүдде, азаматтық парыз деген келелі ұғымдар турасында ойлануға, мұндай ауқымды мәселелердің өркендей түсуіне өз үлестерін қосуға мүмкіндік туғызбады. Әлеуметтік жағдайдың келеңсіздігі, қиындығы әсерінен адамзат баласының ішкі әлемі, оның жан дүниесіндегі арпалыстар, сыртқы бет-бейнесі мен іс-әрекеттері, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына дейін белгілі бір дәрежеде өзгерістерге, құбылуларға ұшырап отырды. Мұның бәрі де оның дүниетанымына әсер етіп, адамның жан әлемін алдыңғы орында суреттейтін, ішкі дүниесіндегі сан түрлі құбылыстарды көркемдей, әсерлі түрде жеткізетін сөз өнерінде орын алып келеді.

Қазақ әдебиетінің қазіргі кезеңі түрлі әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді, мәдени-рухани құндылықтарды, өмір, болмыс, тағдыр жайында, адамның қоршаған ортаға, табиғатқа, қоғамдық өмірге көзқарастары жайлы жазылған көптеген табыстарға жетіп келеді [1, 10 б.].

Сондай-ақ қазіргі қазақ лирикасында постмодернистік тенденция белен алғанын байқаймыз. Бұл тенденцияда өмірлік игіліктермен, салт-дәстүрге үрке қарап барлығын терістеуге ұмтылады. Уақыт пен заманға сай құндылықтар туралы тұжырымдар да күйрейді.

Постмодернизм үрдісіндегі қазіргі қазақ поэзиясында айналасына көңілі толмау сарыны бәрінен басым. Лирикалық кейіпкерлер тартысты ғұмыр кешеді. Әлемдегі техногенді заман өзгерістеріне жылы ұшырай алмайды. Байырғы ұлттық құндылықтардың жойылып бара жатуына наразылық күшті. Тәркі дүние соққыларына төтеп беру қиын. Олар жалғанның опасыздығынан түңіледі де, белгісіз бағдарда, уақыт пен кеңістікті сезінбейтіндей жағдайда шарасыздық мұнарына сіңіп кетуге бет алады. Бұл ахуалдың шынайылығын толығымен теріске шығару жасандылыққа, әсіресе саясатшылдыққа апарар еді [2, 70 б.].

Осы тұрғыдан келсек, әдебиеттің мәңгілік тақырыптарымен қоса, адамзат баласына ортақ жалпыадамзаттық құндылықтар да қоғамдық формациялармен бірге ауысып, құндылық туралы түрлі көзқарастар да пайда болуы заңдылық. Жиырма бірінші ғасындағы махаббат тақырыбы да өзектілігін жойған жоймағаны анық. Ендеше, жас ақындар осы мәселені қалай жырлап келеді?

Әдебиеттегі мәңгілік тақырыптардың бірі – махаббат лирикасы. Адамзат тарихындағы махаббат лирикасын жырламаған ақын жоқ шығар. Жастық лирикасынан бастап, философиялық дүниетаным құндылықтары қалыптасқан аға буын өкілдеріне дейін махаббат лирикасын үздіксіз жырлайды. Себебі, махаббат адамзат баласына ғана тән, әлемнің тылсым жұмбақ күйі, адамның ішкі рухани күші.

«Жаралыс басы – қозғалыс, Қозғауға керек қолғабыс, Жан де мейлің бір Мән де, Сол қуатпен бол таныс, Әлемді сол мән жаратқан» [3, 155 б.], – дейтін Шәкәрімнің сөзіне сүйенсек, махаббат та адамзат баласының өмірден іздеген мәні мен мазмұны десек болады. Махаббат – жаратылыстың ұлы құдіретті күшіне ие, қуат көзі, өмірдің өзегі, субстанция. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі махаббат лирикасына тоқталсақ, сан түрлі ізденістер мен көркемдік негіздерді көреміз. Сондықтан әдебиет те өзінің даму тарихында дәстүр мен жаңашылдық негізінде дамып жетіліп отырады.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік өрнегі қалыптасқан ақын Бауыржан Халиолла өлеңдерінде қазақ поэзиясындағы мәңгілік тақырып махаббат лирикасының суреттері де ерекше. Балалық дәурендегі алғашқы сезім ғашықтықтан бастап, студенттік жылдардағы махаббат азаптары, жалпы сұлулыққа деген іңкәрліктің суретті сөздері ақын поэзиясында ерекше орын тепкен. Оның махаббат лирикасы бағытында жазған «Балалық шақтан бір көрініс», «Шығарып салу шырғалаңы», «Еске түссе ертегі», «Ұқсастық», «Түсімде жүресің», «Жүрек хаты», «Дауасыз дерт», «Масаң махаббат», «Кім кінәлі», «Айтылмайтын ертегі» т.б. өлеңдерінің дені Алматыдағы студенттік шағында туғаны анық. Ақынның махаббат лирикасында тосын құбылыстар, дәстүрлі махаббат ұғымына пародиялық үлгіде келетін тұжырымдар жоқ емес. Мысалы, «Балалық шақтан бір көрініс» өлеңінде ақынның бүгінгі шақтан өткен шаққа оралып, алғашқы пәк махаббат сезімдерін еске алып, өткен

күндердің тәтті елесін сағынышпен ойына алады, қимастық, аппақ арлы ғаламды, махаббатты осы күнгі бар қызығына жетпейтін асылы ретінде бағалайды.

*Ей, қалқа, заты бөлек зарлы жырым,
Менімен аттас енді жалғыз ұлың.
Сол бала махаббаттың пәкітігіне,
Жетпейді осы күнгі бар қызығым [2, 75 б.].*

Бұл күнде бәрі өткеннің еншісінде қалған, тәтті естелік, тәтті мұң, бірақ дөңгеленген дүние, «Баясыз бұл жалғанның бар – шыны елес» деп ақынның өзі айтқандай, фәни жалғанға бәріміз де мойынсұнамыз. Тек сарғайған сағыныш қана қалады.

Бауыржан ақынның махаббат туралы лирикасында бірінғай пәк сезіммен қоса, махаббаттың құндылық ретінде бүгінгі қоғамда құнын жоюы да терең сөз болады. Ақындық парасаты бүгінгі шынайы өмірдің ақиқаттарына да үңіліп, жаңа ғасырдағы жалған махаббаттың жетегіндегі жалқы тағдырмен заманаға да үн қатады. Махаббат лирикасымен қоса, жастардың әлеуметтік тұрмыстық жағдаяттары да өлеңде әдемі тігісі жатқызыла суреттеледі. Лирикалық қаһарманның сөзі бүгінгі қоғамның әу-жайынан біршама сырды ұқтырса керек. Бұл жайлар «Айтылмаған ертегі» өлеңінде ерекше көрініс тапқан.

Жалпы, ақын өлеңдерінде қызық, сайран-сауық, қызылды-жасылды әлемді қыздар қауымына теңеу, сондай-ақ өмірдегі кейбір құбылыстарды сылқым мен сайқалдыққа теңеуге арналған «*Ажал деген қыз сынды, мезгілсіз кеп құшатын*», «*Бір гүлдің сабағына татымайтын, Қыздарға ғашық боппын кеуде керген*», «*Маңымда Бекторылар қаптап жүрсе, Қараймын құбылаға қай бетіммен*», «*Құшамын өліп, құныға, Сайқал қыз жеріп, сүйместей*», «*Ғұмыр бойына іздеген, Сайтан қызбенен сүйістім*» деген суретті сөздерінде негативтік бояу қалың көрініс табады.

Сондай-ақ, постмодернистік тенденцияның элементтері интертекстуалдық (дәйектемелер мен ишаралар, өзге образдарды меншіктеп пайдалану «*Маңымда Бекторылар қаптап жүрсе, Қараймын құбылаға қай бетіммен*»; «*Қодар-қыстан көріп болды-ау қорлықты*») арқылы жеткізу де жиі байқалады. Мысалы,

*О, Сұлулық, сан жүректі жаралап,
Қыз біткенді көрсеткенмен даралап,
Бер жағыңды бояғанмен қаншама,
Сенен кейде қылтияды қара дақ.*

Өлеңді тұтас оқығанда идеяның, белгілі бір мақсаттың, ақын көңіл-күйінің түйіндерін ажыратамыз. Ақын махаббаттың ұлы сезім екенін мойындайды, бірақ заманға сай құбылған ұғымның құндылық мәніне ерекше мән береді. Махаббаттың арзандығы, сезімнің жалғандығы, әрісі, дос көңілдің жоғалуын Құдайға арызғып жеткізеді [4, 431-438 б.].

Мақаламызға арқау болған мәңгілік тақырып – махаббат тақырыбын қазіргі жас ақындар әркім түрліше жырлайды. Қазіргі жастардың махаббат тақырыбына баруы да заңды құбылыс. Әдебиеттанушы Н.Құдайбергенов қазіргі жастардың аяқ алысы мен олардың жастық шақтағы негізгі тақырыптарына талдай келіп былай дейді: «Жас талаптардың өлең әлімінің табалдырығын көбіне осы бағыттағы шығарма жазумен аттап, кейіннен ақындық жолдың бұралаң-белдеріне түсіп кететіні кездейсоқтық емес. Жүрек түпкіріндегі сезім сиқырын, лирикалық шеберлікпен жеткізу, замана алға шығарған ұғымдар арқылы ғашықтық өлшемінің тым биік екенін білдіру, ұтымды тіркес, ойнақы диалогтар арқылы махаббаттың нәзік иірімдерін таныту – қазіргі жас ақындар шығармашылығына тән ізденістер. Ақын Гүлсара Шалқар өзінің «Өтініш» атты өлеңінде махаббатты жырлаудың өзінше бір бөлектеу формасын таба білген. Жалған да жауыр күйдім-сүйдім жоқ. Көп нәрсенің шешімі мағынасына-астарында жасырулы жатыр. Сонысымен құнды, сонысымен қымбат. Жүрекке жол тартып, бір деммен оқылады екен. Ақын қыздың формалық ізденістерге батыл бара білуі қуантты» [5, 123 б.]. Ғалым «Дала дарыны» жобасымен шыққан жас ақындардың өзіндік ізденістеріне тоқталады. Олардың ішінде Жақсыбек Кемалдың «Ғашықтық өлшемі», Индира Керееваның «Қалааралық қоңырауы», Талғат Мықидың, Алтыншапақ Қуантайдың, Сәруар Қасымның, т.б. бірнеше ақынның көркемдігі жоғары өлеңдеріне тоқталып, махаббат лирикасына, жалпыадамзаттық құндылық атаулының қастерленуі мен жаңа ғасыр жастары арасындағы шығармашылық иелерінің мұң, торығу, жалғыздыққа көп мұйын бұруын ерекше байқалатын қалып ретінде атап өтеді.

Қазіргі қазақ поэзиясында махаббат лирикасын жырлауда сезім жырларын жеткізуде әйел қауымының жөні де, жырлауы да ерек болатыны сөзсіз. Нәзік жандылар поэзиядағы мөлдір сезімді жеке ішкі көңіл күймен, эмоциялы бояумен ұқтырады. Мысалы, Алтыншапақ Хаутай «Элигия» өлеңінде мұң, сағыныш, жалғыздық, бүгінгі қоғамдағы қазақ қыздарының әлі де болса, ұят, қыз сезімі деген дүниелердің тереңін ұқтырады.

*Жалғанның қанша жүзі өзгерді?
Жақсыға іңкәр ісіме.
Тайғанап талай үмітім өлді
Тайыздау достың түсінде.*

*Күңіренеді көңілде бір күй
Кеудені кернеп күрең жыр.
Мен аңсап күткен шаттықтар ылғи
Өзге жанарда түнеп жүр.*

*Болмасын білем қаяусыз көңіл
Мұңдар да, мүмкін, кие ме ең?
Бояуы бұлдыр баянсыз өмір
Сонда да сені сүйем мен... [6, 15 б.] – деп жырлайды.*

Өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан ақынның бұл жыр шумақтарында мұнмен серік, уайыммен жолдас болса да, бәрі-бір өмірге деген құштарлық, махаббат сезімдері өшпеген. «*Өзге жанарда түнеп жүр*» деген жолдар көп нәрсені аңғартса керек. Ақынның сезімінде құлай сүйіп, өліп-өшкен, бақытты шақтардан гөрі, шынайы өмірдің суреттері көрінеді. Бұндай жырларды тек махаббат лирикасы деп түсінсек қателесеміз, себебі ақындардың жүрегінде барша әлемге деген сағыныш, іңкәр жүрек соғып тұрады. Бұл лирикалық өлеңдерде жеке субстанция ғана емес, ғаламдық күштің құдіреті, өмір мен өлеңнің егіз ұғым екенін ақын үнемі аңғартып отырады. Себебі, ақын:

*Қыңырлықтың қыртысын ие білген,
Киелі жыр – қасиет, киелім ең.
Өзегімді ораған өрт-жалынға,
Өлең жырды өмірдей сүйемін мен [6, 5 б.], – дейді.*

Қорытындылай келсек, жаңа ғасырдағы жас ақындардың шығармашылығындағы махаббат туралы жырлар дәстүрді сақтай отырып, формалық тұрғыдан жаңашылыққа ұмтылу үрдісі байқалады. Жас ақындар шығармашылығында ғасырмен келген кейбір әлемдік құбылыстардың ықпалы да байқалмай қалмайды. Жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтар шеңберіндегі «махаббат» лирикасын жырлауда жастардың ашық тақырып үрдісі байқалады. Жастар поэзиясында мұңға берілу, торығу, жалғыздықпен дос болу, махаббаттың азабы мен машахаты, сондай-ақ өлеңмен сырласу, өлеңді жалғыз серігіне балау сынды дәстүр жалғастығы да анық. Адамнан, қоғамнан таппаған жылу мен ой тыныштығы өлеңін жанына серік еткен жас ақындардың шығармашылығында өмірге деген құштарлық сезім де ерекше көрініс тауып отырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ибрагимова Ұ.Б. Қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшеліктері (2000-2008 жылдар аралығы). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 132 б.
- 2 ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011 жж). Ұжымдық монография. – Алматы, 2011. – 638 б.
- 3 Шаңбай Т. Ұғым мәдениеті (Шәкәрім шығармашылығы аясында). – Алматы: Раритет, 2009. – 352 б.
- 4 Мүтиев З.Ж. Акбулатов А.А. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақынжазушыларының шығармашылық мұрасы. ХХ-ХХІ ғасырдың басы): 3-кітап. Монография. – Орал: «Шұғыла Принт», 2020. – 440 б.
- 5 Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар. – Алматы: «Evo Press», 2014. – 708 б.
- 6 Хаутай Алтыншапақ. Қаламымнан сағынышым сырғанап..: Өлеңдер. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 160 б.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ҒТАМР 19.45.11

ФЕМИНИЗМ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚ МЕДИА КЕҢІСТІГІНЕ ДЕГЕН ЫҚПАЛЫ: ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ БАҚ-ТА ТАРАЛУЫ

А.Қ. Дінсіләмова

Магистрант, С. Демирел атындағы университет, Қаскелең қ.

Бүгінгі күні патриархалдық қоғамда гендерлік теңсіздік өзекті мәселеге айналғаны бәрімізге мәлім. Феминизм, гендерлік және құқық теңдігі жайлы көптеген сайттар, БАҚ, радио және қоғамдық бірлестіктер айтып жатады. Бұл еңбекте гендерлік мәселе жайында аналитикалық тұрғыда түрлі зерттеулер жүргізіліп, феминизм сөзінің маңыздылығы және өзектілігімен қоса қалыптасу тарихы жайында түсіндіріледі. Гендер ұғымын әйелдер теңдігін қорғауының немесе олардың құқықтарын пайдалануға тырысудың әдісі ретінде түсіну мүмкін емес. Гендер – бұл тек әйелді ғана емес, ер адамның да құқықтарын қорғайтын, сонымен қатар кемсітушілік жағдайында оның мүдделерін қорғайтын әлеуметтік процесс. Адамдардың биологиялық, әлеуметтік, саяси және психологиялық аспектілерінің теңдігі бар екендігін, шын мәнінде ерлер мен әйелдер абсолютті эквивалент емес екендігін ескере отырып, қоғамдағы жыныстар арасындағы қарым қатынастың әлеуметтік әсерін анықтау екендігі сипатталады. Бұл жұмысты оқу арқылы «гендерлік теңдік неге маңызы?», «гендерлік стереотиптер қоғамға қалай ықпал етеді?», «феминизмнің патриархалды қоғамдағы орны қандай?» деген сұрақтарға жауап таба аласыздар.

Түйін сөздер: гендерлік теңсіздік, феминизм, әлеуметтік процесс, қазақ медиа кеңістігі.

Феминизм (лат. femina, «әйел») – қоғамдық-саяси қозғалыс, оның мақсаты әйелдерге қатысты азаматтық құқықтардың толық болуын қамтамасыз ету. Бұл әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою және олардың құқықтарын еркектермен теңестіру мақсатындағы қозғалыс XVIII ғасырда пайда болып, сонау 1960 жылдары қоғамда қолдауға ие болды әрі сол жылдардың аяғынан бастап белсенді бола бастады (Рогожник & Васильков, 2020).

Батыс қоғамы ғасырлар бойы патриархал стереотиптер мен дәстүрлерді алға қоя отырып өмір сүрген. Бұндай қоғамда толыққанды адам түсінігі ер адаммен анықталады және тек осы жыныстың иегері азат, белсенді және т.б

түрлі қасиеттерге ие саналады деген тұжырым бар. Ал әйел адамы болса – ер адамға қарағанда атқаратын қызметіне қарай құндылығы әлде-қайда төмен, жәй ғана репродуктивті мүше ретінде кейінгі ұрпақты тәрбиелеп, тамақ әзірлеумен айналысуы тиіс. Әйел адамның жаратылысы о бастан ақ ақаулы, тәуелді, әлсіз сонымен қатар өмірге келу және өмір сүру мақсаты тек ер адамға пайдалы болу қызметіне ғана ие тіршілік иесі ретінде саналды. Әйел заты осындай зәру және тәуелді бейне ретінде батыс діни менталитетінде қалыптасқан болатын. Сонымен қатар әйелдің ойлау қабілетін қолдануға да шектеу қойылған (Полутова, 2013). Ұзақ уақыт бойы ер адамдардың құзыреті әлемде, әсіресе, Еуропаның патриархал қоғамында әлеуметтік, экономикалық, саяси аяларында доминантты сипат алды. Яғни, христиан дінінің идияларын ұстанушылардың басымдылығы гендерлік қатынастарды да реттеді. Әйелдердің айналысатын істері, қоғамдағы құндылығы ер адамдарға қарағанда бір саты төмен болғандықтан, мәдениетке, экономикаға және саясатқа қосатын үлесі де едәуір төмен саналған, немесе бұл мәселелеге тиісті әйел дауысына мүлдем мән берілмеген. Әйелдің қоғамда түрлі салаларда тұлға болып қалыптасуына, жоғарыда айтылып кеткен факторлар кедергі болған. Дамуға бөгет болған факторлардың бірі патриархалдық дифференциация, яғни әйел мен еркектің физикалық, психологиялық мүмкіндіктеріне қарай бөлу. Әйел бейнесі патриархалды қоғамда әлсіз тұлға ретінде қалыптасқан (Полутова, 2013).

Кесте 1. Патриархалды дифференциацияның анықтамасының мысалы:

Ер адамға тән қасиеттер	Әйел адамға тән қасиеттер
Күшті, спортқа бейімделген	Әлсіз, спортқа бейімделмеген
Бет-әлпеті жайлы уаымдамайды	Бет-әлпеті жайлы уайымдайды, қартаюдан қорқады.
Отбасының материалдық тұрғыда жағдайын жасауға бейімделген	Отбасының моральді тұрғыда қамын ойлайды
Эмоционалды емес	Эмоционалды, нәзік
Логикалық тұрғыда ойлау қабілетіне ие	Логикалық ойлау қасиеті жоқ
Билікке ұмтылғыш	Билікті қаламайды
Тәуелсіз	Тәуелді, қорғансыз
Белсенді	Пассив
Табысқа қол жеткізуге ұмтылғыш	Ұяң

XX ғасырдың басына бұл тұжырымды көптеген әйелдер қолдаған болатын. Әйелдер физикалық, психологиялық, эмоционалды және кәсіби тұрғыда машықтана бастаған кезде, әсіресе Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, нәзік жандылардың ер адамдармен тең қызмет атақара алу қабілеті бар екендігі белгілі болды. Осы кезден бері әйелдер өздерінің құқықтары жайлы батыл айта бастады.

Пайда болған келіспеушіліктерге байланысты патриархат пен әйелдерге деген дискриминацияға қарсы нәзік жандылар тарапынан наразылықтар туа бастады. 90-жылдары әйелдердің тарихи мәселесі қайта қаралды, өйткені екі жыныстың өмір сүру салты теңдікті қажет етті. Гендер мәселесін зерттеу тарихи кезеңдердегі әртүрлі механизмдерді жаңғырту процессі арқылы ғана жүзеге асырылады. Сол уақыттағы әйелдердің құқықтары үшін күрестері бүгінгі күнгі гендерлік аспектерін анықтайды (Полутова, 2013). Феминизмнің пайда болуына байланысты көптеген көзқарастар бар, бірақ көп таралған көзқарастардың бірі бұл түсініктің теориялық концепциясы «Қайта өрлеу» ғасырларынан бастау алған деп саналады. Яғни, адам өмірі, оның маңыздылығы және адамзат құқық негіздерінің заңдастырылуы жүзеге асқан уақыттан бері әйелдің жеке тұлға ретінде құқықтары қарастырыла бастады (Полутова, 2013). Гендерлік пен әйелдер құқығы жайлы алғаш еңбектердің авторлары – Изотта Ногаролла, Лаура Черета атты итальян әйелдері саналады (Genadevna, 2020). Одан кейінгілері «Әйелдер қаласы» атты кітаптің авторы Франция тумасы Кристина Пизанская (1364-1430). Кітаптың мазмұны салихалы әйелдер үшін қолайлы және қауіпсіз утопиялық қала, ерлер және қоғам тарапынан қысым және езгі көрген әйелдер үшін таптырмас баспана жайлы.

Ерте феминистік қозғалыстарға XVII ғ. ағылшын памфлетист әйелдердің шығармашылығын жатқызуға болады. Афра Бенн (1640-1689), Мэри Эстел (1666-1731) алғаш әйелер қауымының құқығын қорғаушылары болып табылады. Олар әйел адамының ер адамы ие құқықтарға лайық екенін білдіретін тезисті алға тартты. Әйелдердің қоғамдағы орны – езілген, құқықтарынан айырылған, тәуелді болуының жалғыз себебі – ер адамның әсері екендігі идеясы XVIII-XIX ғ.ғ. кең тарала бастады (Полутова, 2013). Әйел құқығының идеясын қалыптасырып әлеуметке таратуға ат салысқан ер адамдардың аттары тарихта қалып, ерекше орынға ие болды. Олардың қатарында француз жазушысы Пулен де ля Бара бар. Автор еңбегінде: «Әйел адамының құқықтық хәлінің нашар болу себебі, ер адамның алдында бой ию себебінен» деген (Богданова, 2015). Сонымен қатар әйелдің табиғаты ерлердің табиғатынан мәртебесі төмен деген теорияны жоққа шығарып, жоғарыда айтылған гипотезаны аргумент ретінде қолданып түрлі дискус орнатқан. Пулен сияқты бірқатар еуропалық еркек феминистердің аттары Ш. Фурье, А.С. Адамс, М. Кондорсе, Д. Дидро, Дж.С. Милль, С. де Бовуар.

Ғылыми деректерге сүйенсек феминизмнің «екінші толқыны» 60-шы жылдары басталған. Алғашында феминисттер «құқық теңдігін», яғни әйелдер ерлермен теңдей дәрежеде құқықтарға ие болуын талап етті. Бұл талаптар орындалып заң жүзінде іске асқан уақытта әйел теңдігінің күресі жалғасып, жаңа бейнеге ие болды. «Екінші толқынның» ерекшелігі әйелдердің физикалық және эмоционалды жаратыласының ерекшеліктеріне сүйене отыра «әділетті теңдік» орнату жайлы реформа жүргізуді талап етті. Яғни ерекшелік аспектілеріне тоқталатын болсақ: жүктілік кезеңінде жұмыстан босатылу және бала көтеруден кейінгі алатын жәрдемақыны талап ету.

Феминизм ұғымының қазақ медиа кеңістігіне деген ықпалы: БАҚ-та таралуы және пропандасы. Алғаш отандық БАҚ әйел тақырыбын бірнеше онжылдық бұрын «постсоветтік» форматта жариялай бастады. Бұл тақырыпты егжей-тегжейлі зерттей бастаған неше түрлі журналисттер пайда бола бастады, олардың қатарында ер адамдар да бар. Әйел тақырыбын түрлі публицистикалық жанрларда қарастырып, осы жұмыстар арқасында лексиконымызға: саяси түзету; виктимизация; сексизм; гендер; ерлер шовинизмі; тұрмыстық зорлық сияқта тағыда басқа жаңа терминдер енгізілді (Зауэр, 2017).

Еліміздің заң шығарушы органдары жезөкшелікті заңдастыру, адам саудасын қылмыстық жолмен сату, репродуктивті құқықтар сияқты тақырыптарға арнайы сессиялар ұйымдастыра бастады. 90-шы жылдары әйел тақырыбы қарқынды зерттеліп нарыққа ену процессінде отандық бұқаралық ақпарат құралдары мен сары баспасөздерде ашық қолданысқа енгізілді. Осы сәттен бастап бұл тақырып бұқаранның ойын профессионалды тұрғыда қалыптастыратын журналистердің сана сезімдерінің қаншалықты өзгерткенін байқауға болады. Феминисттік идея әйелдер арасында да қолдау тапты.

Батыс мемлекеттері табиғи түрде гендер тақырыбын көтеріп, ғасырлар бойы зерттеп, тарихында қамтыған болса, біздің мәдениетке бұл мәселе батыстық дереккөздерден келіп, сарапшылармен байланыс кезінде алған идея ретінде тек жасанды түрде еніп, қалыптаса бастады. Еліміз үшін әлеуметтік процесстерінің динамикасы мен жалпы жағдайын бақылау үшін шет елдегі концепциялар мен әдістерді қолдана отырып өзгертулер енгізу үрдісі жандана бастады. Әлеуметтік қатынастардың тарихи және әлеуметтік ерекшеліктерінен басқа, Қазақстанда әйел мәселесін шешудің өзіндік дәстүрі мен тарихына ие, сонымен қатар еркектік пен әйелдік тақырыбы мәдени және әдеби тұрғыда әрдайым өзіне тән өзекті орын алды (Ведмецкая, 2008).

Кейін заманауи гендрлік мәселенің өзектілігімен танысып бастаған сәтте, қоғам жасырын қауіп сезінгендей, «қорғаныс» реакциясын білдіріп төмендегі мысалдардағыдай қарсылық білдірді:

- Батыс қоғамы әйелдердің құғын бізден үйренсін;
- Қазақ әйелдері онсыз да жеткілікті құқықтарға ие, сол себепті бұндай шараларға уақытты жұмсап керегі жоқ;
- Қоғамда әйелдер тендігін орнату тәжірибесі сәтсіз аяқталды, сонымен қатар феминисттік идеяларға деген әжептеуір қарсылықтарға ие;
- Феминизм қазақ мәдениетіне жат түсінік, себебі феминизмсіз-ақ о бастан қазақ мәдениетінде әйелдерге деген көзқарас ерекше.
- Саясат пен әлеуметтік орта әйел адамын еш уақытта ер адамға тең ретінде қабылдамайтыны анық, себебі оның ойлау қабілеті мен психологиялық тұрғысы тіпті жарамсыз келеді (МС, 2018).

Бүгінгі күні қоғамда заманауи әйелдің әлеуметтік-психологиялық сұлбасы мынандай қасиеттерге ие болуы тиіс: ақылды, өзін-өзі басқаратын, тәуелсіз, мақсатқа жетуге қабілетті және өмірлік қиыншылықтарға төзімді.

Осыған байланысты Manshuk.com ақпараттық порталы әйелдер «табысты болудың мағынасы не» әлеуметтік сауалнама нәтижесіне сүйнетін болсақ:

Сенімді достардың болуы	70.5
Қоғамның сенімін ақтау	57.0
Адал өмір сүру	48.4
Жеке пәтерге ие болу	42.2
Бақытты отбасын құру	40.0
Жақсы білім алу	31.8
Сүйікті істермен айналысу	30.3
Балаларды тәрбиелеу, өсіру	28.9
Басқалардан кем болмау	26.2
Қоғамның белгілі бір шеңберіне кіру	18.1
Беделді жұмыс орнына ие болу	11.5
Мансап жасау (кәсіби, саяси, әлеуметтік)	5.5
Кәсіптің иесі	4.6
Әлемді шаралау	4.3

Алғаш әйел тақырыбына жазуды бастаған отандық баспасөздер қоғамдағы әйелдің негізгі проблемаларына терең үңілместен тек жалпы тақырыптарды ғана қозғай отыра жазған: бизнес, сұлулық, мода, бет күтімі және тағыды басқа. Себебі баспасөздер реклама және коммерциялық бағытта тапсырыс берушінің коммерциялық көзқарасын ұстанған. Әйелдер жайлы жазатын баспасөздер әйелдер проблемаларына деген қоғамның қызығушылығының көрінісін ғана қалыптастырып, тек ойын-сауық, көңіл көтеретін тақырыптарда жазатын 3-ші сорт баспасөзі деген баға берілген:

– Әйел баспасы тек коммерция немесе бизнес жайлы, әйел жайлы және оның проблемалары жайлы айтылмайды.

– Газеттер және журналдар сатылатын әйелдерге қатысты дүңгіршектердегі журналдардың мазмұны – жалпылама жеңіл тақырыптар, сұлулық, күтім, парфюм және модамен шектеледі. Әйелдің жанұясы мен бала-шағасынан алаңдап журналдың жеңіл тақырыптармен күнделікті өмірдің шаруаларынан бір мезет болсын арылу әдісі.

– Олар оқырмандардың көңілін тек баспаардың алғашқы беттерімен ғана аулайды, себебі ішінен іліп алар пайдалы тақырып жоқ.

– Бұл журналдармен баспаар тек қаржы үшін керек, бұл жалғыз себеп болып табылады (Зауэр, 2017). Тілшілер әйел тақырыбы комерциялық бағытта тиімді емес және бұндай баспаар өте көп екендігін мәлімдейді, және журналисттік ортада бұл тақырып жайындағы ақпарат жалпылама және өте тұрақсыз. Батыстық баспаар болса әйел тақырыбын кеңіен көтеріп қызықты, терең әрі пайдалы етіп жазуда.

Сонымен қатар батыс қоғамы әйел тақырыбын әр уақытта әлеуметтік жеке қарастырылатын маңызды тақырып деп біледі және бұл тақып төңірегінде көптеген дискустар орнатады. Нәтижесінде батыстық журналисттермен біздің тілшілердің көзқарастарының арасындағы айырмашылықты айдай анық

көреміз. Осыған орай отандық тілшіліеріміз батыстық әйелдермен бізін қоғамдағы әйел арасындағы айырмашылытар мен ұқсастығын зерттей келе бұқараға пайдалы дискурс орнатты. Осы көзқарасты қолданысқа енгізгелі адамдар феминисттік проблемалар мен жалпы түсініктің қаншалықты маңызды болғанын ескерді.

Қоғамға жаңа бағыт-бағдар беріп отырған журналистеріміз осы уақытта идеологиялық жауапкершілікті сезініп, екі жақтың (батыс қоғамы және біздің орта), пайда табу мақсатында тиімді және тиімсіз нюанстарын ескере отыра жаза бастады. Қоғамда орнаған дискурс тілішілерге өзін өзі ақтап шығуға талпыныс ретінде қызмет етеді әрі еркектік пен әйелдіктің әлеуметтік нарықта тенденциясын көрсетеді (Зауэр, 2017).

Постфеминисттік, яғни феминизмнің «үшінші толқыны» әйелдер мен еркектердің физиологиялық және эмоционалды тұрғыдағы ерекшеліктерін жоққа шығармай, бір-бірін толықтыру мүмкіндігінің идеясын алға тартады. Бұл процесс 90-шы жылдары іске қосылып, феминизм қозғалысының ұзақ тарихы қамтитын жетістіктерінің жоғары сатысы болып табылады. Әйелдің толыққанды жұмысқа ие болуы, оның дауыс беру мүмкіншілігіне ие болуы, жоғары оқу орындарында оқи білуі, мамандық таңдай білуі және лауазымды орындарға үміткер болу мүмкіншіліктері пайда болды. Алайда осы пайда болған мүмкіншіліктерден бөлек, әйелдердің әділетті теңдігі аясында әлеуметтік баланстың әрі қарай дамыту мен толықтырулар қажет ететіндігін байқауға болады.

Жалпы әйел идеясының БАҚ-тағы көрінісі алғашында тек үйренген форматта іске асып отырды. Статистикаға сүйенетін болсақ соңғы 5 жылда әйелдер белсенділігі тенденциясы байқалуда. Елімізде әйел бостандығы, құқығы және тәуелсіздігі тақырыбында алғаш пикеттер ұйымдастырылуда. Осылайша отандық БАҚ феминизм ұстанушы қоғам құруға жол тартты.

А.А. Зауэрдың «Популяризация феминизма в российских медиа и политическое движение» еңбегіндегі 2000 жылдары мен бүгінгі күннің ақпараттары арасында айтарлықтар өзгеріс байқалады. Себебі ең баста медиадағы әйел тақырыбына дұрыс көңіл аударылмаған және бұл тақырыпқа тек көңіл көтерумен шектеледі деген баға берілген. Бүгінгі күні қазақстандық БАҚ гендерлікті менгерумен қарқынды айналысуда.

Алайда, еңбек құқығының теңдік мәселесі әліде проблематикалық тақырып ретінде қалды. Әйелдердің еңбегін пайдаланушылық процессі мен оның түрлі салаларда еркін таңдау құқығы әлі де толық қанды емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Genadevna A. L. (2020). Female Education in Renaissance Italy.
- 2 Богданова А.Ю. (2015). Эмансипация женщин как фактор определения гендерных ролей. In Сборники конференций НИЦ Социосфера. – С. 32-34.

3 Ведмецкая Л.В. (2008). Гуманитарное образование и социальный контекст: гендерные проблемы.

4 Зауэр А.А. (2017). Популяризация феминизма в российских медиа и политическое движение: постановка проблемы. Ученые записки Новгородского государственного университета, (1 (9)), 4.

5 Полутова М.А. (2013). Методологические подходы зарубежных ученых к теории феминизма: истоки, этапы развития, основные направления. Вестник Забайкальского государственного университета, (11). – С. 66-79.

6 Рогожник Я.А., Васильков В.С. (2020). Классический и современный феминизм.

ҒТАМР 39.21

АЛМАТЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ: МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҰСЫНЫСТАР

3. Тұрғанжан

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Орталық Азиядағы маңызды қала бола отырып, Алматы соңғы жылдары экономикалық дамуда елеулі прогреске қол жеткізді. Алматының ағымдағы ахуалы мен экономикалық даму тенденцияларын талдай отырып, осы мақалада оның алдында тұрған мүмкіндіктері талданады және Алматының болашақ экономикалық дамуы үшін бағдарды қамтамасыз етуге бағытталған кейбір жүзеге асырылатын ұсыныстар ұсынылады.

Түйін сөздер: Алматы, экономикалық даму, мүмкіндіктер, ұсыныстар.

Алматы облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік бөлігі. Жерінің аумағы 105,3 мың км². Алматы облысының құрамына 9 аудан, 1 қала мен 380 елді мекен қарайды. 2023 жылдың 1 қаңтардың статистикалық мәліметіне сүйенсек, Алматы облысының 1 506 000 тұрғыны бар.

Әкімшілік орталығы – Қонаев қаласы. Алматы облысы батысында Жамбыл, солтүстігінде Балқаш көлі арқылы Қарағанды, солтүстік-шығысында Жетісу облыстарымен, шығысында Қытай Халық Республикасымен, оңтүстігінде Қырғызстан Республикасымен шектеседі.

Мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесі бойынша өкілді органдар: 1 облыстық, 9 аудандық және 1 қалалық мәслихаттар. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару тікелей, жергілікті қауымдастық мүшелерімен, сондай-ақ мәслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқарудың басқа органдары арқылы жүзеге асырылады. Облыс, аудан, қала, ауылдық округ әкімдері мемлекеттік басқару қызметімен қатар, жергілікті өзін-өзі басқару органының функцияларын атқарады [1].

Қонаев (2022 жылғы мамырға дейін – Қапшағай) – Қазақстандағы қала, 2022 жылғы 8 маусымнан бастап Алматы облысының жаңа шекараларындағы әкімшілік орталығы (осы облыстың құрамынан жаңадан құрылған Жетісу облысы бөлінгеннен кейін). Қала елдің оңтүстігінде, Іле өзенінің жағасында орналасқан. Қалада су қоймасының жағасындағы жағажайлар және республикадағы ең үлкен ойын аймағы орналасқан [2].

Алматы облысының қолайлы табиғаттық, климаттық, географиялық орналасуы, құнарлы жер және су ресурстары бар болуы, оның территориясы арқылы көліктік дәліз өтуі және де басқа елдермен шекаралас болғандықтан, экономикалық дамуға едәуір септігін тигізеді.

Алматы облысының экономикалық дамуы, өркендеуі туралы көптеген ғалымдар жазып кеткен болатын. Зерттеушілердің зерттеу екіні мен әдістері әртүрлі болғандықтан, олардың Алматы экономикасы туралы тұжырымдары да әртүрлі болып келеді. Зерттеушілердің негізгі қорытындыларына қысқаша шолу:

Әмір Құлыбаев экономикалық өркендеуге қол жеткізу үшін Қазақстан технология мен инновацияға инвестицияны күшейтуді, индустрияландыруды ынталандыруды және бизнес ортаны жақсартуды қамтитын «жаңғырту стратегиясын» қабылдауы керек деп санайды [3].

Ержан Түйебаев Алматының экономикалық өсу факторларына географиялық орналасуы, табиғи ресурстары, халық саны мен еңбек сапасы жатады деп есептейді. Дегенмен, ол Алматының алдында тұрған міндеттер урбанизация мен экология мәселелерін, сондай-ақ әртараптандырылған индустриялық құрылым мен инновацияның жоқтығын атап өтті [4].

Сергей Денисовтың зерттеулері Алматы қаласы Қазақстанның нарықтық трансформация процесінде, әсіресе қаржы және қызмет көрсету салаларында маңызды рөл атқарғанын көрсетті. Сонымен қатар ол Алматы қаласына жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мен қаладағы көлік кептелісі сияқты мәселелерді шешу керектігін де атап өтті [5].

Татьяна Хорошенинаның зерттеулері Алматының аймақтық экономикалық құрылымы мен даму тенденциясына негізінен мемлекеттік саясат, нарық сұранысы және аймақтық ресурстар әсер ететінін көрсетті. Оның пайымдауынша, Алматының болашақ даму бағыты жоғары технологиялық салаларға негізделген әртараптандырылған экономикалық жүйені құру болуы керек [6].

Эмма Смолотовичаның зерттеулері қала құрылысы мен Алматы қаласының тұрақты дамуына бағытталған. Оның пайымдауынша, Алматы ұзақ мерзімді қала құрылысын жоспарлау, көлік және энергетикалық жүйелерді оңтайландыру және ауаның сапасын жақсарту арқылы қаланың тұрақты дамуына қол жеткізуі керек [7].

Ильханев пен Водскийдің зерттеулерінде негізінен Алматыдағы урбанизация процесі мен қаланың кеңістік құрылымының өзгеруі талқыланады. Олар Алматы қаласы қарқынды урбанизация процесінде қаланың кеңеюі мен жерді пайдаланудың айқын ауысуын бастан кешіргенін атап өтті. Олар бұл мәселемен күресу үшін қала құрылысы, жерге орналастыру және қала саясаты сияқты шараларды қабылдау қажет деп санайды [8].

Акар Аминовтың зерттеулері Алматы қаласындағы инновациялық экожүйеге бағытталған. Ол Алматының инновациялық экожүйесінде үкімет, өнеркәсіп, университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары сияқты көптеген субъектілерді қамтитынын атап өтті. Оның пайымдауынша, әртүрлі субъектілер

арасындағы ынтымақтастықты нығайту, зияткерлік меншікті қорғау және технологиялар трансферті, Алматының инновациялары мен дамуын алға жылжыту керек [9].

Николай Санцтың зерттеулері Алматы қаласының экологиялық және тұрақты даму мәселелеріне бағытталған. Ол Алматының табиғи ресурстарды пайдалану және экономикалық даму үдерісінде қоршаған ортаның ластануы және экологиялық зақымдануы сияқты проблемалармен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті. Ол қоршаған ортаның тұрақты дамуына қол жеткізу үшін ластануды азайту және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру үшін саясат пен техникалық шаралар қабылдауды ұсынды [10].

Қорытындылай келе, зерттеушілердің Алматы экономикасы туралы тұжырымдары көптеген аспектілерді қамтиды, оның ішінде экономикалық даму стратегиясы, өнеркәсіптік құрылым, қала құрылысы, қоршаған ортаны қорғау, инновациялық экожүйе және т.б. Бұл тұжырымдар саясаткерлерге Алматы экономикасының тұрақты дамуына жәрдемдесу үшін тиімдірек экономикалық саясат пен даму стратегияларын қалыптастыруға көмектесетін маңызды анықтамалар береді.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері қолданылып, Алматы облысының 2017-2021 жылдар аралығындағы ЖІӨ коэффициенті бойынша график тұрғызылды. Осы график бойынша ЖІӨ-нің 5 жыл бойында өзгеру тенденциясына анықтадық. Алматы облысы бойынша жазылған мақалаларды талдау арқылы, аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін көптеген мүмкіндіктер қарастырылды. Осы аталған мүмкіндіктер бойынша Алматы облысының әрі қарай экономикалық дамуы үшін ұсыныстар жасалынды.


Нәтижелер мен талдаулар. Енді Алматы облысының жалпы экономикасына көз жүгіртейік. Өндірістік орталық ретінде Алматы облысы төмендегі 1-суреттегідей салаларын ойдағыдай дамыта алады:



Сурет 1. Алматы облысының өндіріс түрлері.
Ескерту: Әдебиет көзінің негізінде жасалынған [3].

Бірнеше жылдың ішінде әлеуметтік – экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінде тұрақты өсуі байқалып отыр. Облыстың жалпы өңірлік өнімінің көлемі 2021 жылы 4 606,8 млрд теңгені құрады және соңғы 5 жылда 1,9 есеге өсті.

2017-2021 жылдары облыстың жалпы аймақтық өнімінің өзгеруі 2-ші суретте көрсетілген.



Сурет 2. Жалпы аймақтық өнім, млрд теңге.
Ескерту: Әдебиет көзінің негізінде жасалынған [4].


Жетісу облысының деректерін ескере отырып, Алматы облысының жалпы деректері пайдаланылды.

Алматы облысында өңдеуші өнеркәсіптің үлесі еліміздегі ең жоғары үлестердің бірі болып табылады және 90 %-ын құрайды. Облыс азық-түлік, сусындар, қағаз өнімдері, пластикалық құбырлар және өндірістік-шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын басқа да тауарлар өндірісінде көш бастап тұр. Мұнда «Фудмастер», «Данон», «Адал», «Райымбек Агро», «Хамле», «Галанс Боттлерз», «Кока Кола», «Кнауф Гипс Қапшағай» сияқты ірі кәсіпорындар орналасқан. Олардың өнімдері танымал және сұранысқа ие қазақстандық брендке айналды. Құрылыс материалдарының 70-тен астам түрін өндіре отырып, аймақ бүкіл ел үшін құрылыс индустриясы өнімдерінің негізгі жеткізушісі бола алады. Бүгінгі таңда облыста екі индустриялық аймақ және тағы екеуі құрылу сатысында жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта әлемде болып жатқан оқиғаларға байланысты Ресейден 50-ден астам халықаралық компания Қазақстанға көшірілді [5].

2022 жылғы 1 қаңтар айындағы мәліметтерге сүйенсек, Алматы облысында 17 981 әрекет етуші заңды тұлға, оның ішінде 17 330 шағын (96,4 %), 529 орта (2,9 %) және 122 ірі кәсіпорын (0,7 %) бар. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жалпы санының 1 186-сы өңдеу өнеркәсібіне (1 113 шағын, 49 орта және 24 ірі кәсіпорын) жатады, бұл кәсіпорындардың жалпы санының 6,6 %-ын құрайды. Өңірдің өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 1 500,8 млрд теңгені құрады, оның ішінде 1 318,1 млрд теңге – өңдеу өнеркәсібі, оның үлесі өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде 87,8% – ға жетті (2020 жылы 87,3%) [6].

Сурет 3. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі, %



Алматы экономикасының қарқынды дамуымен оның алдында тұрған мүмкіндіктер мен қауіптер барған сайын айқын бола түсуде. Бір жағынан, «Белдеу және жол» бастамасы мен Орталық Азия экономикалық одағының ілгерілеуімен Алматы көп инвестициялық және іскерлік мүмкіндіктер ашады. Екінші жағынан, Алматыда инфрақұрылымның артта қалуы, қоршаған ортаның

елеулі ластануы және таланттардың жетіспеушілігі сияқты көптеген мәселелерді шешу қажет. Сонымен қатар, covid-19 жаһандық эпидемиясы Алматыда көптеген проблемалар туғызды, әсіресе туризм және бөлшек сауда сияқты қызмет көрсету салаларына әсер етті [7].

Алматы облысында аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін көптеген мүмкіндіктер бар, соның ішінде:

1. Инвестиция және бизнес мүмкіндіктері. Қазақстан үкіметінің шетелдік инвестицияларды ашу және тарту саясаты алға жылжып келе жатқандықтан, Алматы облысында көптеген инвестициялық және бизнес мүмкіндіктері пайда болды. Отандық және шетелдік компаниялар аймақта кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі түрлерін жүзеге асыра алады. Мысалы, энергетика, көлік, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және т.б. салаларда жобаларды әзірлеуде.

2. Көлік инфрақұрылымын дамыту мүмкіндігі. Алматы облысы Азия мен Еуропаның арасында орналасқан және көлікті дамыту аймақтың экономикалық дамуы үшін шешуші мәнге ие. Сондықтан бұл аймақта көлік инфрақұрылымын салуға, соның ішінде жергілікті және жақын аудандарда сауда-экономикалық дамуға ықпал ететін автомобиль жолдарын, темір жолдарды, әуежайларды және басқа да көлік нысандарын салуға үлкен мүмкіндіктер бар.

3. Инновациялық және технологиялық мүмкіндіктер. Алматы облысында көптеген университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары бар және осы институттардың ғылыми-инновациялық жетістіктері жергілікті экономикалық даму мен әлеуметтік прогреске маңызды қолдау көрсетті. Сонымен қатар, Алматы облысында көптеген стартаптар мен инкубаторлар бар. Бұл институттар дамып келе жатқан компаниялардың жылдам дамуына көмектесіп, технологиялық инновациялар мен бизнесті дамытуға ықпал ете алады.

4. Табиғи ресурстар және экологиялық мүмкіндіктер. Алматы облысы табиғи ресурстарға, соның ішінде мұнайға, табиғи газға және пайдалы қазбаларға және т.б. бай. Бұл ресурстарды игеру және өңдеу жергілікті экономиканың дамуына үлкен мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, ауданда экотуризм сияқты салаларға жақсы мүмкіндік беретін табиғи ландшафттар мен қорықтар көп.

Алматының алдында тұрған мүмкіндіктер мен мәселелерді ескере отырып, осы мақалада мынадай ұсыныстар ұсынылады:

1. *Инфрақұрылым құрылысын көбейту.* Алматының көлік, энергетикалық және коммуникациялық инфрақұрылымы Алматының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін одан әрі нығайтуды қажет етеді. Алматы Орталық Азияда орналасқан және көліктік, логистикалық және басқа да инфрақұрылымның құрылысы өңірдің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін маңызды мәнге ие. Осылайша, инфрақұрылымды салуға және неғұрлым заманауи және тиімді көлік, энергетикалық және коммуникациялық желілерді құруға инвестицияларды ұлғайту Алматының экономикалық дамуын

жеделдетуге көмектеседі.

2. *Қоршаған ортаны қорғау.* Орталық Азиядағы маңызды қала бола отырып, Алматының қоршаған ортасының сапасы жергілікті тұрғындардың денсаулығына, өндіріс пен өмір сапасына тікелей байланысты. Экономикалық даму процесінде қоршаған ортаны қорғау бірдей маңызды. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі неғұрлым қатаң заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеу, экологиялық мониторинг пен басқаруды күшейту, энергетикалық құрылымды трансформациялауға жәрдемдесу және энергия тұтынуды және көмірқышқыл газы шығарындыларын қысқарту Алматының қоршаған ортасының сапасын жақсартуға және қаланың тартымдылығын және орнықты даму мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі.

3. *Білімді жастарды көбейтуге және оқытуға жәрдемдесу.* Жастар Алматының экономикалық дамуына жәрдемдесудегі маңызды күш болып табылады. Жастарға инвестицияларды ұлғайту, даму үшін Алматыда жоғары деңгейдегі шетелдік таланттарды және көрнекті тұлғаларды тарту, сондай-ақ таланттарды даярлауды күшейту Алматының инновациялық қабілеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және сапалы экономикалық дамуға ықпал етуге көмектеседі.

4. *Цифрлық трансформацияларға инвестициялау.* Жаһандық цифрландыру процесінің жеделдеуімен цифрлық экономика экономикалық өсудің жаңа қозғаушы күшіне айналды. Алматы цифрлық құрылымы нығайтуы, Ақпараттық технологиялар мен өнеркәсіптің дәстүрлі салаларының терең интеграциясына ықпал етуі, Алматы өнеркәсібінің зияткерлік және тиімділік деңгейін арттыруы, цифрлық экономиканың дамуына ықпал етуі және экономикалық құрылымды трансформациялау мен жаңғыртуды жеделдетуі тиіс.

5. *Денсаулық сақтау және эпидемияның алдын алу саласындағы жұмысты күшейту.* COVID-19 жаһандық эпидемиясы Алматыда көптеген проблемалар туғызды. Осылайша, эпидемияның алдын алу шараларын күшейтуді жалғастыру, вакцинациялау бойынша күш-жігерді ұлғайту және Алматының қоғамдық денсаулық сақтау деңгейін арттыру тұрғындардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғауға көмектеседі және экономикалық даму үшін денсаулықтың сенімді кепілдігін қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, Алматының болашақ экономикалық дамуы үшін әртүрлі факторларды жан-жақты ескеріп, экономикалық дамудың жоғары сапалы мақсаттарына қол жеткізу үшін түрлі шаралар қабылдау қажет деп айтуға болады. Инфрақұрылым құрылысын ұлғайтумен, қоршаған ортаны қорғауды күшейтумен, білімді жастарды енгізу мен оқытуға жәрдемдесумен, цифрлық трансформацияны ілгерілетумен және денсаулық сақтау және эпидемияның алдын алу саласындағы жұмысты күшейтумен қатар, бұл шаралар Алматының экономикалық дамуына жақсы кепілдік пен қолдауды қамтамасыз етеді, Алматының Орталық Азиядағы бәсекеге қабілеттілігі мен мәртебесін одан әрі арттырады, сондай-ақ Орталық Азияның дамуы мен ынтымақтастығына ықпал ететін болады. Сонымен қатар, Алматы халықаралық

ынтымақтастықты нығайту, шетелдік инвестициялар мен технологияларды көбірек тарту, халықаралық сауда мен инвестицияларға белсенді қатысу, басқа елдермен және өңірлермен экономикалық және сауда алмасуларды кеңейту және өзара тиімділік, ұтымды ахуал мақсатына қол жеткізу үшін экономикалық жаһандану процесін ұдайы ілгерілету қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қапаш Г. Алматы облысы қалай бөлінеді, 2022. URL: <https://egemen.kz/article/308153-almaty-oblysy-qalay-bolinedi>.
- 2 Қонаев қаласы. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki>.
- 3 Құлыбаев Ә. Қазақстан экономикасының өркендеу жолы.
- 4 Түйебаев Е. Алматыдағы экономикалық өсудің факторлары мен қиындықтары.
- 5 Денисов С. Алматы қаласы Қазақстан нарығына көшу процесінде.
- 6 Хорошенина Т. Алматы қаласының аймақтық экономикалық құрылымы және даму тенденциялары.
- 7 Смолова Э. Алматы қаласының құрылысы және тұрақты дамуы.
- 8 Ильханев И., Водский А. Алматыдағы урбанизация процесі мен қаланың кеңістік құрылымының өзгеруі.
- 9 Аминов А. Алматы қаласындағы инновациялық экожүйе.
- 10 Санц Н. Алматы қаласының экологиялық және тұрақты даму мәселелері.
- 11 Современный Казахстан: цифры и факты. – Алматы.
- 12 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері.
- 13 Нұрбай Р. Как будет развиваться Алматинская область. URL: https://www.inform.kz/ru/kak-budet-razvivat-sya-almatinskaya-oblast-itogi-poezdki-prezidenta-v-region_a3992358.
- 14 Казахстанский центр индустрии и экспорта: «Промышленное развитие Алматинской области». URL: <https://qazindustry.gov.kz/ru/article/2319-promyshlennoe-razvitie-almatinskoy-oblasti>
- 15 Сыздықов Н. Трансформация экономики Казахстана.

ҒТАМР 06.71.47

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

Е.А. Бекмұрат

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Г.С. Жансеитова

Ғылыми жетекші, э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Мақалада тұрғындар денсаулығының стратегиялық маңыздылығын терең түсіну, экономикалық өсудің негізгі, қажетті қозғаушы күші ретіндегі – денсаулыққа, медициналық қызметтерге қаржы-экономикалық тұрғыдан қайта қарауды жүзеге асыру және денсаулық сақтау саласын ұйымдастыру мен басқарудың жетілуіне өте үлкен әсер ету – бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі екендігі туралы айтылған.

Түйін сөздер: денсаулық сақтау, медициналық қызметтер, халық денсаулығы, мемлекеттік басқару, әлеуметтік-экономикалық.

Это исследование имеет некоторые ограничения. Во-первых, это исследование основано на использовании результатов ограниченного числа мукомольных заводов и производителей упаковки в цепочке поставок кондитерских изделий. Еще одним ограничением является то, что аудиту подверглась только одна часть цепочки поставок кондитерских изделий, поскольку цепочка поставок шоколада не была включена. Это исследование не инициировало каких-либо проверок характеристик качества/безопасности пищевых продуктов поставляемой продукции на месте. Наконец, технологический уровень проверенных компаний не был включен в анализ.

Учитывая большие технологические и другие различия в кондитерской промышленности, а также специфические характеристики кондитерских

изделий, эти результаты могут быть использованы в качестве основы для улучшения цепочки поставок кондитерских изделий и выбора альтернатив для достижения более высоких показателей качества и безопасности пищевых продуктов. цепь. Применение того же метода к сети кондитерских изделий во всем мире может дать лучшее представление о практике в рамках пищевой цепи кондитерских изделий во всем мире. Чтобы компенсировать многие особенности пищевой промышленности, а также большую изменчивость и сложность глобальной пищевой цепи, необходимы дополнительные исследования, чтобы определить, будут ли получены аналогичные результаты в других пищевых секторах.

Литература

- 1 Гличев А.В. Основы управления качеством продукции. – М.: РИА Стандарты и качество, 2019.
- 2 Волгин В.В. Склад. Организация и управление: Практическое пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация Дашков и Ко, 2020.
- 3 Гаджинский А.М. Логистика: Учебник для студентов высших учебных заведений. – М.: Издательско-торговая корпорация Дашков и Ко, 2019.
- 4 Керимбетова С.Е. Логистика в сфере распределения. – Алматы, 2021. – С. 50-78.
- 5 Основы логистики: Учеб. пособие под ред. Л.Б. Миротина и В.И.Сергеева. – М.: ИНФРА, 2017.
- 6 Радионов А.Р., Радионов Р.А. Логистика: Нормирование сбытовых запасов и оборотных средств предприятия: Учеб. пособие. – М.: Дело, 2018.
- 7 Иванов Д.А. Управление цепями поставок. – СПб.: Изд-во Политех ун-та, 2019.
- 8 Кирюков С.И., Кротов К.В. Развитие концепции управления цепями поставок: маркетинговый подход // Вестник С.-Петербургского ун-та. Сер. Менеджмент, 2017.
- 9 Тюрин А.Ю. Инновационный подход к управлению транспортировкой в молочной промышленности // Вопросы инновационной экономики. – 2019. № 2 (12). – С. 50-56.
- 10 Тюрин А.Ю. Особенности выбора схем транспортировки продукции предприятий пищевой промышленности с различными сроками годности // РИСК: Ресурсы, Информация, Снабжение, Конкуренция. – 2019, № 1. – С. 136-139.
- 11 Тюрин А.Ю. Проблемы регионального транспортного обслуживания предприятий пищевой промышленности // Региональная экономика: теория и практика. – 2019. № 28. – С. 61-68.
- 12 Тюрин А.Ю., Зырянов В.В. Двухэшелонная система доставки продукции предприятий пищевой промышленности // Вестник КузГТУ. – 2018. № 2. – С. 124-127.

13 Тюрин А.Ю. Модели транспортного обслуживания в цепях поставок пищевой промышленности // Вестник. КузГТУ. – 2019. №4. – С.89-92.

14 Тюрин А.Ю. Эвристические методы решения задач доставки мелкопартионных грузов // Вестник КузГТУ. – 2017. №1. – С.51-55.

15 Aggelogiannopoulos D., Drosinos E.H., Athanasopoulos P. (2017), «Implementation of a Quality management system (QMS) according to the ISO 9000 family in a Greek small-sized winery: a case study», Food Control, Vol. 18, №9. – p. 1077-1085.

16 Albersmeier F., Schulze H., Jahn G., Spiller A. (2019), «The reliability of third-party certification in the food chain: from checklists to risk-oriented auditing», Food Control, Vol. 20, № 10. – p. 927-935.

17 Alsaleh N.A. (2017), Application of quality tools by the Saudi food industry, The TQM Magazine, Vol. 19, № 2. – p. 150-161.

18 Bayo-Moriones A., Merino-Díaz de Cerio J. (2021), Quality management and high-performance work practices: do they coexist?, International Journal of Production Economics, Vol. 73, № 3. – p. 251-259.

19 Beske P., Land A., Seuring S. (2018) Sustainable supply chain management practices and dynamic capabilities in the food industry: a critical analysis of the literature, International Journal of Production Economics. – p. 131-143.

20 Castka P., Prajogo D., Sohal A., Yeung A.C.L. (2020), «Understanding firms' selection of their ISO 9000 third-party certifiers», International Journal of Production Economics, Vol. 162. – p. 125-133.

21 Clarke R. (2019), «Private food safety standards: their role in food safety regulation and their impact», paper presented at the 33rd Session of the Codex Alimentarius Commission, Food and Agriculture Organization of the United Nations, Rome.

22 Deaton B.J. (2018), A theoretical framework for examining the role of third-party certifiers, Food Control, Vol. 15, № 8. – p. 615-619.

23 Djekic I., Zaric V., Tomic J. (2019), Quality costs in a fruit processing company: a case study of a Serbian company, Quality Assurance and Safety of Crops & Foods, Vol. 6, № 1. – p. 95-103.

24 Doménech, E., Escriche, I. and Martorell, S. (2021), «Assessing the effectiveness of critical control points to guarantee food safety», Food Control, Vol. 19 No. 6, pp. 557-565.

25 Escanciano C., Santos-Vijande M.L. (2022), Reasons and constraints to implementing an ISO 22000 food safety management system: evidence from Spain, Food Control, Vol. 40. – p. 50-57.

26 Fattahi F., Nookabadi A.S., Kadivar M. (2018), A model for measuring the performance of the meat supply chain», British Food Journal, Vol. 115, № 8. – p. 1090-1111.

ҒТАМР 82.13.01

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Д.Ж. Бейсенбеков

Магистрант, Х.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Мақалада әлем елдерінің қазіргі таңда қолданыстағы мемлекеттік басқару жүйесіне келу үшін қабылдаған шаралар мен реформаларды қарастырып, олардың заңдары мен тәжірибелерін қарастырдық. Мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметінің тәуелсіздік алған жылдардан бастап кезең кезеңі мен ұйымдастыру үшін жүргізілген шаралар мен қабылданған заңдар негізінде дамуын және мемлекеттік органдар құрылымдық сапалық өзгерістерін ашуға тырысатын боламыз. Мақалада қаралып отырған мәселе әлем елдерінің оң нәтижелерін қарастырып еліміздің мемлекеттік әкімшілік қызметіне оң өзгерістер енгізу. Франция секілді референдумдар ұйымдастырып, тек мемлекеттік қызметкерлермен ғана шектелмей басқа салалардың өкілдерімен кездесулер өткізіп мемлекеттік басқару жүйесін дамытуда халықтың да үлесін арттыру.

Түйін сөздер: реформа, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, бағалау, принциптер, тиімділік, стратегия, заңдар, мансап пен позиция.

Мемлекетті тиімді басқару кез келген мемлекеттің тұрқтылығы мен экономикалық дамуының, сонымен қатар, халықтың өмір сүру сапасын арттырудың басты факторы болып табылады. Мемлекетті басқарудың негізгі проблемалары алға қойылған міндеттермен функциялардың неғұрлым тиімді орындалуы болып табылады. Ал бұл проблемаларды шешуші тетіктердің бірі мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс сапасы мен атқарылып жатқан жұмыс нәтижелерінің көрінісі. Мемлекеттік қызметкерлердің өзіне қойылған міндеттерін кәсіби деңгейде жоғары орындауы мемлекеттік органдардың тиімді қызметінің көрсеткіші болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін Қазақстанда ғана емес әлем елдерінде де мемлекеттік басқарудың тиімді реформаларын қалыптастыру тәжірибелері қолданылуда. Мемлекеттік басқарудың адами ресурстары мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Мемлекеттік қызмет

Әлеуметтік қызметтің бір түрі болып табылады. Әлем елдерінде Мемлекеттік қызмет термині басқа терминдермен ауыстырған. Мысалы, Ұлыбританияда – «азаматтық қызмет», Германияда – «қоғамдық қызмет». Сондықтан мемлекеттің мақсаты мемлекеттік қызметкерлердің еңбек сапасын жақсарту жағдайлары мен талаптарын жасау болып табылады.

Елдер мемлекеттік реттеу құқық қорғау саласында мемлекеттік қызметкерлер тиімділігін арттыру үшін әр ел өзінің тәжірибесіне, саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайына сүйене отырып ынталандыру, мемлекеттік қызметкерлер тиімділігін бағалау мен тиімділігін арттыру шараларын қалыптастырады.

Жаңа мемлекеттік басқару теориясы мемлекеттік қызметтің реформалаудың бірнеше моделін тудырады. Олар Дамыған елдер Ұлыбритания, АҚШ, Франция, ГФР, Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея елдері мемлекеттік қызметтің дәстүрлі, нарықтық, қатысушы, икемді және реттелмейтін моделдерін қолданады.

«Нарықтық» мемлекеттік қызмет моделі АҚШ-та жүзеге асырылды. Мұнда мемлекеттік басқарудың салалары мен деңгейлері бойынша сараланған толық міндеттемелерді анықтайды, біліктілігі бар азаматтарды даярлайды, бақылау тетіктерін және мемлекеттік қызметтерді орындау сапасына қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

АҚШ мемлекеттік басқару ұйымдастыру үшін Пендлтон Заңын қабылдады (1883, the Pendleton Act). 1883 жылы 16 қаңтарда қабылданған Пендлтон Заңы үкіметтік шенеуніктерді іріктеу және олардың жұмысын бақылау үшін еңбекке негізделген жүйені құрды. Пендлтон Заңы федералды Үкіметтегі лауазымдар еңбегі негізінде беріледі және мемлекеттік қызметкерлер конкурстық емтихандар арқылы таңдалады деп қарастырды. Заң сонымен қатар заңмен қамтылған қызметкерлерді саяси себептермен жұмыстан шығаруға немесе төмендетуге тыйым салды. Заң сонымен қатар қызметкерлерден саяси қызметтер немесе жарналар ұсынуды талап етуге тыйым салды. Осы Заңның орындалуын қамтамасыз ету үшін азаматтық қызмет жөніндегі Комиссия құрылды. Пендлтон Заңы Мемлекеттік қызметтің табиғатын өзгертті. Бүгінгі таңда көптеген білімді және жоғары білімді мамандар федералды қызметкерлер болып табылады. Пендлтон Заңы күшіне енген кезде оның жалдау реформалары 132000 мемлекеттік қызметкердің 10 пайызын ғана қамтыды. Алайда, осы жылдар ішінде Заңның аясы кеңейіп, бүгінде ол федералды Үкіметтегі 2,9 миллион лауазымның көпшілігіне таралды [1].

Енді АҚШ мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру мақсатында Үкімет жұмысының нәтижелерін өлшеу туралы 1993 жылы заң қабылдады (Government Performance and Results Act (GPRA) of 1993). Үкімет жұмысының нәтижелерін өлшеу туралы заңның маңыздылығы мақсаттарды белгілеу, нәтижелерді белгіленген мақсаттарға сәйкес өлшеуді және қол жеткізілген прогресті жариялауды көздейтін реформа болып табылуында. 1883 жылы қабылданған заң мемлекеттік басқару жүйесіне негіз болса, 1993 жылы

қабылданған заң мемлекеттік қызметкерлердің қызметін бағалауға бағытталған жүйені құруға негіз болды [2].

«Қатысушы» мемлекеттік қызмет моделі белгілі бір дәрежеде Ұлыбритания, ГФР, Франция елдерінде іске асырылады. Бұл мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың қызметінің тиімділігіне әсер ететін бейресми тетіктері негізінде жария қызмет институтын іске асыру моделі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Леон Дугуит сияқты заңгерлер «кез келген заманауи қоғамдық құқық жүйесінің принципін келесі сөйлеммен қорытындылауға болады: іс жүзінде билікке ие адамдар қоғамдық билікке субъективті құқығы жоқ, бірақ олар өз мақсаттарына жету үшін өз күштерін пайдалануға міндетті», – деп тұжырымдады. Яғни, коммуналдық қызметтерді ұйымдастыру және олардың жұмысын бақылау. Демек, мемлекеттік қызмет – бұл құрылмайтын, бірақ: «үкіметтер қамтамасыз етуі, реттеуі және бақылауы керек кез келген қызмет, өйткені бұл қызметті жүзеге асыру әлеуметтік өзара тәуелділікке қол жеткізу және даму үшін қажет және бұл ол тек билеушілер ғана жүзеге асыра алатындай сипатқа ие қоғамдық қызмет» [3].

Әлем елдерінде мемлекеттік қызметтің мансаптық немесе лауазымдық моделі қабылданғанына байланысты, зерттеушілер мемлекеттік қызметшілерді еңбекақы төлеудің, материалдық ынталандырудың және әлеуметтік қамтамасыз етудің екі жүйесін ажыратады.

Мансап жүйесі бар елдердегі мемлекеттік қызмет бірнеше ғасыр бұрын мемлекет өз қызметкерлерін әлеуметтік және материалдық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді өз мойнына алған кезде қабылданған бюрократияның дәстүрлі принциптеріне негізделген. Германия – мансаптық мемлекеттік қызмет жүйесі бар классикалық елдердің бірі. Германияда мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің конституциялық негізі мемлекеттік қызметшілер мәртебесінің негізгі құқықтық принциптерінің бірі «қолдау принципі» болып табылады. Мемлекеттік қызмет қызметкерінің еңбек ақысының мөлшерін анықтау кезінде оның білімі, кәсіби біліктілігінің деңгейі, қызметтің осы түріне қабілеттілігі маңызды болып табылады, ал білім деңгейі – орта, арнаулы орта, жоғары қандай разрядқа үміткер бола алатынына және соған сәйкес қызметкерге қандай жалақы тағайындауға болатынына байланысты. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу деңгейі оның қызметшінің әлеуметтік мәртебесіне сәйкес болуы тиіс екендігіне негізделеді. Дегенмен, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы жеке сектордағы қызметкерлердікінен төмен. Бірақ бұл айырмашылық мемлекеттік қызметшілерге берілетін әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік қамсыздандыру арқылы өтеледі. Осылайша, неміс шенеуніктерінің жалақысы негізінен олардың атқарған жұмысының көлеміне емес, оның білімі мен дәрежесіне, яғни атқаратын лауазымы немесе тағайындалған шенінің қай санатқа жататындығына байланысты.

Неміс қызметкерлерін еңбекақы және басқа да төлемдер түріндегі материалдық ынталандыру, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі

мемлекеттегі қызметке байланысты күшейтілген талаптар мен шектеулердің орнын толтырып, оларға лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететінін атап өтуге болады. Мансаптық мемлекеттік қызмет жүйесі бар, біркелкі лауазымдық жалақы заңнамалық деңгейде белгіленетін елдерден айырмашылығы, позициялық жүйе бар елдерде лауазымдық жалақыны ұжымдық шарттарға сәйкес оларға бөлінген бюджеттік қаражатты ескере отырып, әртүрлі ведомстволар белгілейді. Мемлекеттік қызметтің позициялық жүйесі бар елдерде, мысалы, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Франция және кейбір ЕО елдерінде мансаптық мемлекеттік қызметтегі елдерге қарағанда қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жеке және икемді нысандары мен жүйелері басым [4].

Францияда мемлекеттік басқару жүйесінің елеулі өзгерістері 1983 жылы мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметті таза ұлттық деңгейде ойластырудан басталды. Мемлекеттік басқару жүйесін реттеп тиімділігін арттыру үшін 2007 жылғы 1 қазанда Премьер-Министр мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметтің құндылықтары, миссиялары мен кәсіптері жөніндегі ұлттық конференцияны ашты. Оның алты айға созылған жұмысы «Ақ Кітап» құжаттың жариялануымен аяқталды. Пікірталас Парижде, аймақтарда және шетелде мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша мамандардан басқа кәсіподақтар, мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік қызметшілер мен пайдаланушыларды біріктіретін әртүрлі формада өтті. Мұнда жалақы төлеу, мемлекеттік қызметтің әділ өткізілуі сондай-ақ заңдық нормативтері қарастырылды. Францияның мемлекеттік органдардық лауазымды тұлғалардың сыйақысы жиырма жыл ішінде ЖІӨ-нің 13%-ын құрап басқа елдермен салыстырғанда ең жоғары болып табылатынын көрсетті [5].

«Икемді» мемлекеттік қызмет моделі ең кеңінен тараған моделдердің бірі болып келеді. Өйткені, бұл модель бойынша мемлекетке сіңірген еңбегі, біліктілігі мен тәжірибесі негізінде лауазымға тағайындалып, персоналды іріктеуге және іріктеуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Икемділік моделі жағдайында әр үміткер кез келген мемлекеттік лауазымға орналаса алуға мүмкіндік береді. Армения Республикасында азаматтық қызметті басқарудың арнайы «азаматтық қызмет» жөніндегі органы жұмыс жасайды.

Қазіргі таңда әлем елдерінде мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша арнайы органдар құрылған жоқ, дегенмен оның атқаратын функцияларын сипаттайтын реформалар құрылуда. Көршілес Қырғызстан Республкасында мемлекеттік қызметті басқарудың тиімді жүйесін құруды жүргізуде. Мысалы, бұл жүйеге мемлекеттік кадр қызметі, хатшылар институты, мемлекеттік қызмет жөніндегі кеңес пен мемлекеттік органдардың қызметкерлерді басқару қызметі кіреді. Сонымен қатар, реформалар мемлекеттік қызметке кіру, лауазымдық жоғарылау мен тең құқықтарға мүмкіндік береді.

Ресей Федерациясында да мемлекеттік қызмет қатынастары жүйелі реформалармен сипатталады, реформа негізінде мемлекеттік қызметті құқықтық реттеу, мемлекеттік қызметті ұйымдастыруда шетелдік тәжірибелерді қолдана отырып әкімшілік реформаның стратегиялық және ағымдық стратегияларын тиімді шешу қарастырылған. Сонымен қатар,

мемлекеттік қызмет үшін нормативтік база қалыптастырылып, мемлекеттік қызметкерлерді кәсіби оқыту, мемлекеттік қызмет жүйесін ақпараттандыру үшін инфрақұрылым құру мен бағалау жүйелерін қалыптастырған.

Мемлекеттік басқару әлем елдеріндегі секілді Қазақстанда да басты орында тұрған мәселелердің бірі. Шетел тәжірибелерін үлгі тұта отырып өз реформаларымыз салт-дәстүрімізге, халықтың тұрмыс тіршілігіне қарай қалыптастырдық. Қазақстанда мемлекеттік басқарудың қазіргі таңдағы қалыптасқан формасына жету үшін 3 кезеңді бөліп қарастыра аламыз.

Бірінші кезең еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап 1991-1996 жылдар аралығын қамтыды. Тәуелсіздіктен кейін елімізде әкімшілік органдар жұмыстары тармақтарға, атқарушы және заң шығарушы бөлімдерге, сот органдары бөлек тармақтарға бөлінді. Конситуция негізінде мемлекеттік басқарудың құрылымдық реформалары жүзеге асырылып, заңи тұрғыда мемлекеттік басқарудың қағидалары қалыптасты. 1995 жылы 26 желтоқсанында Мемлекеттік қызмет туралы заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы қабылданды. Бұл мемлекеттік басқарудың институттары мен кадр мәселелерін заңды тұрғыда реттеуге мүмкіндік берді [6].

Екінші кезең 1996-2017 жылдар аралығында қалыптасты. Мемлекеттік басқару реформаларына батыс елдерінің 80 жылдардағы корпоративтік басқаруды негіз етіп алды. Бұл кезеңде мемлекеттік басқару жүйесі жаңа үлгіге ауысып мемлекеттік қызметтің ұлттық үлгісі қалыптасты. Мемлекеттік басқарудың орталықтандырылған жүйесі құрылып мемлекеттік органдар барынша нығая түсті. Елбасы Н. Назарбаев «әуелі экономика, содан соң саясат» тезисін ұстанды. Экономикалық дамуға әлемнің 30 елінің қатарына қосылуға бағытталған «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді стратегиялары мен «2025 жылға дейін даму» жоспары қабылданды. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін нәтижеге бағытталған стратегиялық жоспарлау, бюджетті қалыптастыру, мемлекеттік аппараттың жұмыс істеу тиімділігін бағалау, мемлекеттік қызмет көрсету реформаларын қалыптастырды. 2011 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқарудың жаңа тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдама негізінде мемлекеттік органдардың бес жылдық жоспары құрылып мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін жыл сайын бағалау жүйесі, А корпусы басқарушылар мен Б атқарушы, хатшылар институты, мемлекеттік аудит жүйесі енгізілді. Бұл кезеңнің тағы бір өзгерісі «Бір терезе» қағидасы бойынша «Цифрлы Қазақстан» Халыққа қызмет көрсету желілерінің енгізіліп реттелуі. Бұл жүйеге мемлекеттік әімшілік қызметтерімен қоса басқа да халыққа қызмет көрсету салалары енгізілді.

Ақпараттардың әлемдік аренасында оңай әрі қол жетімділік сипатына сай, қағаз бастылыққа қарсы халық үшін «Азаматтарға арналған үкімет» электронды жүйесі іске қосылды.

Үшінші кезең 2017 жылдардан бүгінгі күнге дейінгі аралық. 2015 жылы жаңа тұжырымдама бес мемлекеттік басқару институтционалдық реформасы жарияланды. Бұл мемлекеттік дамуға бағытталған 100 қадамның 94-96

қадамдарына сәйкес «Ашық үкімет» қағидасы енгізілді. Алға қойылған мақсаттардың бірі – азаматтардың шешім қабылдауға қатысуын кеңейту үшін әкімшілік органдар қасынан қоғамдық кеңестердің жұмысы қолға алынды. 2017 жылы Консультацияның кезекті реформасы кезінде әкімшілік органдар қызметі қайта бөлініп жүйеленді. 2019 жылдары ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту мақсатында жергілікті өзін-өзі басқарудың жеке бюджеті енгізілді. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап реформаға 2353 әкімшілік бірліктер тартылды. Мемлекеттік қызметің жаңа моделінің негізінде мемлекеттік әкімшілік қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметінің әділ жүргізіліп жатқанын қадағалау мақсатында 2014 жылы 6 тамызда Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі құрылды. Агенттік тікелей ел президентіне бағынатын және есеп беретін, жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастырып іс әрекет жасайтын, жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтап, жолын кесу, қылмыс жасалған болса ашып тергеу жұмыстарын жүргізетін мемлекеттік орган болып табылады. Агенттіктің құрылуы мемлекеттік қызмет жүйесін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды одан әрі жетілдіру мақсатында құрылды. Бұл мемлекеттік қызметтің сапасы мен халықтың сенімін арттыруға ықпалын тигізді [7]. Сонымен қатар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығы туралы келісімінде қаралуда. Бұл ТМД құрамындағы мемлекеттердің мемлекеттік әкімшілік қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметінің дамыту тәжірибелерімен алмасуда көмек тигізеді.

Мемлекет басшысының мемлекеттік басқару саласын жетілдіруде мемлекеттік қызметшілердің алатын орны зор екенін негізге ала ортырып Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін ретке келтіріп, қайта құру керек. Пандемия кезінде мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігінің қашықтықтан жұмыс істеу режиміне өту мемлекеттік аппаратты қысқарту керектігін және бұған толық дайын екенін көрсетті. Мемлекеттік басқарудағы басты қағидатының бірі бұл – барлығы да адамдар үшін. Сондықтан мемлекеттік басқару қоғамды басқарып қана қоймай қоғаммен бірге оның дамуына үлес қосып тиімді нәтижелерге қол жеткізу. Цифрлы Қазақстан жүйесін дамыту үшін қабылданған «Бір терезе», «Ашық үкімет», «Е-Қызмет», «Азаматтарға арналған үкімет» барлығы мемлекеттік әкімшілік қызметтерін қол жетімді, сапалы ету үшін жасалынып жатқан шаралар. Біздегі тағы бір өзекті мәселердің бірі мемлекеттік әкімшілік қызметкерлерінің жалақылары, атқарған жұмысымен алатын ақыларының бір біріне сай келмеуі болып келеді. Бұл мәселелерді шешу үшін әлем елдерінің жалақы төлеуге қатысты қабылданған реформаларының оң нәтиже көрсеткендерінен үлгі алу керек. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру үшін кәсіби институттар ашып, АҚШ секілді қызметшілерді тұрақты түрде оқыту жүйесін заңды түрде бекіту – үш жылда бір рет олардың кәсіби шеберлігін арттыру керек. Мемлекеттік қызмет лауазымында жоғарылау үшін дамыған АҚШ, Франция, Қытай секілді елдердің икемді, қатысушы және нақты

мемлекеттік басқару үлгілерінің оң тәжірибелерін алып еліміздің экономикалық дәстүрлік әл ауқатына сай етіп мемлекеттік басқару жүйемізге енгізу керек. Дегенмен, ел Президентінің айтқанындай ең басты мақсат халықты басқару емес халықпен бірге мемлекетті басқарудың тиімді жолдарын қарастырып оң нәтижеге қол жеткізу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Пендлтон заңы. URL: <https://www.archives.gov/milestone-documents/pendleton-act#:~:text=The%20Pendleton%20Act%20provided%20that,were%20covered%20by%20the%20law.>
- 2 Worldwide Governance Indicators. URL: [http://info.worldbank.org/governance/wgi/#home.](http://info.worldbank.org/governance/wgi/#home)
- 3 Дугит Л. Конституциялық құқық туралы трактат. 3-том. – 61 б.
- 4 Коголь Т.Н. Система оплаты и стимулирования труда государственных служащих некоторых зарубежных стран (Германия, США). URL: [https://cyberleninka.ru/a.](https://cyberleninka.ru/a)
- 5 Мемлекеттік қызметтің болашағы туралы ақ кітап. URL: [https://www.lefigaro.fr/assets/pdf/livre-blanc.pdf.](https://www.lefigaro.fr/assets/pdf/livre-blanc.pdf)
- 6 Қазақстан Республикасының мемлекеттік туралы. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416.](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416)
- 7 Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Сыбайлас Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000074.](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000074)

ҒТАМР 82.13.37

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІ

Г.Ж. Байбосынова

Э.ғ.к., доцент, Х.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Б.Б. Бөгенбай

Магистрант, Х.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Бұл мақалада жергілікті өзін-өзі басқарудағы басқару шешімдерін әзірлеу, қабылдау, негізгі қызметі, мақсаты, жергілікті билік жүйесінде шешім қабылдаудың өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының халық алдындағы негізгі міндеттері, ол жергілікті тұрғындарға әлеуметтік қызмет ұсыну, жергілікті ресурстарды дамыту және үнемдеу, басқа да көптеген жағдайлар жасау. Елімізде жергілікті өзін-өзі басқару барынша тиімді құрылса, соншалықты жергілікті ресурстарды жұмсау оңтайлы болып қана қоймай, халықтың билікке деген көзқарасы мен сенімі арта түседі.

Түйін сөздер: басқару шешімдері, жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті билік, билік органдары, оңтайлы шешім.

Жергілікті өзін-өзі басқару – бұл, әрине, билік, бірақ бұл өте айырықша түрдегі билік – халыққа жеке өзін-өзі танытуға әлдеқайда мүмкіндіктер берілген билік [1]. Бұл ұғымның негізінде өзін – өзі басқару ұғымы жатыр, оның жалпы көптеген түсіндірмелері бар. Жергілікті өзін-өзі басқару ұғымын анықтау, жергілікті өзін-өзі басқарудың қағидаттарын, міндеттері мен қызметтерін меңгеру Қазақстандағы жергілікті өзін –өзі басқарудың барлық үлгілерінің ұйымдастырушылық және экономикалық блоктарын қалыптастыруға мүмкіндік береді [2].

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға көптеген айтарлықтай мүмкіндіктер береді. Елімізде жергілікті өзін-өзі басқару барынша тиімді құрылса, соншалықты жергілікті ресурстарды жұмсау оңтайлы болып қана қоймай, халықтың билікке деген көзқарасы мен сенімі арта түседі.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының халық алдындағы негізгі міндеттері, ол жергілікті тұрғындарға әлеуметтік қызмет ұсыну, жергілікті ресурстарды дамыту және үнемдеу, сонымен қатар азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау. Сонымен қатар халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үй шаруашылығының дамуына ықпал жасау, медициналық көмек, тұрмыстық

және мәдени қызмет көрсету, шағын және орта бизнесті дамыту, жергілікті маңызды мәселелерді шешуге азаматтарды тарту т.б

Жергілікті өзін-өзі басқару органдардың негізгі қызметі – басқарудың бірыңғай жүйесін қамтамасыз ете отырып, тиісті шешімдерді қабылдау және орындау.

Жергілікті өзін-өзі басқарудағы басқару шешімі – бұл жергілікті органның ресми түрде көрсетілген әлеуметтік қызмет саласына мақсатты әсер етуді саналы түрде таңдауы, өз құзыреттеріне сәйкес шығаратын әзірленген және іске асырылған заңнамалық актілер, бұйрықтар, қаулылар, бұйрықтар, жарлықтар түрінде көрсетілген билік ерік-жігерін түсіну керек. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарында басқарушылық шешімнің кеңейтілген тұжырымдамасы бар [3].

Жергілікті басқару шешімдерін әзірлеу – бұл басқарудың барлық негізгі функцияларын біріктіретін процесс: ынталандыр, жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау [4].

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарында басқарушылық шешім қабылдау жергілікті өзін-өзі басқару органдары болжамды мақсатқа жету үшін балама мүмкіндіктердің бірін, сондай-ақ жоспарланған нәтижелерді таңдау кезінде жүзеге асырылатын ерікті әрекет ретінде қарастырылады. Осылайша, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басқарушылық шешімі қандай да бір қызмет саласында болашақтың мінсіз үлгісін білдіреді, онда орындалуы және жүзеге асырылуы керек нәрсенің қажеттілігі туралы ақпарат бар [5].

Басқару шешімдерінің жіктелуі негізінен оларды әзірлеуге, жүзеге асыруға және оны бағалауға жалпы және нақты тәсілдерді анықтау үшін керек болады, бұл олардың сапалығын, тиімділігін және басқару сабақтастығын көтеруге мүмкіндік береді. Басқару шешімдері келесі критерийлер бойынша жіктеп көрейік.

Басқарушылық шешімдерді жіктеу: функционалдық мақсаты бойынша, іс-қимылдардың сипаты бойынша, қабылдау тәсілі бойынша, әсер ету бағыты бойынша, іс-қимылдардың уақыты бойынша, қамту ендігі бойынша, қабылдау мерзімдері бойынша, ақпараттың толықтығы дәрежесі бойынша, айқындылық сипаты бойынша болады.

Басқару шешімдерінің жіктелуі оларды реттеуге және жеке түрлеріне тән жалпы заңдылықтар мен сипаттамаларды анықтауға мүмкіндік береді. Шешімдердің әр түрі үшін менеджерлер мен мамандарды шешімдерді дайындауға, қабылданған және іске асырылған шешімнің ең жақсы нұсқасын таңдауға бағыттайтын ақпарат жүйесі жасалады.

Мемлекеттік органдармен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында басшылықты жүзеге асыру кәсіби қызметтің ерекшелігімен және осы құрылымдардың әр түрлігімен байланысты болады: олар бағынудың қатаң нысандары бар әкімшілік командалық басқару жүйесі, қызметті ұтымды ету және бағыныштылықты сақтау, қызметкерлердің жоғары тұрған ұйымның бұйрықтарын орындауы, ерекше еңбек жағдайлары және жұмыс нәтижелері үшін жауапкершіліктің жоғарлауы.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары шешімдерді іске асыру жөніндегі белгілі бір іс-шараларды жоспарлайды, олар:

- 1) жергілікті билік органдары қызметінің елеулі ауқымы;
- 2) жергілікті басқару шешімдерін іске асыру үшін әлеуметтік жауапкершіліктің артуы;
- 3) әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің қаражатын басым пайдалану;
- 4) әлеуметтік тиімділік мақсаттарымен айқындалатын және қоғамның пікірінде көрініс табатын басым бағалаулар әсер етеді, ол референдумдар, сайлау, азаматтардың жеке өтініштері, халықтың әлеуметтік сауалнамалары, митингілердің демонстрациялары және т.б. [6].

Мемлекеттік және жергілікті билік жүйесінде шешім қабылдаудың өзіндік ерекшеліктері бар, олар негізінен шешімнің нұсқасы тиімді ғана емес, сонымен бірге халықтың көпшілігі мойындауы керек, заңдылық пен әділеттілік критерийлеріне сай болуы керек.

Мұндай шешімдерді қабылдау саласына елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарын таңдау, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның субъектілерінің мүдделерін ел ішінде де, одан тыс жерлерде де қорғау, оның негізгі институттарын қолдау және дамыту және т.б. мәселелер кіреді.

Билік органдары қабылдаған шешімдер мемлекеттік және жергілікті саясаттың әртүрлі бағыттарын жүзеге асыруды алдын-ала анықтайды, олар негізгі функционалдық бөліктерге бөлінеді: саяси, экономикалық, құқықтық, этикалық, техникалық және т.б. Сондықтан басқару шешімдерінің нақты түрлері басқару жүйесі параметрлерінің күйінен туындайды. Өзірленген жоспардың мақсаттарының деңгейіне байланысты стратегиялық және жедел шешімдер шығарылады. Ұйымдастырушылық ерекшеліктер күрделі және қарапайым, бір және көп өлшемді, икемді және қатаң, штаттық және штаттан тыс шешімдердің көрінісін анықтайды.

Басқару жүйесіне біріктірілген бақылау шарттары тікелей және жанама, алдын ала, ағымдағы және іске асыру шешімдерін пайдалануды қамтамасыз етеді. Болжау функциясы сынақ және алдын-ала, ситуациялық және мақсатты, қысқа, орта және ұзақ мерзімді шешімдерді бөліп көрсетуге негіз болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары қабылдаған шешімдер тиімді ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік маңызды болуы керек. Экономикалық және әлеуметтік мүдделерді үйлестіруге қол жеткізу үшін билік органдарының шешімдері ғылыми негізделген болуы керек. Шешімдердің ғылыми негізділігі олардың салмағын, сенімділігі мен дәлелділігін білдіреді. Билік органдарының шешімдерінің тиімділігі тек құндылық категорияларда ғана емес, сонымен бірге олардың орындалуының әлеуметтік пайдасын бағалауда да өлшенуі мүмкін.

Онтайлы шешімдердің орындылығы қоғамдық мүдделерді үйлестіру мүдделеріне, гуманизмге және жоғары адами құндылықтардың басымдылығына байланысты. Әйтсе де, шешім қабылдаудың экономикалық негізділігі билік жұмысының тиімділігінің негізгі белгісі болып қала береді, өйткені ол оны бағалаудың негізін осындай шешімдер қабылдаушылардың кәсібилігін бағалауға болатын өлшемдерге негіздейді.

Қоғамдық шешімдердің негізділігі олардың бұрын қабылданған шешімдердің тиімділігіне, осындай шешімдерді іске асыру технологияларының пысықталуына, осы шешімдерін іске асыруға ықпал ететін таңдауларға негізделуін болжайды. Оңтайлы қоғамдық шешімдер бұл шешімдер мүмкін ықтимал нәтижелерді болжау процедурасын қамтамасыз етуі керек, өйткені көптеген шешімдердің нәтижелері әдетте ұзақ уақыт өткеннен кейін пайда болады. Тиімді мемлекеттік – әкімшілік шешімдер қабылдау тәртібі, әдетте, келесі кезеңдерден өтуді қамтиды:

- мәселелік жағдайдың сипаттамасы;
- шешуді қажет ететін мәселені тұжырымдау;
- алдын ала талдау, гипотеза;
- мақсаттар мен міндеттерді белгілеу;
- критерийлерді анықтау;
- баламаларды, шешімдерді іздеу, талдау және салыстыру;
- тәуекелдерді бағалау;
- шешімнің ең жақсы нұсқасын таңдау;
- қабылданған шешімді іске асыру жоспарын әзірлеу.

Қоғамдық-әкімшілік салада шешім қабылдаудың міндетті шарты қабылданатын шешімдердің негізділігі мен орындылығын қамтамасыз ететін қажетті ұйымдық нормалар тізбесіне айналдырылған халықтың пікірін есепке алу болып табылады. Бұл шарт барлық демократиялық қағидаттарды сақтай отырып, уәкілетті органдардың осы үшін шешім қабылдауының ерекше рәсімін көздейтін тиісті тетікті әзірлеу жолымен толық қамтамасыз етілуі мүмкін. Басқару деңгейіне, мемлекеттік және жергілікті органдардың шешім қабылдау схемаларына байланысты елдің конституциясында, аймақтардың жарғылары мен конституцияларында, жергілікті құрылымдардың нормативтік-құқықтық құжаттарында жазылған. Жарғыларда актілердің нормативтік және нормативтік емес атаулары көзделген. Нормативтік атаулар жарлықтар, нормативтік емес атаулар – өкімдер деп аталады.

Билік органдарының шешім қабылдауының маңызды құралы – бұл ереже. Регламент оған бөлінген өкілеттіктер шеңберінде әкімшілік органның құрылымы негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау тәртібін анықтауға және жеке мүшелер арасында жауапкершілікті бөлуге мүмкіндік беретін нұсқамалар тізбесін қамтиды. Регламенттің мазмұны мен құрылымы оның қай тармақты білдіретініне байланысты анықталады. Сондықтан, мүмкін болса, шешімдер бір формада, жақсырақ мақсат анықталған түрде көрсетілуі керек.

Қабылданған шешімнің салдарының сипаттамаларынан басқа, оны сәтті іске асыру ықтималдығы мен ықтимал тәуекелдерді бағалау қажет. Егер қандай да бір шешімнің салдары қолайлы болса, бірақ оны жүзеге асыру мүмкіндігі аз болса, бұл аз таңдалған болуы мүмкін. Оңтайлы шешімге қол жеткізу мінсіз болып саналғанымен, әдетте іс жүзінде мұндай шешім қабылданбайды. Мәселені шешу кезінде көшбасшы әдетте мүмкіндігінше тиімді емес, қанағаттанарлық деп санайтын мінез-құлыққа сүйенеді. Әдетте оңтайлы шешім немесе уақыттың жетіспеушілігінен және барлық тиісті ақпарат пен

баламаларды есепке ала алмауынан анықталмайды немесе оңтайлы шешімді жүзеге асыру ықтималдығы салыстырмалы түрде аз.

Кейде басшы шешім қабылдауды орындаушыларға жүктей алады, бірақ көбінесе ол ұйымдағы басқа адамдардың көзқарасының дұрыстығына сендіруге, адамдарға оның таңдауының дұрыс екенін дәлелдеуге мәжбүр болады. Кейбір басшылар сендіру әрекеттерін уақытты ысырап ету деп санайды, бірақ мұндай тәсіл, әдетте, қабылданған шешімдерді орындау жұмысының тиімділігін төмендетеді. Сондықтан шешімді мойындаудың жақсы тәсілі – оны қабылдау процесіне басқа адамдарды тарту. Алайда, қатты қолдаудың өзі шешімнің дұрыс орындалуына әлі кепілдік бермейді. Шешімдердің толық жүзеге асырылуы, ұйымдастырылуы басқару тетіктерінің жұмысында талап етіледі. Шешімге дейін және одан кейін болған оқиғалар туралы мәліметтер, басшыға оны дұрыс емес шешім, айтарлықтай зиян келтіргенге дейін түзетуге мүмкіндік береді.

Басқарушылық шешімдерді дұрыс қабылдау үшін жергілікті басқаруда тиімді ақпарат алмасу жүйесін құру және дамыту қажет. Ол үшін сізге қажет:

- негізгі ақпараттық ағындардың құрылымы мен бағыттарын реттеу;
- алдағы өзгерістерді талқылау, жұмыстарды бөлу үшін қарамағындағылармен тұрақты кездесулер-кеңестер өткізу;
- кері байланыс жүйесін жақсарту, мысалы қызметкерлерді бір құрылымдық бөлімшеден екіншісіне ауыстыру, сауалнамалар, ұсыныстар жәшіктері, басқарудың жоғарғы деңгейлеріне ақпараттың түсуін жеңілдету мақсатында ұсыныстар жинау жөніндегі маман.

– тікелей байланыс жүйесін жақсарту, яғни ақпараттық бюллетеньдерді тарату, барлық жұмысшыларға пайдалы ақпаратты қамтитын ішкі және сыртқы басылымдар: басқару бойынша ұсыныстар мен ұсыныстар, басшылардың жиі қойылатын сұрақтарға жауаптары.

Шешімді ойдағыдай іске асыру үшін жұмыстар мен ресурстар кешенін анықтап, оларды орындаушыларға мерзімдер бойынша бөлу қажет, яғни кімнің, қайда, қашан және қандай іс-әрекеттер жасау керектігін, бұл үшін қандай ресурс қажет екенін қарастыру қажет. Егер біз жеткілікті маңызды шешімдер туралы айтатын болсақ, оларды іске асыру бағдарламасын әзірлеу қажет болуы мүмкін. Басшы шешімнің қалай орындалатынын қадағалап, қажет болған жағдайда көмек көрсетіп, белгілі бір түзетулер енгізуі керек. Нәтижелерді бақылау және бағалауға келетін болсақ, шешім қабылданғаннан кейін де, процесі толығымен аяқталған деп санауға болмайды, өйткені оның өзін-өзі ақтайтынына көз жеткізу керек. Бұл мақсатқа кері байланыс функциясын орындайтын бақылау кезеңі қызмет етеді. Бұл кезеңде нәтижелерді өлшеу және бағалау жүргізіледі нақты нәтижелерді менеджер алуға үміттенген нәтижелермен салыстыру.

Басқару шешімдерін бақылау мәселесі, әсіресе ірі ұйымдар үшін өте өзекті. Басшы болып сіз көптеген ақылға қонымды және пайдалы шешімдер қабылдай аласыз, бірақ орындауды бақылаудың ұтымды ұйымдастырылған

жүйесінсіз, олар іс жүргізуде жүзеге аспай қалады және күтілетіндей нәтиже бермейді.

Басшы үшін шешім қабылдау мақсат емес. Басшыға ең бастысы – белгілі бір басқару мәселесін шешу. Бұл көбінесе шешімдердің белгілі бір дәйектілігін және ең бастысы оларды жүзеге асыруды қажет етеді. Сондықтан шешім бір сәттік әрекет емес, белгілі бір құрылымға ие, уақыт өте келе дамитын процестің нәтижесі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 639 Жарлығымен Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілген [7]. Тұжырымдамадағы ұсынылған негізгі мәселелерге еліміздің демократиялық дамуы маңызды болып табылады. Республикадағы мемлекеттілікті дамытудың бастапқы міндеттерінің маңыздысы, ол азаматтарды жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне тарту болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Бажинов М.А. Гражданское общество и местное самоуправление: опыт концептуального анализа// Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки, 2002.

2 Кемел М. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару: оқу құралы. – Алматы. «Асыл кітап» баспасы, 2018. – 227 б.

3 Ряжская Т.В. Социальные последствия принятия управленческих решений на государственной гражданской службе // Среднерусский вестник общественных наук. 2017. № 3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnyeposledstviya-prinyatiya-upravlencheskih-resheniyna-gosudarstvennoy-grazhdanskoy-sluzhbe>.

4 Жигарь О.В. К вопросу о процессе разработки решений в органах управления // Вестник Челябинского государственного университета. 2013. № 3 (294).

5 Дунская Л.К., Замотайлова Д.А. Обзор некоторых систем поддержки принятия решений на основе метода анализа иерархий // Информационное общество: современное состояние и перспективы развития: сб. материалов XI междунар. форума. – Краснодар: КГАУ им. И.Т. Трубилина, 2018. – С. 199-206.

6 Меньшикова Г.А. Основы государственного и муниципального управления. Агенты и технологии принятия политических решений. – М.: Юрайт, 2018. – 387 с.

7 Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 639 Жарлығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000639>.

ГРНТИ 06.35.31

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

А.Е. Жолдыбекова

*Магистрант, Академия государственного управления при Президенте Республики
Казахстан, г. Астана*

Государственный аудит является важной частью системы управления финансами, согласно которой государственный аудит представляет собой неотъемлемый компонент управления общественными финансами.

Цель данной статьи является в выявлении основных механизмов взаимодействия органов государственного финансового контроля развитых стран мира с целью исключения дублирующих функции и координации всех органов государственного аудита и финансового контроля РК.

Для исследования выбраны страны, накопившие значительный опыт в сфере государственного аудита и продолжающие активно развивать процесс стандартизации в данной сфере.

Ключевые слова: государственный аудит и финансовый контроль, взаимодействия органов государственного аудита, международный опыт, аудиторский отчет, объемы аудита.

Анализ международного опыта показывает, что страна развивается демократическим путем лишь тогда, когда деятельность и устройство государства отвечают потребностям гражданского общества, интересам каждого гражданина. В этих условиях требуется установление единого и обязательного для всех граждан и институтов гражданского общества правового порядка и построения адекватной системы государственного аудита, которая была бы ориентирована на удовлетворение потребностей всего общества, защиту интересов граждан, в том числе в части делегирования (передачи) права распоряжения принадлежащей им собственностью. Именно поэтому в развитых странах вопросам организации государственного аудита уделяется особое внимание.

Так, на основе научного и системного подхода, а также комплексного взаимодействия вышестоящих государственных органов в стране можно определить основные направления государственного аудита, а также органов, осуществляющих государственный аудит.

В республике созданы органы осуществляющие внешний и внутренний контроль за исполнением республиканского и местных бюджетов.

Высшая аудиторская палата осуществляет внешний контроль за исполнением республиканского бюджета, за использованием активов государства, а ревизионные комиссии – контроль за исполнением местных бюджетов.

Комитет финансового контроля Министерства финансов осуществляет контроль за исполнением республиканского и местных бюджетов. В результате происходит дублирование контрольных мероприятий и тем самым снижается эффективность финансового контроля.

В целях исключения дублирующих функции органов государственного аудита действует Правила взаимодействия органов государственного аудита и финансового контроля (далее – Правила) согласно которому осуществляется порядок взаимодействия органов государственного аудита в РК. Применение Правил при взаимодействии Высшей аудиторской палаты Республики Казахстан, Комитета внутреннего государственного аудита, его территориальных подразделений, ревизионных комиссий областей, города республиканского значения, столицы по вопросам формирования перечня объектов аудита, оформления результатов и реализации материалов параллельной и совместной проверки, а также подготовки информации о показателях работы органов государственного аудита и финансового контроля. В случае дублирования проверок органы государственного аудита и финансового контроля обязаны согласовать между собой перечни объектов государственного аудита на соответствующий год и изменения к ним с целью исключения дублирования.

На основе изучения мирового опыта разработана Концепция внедрения государственного аудита в Республике Казахстан (далее – Концепция). В соответствии с Концепцией при взаимодействии органов происходит признание результатов органов государственного аудита.

Органами государственного аудита и финансового контроля признаются результаты государственного аудита, проведенного другими органами государственного аудита и финансового контроля, за исключением документов служб внутреннего аудита. В случаях признания результатов государственного аудита органы государственного аудита и финансового контроля сокращают объем государственного аудита, приняв за основу материалы государственного аудита, проведенного другими органами государственного аудита. Согласно Международному стандарту аудита («Лимская декларация») отчеты должны содержать факты, объективную и четкую их оценку и ограничиваться изложением наиболее значимых результатов работы. В соответствии с Принципом 6 ISSAI 10 «Мексиканская декларация независимости высших органов аудита» «Высшие органы аудита имеют право принимать решения относительно содержания своих аудиторских отчетов.

Рассмотрим зарубежный опыт касательно процедур формирования итоговых документов по результатам государственного аудита таких стран как Турция, Белоруссия, ОАЭ, Литва, Азербайджан.

Орган государственного аудита Азербайджана, в соответствии со статьей 27 Закона Республики Азербайджан о Счетной палате – «Обзор результатов мер внешнего финансового контроля»:

Результаты внешнего государственного финансового контроля, осуществляемого Счетной палатой, рассматриваются на Коллегии Счетной палаты.

Коллегия Счетной палаты принимает одно из решений об утверждении или не утверждении аудиторского заключения по результатам внешнего государственного финансового контроля:

Основанием для непризнания аудиторского заключения на заседании Правления Счетной палаты должно быть следующее:

1) несоответствие аудиторского заключения цели внешнего государственного финансового контроля и требованиям, предусмотренным в его программе;

2) неисполнение меры внешнего государственного финансового контроля в полном объеме;

3) отсутствие предложений в представленном аудиторском заключении или несоответствие подготовленных предложений результатам проведенного внешнего государственного финансового контроля.

Если аудиторский отчет не одобрен Правлением Счетной палаты, должны быть приняты дополнительные меры для устранения расхождений и определен срок его действия.

Решение Коллегии Счетной палаты направляется органам внешнего государственного финансового контроля и соответствующим сторонам, связанным с предметом контрольной меры, с целью устранения нарушений и недостатков, возмещения ущерба, причиненного государству, и привлечения лиц к ответственности.

Если в решении не указан другой срок, исполнение решений Счетной палаты должно быть выполнено в течение одного месяца, и Счетная палата должна быть проинформирована о мерах, принятых субъектами внешнего государственного финансового контроля.

Правление Счетной палаты может прекратить действие решения Правления Счетной палаты или внести в него изменения.

Согласно опыту Счетной палаты Белоруссии планирование, назначение и проведение проверки в отношении субъектов хозяйствования, а также оформление ее результатов осуществляется в соответствии с Указом Президента Республики Беларусь от 16.10.2009 № 510 «О совершенствовании контрольной (надзорной) деятельности в Республике Беларусь».

В соответствии с пунктом 59 Положения о порядке организации и проведения проверок, утвержденного названным Указом, по результатам проверки, в ходе которой выявлены нарушения актов законодательства,

составляется акт проверки. По фактам выявленных нарушений проверяющим в пределах его компетенции может быть составлен протокол об административном правонарушении и (или) вынесено постановление об административном правонарушении.

Результаты проверки, в ходе которой не выявлено нарушений актов законодательства, оформляются справкой проверки.

Акт (справка) проверки подписывается проверяющим (руководителем проверки).

Согласно информации Турецкого суда счетов (далее – ТСС) у BOA Турции есть функция обеспечения качества, которая соответствует принципам, изложенным как в рамках профессиональных заявлений INTOSAI (IFPP), так и в Системе контроля качества ISSAI 2220/ISA 220 для аудита финансовой отчетности. Руководства по аудиту ТСС содержат конкретные инструкции о том, как применять процедуры контроля качества и обеспечения гарантий. В ТСС все этапы аудита пересматриваются для обеспечения качества и эффективности. Основной целью проверки является обеспечение точности аудиторского заключения по финансовой отчетности, получение достаточных надлежащих аудиторских доказательств для обоснования аудиторского заключения и соответствие аудита законодательству, международным стандартам аудита и процедурам ТСС.

Обеспечение качества и эффективности аудита достигается с помощью «проверки во время аудита» и «проверки для обеспечения качества после аудита». Проверка в ходе аудита проводится в два этапа: Проверка первого уровня (подробная) и проверка второго уровня (общая). Первая проверка проводится в группах аудита. Руководитель группы рассматривает все рабочие документы, подготовленные аудиторами в их группах, в то время как руководитель аудиторской группы рассматривает рабочие документы, подготовленные руководителями групп, и те, которые были рассмотрены руководителем группы, которые он считает необходимыми. Вторая проверка проводится в качестве экспертной оценки комиссиями по оценке отчетов. В соответствии с Положением об управлении контролем качества Комиссии по оценке отчетов состоят из трех главных аудиторов, которые назначаются из числа команд Президентом. После завершения проверки Комиссии должны заполнить форму контроля качества, включающую основные вопросы для оценки качества аудиторского отчета.

После получения ответа объекта аудита соответствующая группа готовит проект окончательного отчета на основе ответа объекта аудита. Окончательный отчет также подлежит строгим процедурам контроля качества в соответствии с Законом № 6085. Перед выпуском аудиторских отчетов окончательные отчеты также рассматриваются Палатами, а затем Комиссией по оценке отчетов. Совет по оценке отчетов состоит из 11 членов Палат (президент ТСС, два председателя палат и по одному члену от каждой палаты) во главе с заместителем Президента, ответственным за аудит.

Помимо «аудиторских проверок», после проведения аудитов также проводится процедура обеспечения качества. «Проверки для обеспечения качества» выполняются Группой контроля качества, которая создается Президентством из аудиторов, обладающих достаточным профессиональным опытом и не участвовавших в аудите проверяемого лица. Президиум выбирает определенное количество аудитов из числа аудитов, завершаемых каждый год. Затем команды, которые независимы от аудиторской группы, проводят проверку для обеспечения качества после аудита. Среди критериев оценки также рассматриваются требования по обеспечению независимости и беспристрастности аудитора и соблюдению этических требований.

24 Todnem R. Organizational Change Management: A Critical Review, *Journal of Change Management* Vol. 5, No. 4, 369-380, December 2005 // https://www.researchgate.net/publication/233604011_Organizational_Change_Management_A_Critical_Review.

25 Мильнер Б. З. Теория организации. – М.: Инфра-М, 2013. – 123 с.

26 Набатников В.М. Организация предпринимательской деятельности. Учебное пособие. – Ростов-на Д.: Феникс, 2015. – 256 с.

27 Осипова Л.В., Синяева И.М. Основы коммерческой деятельности.

ҒТАМР 06.71.15

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ Е-COMMERCE НАРЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

М.А. Әзім

Магистрант, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қ.

Интернет көпшілікке қол жетімді болғаннан кейін қоғамның барлық салалары біртіндеп өзгерді. Осылайша, фирмалар, тұтынушылар және мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл өзгерді және бұған ықпал еткен факторлардың бірі электрондық сауданың танымалдылығының өсуі болды. Дәстүрлі сауда – бұл өндірушілер мен тұтынушылардың өзара әрекеттесу процесі, яғни өндірушілер тауарлар мен қызметтерді сатады және тұтынушылар сатып алады. Электрондық саудаға келетін болсақ, бұл сауда процесін жеңілдету үшін компьютерлік және коммуникациялық технологияларды қолдану.

Қазіргі уақытта интернет пен байланыс құралдары танымал бола бастағандықтан, электронды сауда қазіргі заманғы іскерлік қатынастарда басты алаңдаушылыққа айналды, сондықтан көптеген бизнес-қызметтер онлайн режимінде жүреді.

Ақпаратты, өнімдерді немесе қызметтерді онлайн-ресурстар арқылы беру, электрондық тәсілмен қызметтерді ұсыну және онлайн-әдістермен қарапайым сауданы ұйымдастыру – осының барлығы электрондық сауда ұғымын қамтиды.

Электрондық коммерция – электрондық саудадағы, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатудағы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет [1].

Кесте 1. Интернет арқылы сауданың көлемі.

мың теңге

Жылдар	2016		2019		2020		2021	
	Бөлшек	Көтерме	Бөлшек	Көтерме	Бөлше	Көтерме	Бөлше	Көтерме
Сауда түрі		е		е	к	е	к	е
Тапсырыстар саны, бірлік	15 374 526	3 286 315	25 888 103	4 005 100	88 715 137	5 470 567	45 439 713	2 572 970
Көлемі, барлығы	78 500 555	67 740 987	206 253 961	108 60 3 213	476 65 1 451	275 10 5 434	481 97 8 707	209 76 1 002
Соның ішінде:								
Азық-түлік тауарлары	2 959 833	4 593 406	-	-	-	-	-	-
Азық-түлік емес тауарлары	75 540 722	63 147 581	-	-	-	-	-	-

Олардан:								
компьютерлер, шалғай жабдықтар және бағдарламалық қамтамасыз ету	6 755 854	2 684 216	12 681 8 68	2 193 936	43 642 891	3 278 171	53 852 416	3 821 102
аудио және бейне аппаратура	1 057 041	17 844	4 701 985	554 750	8 097 135	126	8 524 019	3 541
Электрлік тұрмыстық құралдар	8 254 418	139 877	8 510 279	377 533	29 517 513	1 384 681	60 910 145	1 102 240
Жиһаздар	181 223	275 005	1 933 567	39 916	3 136 286	21 530	8 352 543	-
Кітаптар	1 382 62 5	-	1 884 484	-	2 978 322	8 838	2 577 521	65 666
Кеңсе тауарлары	784 453	28179	3 854 431	144 344	61 158 816	104 14 3 246	2 600 632	1 122 700
Музыкалық аудио және бейне жазбалары	37 367		1 105 903	-	169 027	-	-	-
Ойындар және ойыншықтар	469 677	4215	9 854 077	-	1 587 847	2 260 513	-	-
Киім	5 632 389	4 242 505	11 941 372	-	16 449 516	17 588 425	-	24 693
Аяқ-киім	7 879 068	2 515 379	12 472 089	-	15 129 568	-	-	-
Құрылыс заттары	13 666 723	345 635	5 490 003	2 497 679	18 559 671	5 533 254	30 335 266	1 985 246
автомобильдерг е арналған бөлшектер және керек жарақтар	7 968 189	20 027 908	18 671 856	2 797 294	28 209 862	16 458 675	-	10 890 751
Гүлдер	26 649	-	502 846	-	531 589	-	-	-
Зергерлік бұйымдар және сағаттар	111 105	-	740 158	-	4 603 492	-	-	-
косметикалық тауарлар мен дәретханалық керек-жарақтар	11 941 812	22 911 997	56 707 079	19 191 392	41 527 318	17 704 639	-	17 524 869
Фармацевтикал ық тауарлар	563 066	1 022 414	1 239 433	5 796 860	7 948 188	16 941 195	3 391 463	16 924 758
Өзгелер	8 829 063	8 651 268	53 962 531	73 986 752	193 40 9 318	89 782 140	171 89 2 283	154 97 5 829

Ескерту: кесте ресми дереккөздің негізінде жасалған [2].



Ескерту: диаграмма ресми дереккөздің негізінде жасалған [2].

2016 жылы Интернет арқылы бөлшек сауда көлемі 78,5 млрд. теңгені құрады. Негізгі үлесін құрылыс материалдары (Интернет арқылы бөлшек сауданың жалпы көлемінен 17,4%), косметикалық тауарлар мен дәретханалық керек-жарақтар (15,2%), тұрмыстық электр құралдар (10,5%) құрайды. Электрондық көтерме сауда айналымы 67,7 млрд. теңгені құрады.

2019 жылы Интернет арқылы бөлшек сауда көлемі 206,3 млрд. теңгені құрады. Негізгі үлесін косметикалық тауарлар мен дәретханалық керек-жарақтар (27,5%), ұялы байланысқа немесе өзге де сымсыз байланысқа арналған телефондар (11%), автомобильдерге арналған бөлшектер және керек-жарақтар (9,1%) құрайды. Интернет арқылы көтерме сауда көлемі 108,6 млрд. теңгені құрады. Интернет арқылы қызметтерді өткізу көлемі 121,2 млрд. теңгені құрады. Негізгі үлесін көлік билеттерін өткізу (46,1%), орналастыру орындарын брондау және көрсетілетін қызмет төлемдері (10,5%) құрайды.

2020 жылы Интернет арқылы бөлшек сауда көлемі 476,7 млрд. теңгені құрады. Негізгі үлесін кеңсе тауарлары (12,8%), ұялы байланысқа немесе өзге де сымсыз байланысқа арналған телефондар (10,1%), компьютерлер, шалғай жабдықтар және бағдарламалық қамтамасыз ету (9,2%) құрайды. Интернет арқылы көтерме сауда көлемі 275,1 млрд. теңгені құрады. Интернет арқылы қызметтерді өткізу көлемі 209,2 млрд. теңгені құрады. Негізгі үлесін көлік билеттерін өткізу (19,7%), орналастыру орындарын брондау және көрсетілетін қызмет төлемдері (5,1%), құрайды.

2021 жылы Интернет арқылы бөлшек сауда көлемі 482 млрд. теңгені құрады. Интернет арқылы көтерме сауда көлемі 209,8 млрд. теңгені құрады. Интернет арқылы қызметтерді өткізу көлемі 350 млрд. теңгені құрады. 2021 жылға тауарлар мен қызметтерге ақы төлеудің қолданылатын тәсілдері

бойынша неғұрлым басым үлес төлем карточкалары (25,7%), банктік және пошта аударымдары (23%), қолма-қол ақша (21,3%), электрондық терминал (12,1%), телефон (10,2%) және төлемдердің басқа түрлері (7,7%) болып табылады.

Сауда – Қазақстанда экономикалық өсудің маңызды драйвері болып табылады.

Қорытындылай келе, жоғарыда берілген интернет арқылы өтетін сауданың, қызметтердің статистикасының өзгеру динамикасынан Қазақстандық е-commerce нарығы 2017-2021 жылдары аралығында жыл сайын өскенін байқадық. 2021 жылы 2017 жылға қарағанда интернет арқылы бөлшек сауда көлемі 106,9 млрд. теңгеден 482 млрд. теңгеге; көтерме сауда көлемі 87,2 млрд. теңгеден 209,8 млрд. теңгеге; қызметтерді өткізу көлемі 70,3 млрд. теңгеден 350 млрд. теңгеге өскен. Соңғы 5 жылда бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі 1,2-дан 3,6 %-ға, ал көтерме сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі 0,3-дан 0,7 %-ға өскен. Бұдан мемлекеттің қолданып жатқан саясатының негізінде электронды коммерция нарығының қысқа мерзімде үлесі артқанын байқамыз. Тоқтала кетсек, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының (ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 311 қаулысымен күші жойылған) міндеттерінің бірі – Электрондық сауданы дамыту болды. Нысаналы индикаторының бірі – 2022 жылы бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі – 2,6% жеткізу. (Статистикаға сәйкес, 2018 ж.– 1,4, 2019 ж. – 1,8%, 2020 ж. – 4,1% үлесін қамтыған). [3].

Ескере кететін жайт, 2019 жылы адамдар COVID-19 инфекциясының алдын-алу үшін желіге ауысып, электрондық коммерцияның өсуі жылдам қарқында болды. Тек, елде емес бүкіл әлемде көрініп тұрғандай, пандемия кезінде электрондық коммерцияны пайдалану күрт өсті, өйткені тұтынушылар COVID-19 вирусын жұқтырмас үшін онлайн сатып алған. Қосалқы дүкендер мәжбүр болғандықтан шектеулерге байланысты уақытша жабылу үшін бөлшек саудагерлер кейбір сатылымдардың жалғасуын қамтамасыз ету үшін өз тауарларын онлайн сатуға көшуге мәжбүр болды. Электрондық коммерцияның әлеуметтік желілерге интеграциясы сонымен қатар Instagram сияқты ірі әлеуметтік медиа ойыншыларымен транзакциялардың көбеюіне ықпал етті, олар тез арада виртуалды көрме залдарынан сауда алаңдарына айналды. Мысалы, қазір кейбір платформалар платформада «сатып алу» батырмаларын көрсетеді, сонымен қатар тапсырыс беру мен жеткізуді жеңілдетеді.

Сонымен қатар, осы уақытта дамыған және дамушы елдерде электрондық сауда қарқынды дамуда, оның оң әсері бизнес саласына ғана емес, тұтастай алғанда, елдегі халықтың өмір сүру сапасына да таралады. Атап айтқанда, электрондық коммерцияның арқасында, мысалы халықаралық саудаға тартылу есебінен халық төмен бағалармен көптеген тауарларға қол жеткізе алады.

Халықаралық тәжірибеге сай, электрондық төлемдерді қабылдауды арттырсақ, мобильдік төлемдерді жүзеге асырудың оңайлатылған механизмі,

сонымен бірге, кәсіпкерлерге қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыруды ынталандыруды дамыту, электрондық шот-фактураларды пайдалануға толық көшу есебінен электрондық коммерцияның дамуына қол жеткізу болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі №544 Заңы.

2 Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ішкі сауда статистикасының 2013-2021 жылдарға арналған есебі. URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/17/statistic/5>.

3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

ҒТАМР 27.01.45

ГЕОГЕВРА БАҒДАРЛАМАСЫ КӨМЕГІМЕН МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

А.Т. Бейсенова

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада кеңінен таралған компьютерлік жүйе GeoGebra-ны мектеп математика курсына оқытуда дидактикалық құрал ретінде қолданысқа енгізудің маңызы мен ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, мектеп оқушыларына жүргізілген эксперимент нәтижелері сарапталады. Жасалған жұмыстың мақсаты GeoGebra пакетін визуализация, есептеу, математикаға деген қызығушылық пен сенімділікті нығайту, пәнді үйренуге деген мотивацияны ояту құралы ретінде пайдаланудың әртүрлі тәсілдерін жалпылауға бағытталған. Жалпы зерттеу жұмысы GeoGebra-ны мектеп оқу бағдарламасында математика пәніне енгізу туралы пікірде жүрген, қызығушылық танытқан педагогтарға пайдалы болу керек.

Түйін сөздер: математика, GeoGebra, Манн-Уитни статистикалық критерийі, компьютерлік бағдарламалар, мультимедиялық құрал.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды математика пәнін үйретуде көмекші құрал ретінде пайдалану кеңінен таралуда. Олар педагогтарға білім алушылардың ақпараттық мәдениетін және шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, қызметтің тиімділігін арттыруға, оқу процесін модернизациялауға мүмкіндік береді [1]. Кеңінен таралған GeoGebra компьютерлік бағдарламасын математиканың әртүрлі бағыттарында қолдануға болады: сызықтық және квадрат теңдеулерді визуализациялау; тригонометриялық және логарифмдік функцияларды, модулі бар функцияларды визуализациялау; туынды ұғымын зерттеу; жазықтықтағы фигураларды құру; көпбұрыштардың периметрі мен ауданын анықтау [2].

Әрбір математика мұғалімі өзінің арсеналына «GeoGebra» қосымшасын енгізуге ұмтылу қажет, себебі бұл бағдарлама математика сабақтарын әртараптандыруға, оқыту сапасының деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Яғни, математика пәнінде компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы білім алушылар мультимедиялық құралдармен, шығармашылық тапсырмалармен жұмыс жасау дағдысын дамытады [3].

Ұсынылған әдістеменің тиімділігін тексеру мен дәлелдеу мақсатында Тараз қаласының №54 орта мектебінің оқушыларымен эксперименттік жұмыс

жүргізілді. 2021-2022 жылдар аралығында жүргізілген эксперимент үш тәжірибелік кезеңнен тұрады: айқындаушы кезең, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері.

Айқындаушы кезеңінің негізгі мақсаты – оқушылардың білім деңгейін, тапсырмаларды шешу, өз бетінше және топта бірлесе жұмыс істеу қабілеттерін анықтау. Сонымен қатар, математиканы оқыту сапасы мен оқыту процесінде оқушылардың туындайтын қиындықтарын табу болып табылады. Экспериментке 7 мен 9 сынып аралығынан 83 оқушы қатысты. Айқындаушы кезеңінің негізгі әдістері: мектепте математика сабақтарына қатысу; математиканы оқыту процесінде туындайтын проблемалар туралы мұғалімдермен және оқушылармен әңгімелер жүргізілді, 7-9 сыныптарға арналған Алгебра бойынша оқу бағдарламалары талданды. Зерттеу барысында берілген тапсырмаларды шешу тек үлгі бойынша жүргізілетіні анықталды, ал бұл өз кезегінде көптеген оқушылардың математикаға деген қызығушылықтарын әлсіретуде. Яғни, зерттеу нәтижесінде оқушылардың математика курсын оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру қажеттілігі бар екені туралы қорытынды жасалды.

Келесі қалыптастырушы кезеңі, зерттеу жұмысында ұсынылған оқытуды ұйымдастыру әдістемесіне сәйкес математика сабақтарын өткізуден тұрады: оқушылардың танымдық белсенділігін көрсететін оқыту әдістері мен формаларын қолдана отырып сабақтар өткізу, жаңа материалды түсіндіруде кейбір математикалық ұғымдарды визуализациялау үшін компьютерлік бағдарламалардың мүмкіндіктерін зерттеу. Эксперименттің осы кезеңінің негізгі мақсаты– әдістеменің қажетті компоненттерін анықтау, математиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін қарау болып табылады. Осы кезеңде №54 мектептің 8-сыныптарында өткізілді. Эксперименттік сыныпта 24 оқушы, ал бақылау сыныптарында 23 және 21 оқушыдан болды.

2021-2022 оқу жылының басында білім алушылардан білім деңгейлерін анықтау мақсатында бақылау жұмыстары алынды, және нәтижесінде дәстүрлі оқыту әдістемесімен оқу материалын қабылдауда қиындықтар бар екені анықталды. Оқушылардың топта жұмыс жасауы, пәнге қызығушылығы, тақырыпты түсіну жылдамдығымен мәселелер болды. Оқу жылының соңында оқушылардың білім деңгейі мен сапасындағы өзгерістерді анықтауға бағытталған екінші бақылау жұмыстары жүргізілді, және нәтижесінде мұғалімдер мен оқушылар үшін математиканы оқытуды ұйымдастырудың ең қолайлы әдістемесі сынақтан өтіп, математиканың негізгі ұғымдарын визуализациялау үшін GeoGebra компьютерлік бағдарламасын қолданудың маңыздылығы расталды.

Бақылау кезеңінде оқытуды ұйымдастырудың нақтыланған әдістемесіне сәйкес сабақтар өткізілді; ұсынылған оқыту әдістемесін жалпылау, жүйелеу және нақтылау бойынша жұмыс жүргізілді; жүргізілген эксперименттің нәтижелерін өңдеу жүзеге асырылды. №54 орта мектепте эксперименттік топ оқушыларының саны – 51 адам, бақылау сыныбында – 22 адам. Оқу жылының басында бақылау жұмысы жүргізілді. Эксперимент жүргізілген уақыт аясында

оқушылардың алған білімдерінің нәтижелері жоғары, орта және төмен секілді үш деңгеймен қорытындыланды. Математика пәнін оқытуды ұйымдастырудың әзірленген әдістемесінің тиімділігін анықтау және жүргізіліп жатқан педагогикалық эксперименттің сандық және сапалық көрсеткіштерін есептеу үшін Манн-Уитни статистикалық критерийі қолданылды, және ол келесі формула бойынша есептеледі:

$$U = n_x \cdot n_y + \frac{n \cdot (n + 1)}{2} - T \quad (1)$$


мұндағы n_x – бірінші X таңдамасының көлемі; n_y – Y таңдамасының көлемі; n – рангілерінің қосындысы үлкен таңдаманың көлемі; T – рангілер қосындыларының үлкені [4].

Кесте 1. Оқушылардың бақылау жұмыстарының нәтижелерін салыстырмалы талдау.


Топ	Топ оқушы- н саны	Баға алған оқушылар саны				Білім сапасы	Үлгерімі
		5	4	3	2		
Экспериментке дейінгі бақылау жұмысының нәтижелері							
Эксперименттік	75	12	34	25	4	61	95
Бақылау	66	10	33	20	3	65	95
Эксперименттен кейінгі бақылау жұмысының нәтижелері							
Эксперименттік	75	20	45	10	-	87	100
Бақылау	66	12	32	29	3	66	96

Бақылау жұмысында «2» және «3» бағаларын алған оқушылар – төмен деңгей, «4» бағасы – орташа деңгей, «5» бағасы – жоғары деңгей деп бағаланды, және салыстырмалы талдауы көрсетілді (сур. 1,2).


Экспериментке дейін



Эксперименттен кейін



Сурет 1. Эксперименттік топ оқушыларының білім деңгейлері.



Сурет 2. Бақылаушы топ оқушыларының білім деңгейлері.

Эксперименттің қорытындысы бойынша, белсенді оқыту әдістері мен GeoGebra компьютерлік бағдарламасын қолдану бойынша әзірленген әдістемелік нұсқаулар, математика курсының оқытудың тиімділігін арттыруға, дамуға әсер етеді. Оқушыларға оқу мақсаттарына жеткілікті деңгейде қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Абылкасымова А.Е., Рыжаков М.В. Содержание образования и школьный учебник. – М.: Арсенал образования, 2012. – 224 с.
- 2 Ларин С.В. Компьютерная анимация в среде GeoGebra на уроках математики: учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Легион, 2015. – 192 с.
- 3 Алгебра. Учебник для 8 кл. общеобразоват.шк. / Абылкасымова А.Е., Жумагулова З.А., Абдиев А., Корчевский В.Е. – Алматы: Мектеп, 2016. – 176 с.
- 4 Нурбаева Д.М., Туяков Е.А. Возможности использования компьютерной программы GeoGebra в обучении курсу алгебры в школе и педвузе / Материалы международной научно-практической конференции 123 «Цифровое образование – передовые знания и компетентность» в рамках духовного возрождения. – Аркалык, 2018. – С. 55-60.

ҒТАМР 29.29.01

АТОМ МОДЕЛІН ҚҰРУ КЕЗІНДЕ PHET ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ

Т.А. Мәкбай

Магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру кезінде қойылатын талаптарға айтарлықтай елеулі әсерін тигізуде. Бұл мақалада атом физикасы курсы оқытуда Phet виртуалды зертхана платформасын қолдану әдістері, атом құрылымының құрамын жасау және оқыту кезінде түсінікті болу үшін виртуалды зертхана жұмысы қалай жүргізілетіні туралы сөз айтылады. Көптеген мектептерде зертханалық жұмыс жасауға құрал-жабдықтардың жетіспеу мақсатында интерактивті технологияларды тиімді пайдалану, атап айтқанда Phet виртуалды зертхана платформасын қолдану әлдеқайда тиімді болып табылады.

Түйін сөздер: өз бетімен білім алу, интерактивті технология, атом құрылымы, виртуалды зертхана жұмысы, протон, нейтрон, Phet платформасы.

Ақпараттық технологияларын оқыту кезінде пайдалану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасы мен шығармашылық зерттеу қызметін арттыруға мүмкіндік береді. Олардың дүниетанымдылығы және командада жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыру мақсатында *Phet платформасын* атомдық физика курсы оқытуда атомның моделін жасау кезінде қолдану жолдары қарастырылады. Жаңа бағдарламаларды оқыту кезінде пайдалану магистранттардың өз бетімен білім алуын арттыруға және олардың практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндігі зор.

Атомдық физиканың дамуы ХХ ғасырдың басында, 1911 жылдары Э.Резерфорд жасаған тәжірибелерден және атом құрылысының күрделі құрылымға ие екендігі анықталғаннан бастау алған.

Грек тілінен аударғанда «атом» сөзі «бөлінбейтін» дегенді білдіреді. Алайда, оның бөліну мүмкіндігін көрсететін құбылыстар ашылды. Бұл рентген сәулелерінің шығуы, катодтық сәулелердің шығуы, Фотоэффект құбылысы, радиоактивтілік құбылысы. Электрондар, протондар және нейтрондар-атомды құрайтын бөлшектер. Олар субатомдық бөлшектер деп аталады.

Протондардан басқа, көптеген атомдардың ядросының құрамына ешқандай заряд көтермейтін нейтрондар кіреді. Нейтронның массасы протоннан іс жүзінде ерекшеленбейді. Протондар мен нейтрондар атом

ядросын құрайды және нуклондар деп аталады (нуклеус ядросы). Олардың зарядтары мен массалары атомдық масса бірліктерінде (а.е.м.). Атомның массасын есептеу кезінде электронның массасын елемеге болады. Атомның массасы (массалық сан) протондар мен нейтрондардың ядросын құрайтын массалардың қосындысына тең. Бұл шаманың атауынан оның элементтің бүтін санға дөңгелектелген атомдық массасымен тығыз байланысты екендігі көрінеді. $A = Z + N$ Мұнда A -атомның массалық саны (протондар мен нейтрондардың қосындысы), Z – ядро заряды (ядроғағы протондар саны), N – ядроғағы нейтрондар саны. Изотоптар туралы ілімге сәйкес «химиялық элемент» ұғымын келесідей анықтауға болады: Химиялық элемент-ядро заряды бірдей атомдар жиынтығы.

Кейбір элементтер бірнеше изотоптар түрінде болады. «Изотоптар ««бір орынды иемдену» дегенді білдіреді. Изотоптардың протондар саны бірдей, бірақ массасы бойынша ерекшеленеді, яғни ядроғағы нейтрондар саны (n саны). Нейтрондар элементтердің химиялық қасиеттеріне іс жүзінде әсер етпейтіндіктен, бір элементтің барлық изотоптары химиялық жағынан ажыратылмайды. Изотоптар ядро заряды бірдей (яғни протондар саны бірдей), бірақ ядроғағы нейтрондар саны әртүрлі химиялық элементтің атомдарының сорттары деп аталады. Изотоптар бір-бірінен тек массалық санмен ерекшеленеді. Бұл оң жақ бұрыштағы жоғарғы индексмен немесе ^{12}C немесе C-12 жолымен көрсетіледі. Егер элементте бірнеше табиғи изотоптар болса, онда Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесінде оның таралуын ескере отырып, оның орташа атомдық массасы көрсетіледі. Мысалы, хлордың құрамында ^{35}Cl және ^{37}Cl 2 табиғи изотоптары бар, олардың мөлшері сәйкесінше 75% және 25% құрайды. Осылайша хлордың атомдық массасы болады:


$$A_r(\text{Cl})=0,75\cdot 35+0,25\cdot 37=35,5$$

Ауыр жасанды синтезделген атомдар үшін төртбұрышты жақшадағы Атом массасының бір мәні келтірілген. Бұл берілген элементтің ең тұрақты изотопының атомдық массасы. Атом құрылымының негізгі модельдері Тарихи тұрғыдан 1897 жылы бірінші болып Томсон атомының моделі болды.

Мақалада *Phet* платформасының көмегімен атомды құру жолдарына зертхана жасау және оны визуализациялау қарастырылады. Жалпы бұл платформаны біз не себепті қолданамыз?– деген сұраққа жауап бере кетсем, қазіргі таңда көптеген мектеп қабырғаларында зертханалық жұмыстарды жасау мүмкін емес. Себебі, толығымен керекті құрал-жабдықтардың болмауы, оған қоса уақыттың да жетіспеуі. Әр өтілген бөлім сайын кітаптарда зертханалық жұмыстар беріледі. Бірақ ол орындаусыз қалып жатады. Оқушылар соның салдарынан түсінбей қалады, негізінен 7 сыныптан басталған жалпы физика курсына оқушылар не екенін түсіну үшін оқытушы тек қана айтып түсіндіріп қана қоймай, есте қалардай көздеріне көрсетіп не екенін ұғындыру керек.

Мен өзім мектепте физика пәні мұғалімі ретінде 7-сыныптар арасында зертханалық жұмыстар жасау кезінде проблемалар туындағандықтан

виртуалды зертхана жұмыстары бар платформалар іздеуге бекіндім. Және оны тауып оқушылар арасында кішігірім зерттеу жұмыстары арқылы мониторинг жүргіздім. Мониторинг нәтижесі:



Қарапайым зертхана жұмысы – 44,5% пайызды құрап тұр.

Phet платформасы жұмысы – 86% пайызды құрады. Осы мониторинг нәтижелеріне сүйенсек, бұл платформамен оқушылар үйде де қалаған жұмыстарын орындай алады. Мектеп қабырғасында тақырыпты түсіну және түсіндіру тікелей уақыттың еншісінде болып табылады. Мұғалім ретінде менің мақсатым уақытты ұтымды пайдалана отырып қазіргі заманның талаптарына сәйкес ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқушылардың білім сапасын арттыру. Мен үшін осы Атомдық физика курсындағы тақырыптарды оқушыларға түсіндіру қиындық тудырады. Себебі, атом молекулаларын тек микроскоп арқылы көре алғандықтан және ол құрылғының мектептен табылмауы әрі 25 баламен бір ғана микроскоппен жұмыс жасау мүмкін еместігі мәселе тудырып отыр. Осы мәселені шешу барысында Phet платформасын пайдаланып көремін деген ойға бекіндім. Платформамен жұмыс қалай жасалатынын көрсете кетейін. Ол үшін ең алдымен phet.colorado.edu сайтына кіріп, физика бөлімін таңдап, керекті зертхана жұмысымыздың атауын жазамыз. Атомды құру зертханасын тауып аламызда мақсаттарымызға тоқталамыз.

Оқыту мақсаттары:

- Атом моделін салу, элементті анықтау, массасы мен зарядын анықтау үшін протондар, нейтрондар, электрондар санын пайдалану.
- Протонның, нейтронның немесе электронның қосылуы немесе алынуы элементті, зарядты, массаны қалай өзгертетінін болжау.

- Протондар, нейтрондар, электрондар санын анықтау үшін элемент атауын, массасын, зарядын пайдалану.
- Протонды, нейтронды, электронды, атомды, және ионды анықтайды.
- Протондар, нейтрондар, электрондар санын ескере отырып, атом үшін ИЗОТОПТЫҚ СИМВОЛ ЖАСАУ.

Protons: ●●●●●
Neutrons: ●●●●●
Electrons: ●●●●●

- Ion

Beryllium
Unstable

Model:
 Orbits
 Cloud

Protons Neutrons Electrons

Element

H	He																
Li	Be	B	C	N	O	F	Ne										
Na	Mg	Al	Si	P	S	Cl	Ar										
K	Ca	Sc	Ti	V	Cr	Mn	Fe	Co	Ni	Cu	Zn	Ga	Ge	As	Se	Br	Kr
Rb	Sr	Y	Zr	Nb	Mo	Tc	Ru	Rh	Pd	Ag	Cd	In	Sn	Sb	Te	I	Xe
Cs	Ba	La	Hf	Ta	W	Re	Os	Ir	Pt	Au	Hg	Tl	Pb	Bi	Po	At	Rn
Fr	Ra	Ac	Rf	Db	Sg	Bh	Hs	Mt	Ds	Rg	Cn	Uu	Fl	Uue	Lv	Uuo	

Symbol

7 -1

Be

4

Show

Element
 Neutral/ion
 Stable/Unstable

Build an Atom

PIET

Бериллий (Beryllium; Be) – атомдық нөмірі 4, атомдық массасы 9,0122, жеңіл, ашық сұр түсті металл. Бериллий – 4 протоннан, 3 нейтроннан, 5 электроннан тұратынын анықтадық. Ол үшін алдымен біз бос тұрған пернетақтаға керекті сан мәнінде электрон нейтрон протонды таңдап аламыз.

Яғни формулаға салып, кез келген керекті химиялық элементтің протон нейтрон сандарын анықтай аламыз. Дәл сол сияқты гелий атомын алсақ:

Гелий (Helium; He) – атомдың нөмері – 2, атомдық массасы – 4,0026. Бұл жұмыста протон, нейтрон, электрон мәндері 2-ге тең екенін көріп отырмыз. Осылай жұмыстарымыз ары қарай жалғасын таба береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Основные сведения о строении атома. Часть 1. Строение атома. Основные модели строения атома. Видеоурок.
- 2 Сорокин А.В. Физика: бақылау, эксперимент, модельдеу. Элективті курс: оқу құралы. – М.: Бинوم. Білім зертханасы, 2016. – 320 б.
- 3 Башарұлы Р. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 208 б.

ҒТАМР 31.17.15

БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯДАН БІЛІМгерлердің пәндік құзыретін қалыптастыру әдістемесі

Н.А. Алтынбекова, М.К. Калабаева, Б.Б. Татыкаев

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Мақалада пәндік құзіреттілікті қалыптастыру арқылы химиялық білім берудің алғышарттары талданған. Мектептегі бейорганикалық химия курсының пәндік құзіреттілігінің мазмұны және оны қалыптастыру әдістемесі қарастырылған. Бейорганикалық химия пәнін оқытудағы негізгі ұғымдар сараланып, пәндік құзыреттілікті қалыптастырудың алғышарттары топтастырылды. Химиялық ұғымдарды жүйелеу, бойынша пәндік құзіреттілікті қалыптастыру үшін химиялық ұғымдардың, заңдардың, ережелердің тұжырымдарын білу және түсіну, зат және оның қасиеттерін оқыта отырып пәндік құзыретті қалыптастырудың тәсілдері талданды.

Түйін сөздер: құзыреттілік, бейорганикалық химия, оқыту әдіс-тәсілдері.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі: жеке адамның шығармашылық, рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», – деп атап көрсетілген [1].

Жалпы білім беру жүйесінің қазіргі жаңартылған мазмұндағы сипаты, ғылым мен білім беру саласын интеграциялау, зерттеуге бағыттау т.б. мақсаттылық пәнді игеруге, білім беруге тың өзгерістер алып келді. Осыған байланысты білім беру мекемелерінің түрлері үшін олардың әлеуметтік-мәдени, танымдық, ғылыми және практикалық бағытын, оқытудың сабақтастығын ескере отырып, жаратылыстану-ғылыми білім беру мазмұнын әзірлеу қажеттілігі туындады [2]. Оқытудың сабақтастығы мектептегі жаратылыстану-ғылыми білім берудің өзекті міндеті болып табылды. Сабақтастық оқушының жеке басының танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру міндеттерін шешеді, мектеп түлектерінің оқу-танымдық қызметін жандандыратын ынталандырушы фактор болып табылады. Ресей ғалымы Питер Клайн: «Баланы өз бетімен зерттеуге машықтаған сайын одан әрі жақсы оқи түседі» – деген.

Қазіргі таңда білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, білім беру парадигмасы өзгерді. Мұғалімнің алдындағы жаңаша міндеттердің бірі –

оқушының өздігінен білім алуына жағдай туғызу, пәнді игеруде арнайы құзыреттіліктерге ие болуға бағыттау болып отыр. Білім беру саласындағы әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылуға орай жасалынып жатқан өзгерістер мектеп білімгерлерінің дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен шығармашылық қабілетін дамытуды міндеттейді [3]. Ал мектеп бағдарламасында негізінен білімгерлерді ғылыми-зерттеуге үйрету, зерттеушілік білігін қалыптастыру көбінесе ғылыми жоба жұмыстарымен айналыстыру, жоба жұмысын іске асыру әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Сондықтан, қазіргі қоғамда адам өз саласында сауатты болу үшін өз бетінше білім ала білуі керек. Заманауи ақпараттық технологияларда білімге қол жеткізу қарапайым. Қазіргі білім беруде білімнің максималды мөлшерін емес, ақпаратты түсіну қабілетін қалыптастыруды көздеу маңызды. Мәселені түсіну жаңа ұғымдардың осы білім құрылымында бұрыннан бар қатынастармен байланысы анықталған кезде пайда болады. Сонымен, дамыған ақыл-ой белсенділігі қажет, өйткені ойлаудың негізі әртүрлі ұғымдар мен құбылыстар арасындағы байланысты анықтау болып табылады. Аталған мәселелерді ескере отырып жаңа ұғымдар мен пәндік түсініктерді игеру, ойлау әрекеті арқылы дамыта оқытуды жүзеге асыру үшін әртүрлі тәсілдер ұсынылады: материалды жедел зерттеу, оқу процесін күшейту, оқытуды даралау [4-5]. Дамыта оқытуды жүзеге асыру үшін осы мәселеге ерекше назар аудару қажет екені анық. Яғни, сабақта оқушылардың белсенді және тәуелсіз іс-әрекетінің мазмұнын анықтау, ең бастысы-оның нақты мақсатын тұжырымдау. Мұндай мүмкіндікті жоғарыда айтылғандай, құзыреттілік тәсіл береді: құзыреттіліктің нақты тұжырымы оқушылардың іс-әрекетінің нақты түпкі мақсатын анықтайды. Пәндік, пәнаралық және негізгі құзыреттерді қалыптастырудың өзіндік стратегиялық мақсаттары болады. Мақсатты нақты тұжырымдау оған қол жеткізуді айтарлықтай жеңілдетеді, яғни нақты тұжырымдалған оқу мақсаттары бұл процесті әлдеқайда тиімді ететіні анық.

Пәндік құзыреттілікті қалыптастыруға тоқталайық. Бейорганикалық химия пәнін оқытудағы пәндік құзыреттілік нені білдіреді? Мектептегі химия курсына оқытуда негізгі ұғымдар зат және оның қасиеті, зат қасиетінің оның құрылымына тәуелділігіне байланысын зерттеуден басталады.

Сонымен, мектептегі химия курсына оқытудағы пәндік құзыреттілікті келесідей топтастыруға болады: заттың құрылымын анықтай білу және осы негізде оның қасиеттерін болжай білу, оларды химиялық теңдеулермен сипаттау. Бұл екеуі мектепте химия пәнін оқытудың стратегиялық мақсаттары болып табылады. Олар құзыретті адамның негізгі сипаттамаларына сәйкес келеді: таңдалған іс-әрекеттегі білімнің жоғары деңгейі оқушылардың пәндік құзыретке ие екендігін айқындайды [6-8]. Бейорганикалық химия пәні бойынша пәндік құзыреттілікті қалыптастыру үшін химиялық ұғымдардың, заңдардың, ережелердің тұжырымдарын білу және түсіну, зат және оның қасиеттерін (физикалық, химиялық) ажырату жатады.

Кесте 1. Негізгі бейорганикалық химия пәні бойына ұғымдар.

Р/с	Ұғым бөлімдері	Тақырыптар
1	Зат туралы негізгі ұғымдар	<p>Зат дегеніміз не.</p> <p>Заттың құрылымдық бөлшектері (анықтамасы, мысалдары).</p> <p>Заттар мен материалдарды жіктеу.</p> <p>Құрамы бойынша: қарапайым және күрделі заттар (анықтамасы, мысалдары).</p> <p>Құрамы мен қасиеттері бойынша күрделі заттардың жіктелуі, заттардың класы, мысалдар келтіріңіз.</p> <p>Оксидтер (анықтама, мысалдар).</p> <p>Оксидтерді қасиеттері бойынша жіктеу (қышқыл, негіз, амфотерлік және бейтарап оксидтерді анықтау, мысалдар).</p> <p>Қышқылдар (құрамы бойынша жіктелуі).</p> <p>Қышқылдардың құрамы, ерігіштігі, мысалдары бойынша жіктелуі.</p> <p>Диссоциация дәрежесі бойынша қышқылдардың жіктелуі (күшті, орташа және әлсіз қышқылдарды анықтау, мысалдар).</p> <p>Негіздер (қасиеттері).</p> <p>Негіздерді ерігіштігі, құрамы, диссоциация дәрежесі бойынша жіктеу (анықтамалар, мысалдар).</p> <p>Тұз (құрамы бойынша жіктелуі, анықтамасы).</p> <p>Тұздардың құрамы бойынша жіктелуі (қалыпты, қышқыл, негізгі, қос және аралас тұздардың анықтамалары, мысалдар).</p> <p>Қатты күйдегі құрылымдық бөлшектердің орналасуы бойынша заттардың жіктелуі (кристалды және аморфты заттардың анықтамалары, мысалдар).</p> <p>Кристалдық тор (анықтау).</p> <p>Кристалл торларын құрылымдық бөлшектердің түріне қарай жіктеу (атомдық, молекулалық, иондық кристалл торларын анықтау).</p> <p>Ерітінділердің электр өткізгіштігі бойынша заттарды жіктеу (электролиттер, мысалдар келтіру).</p> <p>Электролиттерді диссоциация дәрежесі бойынша жіктеу (анықтамалар, мысалдар).</p>
2	Заттың құрылысы бойынша негізгі ұғымдар	<p>Химиялық элемент-анықтама.</p> <p>Изотоптар, сутегі изотоптары.</p> <p>Атом-анықтама.</p> <p>Молекула-анықтама, мысал.</p> <p>Ион-анықтама, мысал.</p> <p>Катиондар мен аниондар-анықтама, мысалдар.</p> <p>Аллотропия-анықтама, мысалдар.</p> <p>Химиялық байланыс-анықтама, байланыс негізіндегі күштер.</p> <p>Байланыстың қалыптасу шарттары.</p> <p>Байланыстың электрондық жұбының жағдайы бойынша байланыстардың жіктелуі (анықталған-ковалентті полярлы емес, ковалентті полярлы, иондық байланыс, мысалдар).</p> <p>Металл байланысы-анықтама, мысалдар.</p> <p>Периодтық заңның қазіргі тұжырымдамасы.</p>
3	Заттың сандық	Массаның атомдық бірлігі-анықтама.

	сипаттамасы	<p>Атомдық масса-анықтама, мысал. Салыстырмалы атомдық масса-анықтамасы, өлшемі. Молекулалық масса-анықтама, мысал. Салыстырмалы молекулалық массасы-анықтамасы, өлшемі. Заттың мөлшері-анықтама, өлшем бірлігі. Заттың молы, анықтамасы. Молярлық масса-анықтама, Өлшем, мысал. Газдың молярлық көлемі (қ. ж.) – анықтамасы, өлшемі, сандық мәні. Авогадро заңы-анықтама, мысалы.</p>
4	Химиялық реакция туралы түсінік	<p>Химиялық реакция-анықтама, мысал. Реакциялардың белгілері мен шарттары, мысалдар. Химиялық реакция мен физикалық құбылыстың айырмашылығы. Химиялық реакциялар бағынатын заңдар: а) құрамның тұрақтылық заңы-тұжырымдау; б) заттар массасының сақталу заңы – тұжырым. Химиялық реакцияларды жазу формасы. Химиялық теңдеу-анықтама, мысал. Химиялық реакциялардың бастапқы заттар мен реакция өнімдерінің саны бойынша жіктелуі (қосылыс, ыдырау, алмастыру, алмасу реакцияларын анықтау, мысалдар). Химиялық реакциялардың жылу эффектісі бойынша жіктелуі-экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, мысалдар). Термохимиялық теңдеу-анықтама, мысалдар. Электрондардың ауысуы бойынша химиялық реакциялардың жіктелуі (тотығу-тотықсыздану және ион алмасу реакцияларын анықтау, мысалдар). Тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш-анықтама, белгі, мысалдар. Бертолле Ережесі. Қайтымдылық принципі бойынша реакцияларды жіктеу (қалпына келтірілетін және қайтымсыз реакцияларды анықтау, мысалдар). Ле-Шателье принципі-тұжырым, мысалдар. Химиялық реакциялардың сандық сипаттамалары. Химиялық реакция жылдамдығы (анықтамасы, математикалық өрнегі). Химиялық реакция жылдамдығына әсер ететін факторлар. Массаның әрекет ету заңы (анықтамасы, математикалық өрнегі). Вант-Гофф ережесі (анықтамасы, математикалық өрнегі).</p>

Мектеп курсында элементтерді оқытуда қарастырылатын күрделі заттар-оксидтер, гидроксидтер, гидридтер. Тотығу-тотықсызданудан басқа, олар қышқыл немесе негізгі қасиеттерді көрсетеді. Күрделі заттар тотығу-тотықсыздану және қышқыл-негіз, ион алмасу реакцияларымен, гидроксидтер үшін затты құрайтын атомдардың иондарының құрылымымен анықталады [9].

Тотығу-тотықсыздану реакциялары туралы білім беруде атом құрылымының схемасынан бастап, сыртқы деңгейдегі электрондардың саны бойынша атомның электрондарды беру немесе қосу қабілеті анықталады. Реакция өнімдерінің формулаларын дұрыс құрастыру үшін белгілі бір алгоритм

қажет: реакцияға дейін атомдардың тотығу күйін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыштарды анықтау, электрондардың санын анықтау, реакциядан кейін атомдардың тотығу күйі қалай өзгередінін анықтау, тотығу күйіне сүйене отырып, реакция өнімдерінің формулаларын жазу.



Сурет 1. Зат туралы білімді меңгеру моделі.

Жоғарыда келтірілген білім беру моделі құрылымы бейорганикалық химия ғылымының логикасына негізделген. Затты талдау материалды құрылымдауда полифонизм принципіне сәйкес жүреді: қос құрылымдау. Біріншісі химия ғылымының логикасынан, екіншісі дидактикалық мақсаттан туындайды. Дидактикалық мақсатқа жету үшін – құзіреттілікті қалыптастыру-білімнің екі бағыты бойынша негізгі және туынды бөлімнен тұрады. Білімді негізгі және туынды құралдарға бөлу білімгерлердің өздері үшін жаңа білім құру, белсенділік пен ақыл-ой белсенділігінің тәуелсіздігін дамыту бойынша өзіндік жұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды, оны сызба түрде ұсынуға болады (1, 2 сурет).



Сурет 2. Заттың химиялық қасиеті бойынша білімді меңгеру моделі.

Эксперименттік, қалыптастыру эксперименті кезінде пәндік құзыреттілікті қалыптастыруды түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып білім беру ұйымдастырылды. Соның бірі тақтаға екі оқушы қалауы бойынша шақырылды. Біреуі «құрылым» кестесінің блогын, екіншісі «заттың қасиеті» сызбасын ассоциограммалау ұсынылды. Бұл уақытта мұғалім зерттелетін заттың тіршілік ету ортасындағы рөлі, оны алу әдістері туралы сұрақтар бойынша түсіндіру жүргізді. Содан кейін оқушылар өз жазбаларын тақтада талқылап бекітіледі, дәптерлеріндегі болжамды жауаптарымен салыстырылады. Толықтырулар жасап, сұрақ қою ұсынылды. Ары қарай тақырыпқа сай зертханалық жұмыстар орындалды. Жұмыстың бұл түрімен оқушылардың іс-әрекеті бір уақытта өнімді деңгейде (үйде кестелер өздігінен толтырылады) және репродуктивті деңгейде (егер үйде жұмыс істемесе, сабақта талқылау барысында кесте толтырылды) жүзеге асырылды. Бастапқыда білімгерлердің тек 33%-ы өнімді деңгейде жұмыс істей алды, яғни олар болжау кестесін өз бетінше толтырды-зерттелетін зат туралы жаңа білім жасады. Бірақ оқу жылының соңына қарай оқушылардың 80%-ы өнімді деңгейді меңгерді. Бұл деректер мұндай іс-әрекет барысында пәндік құзыреттіліктің қалыптасуын көрсетеді.

Құзыреттіліктің осы аспектісін игерудің үш деңгейі бар: біріншісі – болжау кестесінде «заттың құрылымы» блогын толтыру мүмкіндігі; екіншісі – қарапайым заттарға арналған болжам кестесін толтыру мүмкіндігі; үшіншісі – күрделі заттар үшін болжам кестесін құру мүмкіндігі.

Құзыреттіліктің осы аспектісін игеру деңгейін тексеру формасы – бұрын зерттелмеген қарапайым және күрделі зат үшін сабақта болжау кестесін толтыру болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. № 319-III ҚРЗ, Астана, Ақорда, 27.07.2007. // Егеменді Қазақстан. – 15 тамыз, 2007. – 36 б.
- 2 Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога. – М.: Академия, 2010. – 170 с.
- 3 Беспалько В.П. Качество образовательного процесса // Школьные технологии. – 2007, № 3. – С.164-177.
- 4 Загвоздкин В.К. Модели компетентности // Школьные технологии. – 2009, № 3. – С. 23-30.
- 5 Кузнецова Н.Е. Формирование систем понятий при обучении химии. – М.: «Просвещение», 1989. – 144 с.
- 6 Слостенин И.В. Педагогика. – М.: Владос, 2004. – 518 с.
- 7 Оспанова М., Белоусова Т., Аухадиева К. Химия 7-класс. – Мектеп, 2018. – 145 б.
- 8 Оспанова М., Белоусова Т., Аухадиева К. Химия 8-класс. – Мектеп, 2018. – 217 б.
- 9 Калиев Д., Ордабаев А., Жұмағұлов Н., Саматов А., Тор А. Химия 8-класс. – Астана: кітап, 2017. – 333 б.

ҒТАМР 27.21.15

ВЕКТОРЛЫҚ ӘДІС ЖӘНЕ ОНЫ ПЛАНИМЕТРИЯ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУДА ҚОЛДАНУ

Г. Керімжан

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада векторлық әдіс, векторлық әдістің мақсаты, векторлық әдісті қолдану сонымен қатар негізгі мектеп оқушыларын планиметриялық есептерді шығаруда векторлық әдісті қолданып вектордың қасиеттерін қолдану жолдары мен тәсілдері көрсетілген.

Түйін сөздер: Вектор, вектордың бағыты, коллинеар вектор, планиметрия, кесінді.

Геометрия курсы қандай жолмен құрылмасын онда міндетті түрде теоремаларды дәлелдеудің есептерді шығарудың әртүрлі әдістері қарастырылады. Олардың ішінде координат әдісі және векторлық әдіс ерекше орын алады. Кейбір геометриялық есептер аналитикалық жолмен шығаруда қиындықтар туғызады. Ал векторлық әдісті қолдану оны біраз шығару жолын жеңілдетеді.

Векторлық әдіс – бұл есептерді шешудің математикалық әдісі және теоремаларды дәлелдеу, онда геометриялық қатынастар мен ұғымдар векторлық тұрғыдан тұжырымдалады және одан әрі ойлау векторлық ұғымдар мен олардың қасиеттерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

Векторлық әдіс-математикалық есептер оқушылардың геометриялық пішіндерді танып білуіне жағдай жасайтын ең негізгі жолдардың бірі. Көптеген есептерді векторлық әдіспен оңай шешуге болады. Сондықтан, бұл әдіс математикадағы ең маңызды әдістердің бірі және мектеп бағдарламасында да нық орныққан. Оқушыға геометриялық образдарды тануды векторлық әдіспен үйрету олардың көрнекі-бейнелі және графикалық ойлауының дамуына, кеңістікті сезімінің қалыптасуына, геометриялық түйсіктің пайда болуына ықпал етеді. Векторлық әдіс алгебраны геометриялық көрнекілігімен байытып, әр түрлі жағдайларды геометриялық көрнекі образдармен көрсетуге мүмкіндік берді. Бір есепке шығару жолына қарай түрлі векторлық сипатталар берілуі мүмкін. Векторлық әдіс мынадай жағдайларда тиімді:


- түзулер мен кесінділердің параллельдінің дәлелдемесінде;
- кесіндіні берілген нүктемен көрсетілген қатынасқа бөлу тұжырымын негіздеуде;

- үш нүктенің бір түзудің бойында орналасуын анықтауда;
- түзулер мен кесінділердің өзара перпендикулярлығын дәлелдеуде;
- түзулердің ұзындығының өзара тәуелділігін дәлелдеуде;
- бұрыштың шамасын анықтауда.

Тапсырманы орындау барысында қорытынды шығару мен берілген шарттар арқылы түрлі салдарды анықтау қабілетін қалыптастыратын есептер жүйесіне тоқталсақ. Бұл жүйенің маңыздылығы тек оқушылардың «векторлық әдіс» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтап қана қоймай, сонымен қатар, ең маңыздысы, оқудың алғашқы кезеңінен бастап олардың геометриялық образдарды анықтау тәсілдерін үйренуіне алғышарт бола алуында.


1-Есеп. Үшбұрыштың биіктіктері немесе олардың жалғасы бір нүктеде қиылысатынын дәлелдеңіз. Есептің стандарт және стандарт емес, яғни векторлық әдістерін қарастырайық.

1 жол ABC үшбұрышын қарастырып көрейік (1 сурет). Оның биіктіктері AA_1 , BB_1 , CC_1 болсын. Енді осы AA_1 , BB_1 , CC_1 түзулерінің бір нүктеде қиылысатынын дәлелдейік.



Сурет 1. ABC үшбұрышы.

A , B , C түзулері арқылы AA_1 , BB_1 , CC_1 түзулеріне перпендикуляр, демек сәйкесінше BC , CA , AB түзулеріне параллель түзулерді жүргізейік. Бұл түзулер қиылыса келе $A_2B_2C_2$ үшбұрышын құрайды (2 сурет).



Сурет 2. $A_2B_2C_2$ үшбұрышы.

$C_2A \parallel BC$ және $C_2B \parallel AC$, BC_2AC -параллелограмм болғандықтан $C_2A=BC$. Дәл сол себеппен $AB_2=BC$. Бұл екі теңдіктен $C_2A=AB_2$ екені шығады, яғни бұл дегеніміз $A - C_2B_2$ кесінлісінің ортасы. Дәл осылай B және $C - A_2C_2$ және A_2B_2 кесінділерінің ортасы екені белгілі.

Осылайша AA_1, BB_1, CC_1 түзулері $A_2B_2C_2$ үшбұрышының қабырғаларына жүргізілген ортаңғы перпендикулярлар болып келеді, демек, біз білетіндей, олар бір нүктеде қиылысады (Дәл. Екі ортаңғы перпендикулярлар міндетті түрде бір нүктеде қиылысады. Біздің жағдайда олар AO және CO болсын. Ортаңғы перпендикулярдағы кез-келген нүкте өзі жүргізілген кесіндінің 2 шетінен бірдей алшақтықта болып келеді. Демек ΔA_2OC_2 тең бүйірлі, яғни $A_2O=OC_2$. Бірақ ΔA_2OB_2 үшбұрышы да тең бүйірлі және $A_2O=OB_2$. Демек $A_2O=OC_2=OB_2$. O нүктесі үшбұрыштың барлық қабырғаларының шетінен бірдей қашықтықта. Онда ол үшінші перпендикулярда да жатыр, демек сол нүктеден өтеді). Теорема дәлелденді.

2 жол Берілген есеп геометриялық бейнені ұғымдар деңгейінде тану типіндегі тапсырмалар қатарына жатады: екі түзу өзара перпендикуляр деп аталады, егер арасындағы бұрыш 90° болса. PQ және PS түзулерінің өзара перпендикулярлығын дәлелдеу үшін төмендегі маңызды белгілерді қолдануға болады:

PQ және PS түзулері өзара перпендикуляр, егер PQS үшбұрышының QPS бұрышы тік болса;

PQ және PS түзулері өзара перпендикуляр, егер $PQ^2 + PS^2 = SQ^2$ болса; PQ және PS түзулері өзара перпендикуляр, егер \vec{PQ} мен \vec{PS} векторларының скаляр көбейтіндісі нөлге тең болса.

Берілген есептің шешімін іздеу процесінде оқушы былайша пайымдайды: « ABC үшбұрышының AA_1 және CC_1 биіктіктері O нүктесінде қиылысады делік (10 сурет). BB_1 үшінші биіктігінің O нүктесінен өтетінін дәлелдеу керек».

AC түзуіне перпендикуляр болатын қандай да бір түзудің, мысалға BB_1 түзуінің, O нүктесінен өтетінін дәлелдеу үшін кейде керісінше жасау абзал: OB түзуін сызып, оның AC түзуіне перпендикуляр екенін дәлелдеу. Осы және жоғарыдағы нұсқауларға сүйене отырып оқушылар шамамен былайша пайымдай отыра шешімді іздестіреді: «Үшбұрыштың BB_1 биіктігінің O нүктесінен өтетінін дәлелдеудің орнына, OB кесіндісін жүргізіп, оның AC түзуіне перпендикуляр екенін дәлелдейміз». Бұны дәлелдеу үшін OB түзуінің AC түзуіне перпендикуляр екенін дәлелдеу жеткілікті. Ал, ол үшін осы кесінділер арылы анықталатын векторлардың скаляр көбейтінділері нөлге тең екенін дәлелдесе жеткілікті. Векторларды бастапқы мәндер арқылы өрнектейік. Бастапқы мәндер ретінде басы O нүктесі болатын векторларды алу ыңғайлы,

оларды сәйкесінше $\vec{a}, \vec{b}, \vec{c}$ деп белгілеп аламыз. Онда $\vec{OA} \cdot \vec{BC} = \vec{b} \cdot (\vec{c} - \vec{a}) = \vec{b} \cdot \vec{c} - \vec{b} \cdot \vec{a}$.

Алынған айырманың нөлге тең екенін дәлелдеу үшін $\vec{b} \cdot \vec{c} = \vec{b} \cdot \vec{a}$ екенін дәлелдеу жеткілікті. Ол үшін есептің әлі қолданылмаған шарттарына жүгінеміз. $AA_1 \perp BC$

және $CC_1 \perp AB$ болғандықтан, $\vec{OA} \cdot \vec{BC} = \vec{a} \cdot (\vec{c} - \vec{b}) = \vec{a} \cdot \vec{c} - \vec{a} \cdot \vec{b} = 0$ шығады, яғни,

$\vec{a} \cdot \vec{c} = \vec{a} \cdot \vec{b}$; $\vec{OC} \cdot \vec{AB} = \vec{c} \cdot (\vec{b} - \vec{a}) = \vec{c} \cdot \vec{b} - \vec{c} \cdot \vec{a} = 0$, яғни, $\vec{c} \cdot \vec{b} = \vec{c} \cdot \vec{a}$. Бұдан $\vec{c} \cdot \vec{b} = \vec{a} \cdot \vec{b}$ екені шығады, яғни, $\vec{c} \cdot \vec{b} - \vec{a} \cdot \vec{b}$. Сондықтан, $OB \perp AC$.


2-есеп. Трапецияның орта сызығы оның табандары қосындысының жартысына тең болатынын дәлелдендер[46].

Теорема. Трапецияның орта сызығы оның табандары қосындысының жартысына тең болады.

Берілгені: $ABCD$ – трапеция. KL –трапецияның орта сызығы.

Дәлелдеу керек: $KL = \frac{1}{2} / BC + AD /$.

1-жол Бізге $ABCD$ трапециясы және KL трапецияның орта сызығы берілген. BL нүктелері арқылы BQ түзуін жүргіземіз және AD табанын Q нүктесіне дейін созамыз.




Сурет 3. $ABCD$ трапециясы.

Енді осыдан пайда болған LBC , LQD үшбұрыштарын қарастырамыз.

1. Трапецияның KL орта сызығындағы L нүктесі CD кесіндісінің қақ ортасы болып табылады. Бұдан CL мен LD өзара тең екенін көреміз.

2. $\angle BLC = \angle QLD$ бұрыштары вертикальды бұрыштар.


3. $\angle BCL = \angle LDQ$ бұрыштары параллель жатқан AD және BC кесіндісі мен оларды қиюшы CD кесіндісі арқылы айқас түзулердің арасындағы бұрыштар болып есептеледі.



Сурет 4.

Енді осы үш теңдіктен LBC , LQD үшбұрыштары $ABCD$ трапециясына жүргізілген BQ түзуі арқылы тең екенін көріп отырмыз. Сонымен, $\angle LBC = \angle LQD$, $BC = DQ$ және ең маңыздысы – $BL = LQ$. Осыдан $ABCD$ трапециясының орта сызығы KL , ABQ үшбұрышының да орта сызығы екенін байқаймыз. Үшбұрыштың орта сызығының қасиетіне сәйкес:

$$KL = 1/2AQ = 1/2 (AD+DQ) = 1/2 (AD+BC)$$



Сурет 5.

2-жол \overrightarrow{KL} векторын $KBCL$ векторлық көпбұрышынан табамыз:

$\overrightarrow{KL} = \overrightarrow{KB} + \overrightarrow{BC} + \overrightarrow{CL}$ болады (векторларды қосудың «көпбұрыш» ережесі бойынша).

\overrightarrow{KL} векторын $KADL$ векторлық көпбұрышынан табамыз:

$\overrightarrow{KL} = \overrightarrow{KA} + \overrightarrow{AD} + \overrightarrow{DL}$. Осы екі теңдікті мүшелеп қосамыз:

$$2\overrightarrow{KL} = \overrightarrow{KB} + \overrightarrow{BC} + \overrightarrow{CL} + \overrightarrow{KA} + \overrightarrow{AD} + \overrightarrow{DL}.$$

\overrightarrow{KB} мен \overrightarrow{KA} , \overrightarrow{CL} мен \overrightarrow{DL} , өзара қарама-қарсы векторлар. Қарама-қарсы векторлардың қосындысы нөл-вектор болатындығын ескерсек мынадай теңдік аламыз: $2\overrightarrow{KL} = \overrightarrow{BC} + \overrightarrow{AD}$

$$\overrightarrow{KL} = \frac{\overrightarrow{BC} + \overrightarrow{AD}}{2} \quad \text{немесе} \quad \overrightarrow{KL} = \frac{1}{2} / \overrightarrow{BC} + \overrightarrow{AD} /$$

Осыдан Кез келген геометриялық есепті векторлық әдіспен шығарғанда қолданылатын алгоритм үш қадамнан тұрады.

- қадам – есептің шартын векторлық түрге аудару;
- қадам – есеп векторлар теориясының аясында шығарылады;
- қадам – екінші қадамда алынған нәтиже векторлық түрден геометриялық түрге аударылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Папышев А.А. Методические основы обучения решению математических задач в средней школе: учеб. пособие. – Алматы: Комплекс, 2004. – 125 с.
- 2 Мельникова, Н.Б. Дидактические материалы по геометрии: 9 класс: к учебнику Л.С. Атанасяна и др.. – М.: Экзамен, 2013. – 143 с.
- 3 Гранкина Ю.Г. Методика обучения векторному методу решения планиметрических задач в курсе геометрии основной школы, диссертация.
- 4 Погорелов А.В. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 7-9 сыныптарына арналған оқулық. – Алматы: Просвещение-Қазақстан, 2004.
- 5 Шыныбеков Ә.Н. Геометрия 9 сынып. – Алматы: «Атамұра», 2005.

ҒТАМР 29.01.45

КВАНТТЫҚ ФИЗИКА БӨЛІМІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН КӨРНЕКІЛІГІ

Т.А. Мәкбай

Магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Мақалада кванттық физиканы мектеп бағдарламасында оқытудың бірізділік, жүйелілік принциптері ұсынылған. Мектеп бағдарламасында жаңартылған білім беру аясында, спираль тәріздес білім беру жүйесін ұстана отырып, төменгі сыныптан бастап жоғарғы сыныпып оқушыларына атомның құрылысы, элементар бөлшектер туралы ұғымды түсіндіру жолдары келтірілген. Толқындық корпускулалық дуализм теориясын оқушыға түсіндіру барысындағы жүйелілік, оларды дәлелдейтін тәжірибелер мысал ретінде сипатталды. Кванттық физика бөлімін оқыту арқылы оқушылардың логикалық ойлау, зерттеу, қорытынды жасау, алған білімдерін жүйелеу, өзі бетінше білім алу дағдыларын жетілдірудің алғы шарттары көрсетілген.

Түйін сөздер: кванттық физика, практикум, оқыту әдістемесі, жоғарғы мектеп физикасы, сапалы білім беру.

байқалады. Н.Н. Пospelовтың пайымдауынша, оқушы оқып жатқан материалға классификация жасай алмайтын болса, бірде бір пәнді қамтып шыға алмайды. Классификациялау қабілеті тілдік материалмен, яғни біздің жағдайымызда грамматикамен жұмыс жасау барысында маңызды қабілеттердің бірі болып табылады. Кейбір психологтардың (Н.Н. Пospelов, И.С. Кон және тағы басқалары) зерттеулеріне сүйене отырып, жоғары мектеп жасы ойлау әрекетінің сапалы жағына өзгеріп, сондай-ақ, шетел тілінде де сөйлеу-ойлау әрекеті сапалы жағына өзгеруін атап айтуға болады. Бұл коммуникативтік міндеттерін сәтті шешуге алып келеді. Жалпы сөйлеу стилі әдеби, грамматикалық тұрғыдан дұрыс, лексикалық қоры толығады. Аргумент және дәлелдемелер жасау қабілеті де артады.

Н.Н. Пospelов өзінің оқуды дамытуды ұйымдастыру шарты мен құралы ретінде берілетін ойлау әрекетін қалыптастыру концепциясында ойлау әрекетінің екі негізгі (анализ (талдау) және синтез) жақтары туралы сөз қозғайды. Сөйлеудің грамматикалық жағын меңгерудің психологиялық ерекшелігін талдау арқылы грамматика термині екі түрлі мағына беретіндігін анықтадық:

– грамматика – тіл туралы ғылым саласы ретінде, яғни сөздердің сөйлемде бірігу ережелерінің жинағы;

– грамматика – грамматикалық сөйлеу құрылымы ретінде, яғни ережелерді практикалық тұрғыдан меңгеру, грамматикалық ерекшеліктерін бекіту [1, 47 б.]

Ағылшын тілінің грамматикалық аспектінің оқытудың заманауи әдістемесі үшін автоматтандырылған сөйлеу дағдыны ғана қалыптастырып қоймай, сонымен қатар, ең бастысы шетел тілін оқу кезінде оқушылардың тіл жүйесін, қарым-қатынас барысындағы түрлі жағдайларда қолданылатын ережелерін дұрыс қабылдауын қалыптастырған жөн. Ағылшын тілі жүйесі бірқатар ерекшеліктері бар грамматикалық категориялардан тұрады. Осы ерекшеліктерді екі негізгі топқа біріктіруге болады:

1) Қазақ, орыс тілдерінде мүлдем жоқ грамматикалық құбылыстар, мысалы, артикль, етістік және шақ категориялары, ырықсыз етіс, сөйлем мүшелерінің орны, бір болымсыздың болуы және тағы да басқалары.

2) Ұқсас құбылыстар, бірақ функция және мағынасының сәйкес келмеуі, to be етістігінің көпфункционалдығымен байланысты грамматикалық омонимдердің болуы.

Екі тілдегі грамматикалық құбылыстардың жоғарыда берілген ерекшеліктері сөйлеудің грамматикалық жағын меңгеру үдерісімен қоса, лингвистикалық қиындықтардың туындауына әкеліп соғады. Л.В. Щерба аталмыш қиындықтарды интерференция және тасымал деп анықтайды [2, 62 б.]. Әдіскерлер Е.Н. Соловова мен Н.И. Гез тіларалық және тілішілік интерференциялармен байланысты және грамматикалық материалды қабылдаудағы қиындырға соқтыратын мәселелерді көрсетеді. Грамматикалық материалды меңгеруде пайда болатын интерференция және қиындықтар

тасымалдарын талдай келе, грамматикалық құбылыстармен жұмыс жасау үшін жаттығулар жүйесін құрастыра аламыз.

Сонымен, коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуы жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері мен грамматикалық материалды меңгеру барысындағы лингвистикалық мәселелерді ескере отырып, құрылуы тиіс. Зерттеу жұмысымызда тілдік (лингвистикалық) құзыреттілікті қалыптастыру коммуникативтік құзыреттіліктің бір бөлігі ретінде қарастырамыз. Бірақ бұл грамматикалық құзыреттілікті қалыптастыру жеке қарастырылады дегенді білдірмейді. Грамматикалық аспектіні рационалды қолдану мәнісі – нақты жағдай бойынша ойын жеткізіп, әңгіме құрау, адресат статусын ескере отырып, оқушыларға грамматикалық құрылымды дұрыс пайдалана білуді үйрету (мысалы, *Would you go to the немесе Let's go to the*).

Сонымен, біз зерттеу барысында психологтардың жоғары класс оқушыларының сөйлеу-ойлау әрекеті ерекшеліктері жөніндегі зерттеулерін және сөйлеудің грамматикалық құрылысын меңгерудің психологиялық ерекшеліктерін; интерференция және тасымал әсері позициясынан грамматикалық құбылыстарды меңгеру қиындықтарына арналған лингвисттердің зерттеулерін; әдіскерлердің барлық коммуникативтік құзыреттіліктердің өзара қалыптасуы аясындағы зерттеулерін жалпыладық. Әдіскерлердің эксплицит тәсілі аясында грамматикалық құзыреттіліктерді оқытуда дедуктивтік әдісті нелікті таңдағандарына көзімізді жеткізіп келеміз. Б.В. Беляевтың «Теория практиканың жолын ашып, оған көмегін тигізу керек» деген ойы жоғарыдағыға дәлелдеме болады. Яғни, теорияны (ереже) білу практикалық іскерліктің қалыптасуына әсерін тигізеді [1, 73 б.].

Тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға әсер ететін ерекшеліктерді үш типке бөлуге болады:

1. Жоғары мектеп жасы оқушыларының психологиялық ерекшеліктері (ақпаратты анализ және синтездеу қабілеттілігі практикалық тұрғыдан ойлау іскерлігін қалыптастыруға алып келеді, осының салдарынан теориялық негіздеме негізінде материалды меңгеру жүреді).

2. Сөйлеудің грамматикалық жағының лингвистикалық ерекшеліктері (интерференция және тасымал құбылыстарының әсері грамматикалық материалды талдап, оқудың жоғары буынында меңгеру қиындықтарының дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді, осының нәтижесінде жаттығулар жүйесін жасақтауға болады).

3. Сөйлеудің грамматикалық жағының әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері (сөйлеу жағдайы бойынша грамматикалық құбылыстардың қолдану мүмкіндігінің нұсқалары).

Осы типтер жоғары бейінді – бағытталған кезеңде грамматиканы оқытуда эксплицит тәсіліне жүгіну себебін түсіндіріп, тілдік (грамматикалық) құзыреттіліктің қалыптасуына әсерін тигізеді. Оқудың жоғары кезеңінде грамматикалық ережелерді түсіндіру грамматикалық дағдыны жетілдіру тиімділігінің маңызды шарты болып табылады.

Оқудың бейіндік кезеңінде грамматикалық материалды меңгеру қиындай түседі, тек механикалық түрде жаттап қана қоймай, ең бастысы теорияның мәнін түсініп, сынып ішінде жаңа материалдың кейбір түсініксіз жерлерін талқылануы қажет. Оқушылар қайталауға арналған грамматикалық материалды орындау кезінде үлгі бойынша автоматты түрде орындап қана қоймай, сонымен қатар, ережелерді жетік пайдалана алуы керек.

Екінші жағынан, жоғары класстарда материалмен өз бетімен жұмыс істеу және қосымша анықтамаларды, әдебиеттерді пайдалануды қалыптастыру іскерліктерін қалыптастыруға екпін қойылады. Сондықтан оқушы өткен және таныс материалмен үйде өз бетімен жұмыс жасап, теория мен практиканы ұштастырып, мұғалімге бақылау тапсырманы тапсыруы керек. Бұл белгілі бір тақырыпқа эссе немесе оқыған материалына пікір жазуы сияқты тапсырмалар болуы мүмкін. Егер өзіндік жұмыс сауатты түрде ұйымдастырылса, оқушы үйде отырып, өз бетімен жұмыс жасауымен қатар мұғалімнен кеңес ала алады.

Грамматикалық материалмен жұмыс кезіндегі күндізгі және қашықтықтан оқыту формаларының интеграция (бірігу) моделіне зерттеу барысында бірнеше қайшылықтар да байқалды. Бір жағынан, бейінді оқытудың басты және маңызды идеясы болып табылатын дифференциациялау (саралау) принципсіз грамматиканы бейінді оқыту мүлдем мүмкін емес. Біз дифференциациялау (саралау) принципін оқушыларға филология профилі мамандандыруды таңдау мүмкіндігін туғызу ретінде көреміз, ал таңдалған мамандыру бойынша тілдік (лингвистикалық) құзыреттілікті, сондай-ақ, жеке траектория бойынша сабақты ұсыну мүмкіндігі ретінде анықтаймыз [3, 8]. Керісінше, төмендегі себептер грамматиканы дәстүрлі класста оқытуды іске асыру проблемасының пайда болуына алып келеді:

1. класс оқушылар санының көптігі;
2. грамматикалық материалмен жұмыс істеуге уақыттың тығыздығы немесе жетпеуі;
3. деңгейі жоғары оқушыларға ғана назардың аударулығы;
4. 45 минуттық дәстүрлі сыныптық-сабақтың жүйесі.

Осындай қайшылықтар біздің назарымызды қашықтықтан оқытуға, яғни күндізгі және қашықтықтан оқыту формалар интеграциясын қарастыруды аударды. Жоғарыда қарастырылғандай күндізгі және қашықтықтан оқыту формаларының интеграция моделі арқылы жұмыс жасау жоғары класстың бейінді оқытуына ғана жарамды, өйткені жоғары класс оқушылары ғана күндізгі және қашықтықтан оқуды біріктіріп оқуына барлық жағдайлары бар. Аталмыш модельді таңдаудың теориялық негіздемесі оны мектептегі жұмыс тәжірибесіне енгізу филология бағыты (профилі) бойынша зерттелетін грамматикалық материалды саралау үшін қолайлы жағдай жасауға ықпал ете алады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. И.Л. Бим филология бағыты модификациясының екі жолын көрсетеді:

- элективті курс бойынша;
- бейінді оқыту мазмұнында кейбір өзгерістердің әсерінен, мысалы, нақты мамандыққа бағытталған арнайы мәтіндерді енгізу арқылы, мысалы,

журналисттерге: сұхбат алу (интервьюирование), репортаж, аннотациялау және тағы да басқалар.

Екінші нұсқасы жоғары мектептің бейінді класстарында грамматиканы күндізгі және қашықтықтан оқыту формаларының интеграциясын қамтиды. Аталмыш модель арқылы грамматиканы оқыту жартылай күндізгі, жартылай қашықтықтан оқыту формаларынша жүретінін қайталап кеткеніміз жөн. Осыдан келесі сұрақ туындайды: қалай осындай оқу формасын іске асыруға болады? Біздің ойымызша, Филология бейіні (профиль) бойынша оқу үдерісіне грамматикалық материалдарды қамтитын біріктірілген қашықтықтан оқыту курсы енгізу.

Енді интеграция моделінің нақты нұсқасын айырып алайық. Е.С. Полат төмендегі үш нұсқаны ұсынады [4, 112]:

1. Оқытудың негізгі бөлігі (негізгі (базалық) оқыту), яғни мазмұн бөлігі күндізгі формада, басқа бөліктері қашықтықтан оқыту формасында жүргізіледі. Осы форманы жүзеге асырудың ең басты шарты – материалдар (оқу, ақпараттық), тапсырмалар, тесттер, практикалық жұмыстар жүктелген сайт (бұл мектеп сайты болуы мүмкін) құру. Бұл платформада Интернет кеңістігіндегі өзге де сайттардағы қосымша материалдарға сілтемелер беруге болады.

2. Оқытудың негізгі бөлігі қашықтықтан оқыту формасында жүреді. Оқушылар білім беру мекемесіне қысқа күндізгі курсқа шақырылады. Бұл шолу дәрісі, семинар, конференция, лабораториялық және практикалық жұмыстар және тағы да басқа формалары түрінде ұйымдастырылуы мүмкін.

3. Негізгі (базалық) оқыту күндізгі формада мерзімді шолу дәрісі, семинарларды өткізу мүмкіндігімен қашықтықтан оқыту формасында жүргізіледі. Нақты бөлім, оқу пәніне бөлінген сағаттардың жетіспеуінен үй тапсырмасы, өзіндік жұмыс көлемі ұлғайып, материалды толығымен меңгермеуге алып келу мүмкіндігі туындайды.

Жоғарыда көрсетілген нұсқалардың ішінде 2-нұсқа мектеп оқушыларына келмейтінін байқаймыз, өйткені оқушылар мектепте сабақ уақытында болуы қажет. Сондықтан, қалған екеуін талдап көрейік.

Бірінші нұсқаға орай бейінді стандарт бойынша оқытуды қамтитын негізгі грамматикалық ережелер (келер шақ, ырықсыз етіс, артикльді пайдалану ерекшеліктері және тағы да басқалар) класста талқыланады.

Қайталауды қамтитын (өткен, осы және келер шақ формалары, артикльді пайдаланудың негізгі ережелері, төлеу сөз және тағы да басқалар) грамматикалық материалдардың бір бөлігі қашықтықтан оқыту формасында меңгеріліп, қайталаынады.

Таңдалған мамандандыру бойынша грамматикалық аспекті оқыту модуль бойынша жүргізіледі. Бұл модульдік құрылымы бар қашықтықтан оқыту курсы оқу үдерісіне енгізу арқылы ұйымдастырылуы мүмкін. Осындай курста негізгі модуль болуы тиіс. Оқулықтың грамматикалық материалы модуль мазмұны және материалды бекітуге, дағдыны автоматтандыруға арналған тапсырмалар және өткен тапсырмаларды бекітуге арналған қосымша тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар жүктелуі қажет. Курста негізгі

модульдан басқа бейін мамандандыруы бойынша түрлі мақсаттарға арналған қосымша модульдер де болуы мүмкін.

Үшінші нұсқа грамматиканы желі арқылы оқытуды қарастырады. Бұл грамматикалық аспект толығымен қашықтықтан оқытылады дегенді білдіреді, яғни, оқушылар грамматикалық тақырыпты қайталауға немесе меңгеруге тапсырмалар алады, материалдармен өз бетінше жұмыс жасайды, жаттығулар орындайды, ал класста қиындық тудырған сұрақтарды талқылайды.

Қашықтықтан оқыту формасының барлық нұсқаларында оқушылар әрдайым мұғаліммен өзара қатынаста болады. Бейінді оқыту үшін қашықтықтан оқыту формасының негізін базалық оқулықтың грамматикалық материалы құрайды. Оқу үдерісін осындай форматта ұйымдастыру күндізгі формада (класста) оқушылардың сөйлеу қабілетін қалыптастыруға уақытты көбірек бөлуге мүмкін болады, себебі оқулықтағы грамматикалық материалды меңгеру және қайталау, түрлі грамматикалық құрылымдарды қолдану қабілеттерін автоматтандыру және тағы да сондай тапсырмалар қашықтықтан оқыту формасына ауысуына байланысты уақыт үнемделеді [5, 9].

Біздің ойымызша, жоғарыда аталғандар жоғары мектептің бейінді класстарында күндізгі және қашықтықтан оқыту формаларының интергациясы негізінде грамматиканы оқытудың желілік моделін таңдау орынды дәлел деп білеміз. Біздің таңдауымыз дұрыс деп білеміз. Өйткені, зерттеуіміздің мақсаты – оқушыларға бейінді арнайы бағытты таңдауға жағдай жасау.

Оқушылар қашықтықтан оқу курсына модуль құрылымдарымен өз беттерімен жұмыс жасайды. Модуль шетел тілін оқуды түрлендіреді, меңгеруді тереңдетеді. Әрбір жеке модуль нақты бейінді мамандандыруға бағытталған. Курстағы жаттығулар жүйесінің модульдік құрылымы болуы қажет, мысалы, білімді тереңдететін жаттығулар, жалпы білім беру бағдарламасы бойынша қамтылмай қалған тапсырмалар, кәсіби-бағытталған тапсырмалар. Оқу барысында білім алушылардың бірлескен қызметі мен мұғаліммен өзара байланысы маңызды орын алады. Сонымен, негізгі оқу үдерісімен қатар қашықтықтан оқыту формасы бойынша тапсырмалардың бір бөлігі класста жасалынуы да мүмкін. Класста қиын материалдар талқыланады. Класста өтетін сабақтарға бағытталып тандалған педагогикалық технологиялар мен тиімді тапсырмалар негізінде құрастырылған жаттығулар жүйесі бойынша бекітіледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Беляев Б.В. Очерки по психологии обучения иностранным языкам [Текст]: Пособие для преподавателей и студентов.– Москва: Просвещение, 1965. – 227 с.
- 2 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Москва, 2008. – 427 с.
- 3 Carver D.L., Kosloski Jr. (2015). Analysis of student perceptions of the psychosocial learning environment in online and face-to-face career and technical

education courses. *Quarterly Review of Distance Education*, 16(4), 7-21. URL: https://digitalcommons.odu.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1056&context=stemp_s.

4 Полат Е.С. Педагогические технологии дистанционного обучения. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 400 с.

5 Garrison D.R. (2000). Theoretical challenges for distance education in the 21st century: A shift from structural to transactional issues. *The International Review of Research in Open and Distance Learning*, 1(1), 1-17. URL: <http://www.irrodl.org/index.php/irrodl/article/viewArticle/2>.

ҒТАМР 14.85.01

САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

М.С. Молдабаева

Магистрант, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Қазіргі уақытта барлық саланың цифрландыруға көшуі уақыт талабы және өмір сүру сапасының жетістігі. Мақалада білім беру жүйесінде цифрландыруды қолданудың мүмкіндіктері мен оны дамытудың тенденциялары, перспективаларын қарастырылды. Тиісті әдебиеттерді талдау негізінде сандық білім беру ресурстары, олардың түрлері мен санаттары, олардың қолдану мүмкіндіктері туралы жан-жақты түсінік берілді. Сондай-ақ, сандық білім беру ресурстары білім алушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін, сыни, креативтілік ойлау дағдыларын, коммуникативтік, мәдениетаралық, тілдік құзыреттіліктерін дамытып, цифрлық, медиа сауаттылықтарын арттыратыны анықталды. Сандық білім беру ресурстарын қолдану мұғалімдердің оқыту әдістемесін, оқу ордасының техникалық базасын, білім алушы мен мұғалім қарым-қатынасын өзгертуді қажеттігін көрсетті.

Түйін сөздер: білім беру технологиялары, білім беру жүйесі, цифрландыру, онлайн білім беру, виртуалдық технологиялар, сандық білім беру технологиялары, дағдылар, құзыреттілік, цифрлық сауаттылық, өмір бойы оқу.

Елімізде 2017 жылы іске қосылған «Цифрлы Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарлама дамыған, өркениетті елдер қатарына енудегі маңызды қадамның бірі. Бағдарламаның негізгі мақсаты: азаматтардың цифрлық сауаттылықтарын арттыру арқылы өмір сүру сапасын жақсарту және ұлттық экономиканы цифрландыру [1].

Цифрланған экономиканың дамуы, ақпараттық және сандық технологиялардың түрлері мен функцияларының көбеюі (электронды үкімет веб-порталы, мобильді банкинг), мүмкіндіктерінің артуы (3,5D модельдеу бағдарламалары, виртуалды құрылғылар, және т.б.) олардың қолдану аясын ұлғайтты. Өмір сүру сапасына жайлылық сыйлаған сандық технологиялар мысалы, ақылды сағаттар, ақылды үйлер, робот шаңсорғыштар, смартфондар адамдардың ажырамас көмекшілеріне айналды.

Әлемдік жағандану барлық саласын цифрландыруға көшуге мұқтаж етті. Нәтижесінде өзгерген қажеттілікттер мен сұраныстар, қызығушылықтар білім беру саласында оқу бағдарламасының мазмұнына, ақпаратты ұсыну, игерту

тәсілдеріне технологиялық прогресс жасау қажеттігін көрсетті. Әсіресе, білім беру ұйымдарының онлайн форматта оқыту тәжірибесі, техникалық мүмкіндіктері мен базасының бар-жоғына қарамастан, 2020 жылы әлемдік деңгейде тараған COVID-19 пандемия «цифрлы сынаққа» ұшыратқаны есімізде. Мәжбүрлі сынақ, қашықтан оқыту форматының жалғасуы, білім беруді цифрландырудың максималды қолданылуы мен оның ерекшеліктерін, одан әрі дамытудың негізгі тенденциялары мен перспективаларын көрсетті. Пандемияға дейінгі патриархалды көзқарас, мұғалім мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастың тек бетпе-бет классикалық нұсқасын өзгертті. Онлайн білім беру нарығының жалпы көлемі пандемия уақытында прогресс жасап, әлі де өсуде [2].

Мұғалімдер өздерінің онлайн-оффлайн іс-тәжірибелерін зерттеп, талдап, функционалдық сауаттылықты, өмір сүруге қажетті дағдыларды дамытуда, толық қанды сапалы білім беруде, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруда сандық білім беру ресурстарының маңыздылығын анықтады.

Сандақ білім беру ресурстарының комплексті қолдану ортасына ену ақпаратты игерту форматын, оқытылатын курс мазмұнын, мұғалім мен оқушы іс-әрекетін, оқу стилін өзгертеді. Мұғалімдер сандық технологияларды меңгеруі бойынша қайта даярлау курстарынан өтеді [3]. Білім алушылар желілерге, форумдарға тікелей қосылу, мәліметтер базасын қолдану, бірлесіп талдау, зерттеу жүргізу, блог құру, виртуалды құралдарды қолдану нәтижесінде жан-жақты ашық білім алады. Сондай-ақ өзін-өзі реттеуге, өмір бойы үйрену, білім алу, шығармашылық, танымдық қабілеттерін, сыни, креативтілік ойлау дағдыларын, коммуникативтік, ақпараттық, моральдық және әлеуметтік-саяси, мәдениетаралық, азаматтық жаһандану, тілдік құзыреттіліктерін дамытады. Цифрлық, медиа сауаттылықтарын арттырады. Ғылыми-зерттеулер жүргізіп, өмір сүру сапасын жақсартатын ұсыныстар, жаңалықтар ашады. Ұлтаралық қарым-қатынасқа түсуді, этикалық-құқықтық нормаларды қолдануға үйренеді. Мұғалімдер мен оқушыларды қағазбастылықтан, ата-аналар оқулық, дәптер алудан босатылады, себебі барлық оқу-әдістемелік құралдар мен ресурстар тек электронды түрде қолданылады. Мұғалімдердің оқу процесіндегі іс-әрекеті минимализацияланады, олар тек бағыттаушы рольде қалады [4].

«Сандық білім беру ресурстары дегеніміз не, оның түрлері, мүмкіндіктері қандай?» деген сұраққа жауап берейік: Сандық білім беру ресурстары (The term Digital Learnig Resources (DLRs)): білім алушыларды оқу іс-әрекетіне ынталандырып, қызықтыратын, оқу мақсаттарына жетуді қолдайтын веб-сайттар, қосымшалар, бағдарламалық жасақтамалар мен бағдарламаларды айтады. DL ресурстарының үш санаты бар: сандық академиялық мазмұн құралдары, оларға интерактивті оқулықтар немесе сабақтар (мысалы, жәндіктердің өмірлік циклы көрсетілген сабақ, тотығу-тотықсыздану реакцияларына арналған оқулық), электронды тәжірибе және бағалау құралдары (тұжырымдар мен дағдыларды тексеру әрекеттерін қамтамасыз ететін жаттықтыру құралы), виртуалды жабдықтардың параметрлерін өзгертіп, нәтижені көруге мүмкіндік беретін динамикалық модельдеу (симуляция)

құралдары, білім алушылар өткен тарихи оқиғаларды көруге немесе шөлді ортаны зерттеуге мүмкіндік беретін толық интерактивті орта жасайтын виртуалды әлем, кез келген тақырыпта суреттер, фактілер, бейнелер немесе сандық сөздікті ұсынатын онлайн энциклопедиялар, визуалды және аудиоалды тақырыптық ресурстар (You Tube-тағы бейне ақпараттар сияқты) жатады; Цифрлық өнімділік құралдары: мұнда академиялық мазмұн қамтылмайды, білім алушылар бағдарламалар мен веб-сайттарды тек контентті құжаттау, жоспарлау, талдау, ұйымдастыру үшін қолданады. Яғни белгілі бір тақырып бойынша түсінігін, білімін жариялауға мүмкіндік беретін жариялау құралдары, презентация, сандық әңгіме, музыка, суреттер, бейнелер. Құжаттарды жасауға, өңдеуге және басып шығаруға (газетті құру) мүмкіндік беретін сөзді немесе мәтінді өңдеу құралдары. Білім алушыларға ақпаратты талдауға, жүйелеуге, бақылауға (мысалы, уақыт бойынша жергілікті жауын-шашынды бақылау, ауаның ластануына әсер етуші факторларды талдау, жалпылау) мүмкіндік беретін электронды кестелер және деректерді талдау құралдары. Белгілі бір оқиғаға қатысты ақпарат жиынтығы арасындағы байланысты визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік беретін тұжырымдамалық карта жасау құралдары. Мәтін, сурет, әңгіме арқылы ақпаратты жеткізуге көмектесетін шаблондар. Сандық байланыс құралдары: білім алушылар ынтымақтастық, коммуникация және ақпарат беру (асинхронды/синхронды мәтіндік хабарламалар) үшін қолданатын бағдарламалар, қосымшалар, веб-сайттар. Кері байланыс, пікір алмасу, талдау жасау, коментарий қалдыру платформасын қамтамасыз ететін форумдар мен дискуссиялық тақталар, электронды пошта, чаттар, өз тәжірибесі мен зерттеулерін жариялайтын блогтар. Қашықтан көруге, нақты уақытта байланысуға болатын бейнеконференция немесе платформалар. Мысалы ғылым саласындағы сарапшылармен немесе шетелдік билингвалды, көптілді оқу орындарындағы студенттермен көрісіп, байланыс орнату құралдары. Ақпаратты немесе жобаны өңдеуді бірге жасайтын онлайн платформаны қамтамасыз ететін ортақ пайдалану құралдары [5].

Сандық білім беру ресурстарының бірнеше түрлерін мына сілтемелерге өтіп, таныссаңыздар болады:
https://flexiblelearning.auckland.ac.nz/learning_technologies_online/6/1/html/course_files/1_2.html, <https://blog.commlabindia.com/elearning-development/digital-learning-resources-infographic>, <http://mdr-maa.org/codebook/resource-types/>.

Қорыта келгенде, DLR құралдарының функциялары мен мүмкіндіктерін қолдану заманауи әлемде өмір сүруге қажетті ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастырып, қоғамды дамудың келесі сатысына көшуге әкеледі. Алайда, кез келген технологиялық прогрестің күшті жақтарымен, артықшылықтарынан бөлек, әлсіз жақтарымен кемшіліктері болатынын есте ұстаған жөн [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы // 2017 жылдың 12 желтоқсан, № 827 қаулысы.

2 Petrusevich D.A. Modern trends in the digitalization of education // ASEDU 2020, Journal of Physics: Conference Series 1691 (2020) 012223.

3 Ваганова О.И. Попкова А.А. Степина Н.В. Максимова К.А. Цифровизация как ведущая тенденция развития современного образования // Педагогические науки, 27.05.2020.

4 Пирогланов Ш.Ш. Пашков Г.Н. Цифровизация в образовании: проблемный аспект в контексте глобальной трансформации.

5 Source: U.S. Department of Education, Office of Planning, Evaluation and Policy Development, Policy and Program Studies Service. (2018). National Study of English Learners and Digital Learning Resources. Washington.

6 Цифровые технологии в повседневной жизни людей. – Минск: А.В. Рубанов Белорусский государственный университет.

7 Чарльз Фадель, Майя Бялик и Берни Триллинг. Четырехмерное образование. Издательская группа «Точка». – Москва, 2018.

SRSTI 14.25.09

STUDY OF EFFECTIVE METHODS OF APPLICATION OF FORMATIVE ASSESSMENT IN STUDENTS OF THE 7TH GRADE IN BIOLOGY

G.I. Issaev

*Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International
Kazakh-Turkish University, Turkistan*

Sh.N. Mamenova

*Master's Student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan*

The power that leads to the fact that the future will become brighter than the present is only in knowledge. The prosperity of any country depends on the level of its national education system and the direction of its development. Checking and evaluating knowledge and skills also contribute to education. The assessment makes the student think about himself. Formative assessment is an integral part of the educational process.

Currently, the system of evaluation of educational achievements of students is one of the urgent problems of the educational process. This article discusses the concept of formative assessment and theoretical analysis of the effectiveness of the use of formative assessment in practice, the results of the study of effective ways of teaching formative assessment in the discipline biology.

For students of the 7th grade of the school, the methods of critical thinking on situational issues, methods of reproduction, methods of problem-based search training, teaching methods, as well as practical work were used by the method of formative assessment in biology.

The results of scientific research are aimed at developing the basic knowledge of students, mastering research methods, as well as improving the quality of knowledge through the integration of the educational process and research work. The reliability of the obtained results is confirmed by experimental studies, selection of the required number of repetitions and sample size in the process of creating experiments, as well as statistical processing of the data obtained.

The results of the study can be used as a methodological basis for the optimal organization of educational work of biology teachers. The results of the study can be carried out between different classes, in the future teachers can be used to organize educational work.

Key words: formative assessment, motivation for students, student progress, feedback, methodology, biological knowledge.

Introduction.

At present, the updated education, although it differs from the traditional education system, is still identified with the former education system. To date, the updated education continues according to the national project. But the development of science in the country is weakening, and due to the fact that biological education requires timely changes, ways to increase the effectiveness of the use of formative assessment in biological education are considered.

The quality of education is an integral characteristic of the education system, reflecting the degree of compliance of the actually achieved educational results with regulatory requirements, social and individual expectations [1].

The main criteria for determining the quality of education for students are categories related to planned and systematic accumulated types of educational activities. Assessment is based on two main principles: assessment of learning outcomes (summative assessment) and assessment principles for auxiliary assessment or training. The module is focused on assessment for training, as well as on the approbation of the criterion assessment of training.

The main segments of these criteria for evaluating teachers include the following indicators:

- understanding of various forms of evaluation of educational results;
- introduction to the pedagogical process of possible goals of the criterion evaluation of educational results;
- generalization, formalization, adaptation to educational results of all formal or informal assessment methods;
- distributes the teacher's abilities to differentiate an adequate level of educational and learning qualities of the head of the educational process [2].

Formative assessment is a new method in the assessment system, compatible with modern requirements. Formative assessment can increase the motivation of students to acquire knowledge, taking into account the age and individual characteristics of each student, can be considered as a universal means of assessing their academic performance.

The process of introducing formative assessment in Kazakhstan began in 2012 after the introduction of level-based teacher training programs. Until 2012, it was evaluated according to the «5-point system». However, the «5-point system» was not effective. For example, after a student received a grade of «five», we got to a situation where he was not preparing for the next lesson, having the idea that there is still an assessment.

Based on the shortcomings of the disembodied assessment, you can pay attention to the following circumstances: The low ability to differentiate led to the emergence of a four-point system due to the fact that, according to traditional practice, a five-point system appeared extremely rarely. Foreign scientists, such as V. I. Zvonnikov and M. B. Chelyshkova, categorically reject the inhumane assessment and call it a four-point one. The inability to clearly establish the level of knowledge leads to the appearance of additional signs in teachers, resulting from such basic signs as «A-», «B+» [3].

The orientation of the system to identify shortcomings. In the standard five-point rating system, all attention is paid not to success, but to hiding mistakes, as well as implementing the idea of price reduction. For example, teachers-specialists of American natural sciences have found that a teacher through educational progression (knowledge for practice) fully assimilates educational material and educational progression is achieved, contributing to a deeper understanding of the areas of application of knowledge, which, based on evaluation criteria, determine and implement the possibility of use in the pedagogical process as an evaluation tool [4].

Foreign researchers P. Black and D. William identify 5 components of formative assessment:

- development of feedback from participants in the pedagogical process.
- ensuring the active participation of the student in the pedagogical process.
- elimination of deficiencies in the course of the pedagogical process as a result of identifying indicators of students' knowledge.
- teaching the principle of self-assessment in improving the learning abilities of students and, as a result, increasing motivation to learn, determining the level of motivation of the student [5].

In assessing the educational results of students of Nazarbayev Intellectual Schools, which are part of a modern educational institution in the education system of Kazakhstan, the above-mentioned assessment system is integrated. It is also known that the definition of evaluation criteria based on the conclusions of foreign studies – formative and final evaluation standards used for planning expected learning outcomes, is the basis of a strategy for supporting and evaluating student achievements [6].

The basic principles of formative assessment can be formulated by Kazakhstani pedagogical specialists as follows:

- A significant component of the process of evaluating the learning abilities and learning outcomes of the student on a semantic basis.
- The sequence of educational results and the main goal of the formed competencies on the basis of probability.
- To focus on the level of proportionality of evaluation criteria, which, according to the criterion of objectivity or fairness, is considered an evaluative means of educational results.
- Acceptance of educational results on the principle of integration as the main component in the organization of the pedagogical process.
- Involve students in determining the main categories of evaluation criteria for transparency, explain their main semantic roots.
- Ensuring the subjectivity and precision of the applied standards for determining performance indicators based on the principle of accessibility.
- Consistent implementation and preservation of the continuity of the definition of indicators by consistency.

Formative assessment as part of everyday learning is used in every lesson and acts as a means of developing self-regulation of students. In formative assessment, students should evaluate their knowledge, be evaluated as constructive feedback. To

evaluate the results of their activities, students must manage data on how successful they are. Therefore, they are interested in assessments and comments from the teacher, comparing the self-assessment data with the data of teachers and the subject of the criteria necessary for educational activities. The more correctly the results of educational activities are evaluated, the more accurate and purposeful the educational actions become. Evaluation of results as a component of self-regulation makes a decision. Questions arise that determine whether these actions need to be corrected or whether they can be continued in the same direction. Therefore, formative assessment is important for both students and teachers. The student sets educational goals for himself, determines solutions and evaluates his progress, plans further steps under the guidance of the teacher. Based on the evaluation criteria, the issue of obtaining an objective representation of students about learning outcomes and determining the effectiveness of formative assessment is relevant.

In connection with the spread of personality-oriented learning technologies in modern schools and, as a result, special attention to pedagogical innovations, including various technologies and developments of an «out-of-subject» and «non-professional» nature, methods of formative assessment are becoming particularly relevant [7]. On the one hand, they allow students to demonstrate their knowledge and creativity and identify knowledge deficiencies that need to be addressed in the future, and on the other hand, the teacher receives information to help students better understand the teaching material and become more independent in learning.

The main purpose of the research work was to obtain an objective representation of students about learning outcomes based on assessment criteria and to determine the effectiveness of formative assessment.

To achieve the goal, the following tasks were set:

- Expanded assessment capabilities and functions in the educational process.
- Through constant reflection, the student constantly counted his thoughts.
- The Department of Management and Monitoring through standards, objective assessment contributed to the formation of observers among students.
- Students were provided with continuous and constantly reliable, up-to-date information.
- Feedback students developed a sense of responsibility for learning outcomes through the development of self-assessment skills with self-regulation.

Methodical department.

The study was conducted among students of the 7th grade named by Nekrasov №9, in Turkestan. In organizing the research work, methods of critical thinking on situational issues were used using the theoretical method, the method of formative assessment, reproductive methods, i.e. methods of memorization or illustrative, problem-based learning, practical work, as well as teaching methods.

The need for a theoretical method follows from the definition of the problem, as well as the establishment of a hypothesis and the evaluation of the collected data. This method was used during the classes.

The method of critical thinking is a program for the development of reading and writing. This method was used more in the process of work than the training

method. Using the method of critical thinking, students freely expressed their thoughts, adapted to listening and respecting each other.

The reproducible method is memorization through illustration, that is, in the process of working with students, work was carried out by showing video images, educational films, with the help of this method, students increased their memory. Also, the «case study» method was used to improve the abilities of students.

When using the problem-search method, the problem-search method was used, when students independently solved some problematic issues and clearly expressed their thoughts.

The teaching method is a way for students to acquire knowledge, skills, and abilities. By the method of teaching, students prepare visual aids, didactic materials. The main function of this method is to stimulate, educate, and develop students.

Results, analysis and discussion.

In biology lessons, assessment criteria were most often developed together with students.

The plan for the joint development of evaluation criteria (teacher-student):

1. After the publication of the topic, the objectives of the lesson were discussed.

2. to achieve the goal, 1-2 criteria were developed from each student.

3. The criteria proposed by the students were written on the blackboard.

4. priority criteria for discussion and evaluation with students have been selected [8]. I would like to note that this work increases the responsibility of students for achieving results. Students are happy to develop assessment criteria. This creates a positive attitude towards assessment and increases the responsibility of students for learning.

When using formative assessment in biology lessons, such forms of assessment as self-assessment, mutual assessment were used. Evaluating each other, students identify the positive and negative sides of the work performed, thereby consolidating the studied material.

The application of new approaches to the assessment of students' achievements contributes to increasing the motivation of students to study, the formation of skills of academic independence, increasing responsibility for their learning.

Difficulties in the course of the study:

1. due to lack of time, it was not always possible to get feedback, which hindered research and improved teaching and learning practices.

2. the second reason is due to time pressure, there has always been little opportunity to use the method of «icebreakers» to create a collaborative environment, in the future, the use of this approach in biology lessons is the most effective.

In biology lessons, a form of control has been developed to confirm the influence of formative assessment methods on student academic performance, classroom activity and self-education or observation skills, data obtained through qualitative research, quantitative methods and interviews. This form of control was also used to track the progress of experimental procedures in accordance with the principles and characteristics of formative assessment. The reliability of the content

of the control form was confirmed by five specialists working in the field of educational programs and pedagogical research [9].

Formative assessment was recognized as an excellent opportunity for teaching students. Formative assessment helps to improve student learning by familiarizing students with the necessary levels of learning, informing them about learning disabilities and providing feedback to determine the direction of learning [10].

In biology lessons, students increasingly used the method of critical thinking, as a result of which students developed the skills of logical thinking, critical thinking, imagination.

Conclusion.

During the research, a research work was carried out on mastering the formative assessment of 7th grade students. In order to master the formative assessment of students of the Gymnasium №9 named by Nekrasov, was conducted among students of the 7th grade. The main idea of the work carried out was that the formative assessment was broad and level-based, for example, the educational competencies acquired in the pedagogical process were improved so that students could easily evaluate themselves on the principle of self-assessment, which in turn allowed students to show their abilities in performing other level tasks in the long term.

It is established that the novelty of the pedagogical foundations of the research results can be used in evaluating the results of training at various levels of training, can be used by teachers in the future for the organization of educational work. The results of scientific research have proved an increase in the level of basic knowledge of students. In accordance with the main purpose of this research work, the integration of research methods into the educational process and the improvement of the quality of knowledge and the assimilation of students' activities in obtaining basic knowledge has been achieved.

So, formative assessment is very effective for a comprehensive assessment of students' knowledge. In addition, formative assessment helps to change students, increase self-confidence, and form their attitude to the assessment system.

References

1 Игнатова О.А. Система оценки качества образования в образовательном учреждении: практический опыт, перспективы. – 2008. URL: <http://festival.1september.ru/articles/510804/>.

2 Бегалиева Р.Н., Исаев Ғ.И., Ергубекова Ж.С. Оқытудың инновациялық аспектілері. – Шымкент, 2017. – 112 с.

3 Жанабаев З.Ж., Мукушев Б.А. Научные основы многоуровневого контроля учебной деятельности // Стандарты и Мониторинг в образовании. – 2007, №1. – С.54-56.

4 Alonzo, A.C., Wooten, M.M., Christensen, J. Learning progressions as a simplified model: Examining teachers' reported uses to inform classroom assessment practices // Science Education. – 2022.

5 Кохаева Е.Н. Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие. – Астана, 2014. – 66 с.

6 Hills, M., Harcombe, K., Bernstein, N. Using anticipated learning outcomes for backward design of a molecular cell biology Course-based Undergraduate Research Experience // Biochemistry and Molecular Biology Education. – 2020. – №48(4). – С. 311-319.

7 Шабалина Н.Н., Ягудина Л.И. Кейс-технология как способ формирования ключевых компетенций при изучении литературно – критической статьи А.В. Дружина «Обломов. Роман И.А. Гончарова». в старших классах. – Прага. 2018. – С. 69-74.

8 Шакиров Р.Х, Буркитова А.А, Дудкина О.И. «Оценивание учебных достижений учащихся»: методическое руководство. – Бишкек, 2012. – 80 с.

9 Seyhun O. The Effects of Formative Assessment on Academic Achievement, Attitudes toward the Lesson, and Self-Regulation Skills. – Turkey, 2018. – 118 с.

10 Darrell J.R. Evans. Motivating student learning using a formative assessment journey. – Australia, 2013. – 8 с.

ҒТАМР 14.85.01

АРАЛАС ОҚЫТУ (BLENDED LEARNING) ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ұ.Ш. Бөтейева

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада аралас оқыту технологиясының әлеуеті мен мүмкіндіктері дәстүрлі оқыту моделінен электронды орта мен ресурстарды тартумен интеграцияланған моделіне көшуді жүзеге асырудың дидактикалық құралы ретінде талданады. Аралас оқытудың ерекшеліктері, оны дұрыс және толық пайдалану студенттерге құнды жеке қасиеттерді игеруге мүмкіндік береді деген тұжырымға ерекше назар аударылды. Сол ерекшеліктері арқылы отандық университет жүйесінің жағдайына бейімделу жолдары талқыланады. Бастауыш сыныпта аралас оқыту технологиясының тиімді жақтары анықталады, сонымен қатар бірқатар мәселелер айқындалып, оларды шешу үшін кейбір стратегиялық бастамалар ұсынылады.

Түйін сөздер: аралас оқыту, бастауыш сынып, ақпараттық технологиялар, электрондық оқыту, білім беруді ақпараттандыру.

Қазіргі таңда әлемдік ғана емес, Қазақстан білім беру жүйесін жылдан жылға жетілдіріп отыру өте өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Білім беру қызметін дамытудың қазіргі кезеңі оқытудың дәстүрлі тәсілдерінің нысандары мен әдістерін күшейтуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану артықшылығымен анықталады. Жаңа ақпараттық технологиялар адамдардың интеллектуалды қызметі мен байланысын қалпына келтіреді. Өз кезегінде, ақпараттық технология құралдарымен білім беру ортасын өзгерту процесі, атап айтқанда: классикалық сыныптық-сабақтық оқытудан бас тартуды; даралау бағытында басымдықты ауыстыруды; оқу процесін сыныптық және үй жұмысына бөлуді жоюды көздейді. Оқытуды ақпараттандыру білім беру процесін ұйымдастырудың және жүзеге асырудың басқа тәсілдерін талап етеді, олар бүгінде келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: оқу-тәрбие процесінің ресурстық базасын жетілдіру; білім беру процесін кешенді автоматтандыру; білім берудің ашық моделін құру және іске асыру; жалпы білім беретін мекеме жағдайында креативті білім беру ортасын қалыптастыру.

Ақпараттың жоғары қол жетімділігі жағдайында (интернет және ақпаратты жылдам іздеу мүмкіндігі бар) тұлғаның ең құнды қасиеттері [1]:

- проблемаларды кешенді шешу қабілеті;
- сыни тұрғыдан ойлау;
- шығармашылық;
- басқалармен нәтижелі қарым-қатынас жасай білу;
- эмоционалды интеллект;
- өмір бойы оқу қабілеті;
- шешім қабылдау қабілеті;
- жауапкершілік өз нәтижелеріне жауап беру қабілеті ретінде іс-әрекеттер.

Заманауи білім беру технологияларының бірі аралас оқыту немесе blended learning болып табылады, оның негізінде «сынып – сабақ жүйесі» технологияларын, электрондық оқытуды, қашықтықтан білім беру технологияларын біріктіру тұжырымдамасы жатыр.

Аралас оқыту – оқытуды мұғалімнің қатысуымен (бетпе-бет) және онлайн оқытуды біріктіретін білім беру тәсілі. Аралас оқыту оқушының білім беру бағытын, уақытын, орнын және оқу қарқынын өзін-өзі бақылау элементтерін, сондай-ақ оқу тәжірибесін мұғаліммен желіде біріктіруді қамтиды [2]. Аралас оқыту термині бастапқыда әртүрлі комбинациялардағы технологиялар мен педагогикалық әдістердің кең ауқымын қамтуымен түсініксіз болды. 2006 жылы бұл термин Банктің бірінші нұсқаулығы мен Грэмнің аралас оқыту туралы жариялануымен нақтылана бастады. Грэм анықтамасының кендігі мен түсініксіздігіне қарсы шығып, «аралас оқыту жүйелерін» «бетпе-бет оқытуды компьютерлік оқытумен біріктіретін» оқыту жүйелері ретінде анықтады [3]. Қазіргі уақытта аралас оқыту университетте, мектепте және балабақшада белсенді дамып келеді.

Аралас оқыту мәселесінде көп ғалымдарымыз жоғары оқу орындарында қолдануды ұсынса, бірі жоғары сыныптарда қолдану тиімдірек деп есептейді, Дегенмен аралас оқытуды бастауыш мектепте де жүзеге асыруға болады. Егер мұғалімдер балалардың өзіндік жұмысын дұрыс құра алса және тәжірибе кезінде олармен байланыста болса, бәрі ойдағыдай болады. Алайда, басында ата-аналар бұл тәсілді бала мектеп аумағында бақылауды жүзеге асырған жағдайда ғана қабылдауға дайын. Баланың үйде жалғыз болуына және өздігінен білім алуына мүмкіндік беру көптеген ата-аналар дайын емес.

Кіші мектеп жасындағы балаларды аралас оқытудың негізгі артықшылықтарының ішінде мыналарды атауға болады:

- әрбір білім алушы қажетті білім мен дағдыларды ыңғайлы форматта игеруге мүмкіндік алады;
- оқыту қажеттілігін және қандай нәтиже беретінін жоспарлайды;
- оқытуды басқарудың тиімді құралдарын қамтамасыз етеді;
- дәстүрлі тәсілдің артықшылықтарын жоғалтпай, оқуға кететін уақыт пен қаржылық шығындарды азайтады;
- білім алушылар мен оқытушылар арасындағы белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл жүзеге асады;

– оқыту сапасын жақсарту (соның ішінде тиімді оқыту құралдарын пайдалану арқылы);

– оқушылар жұмысты, коммуникацияны ұйымдастырудың заманауи құралдарын игереді.

Көріп отырғанымыздай, аралас оқытуды жүзеге асыру отандық білім беру стандарттарының талаптарына толығымен сәйкес келеді, демек оны іс жүзінде қолдануға болады және қолдану керек.

Дәстүрлі білім беру бағдарламаларымен салыстырғанда аралас оқытудың негізгі артықшылықтарының бірі-оқушылардың оқу процесінің белсенді қатысушылары ретінде әрекет ету, оқу пәндерінің ең қызықты бағыттарын өз бетінше таңдау, жеке және топтық жобаларда жұмыс істеу мүмкіндігі. Әр оқушы белгілі бір саладағы қабілеттері мен қазіргі біліміне сәйкес келетін материалды өзі таңдайды. Оқу материалының күрделілігі мен онымен жұмыс істеу қарқынын өзгерту мүмкіндігі бар.

Бастауыш білім беру саласының мамандарына да, оқушыларына да жаңа технологияларды игеруге мүмкіндіктері көп, өйткені онлайн сабақтар саны біртіндеп артып келеді. Бастапқы уақытта инновациялық технологиялар енгізгенде мәтіндік материалдар, форум, чат, тестілеу жүйесі және файлдарды бөлісу жүйесін үйрету жеткілікті. Аралас оқытудың бастауыш білім беру процесінде бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

1) білім алушылар үшін:

– білім берудің қолжетімділігі мен икемділігін арттыру, олардың жеке білім беру қажеттіліктерін есепке алу, сондай – ақ оқу материалын игеру қарқынын, білім алушылардың білім беру мүмкіндіктерін кеңейту;

– бағалау рәсімі мен нәтижелерін барынша объективтендіру;

– білім алушының субъективті ұстанымын қалыптастыруды ынталандыру: тәуелсіздікті, әлеуметтік белсенділікті, танымдық белсенділікті ынталандыру;

– оқу материалын игерудегі қиындықтарды жеңу және білімдегі олқылықтарды жою үшін мұғалімнің жеке кеңестерін алу.

2) оқытушылар үшін:

– педагог кадрлардың біліктілігін арттыру;

– жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру;

– педагогикалық процесте бақылау мен коммуникацияның жаңа түрлерін қолдану;

– жоғары ынталы оқушылармен сапалы жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі.

3) оқу процесін ұйымдастыру үшін:

– педагогикалық қызметтің тиімділік деңгейін арттыру есебінен қаражатты үнемдеу мүмкіндігі.

– көпсалалы оқытуды ұйымдастырудың арқасында білім алушылардың қосымша контингентін тарту;

– педагогикалық кадрлар тапшылығы мәселесін шешу;

– өзге де білім беру және мәдени қажеттіліктерді іске асыру үшін уақытты үнемдеу мақсатында оқу қызметін қарқындату.

Оқушылар – тыңдаушы, мұғалім – тьютор, мектеп қызметкерлері – оқу процесін ұйымдастырушы болады.

Аралас оқыту моделінің негізгі элементтерін атайық:

– Дәріс сабақтары: дәріс материалдары презентация және / немесе онлайн курс түрінде ресімделеді.

– Семинар сабақтары (face-to-face sessions): сабақтарды дәріс сабақтарымен біріктіруге болады. Пәннің маңызды тақырыптарын талқылау, сонымен қатар практикалық дағдыларды дамыту.

– Пәндердің оқу материалдары (оқулықтар мен әдістемелік құралдар): материалдар баспа түрінде және электронды түрде ұсынылған, әртүрлі мультимедиялық қосымшалар қолданылады.

– Жеке және топтық онлайн-жобалар (collaboration): Интернетте жұмыс істеу дағдыларын дамыту, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау, топпен бірге жұмыс істеу, жұмысты орындау үшін міндеттер мен жауапкершілікті бөлу.

– Виртуалды сынып: студенттердің оқытушымен әртүрлі Интернет – байланыс құралдары арқылы байланысы.

4. Газдың температурасын екі есе арттырыңыз. Ішкі энергиясы қалай өзгереді?

5. Температураны үш есе арттырып, қорытынды жасаңыз.

6. Неліктен диаграммада теріс температура жоқ?

7. «Қалыпты жағдайда» газдың қандай параметрлері бар?

8. Қалыпты жағдайда 1 килограмм оттегінің ішкі энергиясын есептеңіз.

9. Жұмыста кездесетін барлық физикалық шамалардың өлшем бірліктерін жазыңыз.

Мультимедиялық сабақ.

Сабақта мультимедиялық презентацияны қолдана отырып, оқу жағдайын дамытудың келесі кезеңдерін бөліп көрсетейік:

Сабақта мультимедиялық презентацияны қолданудың орындылығын анықтау; егер сіз барлық артықшылықтар мен кемшіліктерді өлшей отырып, сіз әлі де сабақта компьютерлік презентацияны қолдануды шешсеңіз, онда келесі кезең – белгілі бір сабаққа анимация жасау үшін осы компьютерлік ортаның мүмкіндіктерін талдау.

Сабақ құрылымындағы презентациямен жұмыс орнын анықтау. Презентацияны әдістемелік техникамен «байланыстыру».

Нақты презентацияның мазмұнды және техникалық компоненттерін ойластыру.

Нәтижелерді болжау, яғни сабақта мультимедиялық презентацияларды қолдану арқылы не істеу керек.

Презентация слайдтарын түсіндіру, бекіту немесе проблемалық жағдай жасау кезінде пайдалануға болады.

Білімді өзектендіру көбінесе оқушылармен әңгіме түрінде өтеді. Мұндай әңгіменің сұрақтарын слайдтарға елестеткен жөн, бірақ қарапайым мәтін түрінде емес. Сұрақтар шағын бейне тізбегі, бұрын жүргізілген демонстрациялық тәжірибесі бар фотосурет, түсініктемені қажет ететін оқулық суреті және т.б. ретінде ұсынылуы мүмкін.

Жаңа материалды түсіндіру кезінде презентацияның өзі және оны жобалау мүмкіндіктері өте кең. Сабақта барлық түсініктеме презентация слайдтарымен бірге жүруі міндетті емес. Мұғалім экспериментті де, тақтадағы жазбаларды да (әсіресе оқушылар жасай алатын болса) және модельдерді көрсетуді де қамтуы мүмкін.

Бастапқы бекіту көбінесе әңгіме түрінде немесе тапсырмаларды орындау кезінде өтеді. Бірінші жағдайда сұрақтар үшін ұсынылған материал презентация слайдтарында жасалуы мүмкін. Мұнда сұрақтар мен сұрақтарға арналған материалдардан басқа, оқушылардың жауаптары бойынша алынған материалды жалпылама түрде шығару орынды.

Мен өз жұмысымда АКТ қолдану тиімділігін ұсынамын:

– мектеп психологынан алынған мотивацияны зерттеу бойынша анықтамалар;

- нәтижелілік диагностикасы (бақылау жұмыстарының, тестілеудің, сауалнаманың, жобалар конкурсының, презентациялардың, зерттеу жұмыстарының деректері);
- ақпараттық технологиялармен байланысты үй тапсырмаларын дайындаудағы оқушылардың белсенділігін зерттеу.
- компьютерлік эксперименттер жүргізу, эксперименттік есептерді шешу, зерттеулер жүргізу қабілеттерін диагностикалау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Молекулалық физика MF 1205: Білім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені «5В011000-Физика» / Дайынд. М.Қ. Құлбек, Б. Ержепбек. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2012. – 89 б.
- 2 Оразалинова Д.К., Бермагамбетова Ж.Ш. Молекулалық физика: Оқу-әдістемелік құрал. – Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2020. – 130 б.
- 3 Бижігітов Т., Ақтаев Е.К. Молекулалық физика: Оқулық. ҚР білім және ғылым министрлігі, ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. – Алматы: Экономика, 2017.
- 4 Ілиясов Н. Молекулалық физика: Оқулық.. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 375 б.
- 5 Қоразов Т.А. Молекулалық физика және термодинамика негіздері. Оқу құралы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Литер-А, 2014. – 338 б.

ҒТАМР 14.01.11

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕГІ ПӘНАРАЛЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ МАМАНДЫҒЫМЕН БАЙЛАНЫС

Е.Т. Акимбеков

Аға оқытушы, т.ғ.м., С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Астана қ.

А.Ф. Акимбекова

Аға оқытушы, в.ғ.м., С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Астана қ.

Бұл мақалада сабақ барысында жаратылыстану пәндері арасындағы және білім алушының мамандығымен байланыстың маңыздылығын көрсету жайында айтылады. Білім алушылар үшін пәнаралық байланыстың және мамандықпен байланыстыра отырып сабақ жүргізудің кейбір ерекшеліктеріне тоқталдық. Сабақ барысында осы әдісті қолдана отырып, білім алушылардың басқа пәндерге деген қызығушылығы арта түсетіні атап өтілді.

Түйін сөздер: пәнаралық байланыстар, экологиялық білім, экологиялық тәрбие, жаратылыстану пәндері, жауапкершілік, қызығушылық.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман даярлау.

Егер білім беру әлеуметтік тәжірибенің негізгі элементі болса, онда екінші элемент – білім алушыға әлеуметтік тәжірибеде әрекет ету тәсілдерін үйрету, адамзат жасаған білімді қолдану дағдыларын игеру. Білім деңгейі экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін бәрі біледі. Бұл мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі [1].

Білім сапасы – қоғамдағы білім беру процесінің нәтижелерін, кәсіби шеберлікті қалыптастыру қажеттілігін және тұлғаның даму перспективаларын анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы жоғары оқу орындарында білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі қызметтің әртүрлі көрсеткіштерінің жиынтығы бойынша, яғни білім беру мазмұны, оқыту нысандары мен әдістері, материалдық-техникалық база және т.б. бойынша анықталады [2].

Білім алушы алған білімнің сапасы оқытушылық қызметтің сапасына тікелей байланысты. Ұстаз туралы Ахмет Байтұрсыновтың сөзін келтіре отырып: «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай. Яғни, мұғалім неғұрлым білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Одан

кейін, ең алдымен, білімді, педагогика мен әдістемені жетік меңгерген, білімді мектеп мұғалімі». Дегенмен, білім сапасын арттырудың бірден бір себебі – мұғалімнің теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық белсенділігі. Шығармашылық – жаңалыққа ұмтылу, ізденіс.

Бұл мақалада біз оқыту әдістерінің бірінде қолданылатын пәнаралық байланыстың маңыздылығын сонымен бірге мамандықпен байланыстыра отырып оқытуды көрсеткіміз келді. Бұл әсіресе жаратылыстану пәндерін зерттеу кезінде көбірек қолдануға мүмкіндік беретін әдіс. Физиканы немесе биологиялық пәндерді оқу кезінде экологиялық білім беру және экологиялық тәрбие олардың әлеуметтік дайындығының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру университеттің әр оқытушысының біліміне, ұйымдастырушылық қабілетіне, шеберлігіне байланысты. Оқу орнымызда бірнеше сала бойынша мамандыққа оқытылады. Сол мамандықтардың ерекшеліктеріне сай, мүмкіндігінше әр сабақты өткізу барысында мамандыққа қатысты сабақ тақырыбымен байланысы бар мысалдар келтіріп отырған дұрыс. Сабақты өткізу барысында өткізудің мазмұнын, әдістері мен әдістерін дұрыс тандап, пәнаралық байланысқа көп көңіл бөлу қажет. Қазіргі білімді екінші жақын пәнге қолдана білу, ойлау, салыстыру арқылы өз бетінше жұмыс істей білу.

Біздің университетте «Топырақтану және агрохимия», «Агрономия», «Агроэкология», «Табиғатты пайдалану», «Биология», «Мал шаруашылығы» сияқты мамандықтар бойынша Франция университеттері қолданатын оқыту әдістемесін енгізіп оқыту қолға алынған. Ол физика, химия және биология сияқты жаратылыстану пәндерін тереңдетіп оқытуды қарастырады. Оқыту процесінде осы пәнаралық байланыстарды ескеру қажет деп есептейміз. Физиканы оқыту барысында қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары туралы түсінік беруге болады.

Жаратылыстану ғылымдарының зерттеу объектілері өмірдегі нақты заттар мен құбылыстар болып табылады. Тек әрбір ғылым оған сәйкес саланы қарастырады. Мысалы: биология тірі ағзаларды, химия құбылыстар мен заттардың құрамын, физика табиғат құбылыстарын зерттейді. Бұл ғылымдар арасында сөзсіз байланыстар бар. Пәндер арасындағы байланыс бұл пәндердің жеке ғылымдар арасындағы байланысының көрінісі болып табылады. Табиғат әлемін зерттейтін осы ғылымдардың әрқайсысы материалды тану жолында белгілі. Ғылымның қазіргі даму кезеңін ғылымдар арасындағы байланыс пен сабақтастықтың артуы деп санауға болады [3].

Физикадағы атомның құрылымы, химиялық байланыстар, химиялық реакциялардың жылдамдығы және олардың жүру заңдылықтары, биологиялық тепе-теңдік ерітінділері және оның табиғаты, электролиттік диссоциация және оның теориясы, тотығу-тотықсыздану процестері, биогендік элементтер және т.б. өзара байланыстырыла қарастырылады. Биология пәнінен экологиялық білім беру процесінде пәнаралық байланыста білім алушылардың табиғат пен қоғамның біртұтастығы, жердегі атмосфераның маңызы, атмосфераны ластаудың негізгі көздері және олардың қоршаған орта мен қоршаған орта

процестеріне әсері туралы түсініктері қалыптасады. Материалдық денелердің тартылу заңы (тартылыс заңы); электр зарядтарының өзара әрекеттесу заңын; тогы бар өткізгіштердің өзара әсерлесу және табиғаттың басқа заңдары объективті заңдар болып табылады, ол биология, физика заңдарымен, яғни жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысты [4, 5].

Температура тірі организмдердің дамуы мен таралуы үшін маңызды экологиялық факторлардың бірі болып табылады. Жалпы, тірі организмдердің температурасы қоршаған орта температурасының өзгеруіне байланысты. Сондықтан метаболизмді құрайтын барлық реакциялардың жылдамдығы температураға да байланысты. Қоршаған орта температурасының өзгеруі организмдегі зат алмасу процесіне әкеледі, егер бұл өзгеріс гетерогенді болса, қоршаған ортаның экологиялық проблемасына әкеледі. Жылуды сақтау және оны қажеттіліктерге пайдалану процесі агрономдар үшін қарды тежеу керек екендігімен түсіндіріледі. Энергияның сақталу және айналу заңы тек физикалық емес, табиғи заңдарға да қатысты екенін көреміз.

Температура тірі организмдердің дамуы мен таралуының маңызды экологиялық факторларының бірі болып табылады. Жалпы, тірі организмдердің температурасы қоршаған орта температурасының өзгеруіне байланысты. Демек, зат алмасуды құрайтын барлық реакциялардың жылдамдығы да температураға байланысты. Қоршаған орта температурасының өзгеруі организмдегі зат алмасу процесіне, егер бұл өзгеріс біркелкі болмаса, қоршаған ортаның экологиялық проблемасына әкеледі. Жылуды сақтау және оны қажеттілікке пайдалану процесі агрономдарға қарды баяулату қажет екендігімен түсіндіріледі. Өздеріңіз білетіндей, бұл жұмыс өсімдіктердің тамыр жүйесін жылумен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар топырақта ылғалдың жиналуы және оны сақтауға бағытталған.

Тығыздық маңызды физикалық параметр болып табылады. Топырақтың, судың, ауылшаруашылық өнімдерінің (сүт, май) және басқа заттардың тығыздығын анықтау экологиялық проблемалардың бірі болып табылады. Білім алушылар топырақтың егіншіліктегі маңызын жақсы біледі. Егер сіз топырақтың тығыздығын арттырсаңыз, онда топырақтағы ауа мен ылғал ығыстырылып, өсімдіктердің өсуі тоқтайды.

Термодинамиканы және оның заңдылықтарын қарастырған кезде біз термодинамика энергияның бір түрден екінші түрге ауысу заңдылықтарын зерттейтінін, оның ішінде биологиялық термодинамика химиялық реакцияларда байқалатын энергияның бір түрден екінші түрге ауысуын, реакциялардың бағытын және олардың өздігінен жүретін шектері мен заттардың тепе-теңдік жағдайларын анықтайтынын түсінеміз. Қоршаған ортада заттар бір-бірімен жылу алмасу арқылы әрекеттеседі. Жүйенің ішкі энергиясы молекулалардан, атомдардан, иондардан, электрондардың кинетикалық, потенциалдық энергиясынан тұрады. Зат алмасу әртүрлі процестерден тұрады, мысалы, физиологиялық (қоректену, экстракция), физикалық (адсорбция, диффузия) және биологиялық заттардың синтезі.

Адам немесе жануар ағзасындағы көптеген физиологиялық процестер физикалық заңдар негізінде жүзеге асырылады. Қан тамырлары арқылы өтетін қан ағымдары гидродинамика Заңын көрсетеді, қан тамырларының серпімді қасиеттері механикалық тербелістердің болуын, биопотенциалдың таралуы биологиялық электр қозғалтқыштарына ұқсас, ал тыныс алу аэродинамика заңдылықтарын көрсетеді. Жер бетіндегі тіршіліктің эволюциясы ауырлық күшінің үздіксіз әсерінен пайда болатындығын ерекше атап өтуге болады. Тірі ағзаның ішкі және сыртқы мүшелері өз қызметін тұрақты жерге қосу жағдайында орындайды. Сондықтан олардың жаратылысында күшті сүйек қаңқасы қалыптасады.

Биология пәніндегі организмдегі зат алмасу процестерін қарастырған кезде ондағы реакциялардың барысын физикадағы «ашық жүйе» ұғымын ескере отырып қарастыруға болады, яғни энергия немесе басқа заттар арқылы қоршаған орта алмасу процесі.

Сондықтан пәнаралық байланыста экологиялық білім беруді ұйымдастыру белгілі бір дәйектілікті талап етеді, бұл мазмұнның, жекелеген пәндер мәтінінің бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді. Экологиялық білімнің мазмұны, нақты пәндердегі білім, бір-бірімен өзара байланысты және үйлескен жағдайда, әр адамда жоғары әлеуметтік экологиялық сезімдер қалыптасады, әр іс-әрекетте ой, жауапкершілік ұғымдары қалыптасады.

Осылайша, жаратылыстану пәндері арасындағы үздіксіз байланыс нәтижесінде, олардағы биологиялық, физикалық, химиялық, экологиялық ұғымдардың өзара байланысын біріктіре отырып, олардың қатысуымен және берілетін материалдар негізінде экологиялық білім беру жүйесін олардың маңыздылығына сәйкес қарастыруға болады.

Білім алушылармен сабақ барысында әртүрлі инновациялық технологияларды қолдана отырып, олардың сабаққа қызығушылығын арттыра отырып, тақырыпты мамандықпен байланыстыруға тырысамыз.

Сабақ барысында берілетін тапсырмалар мүмкіндігінше мамандықтың ерекшелігіне сай болғаны дұрыс. Себебі, тапсырма орындау кезінде білім алушының сабаққа деген қызығушылығы арта түеді.

6B08303 – «Қорғаныштық орман өсіру» мамандығының білім алушыларымен «Физика негіздері» пәнінен практикалық сабақтар кезінде осы әдісті қолданудан мысал келтірсек. «Механикалық жұмыс және энергия» тақырыбында берілетін бір есеп осыған мысал бола алады. Берілген тапсырмаға сәйкес, мазмұнына сай келетін суретін де берсе, білім алушының назары ауатыны сөзсіз.

Мысалы: 1-есеп. Жер бетінен 30 см биіктікте тұрған массасы 500 кг ағашты 2,5 м биіктікке дейін көтергендегі жұмысты есептеңіздер (1-сурет).



Сурет 1. Жұмысты есептеу.



Сурет 2. Тербеліс түрін анықтау.

Осы есепті шығару барысында білім алушы өзінің болашақ мамандығы бойынша іс әрекетті көру арқылы тапсырманы қызығушылықпен орындауға ұмтылады. Анимациялық суреттерді беру арқылы тақырыпқа сәйкес сұрақтар беріледі. Мысалы, «Тербелістер» тақырыбын оқығанда ағаш жапырағының қозғалысын еріксіз тербеліс болатындығын сұрақ қою арқылы көрсетуге болады (2-сурет). Осы тақырыпта агрономия мамандығының білім алушыларына егіс даласындағы бидай масақтарының тербелісін көрсетуге болады. Тақырыпты мамандық ерекшелігімен байланыстыра отырып, сабақ барысында сөзжұмбақтар беру де білім алушының қызығушылығын, белсенділігін арттырады және өз мамандығы бойынша біраз мағлұматтар алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Концепция по соблюдению экологической безопасности в Республике Казахстан. – Астана, 2003.
- 2 Кішібаева Д. Пәнаралық байланыстар. Қазақстан мектебі, 2005, №1. – 31-35 б.
- 3 Тулеубаев Ж.С., Шайхова Ф.С. Жаратылыстану пәндерін пәнаралық байланыста оқыту арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру. URL: melimde.com/jaratilistanu-penderin...bajlanista...
- 4 Межпредметные связи в процессе обучения. Под ред. канд. пед. наук П. Г. Кулагина. – Пенза, 200. – 59 с.
- 5 Әлімқұлова Э.Ж. Химияны жаратылыстану пәндерімен байланыстыра оқыту негізінде студенттердің экологиялық білімін жетілдіру. Абай атындағы АлМУ. – Алматы, 2005.
- 6 Callard Felicity, Фицджералд Дес (2015). Әлеуметтік ғылымдар мен нейроғылымдар бойынша пәнаралық байланысты қайта қарау. – Бейсингсток: Палграв Макмиллан. Энциклопедия. URL: site:kk.wikisko.ru.

ҒТАМР 14.35.09

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ХИМИЯЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.С. Тұрсыналы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Қоршаған ортаға индустриалды араласудың күшеюі жан-жақты ластануға әкеп соқтырды. Қазақстан Республикасын да қоршаған ортаның ластануы болмаған бірде-бір аймақ қалған жоқ. Бүгінгі кезде басты қиындық – экология болып табылады. Табиғи ластанулар табиғат апаттарының нәтижесінде пайда болады (жанартаудың атқылауы, жер сілкінісі, сел, дауыл және т.б. адамның қатысынсыз пайда болады). Антропогендік ластанудың мысалы ретінде радиоактивтік, химиялық, биологиялық заттардың таралуы себеп болатын өнеркәсіптік объектілерде орын алатын апаттар жатады. Осындай антропогендік факторлармен күресу үшін жастарға экологиялық білім беру қажет. Оқушыларға экологиялық білім беру үрдісін жүргізуде химия курсының маңызы зор. Сондықтан студенттер теориялық сипаттағы экологияландырылған сұрақтарға жауапты өз бетінше іздей отырып, экологиялық мазмұндағы есептерді шешуге тырысады.

Түйін сөздер: химиялық экология, химиялық реакция, экологиялық химия, экологиялық білім, қышқыл жаңбыр, күкірт, химиялық ластану, экология, қоршаған орта, эко жүйе.

Экологиялық химия немен айналысады деген сұраққа жауап бермей тұрып, осы ғылымды құраушы химия және экология ғылымдарының зерттеу алаңдарын әлдеқайда дұрыс түсініп, ажырата білу қажет. Химияның дефинициясымен барлығы түсінікті сияқты. Бұл ғылым заттардың айналымындағы заңдылықтар мен олардың құрамын, қасиеттерін зерттейтіні белгілі. Экология ғылымы болса қазіргі кезде қарқынды дами отырып, түрлі жаңа салаларға бөлінуде. Кейбіреулер экологияны организмдермен орта арасындағы қатынасты зерттеуші биологияның саласы десе, басқалары – тірі организмдер соның ішінде адамның тіршілік ортасын зерттеуші кешенді ғылым дейді, ал үшіншілері – түрлі иерархиялық деңгейдегі эко-жүйелердің тіршілік етуінің жалпы заңдылықтарын зерттеуші пән және т.б. деп санауда. Бұл көзқарастарға сүйене отырып, экология ғылымының негізгі заңдарын біліп, түрлі құбылыстар мен экологиялық сипаттағы мәселелерді түсінуге болады.

Сонымен экология ғылымына толық және басқа анықтамаға орын деп мынадай қысқаша анықтама беруге болады: экология организмдермен (бірлестіктер, популяциялар, особтар) қоршаған орта арасындағы қарастырылатын барлық абиотикалық және биотикалық компоненттердің қарым-қатынасын зерттейді [1].

Химиялық экология дегенде химиялық ластану есімізге түседі. Химиялық ластану-қоршаған ортаның табиғи химиялық қасиеттерінің қарастырып отырған уақыт кезені үшін қайсыбір заттектердің көпжылдық орташа ауытқуларынан асып түсетіндей болып өзгеруі немесе қоршаған ортаға әдетте онда болмайтын заттектердің түсуі немесе нормадан артық шамада түсуі [2].

Экологиялық мазмұны бар химиялық мәселе – бұл диалектикалық бірлікте құрамдас элементтері (шарт пен талап) берілген, олардың арасындағы байланысты ашу химия ғылымының заңдылықтары мен әдістеріне сүйене отырып, психикалық әрекеттің объектісі болып табылады. танымдық қызығушылыққа жетелейді. Әрбір осындай тапсырмада химиялық құбылыс немесе процесс сипатталады, сонымен бірге оның экологияға қатысты белгілі бір жағы ғана қарастырылса тиімді болады (мысалы, адам немесе жануарлар ағзасына әсері) [3].

«Экология» пәні туыстас пәндердің оқу материалына кіріспе ретінде 1982 жылы мемлекеттік оқу бағдарламасына енді. 1980-жылдардың ортасында химия мұғалімдерінің зерттеу жұмыстарында да пәнаралық байланыс (биология және география) қолданылып келеді. Зерттеушілердің ойы бойынша, оқу процесінде пәнаралық байланыстың маңызы зор, ол байланыс білімді толықтырады, растайды, оқушылардың білімін «ішкі байланыстарды» реттеу арқылы білім мен біліктілікті бекітеді және қоршаған орта туралы түсінік қалыптастырады. Бірақ пәнаралық байланыс толық интеграция емес, оқу процесіндегі интеграция оқу үрдісіндегі ерекше жүйе, яғни жақындастыру, біріктіру бір жүйеге келтіру [4].

Н.Ф. Винокурова интеграцияны былай қарастырады:

- а) бір жүйеге келтіретін байланысты дамытушы;
- б) байланыстырушының жүйелілік мәні;
- в) жалпы философиялық түсініктің төменнен жоғарыға дамуы ретінде қарастырады.

Қазіргі кезең бойынша экологиялық проблеманы шешудегі химияның ролі:

а) химия атмосферадағы, топырақтағы, сулы ортадағы заттардың құрамын, қасиетін, құрылысын білу арқылы биологиялық өзгерістерін түсіндіреді;

б) элементтердің биогеохимиялық процестердегі айналу тетігін зерттеу және оларды өндіріске енгізу арқылы экожүйеге айналдыру;

в) әр түрлі химия-аналитикалық бақылау негізінде қоршаған орта немесе дайын өнім туралы мәлімет алып, оның зияны немесе оларды тазалау немесе қорғау т.б. туралы мәлімет береді.

Осындай экологияландырылған химия тапсырмалары, біздіңше, оның ерекше рөлін аша түседі және табиғатты қорғау, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға мүмкіндік береді. Түсінік интеграциясы – химиялық және экологиялық білім екі деңгейде қарастырылады, себебі «экологиялық білімнің» екі түрлі түсінігі бар.

«Табиғат қорғау» білімі – экологияны тірі ағзалардың бір-біріне және қоршаған ортамен әсері деп түсіну;

«Қоршаған орта» туралы білім адам мен табиғаттың бір-біріне әсері деп түсіну [5].

Химия – экологиялық сұрақтар мен есептерді мазмұны бойынша үш типке бөлуге болады:

1. Табиғи нысандардың химиялық сипаттамасы бар есептер;
2. Ластану көздері жөнінде, қоршаған ортаны ластаушылар түрлері жөнінде есептер;
3. Табиғатты қорғау шаралары және ластану зардаптарын жою жөніндегі есептер. Ендеше, есептерді қарастырайық:

Экологиялық мазмұнды есептер:

1. Құрамында N пен P бар өндірістік қалдықтарды су қоймаларына құю нәтижесінде өзендерде көк-жасыл балдырлар көбейіп кетті. Қандай химиялық реакция көмегімен балдырлардың құрамындағы NH_4^+ катионы мен NO_3^- анионын анықтауға болады?

Жауабы: NH_4^+ катионын анықтау үшін $2\text{NH}_4\text{Cl} + \text{Ca}(\text{OH})_2 = 2\text{NH}_3 + \text{CaCl}_2 + 2\text{H}_2\text{O}$.

NO_3^- анионын анықтау үшін концентрлі H_2SO_4 және Cu жаңқасын қосады.



2. Кермек судың қандай зияны бар, қандай әдіспен жұмсартуға болады?


Жауабы: Кермек судан шәйнекте, су тасымалдау құбырларында қақ тұрады. Қақ қатты қызса жарылысқа әкеледі. Кермектік Ca^+ және Mg^+ иондарының қатысуымен болады, кермектікті кетіру үшін ол иондарды тұнбаға түсіру керек.

Уақытша кермектікті кетіру үшін.

1. қайнату $\text{Ca}(\text{HCO}_3)_2 = \text{CaCO}_3 + \text{CO}_2 + \text{H}_2\text{O}$.


2. әк сүтін қосу $\text{Ca}(\text{HCO}_3)_2 + \text{Ca}(\text{OH})_2 = 2\text{CaCO}_3 + 2\text{H}_2\text{O}$.

Тұрақты кермектікті кетіру үшін сода қосады.



3. Темір алудың өнеркәсіптік әдістерінің реакция теңдеулерін жазыңдар, нәтижесінде түзілген көмір қышқыл газын қалай залалсыздандыруға болады?

Жауабы:



2 тапсырма.

Химиялық – экологиялық ұғымды қалыптастыратын есептер.

1. Асқазан ауырғанда белсендірілген көмірді не үшін қолданады және белсендірілген көмір дәріханада қалай аталады? Адсорбция деген не?

Жауабы: Асқазанға түскен ерімтал зиянды заттардың әсерін жояды, дәріханада карболен деп аталады. Көмірдің және басқа заттардың өз бетінде газдарды, буды және еріген заттың бөліктерін ұстап қалу қабілеті адсорбция деп аталады.

2. СО(II) тұрмыста қалай аталады, қай кезде түзіледі? Адамға қандай зияны бар? [6].

Химиялық экологияның негізгі принциптерінің бірі – шикізатты комплексті өңдеу. Күкірт қышқылы өндірісінде табиғи сульфидтерді комплексті өңдеу қазіргі уақытта басты орын болып отыр. Бұл өндіріс үшін экономикалық жағынан тиімді, шикізатты, оның құрамын толық пайдалану өндіріс эффектісін арттырады. Бұл өндірістен шығатын қалдықтарды ұтымды пайдалану керек, себебі қалдықтардың құрамында пайдаға асатын бағалы химиялық қосылыстар жеткілікті. Күкірт қышқылдары табиғатта алатын орны орасан зор, көптеген экологияға байланысты химиялық есептер құрастыруға болады. Олардың санаулысына тоқталып өтетін болсам:

1) Ауадағы күкірт қосылыстарының ең көп тарағаны?

а) SO₂

ә) SO₃

б) H₂S

в) CS₂

2) SO₂ газының қандай мөлшері кездің сілегейлі қабықшасын тітіркендіреді және жәтелтеді?

а) 0,05 мг/л

ә) 0,01 мг/л

б) 0,10 мг/л

в) 0,08 мг/л

3) Күкіртті газдың әсерінен өте қатты зақымданатын ағаштар?

а) қайың мен терек

ә) емен мен қайың

б) алма ағашы

в) қарағай мен шырша

4) «Қышқыл жаңбыр» ұғымын қай жылы, қай ғалым ұсынған?

а) 1870 ж. Александр Гумбольдт.

ә) 1872 ж. Роберт Смит

б) 1850 ж. Жорж Бюффон

в) 1866 ж. Эрнест Геккель

5) Қыналардың кейбір түрлері күкірт қышқылының мөлшері..... болғанда өз тіршілігін жояды?

а) 10-30 мкг/м³

ә) 15-35 мкг/м³

б) 20-50 мкг/м³

в) 25-30 мкг/м³

5. Атмосфераны күкірт диоксидінен қорғаудың бір жолы:

а) отынды пайдаланбас бұрын оның құрамындағы күкірті бар отынды бөліп алу.

ә) биологиялық процестер әсерінен пайда болған сутегі құрамында күкірті бар амин.

қышқылдарын тотықсыздандыру.

б) күкіртсутектің көп мөлшерін шіру үдерісі кезінде ақуыздағы (белок) күкірттің тотықсыздануы нәтижесінде бөліп алу.

в) өнеркәсіптік үдерістің бірі – күйдіру немесе күкірт рудаларын балқыту.

Есептерге тоқталатын болсақ:

1-есеп. Күкіртті газбен ластанған 100 л ауаны натрий гидроксиді арқылы өткізіп, оған иодты, түссіз түске боялғанша қосты. Алынған қоспаға барий хлоридін артық мөлшерде құйды. Түскен тұнбаны сүзіп және кептірілді. Оның массасы 7 мг. Ауаның тазалығы санитарлық нормаға сәйкес келеді ме, егер күкіртті газдың ШМК = 0,01 мг/л ?

2-есеп. Қышқыл жаңбырлар мәдени ескерткіштерді бүлдіретіні белгілі. Мрамор берік зат болғанымен де күкірт қышқылы ерітіндісімен әрекеттескенде, ғанышқа айналады. Температура алмасуы, жаңбыр суы ағыны және жел соғуы әсерінен мұндай жеңіл материал бірден бұзылады.

Құрамында күкірт қышқылы (рН=4) бар жаңбыр суы көлемін есептеңіздер. Мұндай су ені 1 мм. және ауадағы 10 м. мрамор қабатымен әрекеттесіп, оны ғанышқа өзгертеді. Мрамор тығыздығы 2,8 г/см, бірінші; сондай-ақ, екінші реттегі күкірт қышқылының диссоциациялану дәрежесі 100%. [7].

Экологиялық білім үздіксіз оқу үрдісі және ғылыми – тәжірибелік білім мен іскерлік жүйесін қалыптастыруға бағытталады. Ол тұлғаның дамуы мен тербиеленуінің, экологиялық өмір салтын қалыптастырудың, табиғатты тұрақты пайдалану мен тұтынудың, қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметі мен тәртібінің құндылық бағдарлары болып табылады. Экологиялық білім жүйесі ұйымдық формалардың іс-әрекетін үйлестіретін үздіксіз экологиялық білім жиынтығының міндеті мен мақсатын жүзеге асыру үшін керек. Олар – экологиялық білім инфрақұрылымы, басқарудың нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік және экономикалық реті.

Экологиялық білім стратегиясы – экологиялық білім аймағындағы мемлекеттік саясат негізін құрайтын, оны жүзеге асырудың негізгі бағыттарын

анықтайтын экологиялық мәдениетті қалыптастыру, яғни «адам – табиғат», «қоғам – табиғат» қарым-қатынас саласындағы қоғамдық ойсана ғана емес, оның терең қажеттілігінің өзгерісін түсінетін ұстанымдар, мақсаттар, ойлар басымдығының жүйесі [8].

Осындай антропогендік факторлармен күресу үшін жастарға экологиялық білім беру қажет. Оқушыларға экологиялық білім беру үрдісін жүргізуде химия курсының маңызы зор. Сондықтан студент теориялық сипаттағы экологияландырылған сұрақтарға жауапты өз бетінше іздей отырып, экологиялық мазмұндағы есептерді шешуге тырысады. Студенттер бірігіп топпен жұмыс жасау арқылы пәнге қызығушылық сезімі оянады.

Осылай болашақ мамандарға экологиялық білім берумен, әр түрлі экологиялық мазмұндағы есептер мен тест тапсырмаларын орындату болашақ мамандардың табиғатты қорғауға, байлықтарымызды сақтауға деген көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Каримов А.Н. Экологияның химиялық негіздері оқу құралы /Алматы/ «Қазақ университеті» 2014. – С. 6.
- 2 Абубакирова К.Д., Таныбаева А.К., Рысмагамбетова А.А. Экология бойынша терминологиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017. – С. 70.
- 3 Рысқалиева Р.Г., Бекей А.Ж.. Заттарды химиялық және экологиялық сараптау оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – С. 6-7.
- 4 Кузменок М.Н., Стрельцова Е.А., Кумачев А.Н. Экология на уроках химии. – Минск: Изд. ООО «Красикоприкт», 1999. – С. 178-180.
- 5 Сарманова К. Химия сабағында аймақтық материалды пайдалану. «Келешек – 2030». – Алматы, 2002. – С. 79.
- 6 Қабылова Б.А. Химияны оқыту үрдісінде экологиялық есептер шығару әдістемесі оқу құралы мақала. – Алматы, 2015. – С. 2-4.
- 7 Баешова А.Қ. Өндірістік экология негіздері. (Зертханалық жұмыстар жинағы). – Алматы: «Қазақ университеті», 2013. – С. 14-15.
- 8 Винокурова Н.Ф. Теория и методика изучения глобальных экологических проблем на основе геоэкологического подхода в школьной географии: Автореф. дис.... д-ра пед. наук. – М., 2000. – С. 30.

ҒТАМР 14.85.01

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АУҚЫМДЫ ЕНГІЗУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

А.Б. Серикова

Студент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Б.С. Бимбетова

*Жетекші, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ.*

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні цифрлық технологияны кеңінен қолданып білім беру үрдісін жаңартып қарқынды алға жылжуда.

Әлемде болып жатырған бүгінгі жағдайға байланысты барлық білім беру мекемелері білім беру арнасын мейлінше түрлі жаңа технологияларды меңгеріп жұмыстануда.

Халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге мүмкіндік жасап, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі – желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру.

Түйін сөз: білім беру үрдісі, цифрландыру, цифрлық сауаттылық, бәсекеге қабілеттілік, смарт технология, білім беру.

Білім – қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық болып табылады. Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болсын өсіп – өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Жаңа ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас

ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазақ халқы қай кезде де білім мен ғылымнан, мәдениеттен кенде болған емес. Солай десек те әрбір дәуір безбенінің қояр өз талабы бар. Жаңа ғасыр табалдырығын әлем таныған тәуелсіз мемлекет ретінде аттаған Қазақстанның болашағы-білім мен ғылымда.

Біз рухани ізгілікті, мәдени құндылықтарды жаңғырту мен қалыптастыруда, білім мен ғылымды дамытуды сапалы серпіліс жасауға тиісіз. Сан мың ұрпақтың ортақ мұратын ту етіп, болашаққа қадам басқан біздің еліміз дәл сондай дамыған, білімді, қуатты ел болуы керек.

Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы, оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы әзірлей білу.

Қазіргі кезеңдігі оқытудың негізгі мақсаты – болашақ мамандығына байланысты әрбір студентке тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына, алдағы өз өмірінде пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік және кәсіби және цифрлық сауаттылық.

Соның ішінде, қазіргі заманда, яғни, соңғы жылдарды ауқымдырақ алсақ, әлемдік пандемедиядан кейін біз цифрлық сауаттылықты арттырудың маңыздылығын ұғындық.

Цифрлық сауаттылық – бұл ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлық сауаттылық адам өмірінің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті деп түсініледі. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың заманға сай өмір сапасын арттыруға жол ашылатындығы белгілі.

Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті және білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда оқу орындарында білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақ оқу орындарының көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтты білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық

білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтып отырмыз. Үй тапсырмаларын студенттер онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Оқу орнының кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу орындарын цифрландыру осы үрдіске қатысатын барлық тұлғаларға, яғни оқушыларға, олардың ата-аналарына, мұғалімдеріне, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдарды жасауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды. Сонымен қатар халықтың өмір сүру сапасын жақсартатын цифрлық платформа құру мақсаты Елбасымен ұсынылған «Цифрлық Қазақстан – 2020» бағдарламаны жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады.

XXI ғасырдың икемділігі мен құзыреттілігіне келсек, олар мектептен бастап барлық білім беру қызметінде қалыптастырылуы керек. Білім беруді цифрландырудың, атап айтқанда, жалпы білім беру жүйесінің іске асуының кейбір аспектілеріне тоқталайық. Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде. Онлайн курстардың бірыңғай платформасы баршаға ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, XXI ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге мүмкіндік жасап, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі – желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері – бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде

«жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау. Себебі, цифрлық қоғам – адамдардың өмір жағдайына, олардың біліміне және жұмысына, сонымен қатар мемлекет, бизнес және қоғам арақатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы шешуші әсер ететін, қоғам өмірінің барлық салаларында білім мен ақпараттық доминантты рөлімен ерекшеленетін өркениет дамуының заманауи кезеңі.

Бүгінде оқу орындарын цифрлық мекемеге айналдыру қажеттілігі туындап отыр. Егер кез келген педагог заманауи жаңа цифрлық технологиялар құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана алмаса, онда цифрлық білім беру сапасыз білім беруге айналады деп есептеуге болады. Оның үстіне жаһандану заманында цифрлық қоғам мен білім беруді цифрландыру және электрондық оқыту жүйесін білім беру ұйымдарына енгізу жағдайында педагогтердің қашықтықтан біліктілігін арттыру ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Мұның өзі педагогтердің бәсекеге қабілеттілігі мен білім сапасын арттыруға бағытталады.

Интернет технологияларының дамуына сәйкес, электрондық оқыту жүйесінің платформаларымен жұмыс жасауда педагогтердің жұмыс жасау деңгейі қалыпты деуге болады. Электрондық журнал мен электрондық күнделікті, *Smart* жүйені толтыру және студенттердің білімін электронды түрде тексеру – бүгінгі педагогтың күнделікті жұмысына айналуға. Мұндай жағдайда педагогтердің қашықтықтан біліктілігін арттыру ерекше мәнге ие. Мұнда педагогтың коммуникациялық құралдармен жұмыс жасау сауаттылығы негізге алынады. Оның негізгі тетіктерінің бірі ретінде педагогтердің телеарналарға шығу мәдениетін арттыру мәселесі туындайды.

Қазіргі кезеңдегі елдегі жағдайға орай білім жүйесі, оның ішінде мектептер қашықтықтан оқытылуына байланысты «*Bilim Land*», колледждерді «*Smartstation*» платформасы, жоғары оқу орындарында *Smart* жүйесі енгізіліп, білім беру үрдісі жүзеге асырылуда. Бұл өте тиімді және қолданысқа уақытылы енгізілген платформа деуге болады. Өйткені, педагогтерді артық есептіліктен арылтып, регламенттерді азайтты. Мәселен, бұрын қағазбастылық басты назарда болып, уақыт жағынан қолайсыздау еді. Қазір кезде аталған платформаның «Мониторинг», «Статистика» тетіктері бұрынғы қолайсыздықты екі есе азайтты деуге болады. Сабаққа қатысуды, білім алушылардың белсенділігін анықтау, педагогтің шеберлігін, жалпы білім беру үрдісін бақылау жеңілдей түсті. Сонымен қоса, сабақ кестесіне арнайы тетік қосу арқылы оқу орны әкімшілігіне сабаққа қатысу мүмкіндігінің болуы да уақытты үнемдеді. Автоматты есептеудің арқасында күн сайынғы сабақ берілу статистикасын шығарып отырады. Бұл, бір жағынан, педагог қауымға тиімді болса, екіншіден, ата-аналардың баласын бақылауға алудың тиімді жолы екендігін көрсетеді.

Бұрынғы кезде сабақ үрдісі кезінде білім алушыға сабақ үстінде телефон ұстауға тиым салса, қазірде олар сабақ уақытында қолдарындағы телефон, планшет, ноутбук арқылы интернеттегі басқа өздері үшін қызықты, сабаққа

қосымша ақпаратты алуы әбден мүмкін. Сондықтан олардың сабаққа деген қызығушылығын бақылап, сабаққа қызықтыра отырып, зейіндерін аударудың маңызы әдеттегіден де зор екені баршамызға белгілі. Ол үшін педагог жаңа технологияларды озық пайдалана отырып қысқа да нұсқа, алайда түйінді ақпарат бере алатындай сабақ құрастыра білу қажет.

Цифрландырылған сабақты дайындау ноутбук, компьютер және смартфон арқылы жүзеге асырылатындықтан оларға қажетті бағдарламаларда өзіндік ерекшелігіне байланысты екі түрлі. Ноутбукте де, телефон арқылы да бағдарламалар арқылы сабақ дайындау дағдысын игерген дұрыс.

XXI ғасыр – технология ғасыры болғандықтан, Қазақстан әлем бойынша ең жаңа деген оқу формаларын зерттеп, білім саласында үнемі жаңарту жасап келеді. Сонымен қатар өкініштісі елімізде ақпараттық қоғам әлі толық қалыптаспай жатыр. Сұранысқа орай технология даму үстінде. Бірақ соңғы жылдары SMART технологиясы ұғымы яғни ақылды оқыту пайда болды және Smart қала, Smart фон, Smart құрылғы, Smart қондырғы, Smart орта деген тіркестерді жиі естіп жүрміз. Яғни, E-learning орнына SMART-learning келуі, ақпараттық қоғам орнына «smart қоғам» қалыптасуы біздің елімізде де күтілуде.

Сонымен қатар Smart білім беру оңай басқарылатын және әрдайым сыртқы білім ресурстарымен толығып отыратын болуы тиіс. Smart education немесе ақылды білім беру – бұл ыңғайлы түрде интерактивті ортада жүзеге асырылған әлемдік деңгейдегі қолжетімді контент арқылы білім беру болып табылады. Smart education түсінігінің негізі ол кең ауқымды қол жетімді білім ресурстары.

Smart education барлық білім беру үдерістерін және осы үдерісте қолданылатын барлық әдістер мен технологияларды түгелдей жаңаруын жүзеге асырады және де ақылды тақта, ақылды экран, кез келген жерден интернетке қосылу сияқты жаңа технологиялардың туындауына себеп болады. Осы пайда болған жаңа технологиялар контентті жасақтап, жүйелеп, пайдаланушыға жеткізеді. Соның арқасында білім беруді жүзеге асыру тек аудиторияда ғана емес, кез келген жерде: үйде немесе музей, кафе сияқты қоғамдық жерлерде де мүмкін болады. Яғни, білім беру үдерісінің кез келген қатысушысы (студент немесе оқытушы) интернет желісі арқылы ортақ контентті белсенді пайдалана алады. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің уақытқа немесе орынға (топ, аудитория) тәуелділігін жояды.

Smart тұжырымдамасының енуіне байланысты студенттің де, оқытушының да білім беру жүйесіндегі рөлдері өзгереді. Бұрын студент үшін жалғыз білім ресурсы сабақтағы дәріс болғандықтан студент сабаққа қатысуға міндетті болатын. Ал, қазір ақпараттық технологиялардың негізін меңгерген студент интернет құралдары арқылы өзіне қажетті кез келген ақпаратты таба алады. Сондықтан қазір білім алушының дәріске қатысуының қажеттілігі шамалы. Бірақ оқушыға бағдар беруші қажет. Ол – оқытушының міндеті. Оқытушы жаңа білім контенттерін жасақтап, студентті соған бағыттауы керек.

Smart оқытушы мойнына жаңа міндеттер жүктейді. Енді студент өз мамандығы бойынша жоғары күзiреттi болып қана қоймай, сонымен қатар ол ауқымды көлемде басқа да ақпараттарды игеруі керек.

Smart оқытушыларға жаңа міндеттер жүктеумен қатар жаңа мүмкіндіктер береді. Олар: жинақталған білімдерімен және тәжірибелерімен алмасу, ғылыммен көбірек айналысу, контентті жаңадан жасамай жасақталған контентті пайдалану арқылы уақыт үнемдеу. Smart тұжырымдамасына сәйкес оқу курсы да өзгерістерге ұшырайды. Енді оқу курсының сапасы артып қана қоймай, студенттің курсқа деген қызығушылығының артуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі заманда көптеген электрондық ресурстарды пайдаланып жүрген студентті қарапайым мәтіндік білім контенттерімен қызықтыру мүмкін емес.

Жалпы оқытушының да, студенттің де цифрлық сауаттылығы жоғары болса, қағазбастылықтан арылады және өз уақытын үнемдеп, сауатты жұмыстана алады. Ал педагогтың цифрлық сауаттылығы дегеніміз қалыпты жағдайдағы қарым-қатынастан цифрлық коммуникацияның айырмашылығын түсінуі, қазіргі коммуникация құралдарын (әлеуметтік желілер, мессенджерлер) қолдану білігі мен дағдысы, цифрлық ортада қарым-қатынас жасай білу этикасы мен нормаларын саналы түсінуі. Сондай-ақ, педагогтың технологиялық инновацияларға қарым қатынасы оның технологиялық трендтерді түсінуі, қазіргі технологиялармен (гаджеттер, қосымшалар) жұмыс жасауға дайындығы, технологиялық инновацияның қоғам дамуы мен өзін дамытудағы пайдасын түсінуі ретінде анықталады.

Қорыта айтқанда, елімізді цифрландыруға бағытталған жан-жақтылықты, ұқыптылықты, дүниетанымдылықты талап ететін реформалар халықтың заманға сай өмір сапасын, көзқарасын, сауаттылығын арттыруға жол ашады. Яғни, бүгінгі таңда оқытушыдарымыз мен студенттеріміз көптеген платформаларды игеріп, жаңашыл бағытта жұмыстанудың қыр – сырын меңгерген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Рүстемова А. Жаңашылдық – бүгінгі күн талабы // Қазақстан мектебі 2013, №10.

2 Тихомиров В. Смарт-образование: новые возможности для развития в информационном обществе // Школьная библиотека 2013, – №1.

3 Сафуллин Е.Н., Дускалиев Н.К., Шагиров С.С. Смарт оқытуға алғашқы қадам. – Орал, 2014.

4 <https://okg.kz/post?id=12564&slug=bilim-salasyntsfirlandyru-on-natizheberude>.

5 <https://bilimainasy.kz/26-04-08/>.

6 <http://edunews.kz/importantnews/1503-cifrandyru-bgng-blm-berudeg-zhaa-negzg-bayt.html>.

ҒТАМР 14.91

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТАҒЫ ДАМУЫ

С.Қ. Кенебаева

*Мұғалім және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, №107 орта мектебі,
Қармақшы ауд., Қызылорда обл.*

«Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктіруімен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді.

Түйін сөздер: оқытудың парадигмасы, білім беру, жаңа білім беру бағдарламасы, сыни тұрғыдан ойлау.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» – дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жанашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік.

Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра

алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жанашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгертін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Сондықтан да әр пән мұғалімдері, өзінің сабағында әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу.

Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды. ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап,

критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді.

Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдістері мен тәсілдерін оқытып, ой-өрісі кең, саналы еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланысы» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеледі. Оқушылардың бойына жаңа ғасырда өмірдің барлық салаларында болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол

өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі және болашақтың дамуына көп үлесін қосары хақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ахмет Л. Компьютерлік технологияны оқу-тәрбие процесінде пайдалану мүмкіндіктері. Білім – Образование. №3, 2009.

2 Роберт И. Новые информационные технологии в обучении: дидактические проблемы, перспективы использования.

3 Доллинер Л. Ақпараттық коммуникациялық оқыту технологияларының мәселелері және болашағы.

4 Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: «Дайыр Баспа», 2010.

ҒТАМР 14.25.05

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Ж.Ш. Икрам

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

А.Д. Спанбаев

PhD-доктор, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Мақалада биология пәнінен мектеп оқушыларының зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі ерекшелігі мен тиімділігі қарастырылады. Авторлар құрылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеді, оны қолдану оқушылардың білім сапасын және биологиялық ұғымдарды, құбылыстар мен процестерді игеру деңгейін арттыруға көмектеседі.

Түйін сөздер: құзіреттілік, зерттеу дағдылары, педагогикалық эксперимент, әдістеме, танымдық іс-әрекет, инновациялық білім, мотивация.

Отандық білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі, басты міндет ретінде шығармашылыққа қабілетті белсенді, тәуелсіз және құзыретті тұлғаны тәрбиелеуді алға тартады. Бұл үшін өнімділікпен, оқушылардың жеке танымдық қажеттіліктерін жүзеге асырумен, олардың шығармашылық, тәуелсіз ізденісіне назар аударумен ерекшеленетін зерттеу қызметі үлкен мүмкіндіктерге ие.

Құзыреттілік көзқарас мәселелері және негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселелері А. Болотов, А. Зимняя, В. Сериков, В. Хуторской және т.б. еңбектерінде зерттелді.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі тұрғысынан, биологиялық білім беруді талдау арқылы оның келесі өнімді бағыттары анықталды: биологиялық білім берудің адам мен табиғаттың өзара әрекеттесу тәсілдерін дамытуға бағдарлануын күшейту; мета-пәндік дағдыларды қалыптастыру; оқытуды ынталандыру мәселесін, болашақ оқу профилін таңдау мүмкіндігін ашатын фактор ретінде іске асыру [1].

Жоғарыда айтылғандардың барлығы, мектеп биологиясындағы оқушылардың білім сапасын арттыру үшін, заманауи технологияларды, әдістерді және оқыту құралдарын іздеумен және дамытумен байланысты

биологияны оқыту әдістемесіндегі маңызды мәселені атап өтуге мүмкіндік береді.

Бұл бағыттар әртүрлі дәрежеде әдістемелік ғылыммен, практикамен әзірленген. Қазіргі уақытта қоғамда және білім беруде болып жатқан жаңа сындарлы өзгерістер мәнмәтініндегі зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі тұрғысынан, биологияны оқыту саласын талдау: оқушылардың жеке дамуы тұрғысынан, биология оқу пәнінің резервтері мен осы мүмкіндіктерді толық пайдаланбайтын қолданыстағы оқыту тәжірибесі арасындағы қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, мектеп биологиясының белсенділік әлеуетін кеңейтудің объективті қажеттілігі, бағдарламалардың, оқулықтардың, әдістемелік құралдардың, оқушылардың практикалық қызметіне жеткіліксіз бағдарлануы; қазіргі мектептер жағдайында қолданыстағы инновациялық білім беру үрдістері және оларды іске асырудың әдістемелік құралдарының болмауы секілді мәселелерді айқындады.

Осы қарама-қайшылықтарды жеңу құралдарын іздеуде зерттеу тақырыбын таңдау жасалды. Солайша зерттеудің мақсаты етіп – 7-ші сынып оқушыларының биология пәнін оқуда, зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және ғылыми негіздеу қойылды. Зерттеу гипотезасы: егер оқушылардың зерттеу қызметін жүзеге асырудың формалары мен әдістері, психологиялық-педагогикалық жағдайлар анықталса, биологияны оқуда зерттеушілік құзыреттіліктерін сәтті дамытуға мүмкіндік туады.

Ғылыми-зерттеу міндеттері:

1. Оқушылардың биологияны зерттеу кезінде, зерттеу қызметін жүзеге асыру қабілетін қалыптастыруға бағытталған пәндік әрекеттерді нақтылау;

2. 7-ші сынып оқушыларының, биология пәнін оқуда, зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін эксперименталды түрде әзірлеу және тексеру.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, құзыреттілік тәсілінің білім беруде әлі қалыптасу үстінде екенін көрсетті. А. Зимняя, Я. Лернер, К. Селевко, В. Хуторской секілді авторлар, бұл категория үнемі даму үстінде екенін, осыған байланысты «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарын түсіндіруде сәйкессіздіктер бар екенін атап көрсетеді. Мәселен, В. Хуторской «құзыретт» пен «құзыреттілік» ұғымдарын келесідей ажыратады [2]. Оның пікірінше, құзырет дегеніміз – белгілі бір ортада тиімді өнімді қызмет үшін қажетті, білім алушының білім алуына қойылатын алдын ала жоспарланған әлеуметтік талаптар. Ал құзыреттілік дегеніміз – адамның, өзіне және қызмет тақырыбына деген жеке көзқарасын қамтитын тиісті құзыреттілікке ие болуы.

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын түсіндіруде, біз: «Құзыреттілік адамның интегративті сапасы, оған тек білім, дағдылар ғана емес, сонымен қатар өзекті мәселелерді шешуде бұл қасиеттерді көрсету қабілеті мен дайындығы кіреді. Ал құзыреттілік болса, құзыретті көрсетудің минималды тәжірибесінің болуын болжайды», – деп санайтын жоғарыда атап өткен ғалымдардың көзқарастарын ұстандық [3].

Бұл ретте, ғалым В. Владиславовичқа келсек, ол құзыреттілікті дағдылардың, білімнің, оқымыстылықтың бар болуының тәсілі ретінде түсінеді, бұл жеке өзін-өзі жүзеге асыруға, әлемде өз орнын табуға ықпал етеді деп ойлайды [4].

Зерттеуіміздің тақырыбына сүйене отырып, әртүрлі көзқарастарды талдау негізінде И.Алексеевнаның келесі анықтамасы негізге алынды: құзыреттілік – бұл білім беру мазмұнының компоненттерінің жиынтығы, оларды оқу барысында игеру, практикалық қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жұмысымыз үшін, ғылыми зерттеу құзыреттілігінің негізгі құзыреттердің әртүрлі жіктелімдеріндегі орнын анықтау маңызды.

Ғылыми зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне ғалымдардың танытқан белсенді қызығушылығына қарамастан, педагогиканың теориясы мен практикасында бұл мәселе әлі де жеткілікті зерттелмеген күйде орын табуда. Алексеевнаның классификациясында, зерттеу құзыреті «адам қызметіне қатысты құзыреттіліктің» құрамдас бөлігі болып сипатталады. Ал Андрей Викторовичтің жіктелуінде, зерттеу құзыреттілігі танымдық құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Авторлардың пікірінше, зерттеу құзыреттілігі, адамның белгілі бір ғылым саласындағы танымдық іс-әрекетінің нәтижесі ретінде білімін, зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін меңгеруі керек зерттеу әдістері болып табылады [5].

Зерттеу дағдыларын қалыптастыру, екі кезде мүмкін болады:

а) теориялық;

б) және практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде.

Негізгі қызмет бірінші кезеңде мұғалімге тиесілі, ол көмекші, ақиқатты іздеуде және шеберлікті игеруде серіктес, оқушыларды пәнмен таныстырушы. Екінші кезең – бірінші кезеңнің жалғасы, оқушылар өз бетінше зерттеу жүргізеді, осы дағдыларды қалыптастырады және бекітеді. Тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың зерттеу мақсатын дұрыс тұжырымдау, гипотезаны алға жылжыту және негіздеу қабілеті үлкен қиындық тудырады. Бұл дағдылар неғұрлым тез қалыптасса, сабақтар мен элективті курстар соғұрлым тиімді болады.

Кезең аралығында білім сапасын арттыру мәселесін зерттеу мақсатында, 7-ші сынып оқушыларының биологияны оқу кезінде педагогикалық эксперимент жүргізілді. Экспериментке, Түркістан облысы Мақтарал ауданындағы № 34 «Бірлік» жалпы орта мектебінің жетінші сынып оқушылары қатысты.

Ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру – бұл әдістемелік жүйе, ол екі деңгейде құрылған: теориялық және әдістемелік. Бірінші деңгейде зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру, оқушылардың зерттеу қызметін орындау барысында жүзеге асырылды. Екінші деңгейде мақсатты, мазмұнды, үдерістік, технологиялық және нәтижелі бағалау компоненттері біріктіріледі. Осы негізде зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі әзірленді.

Зерттеу дағдылары деп, өмір сүру процестерін зерттеуге бағытталған білім мен өмірлік тәжірибе, жағдайлар мен құралдарды пайдалану негізінде

зерттеу қызметін жүзеге асыруға дайындық түсінілді. Зерттеу дағдыларының құрылымында келесі компоненттер бөлініп алынды: мотивациялық; мазмұндық; операциялық.

Мотивациялық компонент оқушылардың биологиялық біліміне және олардың өмірлік тәжірибесіне сүйенеді. Мазмұндық компонентте, белгілі бір биологиялық процестерді, фактілерді, құбылыстарды зерттеу және нақтылау үшін тұжырымдамалық базаны қамтамасыз ететін оқу зерттеулерінің ерекшелігіне, ұйымдастырылуына және жүргізілуіне қатысты зерттеу білім жүйесінің екі компоненті және пәндік білім бөліп көрсетіледі.

Операциялық компонентке, зерттеу қызметінің құрылымын құрайтын әрекеттер жүйесін қамтамасыз ететін өзара байланысты дағдылардың екі тобы қосылды, олар: арнайы және пәндік.

Арнайы дағдыларға мыналар жатады: гипотеза жасау; зерттеу жоспарын құру; жоспарланған зерттеу жоспарын жүзеге асыру; зерттелетін құбылыстың басқалармен байланысын анықтау; қойылған мәселенің шешімін тұжырымдау; шешімдерді түсіндіру және тексеру; қорытынды жасау.

Жабайы табиғатты зерттеу бойынша зерттеу қызметін ұйымдастыру, оқушыларда келесі пәндік дағдыларды қалыптастырады: үлкейткіш құралдарды қолдану; уақытша микро-препараттарды дайындау және оларды микроскоппен қарау; қарапайым тәжірибелер қою; бақылаулар мен өзін-өзі бақылау және т.б. жүргізу.

Биология сабақтарында зерттеу құзыреттілігін дамытудың әзірленген әдістемесі мыналарды қамтиды: әрбір сабақ үшін зерттеу дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді анықтау; зерттеу сипатындағы биология бойынша қосымша оқу мазмұны; сабақтарды проблемалық-зерттеу сипатындағы тапсырмалармен қанықтыру; оқушылардың дербес зерттеу қызметін ұйымдастыру; физиологиялық және биохимиялық тәжірибелер мен эксперименттерді көрсету, оларды кейіннен талқылау; проблемалық-зерттеу жаттығулар жүйесін кешенді пайдалану, өз бетінше жұмыс істеуге арналған зерттеу тапсырмаларын орындау.

Педагогикалық эксперимент барысында, оқушыларға зерттеу тапсырмалар жүйесін шешу ұсынылды, мысалы: «Өсімдік жасушасын микроскоппен қараған кезде, жасушаны жабатын тығыз целлюлоза қабығы айқын көрінеді. Су мен ондағы еріген заттар, қабық арқылы өсімдік жасушасына қалай енеді?», «Түйінді пияздың өнген баданасы, күніне қанша су сіңіретінін анықтай алатын әдісті табыңыз. Бұл бадана тәулігіне қанша бу шығаратынын өлшей алатын әдісті ойлап табыңыз. Сіз бұл шамалар әр түрлі болуы мүмкін деп ойлайсыз ба? Осы экспериментті жүргізіңіз».

Егер тапсырма мәселелерін талқылау кезінде оқушылардың тәуелсіздігінің біртіндеп өсуі байқалса, егер оқушылардың мәлімдемелері барған сайын толық және дәлелді бола бастаса, ал мұғалімнің қызметі біртіндеп қажетті қосымша ақпаратты хабарлауға және оқушылардың ақыл-ой іс-әрекетінің жалпы басшылық етуіне дейін азайса, биология сабақтарындағы зерттеушілік сипаттағы міндеттермен жұмыс сәтті деп санауға болады.

Оқыту формалары мен әдістерін таңдағанда, біз мазмұн мен оқу процесінің бірлігіне сүйендік. Білімге практикалық бағыт беру үшін, сабақтарда биологиялық материалдарды зерттеу барысында оқытудың зерттеу әдістерін қолдану маңызды.

Эксперименттік зерттеулер, ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік берді:

а) оқушылардың зерттеу қызметін жүргізуге дайындығы мен мүмкіндіктерін есепке алу;

б) оқу тапсырмасын орындау процесінде белгілі бір әрекеттерді орындау қажеттілігіне оқушылардың психологиялық көңіл-күйін қалыптастыру;

в) оқушылар зерттеу қызметі барысында шешуі тиіс мақсаттар мен міндеттерді баяндаудың нақтылығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің қалыптасуын бағалау үшін, құзыреттілік тапсырмалары әзірленді. Оқу жағдайларында оқушылардың іс-әрекетіне элементтік операциялық талдауды қолдана отырып, зерттеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері тексерілді. Зерттеу барысында: биологиялық білімді өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті; биологиялық білімді қолдана отырып жауап беруге болатын сұрақтарды анықтай білу; қорытынды жасай білу; өз ұстанымын дәлелдей білу; жүргізілген зерттеу деректерін талдау қабілеті бағаланды.

Білім алушылардың сапалық өзгерістерін мониторингілеу үшін, бағалау-диагностикалық карталардың мазмұны әзірленді, оған қарапайым және күрделі ақпаратты түсінуге, мәселелерді талдауға және шешуге, ғылыми әдістерді қолдануға және зерттеулер жүргізуге арналған тапсырмалар енгізілді.

Жүргізілген педагогикалық эксперименттің нәтижелері, биология сабақтарында биологиялық білім беру сапасын арттыруға бағытталған оқытудың зерттеу әдістерін қолданудың әсері туралы бастапқы болжамдардың дұрыстығын растады. Оқушылардың алған білім деңгейі 13,24%-ға өсті. Аралық тестілеуде игерілген материал көлемінің қорытынды тиімділігі – 8,6%-ды құрады. Оқушылардың биологиялық білімінің қалыптасу деңгейінің динамикасы, Кыверялг бойынша алынған деректерді сандық өңдеуге негізделген.

Осылайша, биология саласындағы ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру процесі, оқушының өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру процестерін өзектендіру үшін эмоционалды-құндылық қатынастарының тәжірибесін алуға жағдай жасай отырып, оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қамтиды. Мектептегі ғылыми зерттеушілік, оқушылардың танымдық іс-әрекетін өзектендірусіз және оқу процесінде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық қатынастарын қалыптастырусыз мүмкін емес деген қорытынды шығаруға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Арцева М.Н. Учебно-исследовательская работа учащихся: методические рекомендации для учащихся и педагогов // Завуч, 2005. – 4-29 с.
- 2 Журавлева Н.А., Шкерина Л.В. Основные принципы и дидактические условия формирования базовых ключевых компетенций студентов – будущих учителей математики // Вестник, 2011. – 30-35 с.
- 3 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня, 2003. – 34-42 с.
- 4 Селевко Г.К. Компетентности и их классификация // Народное образование, 2004. – 138-144 с.
- 5 Смирнова Н.З., Бережная О.В. Компетентностный подход в биологическом образовании: учеб.-метод. пособие // Краснояр. гос. пед. ун-тет, 2012. – 168 с.

ҒТАМР 14.25.09

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚҰЖАТ ТІЛІН ОҚЫТУ: ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР

К.К. Куркебаев

Аға оқытушы, ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Ә.Т. Ғиззат

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Бұл мақалада мектеп бағдарламасындағы құжат тілін оқытудың заманауи тәсілдері қарастырылады. Оқушыларды кәсіби қызметке дайындау үшін, сондай-ақ олардың коммуникативті және сыни ойлау дағдыларын арттыру үшін құжат тілін оқытудың маңыздылығын түсіндіреді. Мақалада құжат тілін оқытуда қолданылатын әртүрлі әдістер, мысалы, ресми құжаттарды оқу және талдау, ресми хаттар мен есептер жазу, аударма және өңдеу тапсырмалары аталады. Сондай-ақ құжат тілін оқытуға байланысты ықтимал мәселелер мен қиындықтарды талқылайды және мұғалімдерге осы пәнді тиімді оқытуға көмектесетін ұсыныстар беріледі. Мақала құжат тілін оқыту бойынша сапалы мектеп бағдарламасын дамытуға мүдделі мұғалімдер үшін құнды мәлімет болып табылады.

Түйін сөздер: құжат тілі, заманауи тәсілдер, мектеп бағдарламасы, ресми стиль, кәсіби даму, тапсырмалар, жаттығулар, практикалық дағдылар.

Қазіргі кезде қазақ тілінің тұтас ережесі мен құрылымын меңгерумен қатар, оны сөйлеу қарым-қатынасының нақты актілерінде қолдану міндеті өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда сөздерді дұрыс айту және жазу, грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдарды қолдану дағдыларын меңгеру жеткіліксіз. Құжат айналымын зерттеу және құжаттармен жұмысты тиімді ұйымдастыру дағдылары бүкіл әлем мектебіндегі білім беру бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады. Құжат айналымы – кез келген ұйымдағы жұмыстың ажырамас бөлігі. Мектептегі білім беру сатысында оқушылардың құжат айналымын ұйымдастыру дағдыларын және құжаттардың әртүрлі түрлері туралы базалық білім алуы маңызды. Бұл оларға тәжірибеде сауатты және өз дағдыларына сенімді болуға көмектеседі, сонымен қатар оларды болашақ мансапқа дайындайды. Қазіргі мектептегі білім беру жүйесі тілдің ақпараттық мүмкіндіктерін көрсетіп, оқушылардың алдында оның бар мүмкіндігін ашуы керек: лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық, оларға құжат тілі мен мәдениеті туралы теориялық ақпараттың

белгілі бір мөлшерін беру, мазмұнын, мақсатын, адресатын және шарттарын ескере отырып, сөйлеуді стилистикалық сауатты ұйымдастырудың негізгі дағдыларын қалыптастыру.

Көбіне мектепте құжат айналымын оқыту теория мен ережелерді зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Оқушыларға өтініштер, хаттамалар, қолхаттар және тағы да басқа құжаттардың түрлерін құрастыруға тапсырмалар беріледі. Алайда бұл дәстүрлі тәсілдің әлсіз тұстары да бар. Біріншіден, бұл оқушылардың қызығушылығын тудырмайтын кездер кездеседі. Екіншіден, бұл жол берілген ақпараттар легін есте сақтап, өмірде пайдасына жарату үшін тиімді емес. Себебі кез келген теориялық білім өз нәтижесін көрсетуі үшін оны практикамен тығыз байланыстыру қажет. Қазіргі білім беру жүйесіндегі оқушының қызығушылығын, назарын аудару арқылы білім беру дағдылары аталған жағдайларда ескерілмейді. Осы тұста Б. Шалабай «Біздің әрқайсымыз белгілі бір дәрежеде өз құқығымыз туралы, мысалға отбасы қарым-қатынасындағы, қызметтегі, қоғамдық орындардағы және мемлекет алдындағы міндеттемелеріміз бен жауапкершіліктеріміз туралы білеміз. Мұндай құқықтық нормаларды тәжірибе жүзінде меңгеруіміз бізге басқа адамдармен қатынас жасауға мүмкіндік береді» деген болатын [1, 6]. Шынында қазіргі кез келген пәннің түпкі мақсаты білім алушының коммуникацияға еркін түсуін, өз ойын сауатты жеткізуін және алған білімін тұрмыста қолдануын көздейді. Ал құжат тілін оқыту барысында практикалық тұрғыдан қызығушылықты оятып, білімді бекіту үшін өмірмен байланыстыру – ең оңтайлы шешім деп есептейміз. Себебі әр құжат – өмірдегі әртүрлі жағдаяттың ресми әрі заңды көрінісі.

Оқушыларға құжат тілін үйретудің көптеген әдістері мен тәсілдері бар және тиімді сабақтар оқушылардың қажеттіліктері мен деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін. Құжат тілін ресми стиль төңірегінде қарастыратындықтан, ресми стильге қойылатын негізгі талап – ойдың дәл әрі нақты берілуі, түсініксіз тілдік элементтерге жол бермеуді мектеп оқушыларына бірінші кезекте жеткізе білу керек. Тіл білімінің ішіндегі ресми стильдің қалыптасуы туралы М. Дуанбекова өз зерттеуінде: «Ресми-іскери стиль басқа жазба стильдерге қарағанда ертерек қалыптасты. Оның басты себебі – ол мемлекет өмірінің негізгі санаттарында (сыртқы қарым-қатынас, жеке меншікті бекіту, сауда т.б.) қызмет етті. Келісім-шарт, заңдар, қарыз, мұрагерлік және тағы басқа жазбалар жаңа, ерекше «тілді» қалыптастырды. Ол даму, қалыптасу барысында бірқатар өзгерістерге ұшырағанымен, өзінің негізгі белгілерін сақтап қалды», – деген пікір келтіреді [2, 41]. Ол алғаш қалыптасқан стильдердің бірі болғанымен, қазіргі кезде жалпы құжат тілі туралы зерттеулер де, оқыту әдістемелері де өте аз. Қазақ тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы оны «тіл (лұғат) анықтығы» деп атаған, оны «айтылған лебіздің ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктірмейтін болуы» деп түсіндірген, «лебіз ашық мағыналы болуы үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болуы керектігін» көрсеткен [3, 351]. Сонымен қатар ғалым шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы,

тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін мынадай талаптар қояды:

1. Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

2. Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

3. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін көрсетеді [3, 350].

Сондықтан құжат тілін оқыту барысында нәтижелі сабаққа жету үшін төменде көрсетілген бірқатар әрекеттерді орындаған жөн.

Ресми құжаттардың мысалдарын оқу және талдау: ресми құжаттардың әртүрлі түрлерін оқу және талдау оқушыларға құрылым, әуез және нақты терминдер секілді құжат тілінің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Мысалы, мемлекеттік заңдар, ережелер, жарлықтар, және т.б. Оқушылар құжаттың құрылымын талдап, негізгі ұғымдар мен терминдерді анықтап, оның мақсатын және не үшін жазылғанын түсініп, құжатта қолданылатын стильді анықтауы керек. Терминологияны зерттеу: ресми құжаттарда қолданылатын терминологияны зерттеуге арналған тапсырмалар. Оқушылар ресми құжаттарда қолданылатын терминдерді оқып, олардың мағыналары мен қолданылуын анықтауы керек.

Құжаттардың әртүрлі түрлерін жазу тәжірибесі: ұйымға, Үкіметке немесе басқа ресми органдарға жіберілуі мүмкін ресми хат жазу тапсырмасы. Оқушыларға хат жазу үшін пайдалануы керек ақпарат, сондай-ақ орындалуы керек стандарттар мен талаптар, нұсқаулар мен шаблондар беріледі, оларды өз құжаттарын жазу үшін пайдалану керек. Оқушылар жеке адам өміріне қатысты, азаматтық қарым-қатынасты реттейтін ісқағаздарды жазу арқылы практикалық тәжірибе жинай алады. Мысалы, өтініш, арыз, ұсыныс немесе алғыс хаттар сияқты ресми хаттарды жазу тапсырмасы. Оқушылар тиісті оралымдар мен терминдерді қолдана отырып, дұрыс құрылым қолдануы керек.

Ереже мен сөздік қорын үйрену: практикалық жұмыстан басқа, оқушылар ресми құжаттарды дұрыс және тиімді жазу үшін қажет ережені, сөздік қорды және синтаксистік құрылымдарды үйрене алады. Ресми құжаттарда жиі қолданылатын грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдануға арналған тапсырма, мысалы, ресми және белгісіз есімдіктерді қолдану, орнықты сөз тіркестерін қолдану және т.б. Бұл мақсатқа жету үшін ресми құжатты аудару немесе өңдеу секілді тапсырма берсе болады. Оқушылар құжатты құрылымы мен мағынасын сақтай отырып, басқа тілге аудару үшін құжат тілі мен оның мазмұны, құрылымы туралы білімдерін қолданады. Ережеде, стильде немесе терминологияны қолдануда қателері бар, емле, тыныс белгілері, грамматика және стиль тұрғысынан редакциялау қажет ресми құжат ұсынылады. Ресми құжатты өңдеу тапсырмасында оқушылар қателерді түзету және құжаттың сапасын жақсарту үшін құжат тілі туралы білімдерін пайдаланады. Тағы бір тапсырманың түріне ресми құжаттың тілдік құралдарын талдауды алса болады. Бұл тұста ресми құжатта қолданылатын тілдік

құралдарды талдауға арналған тапсырма, мысалы, терминдер, күрделі сөйлемдер, ресми құрылымдар және т.б. оқушыларға тілдік құралдарды қолдану және олардың құжат тілі мен мазмұнына әсері тұрғысынан талдауға тиісті ресми құжаттар ұсынылады.

Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру бойынша жұмыс: жақсы жасақталған құжат тілі тек тілді білуге ғана емес, сонымен қатар тиімді қарым-қатынас жасау қабілетіне де байланысты. Қарым-қатынас дағдыларымен жұмыс істеу оқушыларға өз ойларын дәл және нақты тұжырымдауға, сондай-ақ ресми құжаттардың құрылымы мен әуезіне сәйкес өз идеяларын ұсынуды үйренуге көмектеседі. Қарым-қатынас дағдылары бойынша тапсырмалар презентацияларды дайындауға, келіссөздер жүргізуге және серіктестермен қарым-қатынас жасауға арналған ұсыныс хаттардан, топтағы ресми құжаттарды талқылауға арналған тапсырмалардан тұрады. Оқушыларға топта оқып, талқылауға, пікір алмасуға және құжаттың мазмұны мен мағынасы туралы өз пікірлерін айтуға арналған ресми құжаттар ұсынылады. Оқушылар құжаттың мазмұнына сүйенген дәлелдер негізінде өз көзқарастарын білдіру және дәлелдеу үшін құжат тілі туралы білімдерін пайдалануы керек. Д. Әлкебаева «Құжат тілінің басты ерекшеліктері әдеби тілдің негізгі бөлігін өзінің қажетіне жұмсайды, екіншіден нормаларын сақтау оны іріктеу сипатына ие болады; үшіншіден қазіргі қазақ тілінің негізгі сөздік құрамын түгелдей қарым-қатынасқа түсіріп қолдану аясын кеңейтеді», – деп көрсетеді [4, 53]. Осы құжат тілінің ерекшеліктерін меңгеру арқылы білім алушы оны өмірде тиімді қолдана алатыны анық көрінеді.

Жеке кеңес беру және кері байланыс: жеке кеңес беру және мұғалімнің кері байланысы оқушыларға олардың үлгерімін бағалауға және дағдыларды жақсарту бойынша ұсыныстар алуға көмектеседі. Сонымен қатар, жеке сабақтар мұғалімге әр оқушының нақты қажеттіліктері мен мақсаттарына көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, құжат тілін оқытудың тиімді сабақтарына практикалық жаттығулар, грамматика мен сөздік қорын үйрену, қарым-қатынас дағдылары бойынша жұмыс және мұғалімнің жеке кері байланысы кіреді. Алайда сабақты жоспарлау кезінде әр оқушының жеке қажеттіліктері мен деңгейлерін ескеру қажет, сонымен қатар құжат тілін үйренуде нәтижеге қол жеткізу үшін тиімді оқу құралдары мен тапсырмаларды таңдай білу қажет. Сонымен қатар тұрақты тәжірибе және алған білімдерін нақты жағдайларда пайдалану оқушыларға құжат тілі дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Бұл тапсырмалар мектеп оқушыларына талдау, рефлексия және коммуникация дағдыларын дамытуға, оқу, жазу, аудару және редакциялау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Сонымен қатар, олар оқушыларға құжат тілінің ерекшеліктерін және оның ресми БАҚ-та қолданылуын жақсы түсінуге, ресми құжаттарды талқылау студенттерге олар қолданылатын әлеуметтік-мәдени және саяси контекстті меңгеруге көмектеседі. Бұл болашақта кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында жұмыс істеу барысында пайдалы болатыны анық.

Қазіргі мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін, қабілетін ескере отырып, құжат тілін оқытуда келесі заманауи тәсілдер тиімді деген қорытынды шығады. Себебі осы әдістеме арқылы меңгерген білімді оқушы өмірде нақты қалай және қашан пайдалана алатынын, қай салада болмасын болашақ мамандығына қандай байланысы барын ұғына алады.

Іскерлік ойын әдісі. Бұл әдіс оқушылардың құжаттармен жұмыс істеуі және құжат айналымына қатысты мәселелерді шешуі керек ұйымда рөл атқаруы болып табылады. Мысалы, оқушылар әртүрлі жағдаятта компания атынан хат жазатын, хатшы немесе жаңа қызметкермен келісім жасайтын заманауи маман HR менеджері рөлін атқара алады. Бұл әдіс оқушылардың ынтасын оятып, оқу тиімділігін арттырады. Өйткені олар тақырыпқа көбірек қызығушылық танытады және алған білімдерін нақты өмірде қалай пайдалана алатынын түсінеді.

Электронды оқыту құралдарын пайдалану. Онлайн курстар мен бағдарламалар арқылы оқушылар құжат айналымын үйреніп, өз дағдыларын кез келген уақытта қолдана алады. Сонымен қатар оқу қарқыны мен оқығысы келетін уақытты таңдауда еркіндік береді. Электронды оқыту құралдары мұғалімдерге оқушыларға тезірек кері байланыс беруге және олардың білім деңгейіне байланысты әр оқушыға жеке тапсырмалар жасауға, олардың өзара әрекеттесуіне мүмкіндік береді.

Жобалық оқыту әдісі. Бұл тәсіл оқушыларға алынған білім мен дағдыларды пайдалануды талап ететін жобаларды құру арқылы құжат айналымына қатысты нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар мектеп кітапханасында құжат айналымын автоматтандыру жобасын құра алады, бұл оларға алған білімдерін іс жүзінде қалай қолдануға болатындығын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдісті қолдану оқушылардың коммуникативті және ұйымдастырушылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар топта немесе жеке жұмыс істей алады, олардың міндеті – нақты өмірде қолдануға болатын құжаттардың толық жиынтығын жасау. Бұл тәсіл оқушыларға жұмыс процесіне қатысты практикалық дағдыларды дамытуға, сондай-ақ оларды топта жұмыс істеуге үйретуге көмектеседі.

Мектеп бағдарламасында құжат айналымын оқытудың заманауи тәсілдерінің тиімділігін тестілеу нәтижелері мен оқушылардың практикалық тапсырмаларын салыстыру арқылы бағалауға болады. Сонымен қатар, оқушылар мен мұғалімдердің пікірлерін зерттеуге болады, бұл олардың осы тәсілдерді қаншалықты тиімді деп санайтындығын бағалауға мүмкіндік береді. Аталған заманауи тәсілдердің артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Іскерлік ойын әдісі оқушыларға алған білімдерін іс жүзінде қалай қолдана алатындығын жақсы түсінуге көмектеседі, бірақ тақырыпқа қызығушылық танытпайтын оқушылар үшін тиімсіз болуы мүмкін. Электрондық оқыту құралдарын пайдаланудың да артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Онлайн курстар мен бағдарламалар оқушыларға өздеріне ыңғайлы уақытта және қарқынмен оқуға мүмкіндік береді, бірақ мұғаліммен және оқушылармен көбірек араласуды қажет ететіндер үшін тиімсіз болуы мүмкін. Жобалық оқыту әдісі оқушыларға

жұмыс процесіне қатысты нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, бірақ олар үшін көп уақытты қажет етеді және мұғалімнің мұқият ұйымдастыруын талап етеді. Мектеп бағдарламасында құжат тілін оқытудың әртүрлі тәсілдерін қолдану оқушылардың қажеттіліктеріне және ресурстардың қолжетімділігіне байланысты.

Мектеп оқушыларына құжат тілінің ең басты ерекшелігі – стандарттылықтың маңызы мен сипатын түсіндіре білу керек. Бұл тұста Л.Дүйсембекова өз еңбегінде оны былайша көрсетеді: «Кез келген құжат жазушы оған дейін талай адам қолданған, сараптан өткізілген, өз қызметін атқаруға дайын тілдік бірліктерді қолданады. Оларды қолдану, біріншіден, құжат дайындауды тездетеді, уақыт үнемдейді, екіншіден, жаңа тілдік құрылымдарды ойлап тауып, оларды байланыстырып, айтайын деген ойды дәл бере ме, бермей ме деп толғандудың қажеті жоқ, үшіншіден, іс қағаздарын жазу барысында қалыптасып, тәжірибеден өткізілген дайын тілдік бірліктер іс қағаздарының өзіндік стильдік бояуын анық береді» [5, 269]. Құжат тілінің дамуында ғылым мен техниканың әсері мол. Соның нәтижесінде бүгінгі күні құжат тілі, біріншіден, тұрақты қалыпқа, үлгіге көбірек негізделсе, екіншіден, мәтіннің қысқалығына, дәл әрі анық берілуіне назар аударады.

Сондай-ақ құжат тілін оқыту барысында оқушылардың ынта-жігерін қалыптастыру маңызды. Мұны істеудің бір жолы – оқушыларға бұл білімнің шынайы өмірде қалай пайдалы болатынын көрсету. Мысалы, түйіндемені немесе университетке түсуге өтінішті қалай жасау керектігін көрсетуге болады. Сондай-ақ оларға қандай жұмыс түрлері құжат айналымымен байланысты екенін және бұл дағдылар болашақ мансапта оларға қалай көмектесе алатынын көрсетуге болады.

Құжат айналымын оқыту тек құжаттарды құру мен редакциялаудың техникалық аспектілерімен ғана шектелмейтінін ескеру қажет. Оқушылар сонымен қатар құжаттардың әртүрлі түрлерін, олардың мақсатты аудиториясын, контекстін және мәдени нормаларын түсіне білуі керек. Мектеп бағдарламасында құжат тілін оқыту оқушыларды болашақ өмір мен мансапқа дайындаудың маңызды элементі болып табылады. Тиімді оқытуды қамтамасыз ету және оқушыларды құжат тілін үйренуге ынталандыру үшін әртүрлі топтардың қажеттіліктеріне бейімделген заманауи оқыту әдістерін қолдану маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Салагаев В., Шалабай Б. Іс қағаздарын жүргізу. Составление деловых бумаг. Учебное пособие. – Алматы: Раритет; Республиканский издательский кабинет казахской академии образования им. И. Алтынсарина, 2000. – 208 с.

2 Дуанбекова М. Ауызша іскери қатынас тілінің мәдениеті. – Алматы, 2005. – 115 б.

3 Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

4 ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №4 (66) – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 217 б.

5 Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: Іс қағаздарын жүргізу – Алматы: «Меклекеттік тілді дамыту институты» ЖШС, 2010. – 400 б.

ҒТАМР 14.25.05

МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ БОЙЫНША СЫҢЫПТАС ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Ә.Н. Иманова

П.ғ.м., А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

О.Т. Бекбалтина

Магистрант, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Тұлғаның дүниетанымы мен адамгершілігінің қалыптасуына қоршаған өмір мен өмір сүру және демалыс жағдайларының әсері туралы барлық заманның ұстаздары ерте заманнан бері айтып келеді. Табиғат – халық педагогикасының негізгі фактілерінің бірі, оның ішінде мекендеу ортасы ғана емес, туған жер, Отан. Табиғат балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекетін ұйымдастырудың бөлінбейтін нысандарын біріктіреді, табиғатпен үйлесімді дамиды кемел тұлғаны қалыптастырады, қоршаған әлемге сүйіспеншілікті ғана емес, сонымен қатар табиғат ресурстарына ұқыпты қатынасты қалыптастырады. Мақалада мектепте экологиялық сабақтарды өткізу тәжірибесі нақты берілген. Жаңа буын стандарттары бойынша жұмыстың топтық формасы қолданылады, ол басымдыққа ие болады. Оқушылардың экологиялық бағыттылығының жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: экология, экологиялық тәрбие, экологиялық мәдениет, экологиялық сана, принцип.

Мәселені жалпы түрде баяндау және оның маңызды ғылыми және практикалық мәселелермен байланысы. Ұлы ағартушылар Руссо, Песталоцци, Ушинский, Толстой еңбектерінде табиғатқа сәйкес келетіннің бәрі жақсылық, табиғат заңдарына қайшы келетін нәрсенің бәрі зұлымдық, бұрмалық деп бағаланады. Бұл қағида талқыланып, Я.А. Коменскиймен дәлелденді.

В.А. Сухомлинскийдің педагогикалық білім беру жүйесі табиғи сәйкестік пен өміршендікке негізделген, бұл педагогикалық білімнің күші. Табиғатқа өзін сеніп тапсыра отырып, адам өзінің іс-әрекеті мен іс-әрекетін басқару мүмкіндігін бере отырып, табиғаттың негізгі заңдарына сүйене отырып, өмірден өтеді. Табиғатқа сәйкестік принципі – барлық тәрбиенің негізгі қағидасы, бүкіл адам өмірінің қағидасы.

Осы тақырыптағы соңғы жылдардағы зерттеулер мен жарияланымдарды саралай келе, философтар, өнер қайраткерлері, ақындар осы мәңгілік және әрқашан өзекті тақырыпқа қай кезде де құрметпен қарайтыны анықталды. Экологиялық қауіп ерекше ушығып тұрған қазіргі уақытта бұл тақырып ең өзекті болып отыр, материалдық және рухани байлықты көгалдандыру өмірлік қажеттілікке айналып отыр. Басты шартты орындаумен адам қызметі – барлығына ортақты сақтау. Қазіргі қоғамда қоршаған әлемге шынайы сүйіспеншілік, табиғатқа деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін ояту ерекше маңызды. Білім алушылар табиғатты қорғау біздің өміріміздің бір бөлігі екенін және мұғалімдердің негізгі міндеті экологиялық тәрбие мәселелерінде тәрбиенің формалары мен әдістерін табу екенін білуі керек.

«Табиғат ғибадатхана емес, шеберхана, ал адам ондағы жұмысшы. Сұлулық әрқашан байқала бермейді, оны ажырата білу керек...», – деп жазды И.Тургенев. Біздің міндетіміз – балаларды қоршаған табиғаттың әсемдігіне қарай білуге, әсемдікке үн қосуға, оған таңдана білуге үйрету, біз балаларды табиғаттың сұлулығын танып, оны қорғауға үйретуге тырысуымыз қажет.

Экологиялық мәдениеттің қалыптасуы өздігінен жүретін процесс емес, ол тура мағынасында бесік жырынан басталады. Отбасында, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде және одан әрі мектепте жалғасатын әндер мен ұйықтар алдындағы ертегілерден де құралған.

Қалыптасқан экологиялық мәдениет баланың өзін қоршаған табиғатқа ұқыпты қатынасынан, айналадағы әсемдікті көре білуінен және осы сұлулықты өзі үшін де, басқалар үшін де сақтай білуінен көрінеді.

Оқушылардың бойында қоршаған дүние құбылыстарына жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарауды қалыптастыру, табиғаттың әсемдігін ұсақ-түйек нәрселерден көруге және табиғи ресурстардың игілігін ысырапсыз пайдалануға үйрету – экологиялық тәрбиені қалыптастырудағы басты мақсат. Бұған тек жүйелі түрде қол жеткізуге болады мектеп оқушыларының назарын қоршаған дүниені білуге, оның адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін заңдылықтарына және табиғатпен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігіне, оның байлығын қорғауға, көбейтуге дайын болуға аудару.

Кез келген ағзаның денсаулығы немесе оның бір бөлігінің оның құрамдас элементтерінің саулығын және салауатты ортаға қосылуын болжайды және балалардың, ата-аналар мен мұғалімдердің күнделікті бірлескен жұмысы осы фактіні түсінуге және қабылдауға бағытталуы керек.

Оқу-тәрбие процесінде саяхат сабақтары, экскурсиялық сабақтар, табиғатты қорғау іс-әрекеттері сияқты жұмыс түрлерін қолданған дұрыс, этикалық әңгімелер, дидактикалық ойындар мен викториналар сияқты экологиялық тәрбие берудің алуан түрлі әдістерін біріктіру қажет. Бұл педагогикалық әдістердің барлығы білім алушылардың табиғатқа қатысты мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы білім жүйесін, қоршаған дүниені түсіну және оны қорғау дағдыларын меңгеруге көмектесу үшін қажет.

Экологиялық тәрбиенің мақсатына оқыту процесінде баланың жеке басының экологиялық санасын білім, ойлау, сезім, ерік-жігердің біртұтас қалыптасуы ретінде дамыта отырып, балаларда табиғат байлықтары мен ресурстарын қорғауға және тиімді пайдалануға дайындығын қалыптастыра отырып жетеміз.

Оқушылардың табиғатты қорғау іс-әрекетіне дайындығын қалыптастыру процесі келесі әрекеттерді қамтиды:

– Экологиялық тәрбие – балалардың табиғат заңдылықтарын пайдалану туралы ойларын қалыптастыруға көмектесу өзін, қоршаған ортаны табиғаттың бір бөлігі ретінде түсіну, табиғат және оны қорғау туралы жаңа білімдерді пайдалану табиғи ресурстарды сақтау, көбейту мақсатында. Түсіну ерекше маңызды баланың ертеңі және оның амандығы ауаның, судың, басқа компоненттердің тазалығына тікелей байланысты қоршаған табиғаттың тазалығына байланысты.

– Экологиялық тәрбиелік іс-шаралар (мектепте экология бойынша сыныптан тыс жұмыс).

Мектеп жасындағы экологиялық мәдениет оқушылардың оқу іс-әрекетінде де, мектептен тыс жұмысында да қалыптасады. Сабақта оқушыларда табиғаттың өзін-өзі реттейтін біртұтас жүйе екендігі туралы сенім қалыптасады. Маңызды байланыс – оқу және түсіну экологиялық заңдылықтар мен тіршілік ету заңдылықтары, барлық деңгейдегі биологиялық жүйелердің қалыптасуы.

Экологиялық тәрбиенің сыныптан тыс жұмыстарында келесі жұмыс бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

– Жұмыстың танымдық бағыты, (дидактикалық ойындар, әңгімелесу, сырттай саяхат, викториналар);

– Жұмыстың танымдық және ойын – сауық бағыты (мерекелер, ертеңгіліктер, ауызша журналдар, экологиялық ойындар, саяхат ойындары);

– Жұмыстың практикалық бағыты, (ағаштар мен бұталарды отырғызу, сыныпты көгалдандыру, құстарды азықтандыру);

– Зерттеу бағыты (экскурсиялар, бақылаулар, эксперименттер).

Мақаланың мақсатын қалыптастыру – табиғатты пайдаланудың моральдық – экологиялық принциптерін сақтауды, өз аймағының табиғатын зерттеу және қорғау бойынша белсенді жұмысты көздейтін қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.

Алынған ғылыми нәтижелерді толық негіздей отырып, зерттеудің негізгі материалын ұсыну. Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастырудың ең оңтайлы жасы бастауыш мектеп жасы болып табылады, өйткені бұл кезеңде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыратын қоршаған дүниені меңгерудің және қабылдаудың эмоционалды – сенсорлық тәсілі басым болады.

Кіші мектеп оқушыларының экологиялық түсініктерін қалыптастыру адамның өзінің туған әлеуметтік табиғи ортаға қатынасының құндылық нормативтік және практикалық аспектілерін ашатын тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Бала кез келген ағзаның немесе оның бір бөлігінің

денсаулығы оның құрамдас элементтерінің денсаулығын және салауатты ортаға қосылуын болжайтынын түсінуі керек.

Осының нәтижесінде оқушылар өз бетінше ізденуге көбірек тартылады, қоршаған ортадағы мінез-құлық пен іс-әрекеттің салдарын болжауға үйренеді, практикалық дағдыларды меңгереді, шығармашылық әрекетке қатысады.

Экспериментке 2, 4 сынып оқушылары қатысты. 2-сыныпта жалпы саны 7 адам, 4-сыныпта 8 адам. Келесі тапсырма екінші сыныпта оқытылып, ауданымызда мекендейтін жануарларға, олардың мекендейтін жерлеріне, олардың басқа тірі организмдермен байланысына тоқталды.

Бұл сабақ қосымша дайындықты қажет етті: бірнеше сабақ барысында балалар жануарлар туралы қысқаша баяндамалар жасады. Қорытынды сабақта балалар топпен жұмыс жасап, пластилин, бояу, фломастер, түрлі-түсті қағаздар, ең бастысы хабарламалардағы материалды пайдаланды.

Барлық топтардың міндеті жануарларды өздеріне ыңғайлы мекендеу орындарына орналастыру болды. Бір сабақта балалар бір топ жануарларға арналған жоба жасап қорғады. 2-сынып оқушылары сабақта жұмыс істегенді ұнатты, әркім өзінің не істей алатынын және нені сәтті орындайтынын түсіне білді.

Төртінші сынып оқушыларына жоғарыда айтылғандардың барлығынан басқа ғаламтордан және әртүрлі әдеби дереккөздерден алынған мәліметтерді, жұмбақтарды, сөздерді және т.б. орналастыруды ұсынуға болады, бұл жағдайда постер тек түрлі-түсті ғана емес, сонымен қатар әдемі де мағыналы болуы керек.

Осындай жұмыстарды «Солтүстік аймақтың өсімдіктері» тақырыбы бойынша да жасауға болады. Алдымен ағаштар, бұталар және шөптер зерттелетін бірнеше сабақ өткізуге болады. Қорытынды сабақта сыныпты бірнеше адамнан тұратын топтарға бөліп, әр топқа А1 форматындағы қағаз парағын береміз. Оқушылар бұл парақ өз жері екенін елестету керек және оған бұрын зерттелген өсімдіктерді орналастыра алады. Сабақ соңында олар алынған жобаны қорғап, өз жұмыстарына атау беруі керек (бақша, саябақ және т.б. болуы мүмкін).

Келесі жұмыс 4-сыныпта жақсы орындалады. Сабақ алдында алдын ала дайындық жасауға болады: батпақ, өзен, орман, тау, темір жол сияқты міндетті элементтері бар плакат салу, бірақ сурет сабағында балаларға плакаттарды өз бетінше салуға тапсырма беруге болады.

Балалар ұсынылған плакатқа пластилин немесе қағазды пайдаланып келесі заттарды орналастыруы керек: зауыт, су электр станциясы, ферма, кәріздік тазарту қондырғысы, жылыжайлар, тұрғын үйлер, мектеп және балабақша (сіз өз нысандарыңызды қоса аласыз). Сабақтың соңында топтар өз жобасын қорғап, объектілердің орналасуын негіздеуі керек. Бұл жұмыс балалардың үлкен қызығушылығын тудырады, жұмыс істей отырып, олар қала салу үшін қаншама экологиялық факторларды ескеру керектігін түсінеді.

Зерттеудің қорытындылары және осы саладағы кейінгі зерттеулердің перспективалары. Экологиялық сананы қалыптастыру мектептің ең маңызды

міндеті болып табылады, сондықтан бастауыш мектепте экология бойынша дәстүрлі сабақтарды өткізу қажет емес, өйткені олар ғибратты, күрделі және түсініксіз болады, сондықтан сабақтар негізінен дәстүрлі емес болуы керек.

Білім алушыларға талқылауға белсенді қатысуға, проблемалық мәселелерді шешуге, жобалар жасауға, экскурсияларға баруға, көрмелерге баруға, әртүрлі экологиялық мерекелер өткізуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Иванова Т.Н., Иванов М.Н. Қазіргі әлеуметтанудағы экологиялық мәдениетті зерттеудің теориялық тәсілдер // Карел ғылыми журналы, 2016. – 129-133 б.

2 Любовникова Е.В. Оқушылардың ғылыми қоғамдастығының сыныптан тыс жұмысы шеңберінде экологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі, 2016. – 94-100 б.

3 Жук Е.Ю., Григорьева Е.Е. Экологияны оқыту әдістемесі: дәстүрлі және инновациялық тәсілдер, 2015. – 116-118 б.

4 Левина С.В., Лисачкина В.Н., Павловский В.А. Экологиялық білім берудің теориясы мен әдістемесі: жаңа көзқарастарды іздеу / Балтық гуманитарлық журнал. 2017. – 327-330 б.

5 Мокиевская Н.Е., Вюнова Н.А., Козлова М.В. Мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері, 2013. – 100-104 б.

ҒТАМР 14.85.01

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ БИОЛОГИЯ КУРСЫН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Г.Р. Балтабаева

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

А.С. Динмухамедова

Ғылыми жетекші, б.ғ.к., профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қазіргі білім беруді ақпараттандыру процесі биологияны пәндік оқытуда мультимедиялық құралдарды қолдану әдістемесін ғылыми негіздеу қажеттілігін анықтайды. Яғни биология пәнін бағдарламалық және техникалық құралдармен (кино, аудио және бейне, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) оқытуда қолданылады. Мультимедиялық оқыту әдістерін бүгінде тек компьютерлік сыныпта қолдануға болады, өйткені мектептер толықтай мультимедиялық құралдармен жабдықталмаған. Осылайша, мақаланың мақсаты – мектептегі биология курсы оқу процесінде мультимедиялық құралдарды қолдануды зерттеу. Мақала объектісі – мультимедиялық құралдарды қолдану мәселелері.

Түйін сөздер: биология, оқушылар, қызығушылықтар, процесс, оқыту, мультимедиялық құралдар, технологиялар, қолдану.

Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектептің тәжірибесінде мультимедиялық құралдармен жабдықталған компьютерлер көбірек қолданыла бастады. М.А. Зейнелловтың анықтамасына сәйкес, мультимедиа – бұл ақпараттық орталардың көптігі, ақпараттың мазмұндық арналары [1]. Осылайша, дыбыстық, бейнелеу, қатысу сезімдері арқылы берілетін табиғи сезімдерге ұқсас мультимедиялық бағдарламамен жасанды түрде жасалған жағдайлар виртуалды (яғни өзара әрекеттесу процесінде) оқу ортасын модельдеуге мүмкіндік береді. Виртуалды оқыту ортасы – бұл оқушының оқу ақпаратын беру үшін мультимедиялық құрал жүйесімен жұмыс істеу процесінде құрылған және тек осы нақты жұмыс кезінде пайда болатын орта. Заманауи техникалық мүмкіндіктер биологияны оқу үшін қажетті мультимедиялық кешендерді, білім беру ортасын модельдейтін бағдарламаларды құруға, виртуалды оқыту жағдайларын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге мұғалім мақсатты функцияны орындайды, ал

компьютерлік бағдарлама оқу мазмұнын өз бетінше таңдап, білім мен дағдыларды игеру процесін ұйымдастыра алады.

Қазіргі уақытта 10-11 сыныптардың жалпы биология курсына мультимедиялық құралдарды қолдану әдістемесі жасалды. А.Г. Ковалева, О.В. Анчугованың зерттеулері көрсеткендей, оқытудың аталған түрі биологиялық ұғымдарды игерудің, зерттеу дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін арттырады, зерттелетін объектілер мен тірі табиғат процестерін жақсы бейнелейтін автоматтандырылған оқыту жүйесінің жетекшілігімен оқыту процесін дараландыру арқылы – сабақта оқушылардың дербес белсенділігін арттыруды қамтамасыз етеді [2]. Оқушының жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыруды көздейтін оқыту заңдылықтары, принциптері, түрлері оқу процесінде биологияны оқыту әдістемесінің маңызды теориялық және әдіснамалық ережелері ретінде жүзеге асырылады. Бұл оқытудың барлық әдістемелік жүйесі, ал оның компоненттері келесі:

- мақсаттары мен міндеттері;
- биологиялық мазмұны;
- әдістер;
- орта мектепте биологияны оқытудың құралдары мен формалары.

Мультимедиялық құралдарды қолдану оқушылардың ерікті іс-әрекеттерінің белсенділігін арттыруға, олардың оқуда өзін-өзі ұйымдастыруын дамытуға біртіндеп ауысуын көрсетеді, бұл оқу және педагогикалық қызметтің нәтижелілігіне оң әсер етеді. Мұндай жағдайларда мұғалім дүниетаным процестерін реттейді, жағдай жасауға ықпал етеді, білім беру процесінің ынталандырушылық саласын қалыптастырады. Мультимедиа оқушыларды оқыту процесінде ақпаратты берудің барлық арналарын пайдалануға, жадтың барлық түрлерін барынша қосуға мүмкіндік береді. Мультимедиа құралдары оқушыларға биологиялық объектінің немесе құбылыстың табиғатын жақсы түсінуге, оны тану процесіне белсенді қатысуға, оқу параметрлері мен жағдайларын өз бетінше өзгертуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық құралдарды биология сабағында қолданудың бірқатар артықшылықтары бар:

- оқу процесін көрнекі етеді;
- оқытуға жеке көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- білімді тексеру уақытын қысқартады және оқушылардың жауаптарын бағалаудың объективтілігін арттырады.

Алынған білім жадта едәуір ұзағырақ сақталады және белгілі бір материалды зерттеуге кететін уақытты үнемдеу орташа есеппен 30% құрайды [3]. Оқушыларды оқытуда компьютерлерді қолданудың қымбаттығына қарамастан, іс жүзінде ақпаратты ұсыну сапасы, оны жаңарту мен толықтырудың арзандығы, компьютерді кітапхана, бейне ойнатқыш, аудио ойнатқыш ретінде пайдалану мүмкіндігі болашақта барлық бастапқы шығындарды өтейді. Осылайша, биология мұғалімнің компьютерлік сауаттылығы келесі негізгі құзыреттерді қамтиды:

- информатика және есептеу техникасының негізгі ұғымдары;
- компьютерлік техниканың функционалдық мүмкіндіктерін білу;

– негізгі командаларға, бағдарламалық жасақтама қабықтарына және жалпы мақсаттағы операциялық құралдарға иелік ету.

Оқытушының мультимедиялық құралдармен жұмысы үш функцияны қамтиды:

- ақпараттық ортаның компоненттерін дайындау;
- биология пән бойынша оқу процесін ұйымдастыру;
- оқу сабағы кезінде оқушыларды жеке бақылау.

Мұғалімнің жұмысын жетілдіруде мультимедиялық құралдармен жұмыс әдістерін енгізудің кейбір аспектілері келесі:

– мультимедиа құралдары – бұл белгілі бір ойлау жүйесін дамыту, оқушының шығармашылық қабілеттерін ашу мүмкіндігі;

– ақпараттық және компьютерлік ресурстар құралдарын меңгерудің арнайы дағдыларын дамыту;

– мультимедиа құралдарының көмегімен уақыт пен кеңістікте бізден алыс болатын процестер мен құбылыстарды көрсетуге, бейне фрагменттерді, цифрлық фотосуреттерді көрсетуге, планетарлық, табиғи, биологиялық немесе экологиялық процестерді модельдеу [4].

Биология сабақтарында мультимедиялық құралдарды қолданудың тиімділігі сабақтың дамыған құрылымына, басқа көрнекілік құралдарымен кешенді пайдаланудың дидактикалық мақсатына, оқу электрондық ресурстарының мазмұнына, компьютерлік сыныпқа бару мүмкіндіктеріне, оқушылардың компьютерде жұмыс істеудің қарапайым дағдыларын игеруіне байланысты. Оқу процесіне мультимедиялық құралдың түрін таңдау және енгізу кезінде оқыту міндеттерін, зерттелетін тақырып мазмұнының ерекшеліктерін, сабақтың түрі мен құрылымын, сондай-ақ оқушының жас ерекшеліктерін, кабинеттің материалдық жабдықталуын басшылыққа алу қажет.

Мультимедиялық оқыту бір уақытта ауызша (оқушылар тыңдайды, мұғалім айтады), демонстрациялық (оқушылар бақылайды, мұғалім көрсетеді) және практикалық (оқушылар іс-әрекетті жүзеге асырады, мұғалім басқарады, нұсқау береді) әдістердің белгілері болғандықтан, оларды жан-жақты деп атауға болады, бірақ бұл әдістерді жеке топқа бөліп, әдістердің қолданыстағы классификациясын қайта құруға болмайды [5]. Білім көзінің (ақпарат көзінің) басым сипаты бойынша аталған кешенді (мультимедиялық) әдістер топқа немесе ауызша, сондай-ақ көрнекі немесе практикалық әдістерге енуі мүмкін. Осылайша, электронды оқу басылымдары мен желілік ақпараттық ресурстарға мыналар жатады:

– бейне фрагменттер және цифрлық фотосуреттер (заттай тәжірибелердің бейнематериалдары, оқу, деректі, көркем және анимациялық фильмдердің фрагменттері);

– виртуалды модельдер: табиғатта байқауға болмайтын биологиялық құбылыстардың анимациялары және құбылыстардың биологиялық модельдерін көрсетуге болатын манипуляциялық (оның ішінде конструкторлар мен тренажерлер), аудио ақпарат, компьютерлік тесттер.

Биология бойынша оқу сабақтарында жұмысты келесі нысандар арқылы жүзеге асыруға болады:

1. Аудиторияда тек бір компьютер бар. Мультимедияны келесідей пайдалану:

– зерттелетін материалды үлкен экранда айқын және көрнекі түрде суреттеуге;

– қаралған материалды талқылауға;

– ұсынылған тапсырмаларды бірлесіп шешуге;

– дәптерде жеке жұмыс жасауға және т.б. мүмкіндік береді.

2. Медиа-сыныпта компьютерлер жеткілікті, сондықтан әр оқушы мұғалімнің бақылауымен жеке жұмыс істейді.

3. Медиа-сыныпта бірнеше компьютерлер бар. Топтық жұмыс формасының бірқатар артықшылықтары бар:

– топтарда жұмыс істеген кезде оқушылар ұжымдық шығармашылық қызметке, мағыналы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуге, топ мүшелері арасында еңбек бөлуге тартылады;

– өзара оқыту және өзара бақылау жүзеге асырылады;

– мұғалімнің жұмысын тексеру процедурасы жеңілдетіледі.

Кіріспе сабақтарын өткізген кезде тірі объектілерді табиғи жағдайда мультимедиялық құралдармен көрсеткен жөн, өйткені бұл жағдайда тіршілік ету ортасына байланысты құрылымның бейімделу ерекшеліктері түсінікті. Тақырыптың мазмұнын ашатын сабақтарды өткізу кезінде тірі материяның көп деңгейлі ұйымдастырылуын көрсететін процестер мен құбылыстарды көрсеткен жөн. Дәл осы жерде оқушылардың алдында дене құрылымының ерекшеліктерінің орындалатын функциямен байланысын анықтауға мүмкіндік ашылады. Ал емтиханда электронды материалдарды білімді аралық және қорытынды тексеру үшін пайдалануға болады. Мультимедиялық құралдарды қолданудың ең көп таралған тәсілі келесі:

– оқу сабақтарында виртуалды ортаның дидактикалық «дайын» объектілерінің кешені бар презентацияларды қолдану (суреттер, фотосуреттер, анимациялар, бейнефрагменттер, аудио ақпарат және т.б.);

– «дайын» виртуалды орта нысандарын пайдалана отырып, MS Power Point бағдарламасында биология бойынша тесттерді әзірлеу;

– жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, биология бойынша тақырыптық жинақтарды әзірлеу.

Қорытындылай келе, оқу процесіне мультимедиялық құралдарды енгізу биологиялық білім берудегі технологиялық революция ретінде анықтауға болады. Мультимедиа икемділік, интерактивтілік, оқу ақпаратының әртүрлерін біріктіру сияқты қасиеттерге ие. Сондықтан мультимедиялық құралдарды өте пайдалы және өнімді білім беру технологиясы деп айтуға болады. Мектептегі биология курсына мультимедиялық технологияны қолдану дәстүрлі оқытумен салыстырғанда келесі артықшылықтарға ие:

– түрлі-түсті графиканы, анимацияны, дыбыстық сүйемелдеуді, гипермәтінді қолдануға мүмкіндік береді;

- үнемі жаңартуға мүмкіндік береді;
- интерактивті веб-элементтерді орналастыруға мүмкіндік береді, мысалы, тесттер немесе жұмыс кітабы;
- көптеген гиперсілтемелердің арқасында материалдың сызықтық емес өтуіне мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Зейнеллов М.А. Биология сабағында мультимедиялық құралдар // Педагогика және психология. – 2021, 3(7). – 70-76 б.
- 2 Ковалева А.Г., Анчугова О.В. Типология электронных образовательных платформ для обучения // В мире научных открытий. – 2015. – 585-594 с.
- 3 Алпысбаев Д.А. Мультимедиялық құралдарды қолдану. – Алматы, 2019. – 26 б.
- 4 Отеген Г.Ж., Акзулла Л., Туреханова С.И. Применение мультимедиа технологий в образовательном процессе // Международный журнал экспериментального образования. – 2017. – 174-175 с.
- 5 Бадьина Т.А., Папуловская Н.В. Создание мультимедийных средств как способ обучения в курсе биологии // Внедрение информационно-коммуникационных технологий в преподавание учебных дисциплин. – 2016. – 223-238 с.

ҒТАМР 14.25.09

ОРТА МЕКТЕПТЕ ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Е.Н. Жансерік

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада физиканы оқытуда интерактивті технологияларды қолданудың артықшылықтары жазылған. Ақпараттандырудың бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне: оның іргелілігінің алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады.

Физика – оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Физика пәнінде интерактивті технологияларды қолдану пәнді оқытуда оқушыға дүниенің заңдарын терең меңгертіп қоймай, оқушының ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады.

Түйін сөздер: интерактивті оқыту технологиясы, физика, ақпараттандыру, оқыту үрдісі, жаңа технология.

ХХІ ғасырда оқытуды ақпараттандыру үрдісіне ерекше көңіл бөлуде. Оқу үрдісін ақпараттандыру – қазіргі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің негізгі бағыты болып табылады. Мұндай даму барысы барлық салалардың да оған ілесуіне қажеттілік туындатады. Бұл үрдістен физика пәнін оқыту үрдісі де артта қалмауы тиіс. Физика пәнін оқытудың дәстүрлі әдістемесіндегі техникалық құралдарды қолдану қатарына компьютерді қолдану мәселесі енді. Ақпараттандыру үрдісінің міндеті де осы айтқанымен байланысы, яғни сол үйлесімді жолдарды тауып, физиканы оқыту әдістемесіне оларды енгізіп, сабақтың неғұрлым сапалы өтуін, оқушылардың сабақты оқуға деген ынтасын арттыру болып табылады.

Мұғалім басты тұлға, шәкіртке бағыт-бағдар беруші бағдаршам десек, оқушы өздігінен еңбек етіп, талпынып, жеткен жетістігінің жемісін көруші, мұғалім мен оқушы үнемі бір-бірімен тығыз байланыста болуы қажет.

Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге баулығанда төмендегідей бағыттарға көңіл бөлу керек.

Жаңа технологиялардың өріс алуына орай оқыту үрдісінде «интерактивті әдістер», «интерактивті оқыту» терминдері мен жиі кездесеміз. Интерактивті әдістер – оқушылардың өзара әрекететуіне жағдай жасайтын әдістер, ал интерактивті оқытуда өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқыту деп түсінсек болады. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген. Сондықтан да олар сабақта Ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекететуге, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік береді [1].

Бағдарламалық-ақпараттық жиынтық «интерактивтік тақта» дегеніміз бұл дәстүрлі мектеп тақтасының барлық сапасына ие және мынандай кең мүмкіндіктері бар тақта:

- экрандық кескіндердің графикалық түсініктемелерін беру;
- бір мезгілде сыныптың барлық оқушыларының істеген жұмысына сараптама жүргізуге және тексеруге мүмкіндік туғызады;
- табиғи амалмен (ұсынылатын ақпарат ағынын арттыру есебінен) сыныпта оқушылардың оқу жүктемесін артырады;
- оқытуға жаңа құлшыныстың алғы шарттарын дайындайды;
- сұхбатқа құрылған оқытуды жүргізеді;
- кей әдістерді пайдаланып, қарқынды әдістеме бойынша оқытады.

Оқытуда жаңа технологияларды қолдану көрнекілікті арттырады, материалды қабылдауды жеңілдетеді. Бұл оқушылардың мотивациясына және білім беру процесінің бірлескен тиімділігіне жағымды әсер етеді.

Интерактивті модель барлық оқушылар бір-бірімен белсенді өзара әрекеттесетін ыңғайлы оқу жағдайларын ұйымдастыруды өз мақсатына қояды. Мұғалімнің өз сабақтарында оқытудың осы моделін енгізуі оның инновациялық қызметі туралы айтады. Интерактивті оқытуды ұйымдастыру өмірлік жағдайларды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, жағдайлар мен жағдайларды талдау негізінде мәселелерді жалпы шешуді, оның белсенді қызметін тудыратын санаға ақпараттық ағындардың енуін қамтиды. Интерактивті сабақтың құрылымы қарапайым сабақтың құрылымынан өзгеше болатыны түсінікті, ол сонымен қатар мұғалімнің кәсібилігі мен тәжірибесін қажет етеді. Сондықтан сабақтың құрылымына оқытудың интерактивті моделінің элементтері ғана енеді – интерактивті технологиялар, яғни сабақты ерекше және бай әрі қызықты етуге мүмкіндік беретін нақты әдістер [2].

Интерактивті технологиялар – бұл оқу үрдісін ұйымдастыру, онда оқушының белсенді жұмыс жасайды, диалог түрінде барлық оқушылар оқудың таным процесіне қатысады. Оқу материалын игеру процесінде оқушылардың бірлескен іс-әрекеті әркімнің өзінің жеке үлесін қосатынын, білім, идеялар, іс-әрекет тәсілдерімен алмасатынын білдіреді. Сонымен бірге олардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді: басқаның пікірін тындау, әртүрлі көзқарастарды өлшеу және бағалау, пікірталасқа қатысу, бірлескен шешім қабылдау. Интерактивті технологиялар оқушылар арасындағы

эмоционалды байланыстарды орнатуға ықпал етеді, топта бірлесе жұмыс істеуге үйретеді, оқушылардың жүйке жүктемесін жеңілдетеді, қауіпсіздік, өзара түсіністік және өз жетістіктерін сезінуге көмектеседі.

Қазіргі өткізіліп жүрген сабақ жүйесінің негізгі алға қояр мақсаты: оқушылардың қабілетін дамыту, білімдерін шығармашылықпен толықтырып, практикада қолдана білуге үйрету, икемділігін қалыптастыру, ойын реттеуге, білімді ептілікпен игеруге қабілеті жеткендігіне оқушылардың сенімін арттырып, оқуға ынталандыру [3].

Шығармашылық есептерді шығару оқушылардан шығармашылық іс-әрекеттерді керек етеді. Шығармашылық іс-әрекеттердің анықталған нақты бір операциялар жүйесінің болмауы физиканы оқыту процесінде педагогикалық маңызды қиыншылықтарды туындатады. Біз шығармашылық есептерге оқушының есептің шарты қоятын мақсаттарды шешу жолында есептің идеясын, ондағы жаңа нәрсені, белгісіз амалдар тәсілін табуға, есепті шығаруға төмендегідей іс-әрекеттерді пайдалануға болатын есептерді жатқызамыз. Олар келесі іс-әрекеттер:

- физикалық құбылысты, объектіні өз бетінше көре білуі, көріп бақылаған құбылыс пен объект туралы өз ойларын, фактілерді іздеу тәсілдерін тұжырымдай білуі;

- бір физикалық объектіні нақты бақылай білуі, оның белгілері мен сапаларын танып, ажырата және ортақ белгілерді топтай білуі;

- қарастырып отырған физикалық құбылыстың және объектінің сипатын, олардың белгілері арасындағы байланысты таба білуі;

- фактілер туралы сұрақтарды тұжырымдау;

- қойылған сұрақтар бойынша проблеманы, есепті тұжырымдай білуі;

- қажет болған жағдайда проблеманың эксперименттік қойылуы [4].

Интерактивті оқыту технологияларын физика пәнін оқытуда қолданудың артықшылықтары:

- оқыту әр оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеретін жеке тұлғаға айналады;

- оқу ақпаратының кез келген көлемін сыйымды және қысымды ұсынуға мүмкіндік бар;

- көрнекі қабылдау бірнеше есе жақсарады, оқу материалын игеру процесі айтарлықтай жеңілдейді;

- оқушылардың танымдық іс-әрекеті белсендіріледі, олар теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыра алады [5].

Интерактивті тәсілдер.

Интерактивті оқыту технологияларының саны өте көп (айналмалы – ауыстырылатын үштік, карусель, аквариум, аяқталмаған ұсыныс, броундық қозғалыс, шешім ағашы т.б.). Әр мұғалім өз бетінше сыныппен жұмыс істеудің жаңа түрлерін ойлап таба алады. Оқушылар бір-біріне сұрақтар қоюды және оларға жауап беруді үйренген кезде сабақта жұпта жұмыс істеу жиі қолданылады. Балаларға екі сақина пайда болған кезде карусель сияқты жұмыс түрі өте ұнайды: ішкі және сыртқы. Ішкі сақина – қозғалмайтын оқушылар, ал

сыртқы сақина – оқушылар бір минуттан кейін өзгереді. Осылайша, олар бірнеше тақырыпты айта алады.

Броундық қозғалыс ұсынылған тақырып бойынша ақпарат жинау мақсатында оқушылардың бүкіл сынып бойынша қозғалысын қамтиды.

Шешім ағашы – сынып оқушылар саны бірдей үш немесе төрт топқа бөлінеді. Әр топ мәселені талқылайды және өзінің «ағашына» (ватман жапырағы) жазбалар жасайды, содан кейін топтар орындарын ауыстырады және көршілерінің ағаштарына өз идеяларын қосады. «Позицияны ұстаныңыз» сияқты интеракцияның бұл түрі де қызықты. Кейбір мәлімдеме оқылып, оқушылар постерге «Иә» немесе «жоқ» деген сөздермен жақындауы керек. Олардың өз ұстанымдарын түсіндіргені жөн.

Интерактивті тәсілдердің негізі – оқушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың басты айырмашылығы-олар қазірдің өзінде зерттелген материалды бекітуге ғана емес, жаңасын үйренуге де бағытталған. Қазіргі педагогика интерактивті тәсілдер өте көп, олардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

1. Сергіту.
2. Миға шабуыл.
3. Шығармашылық тапсырмалар (компьютерлік презентациялар жасау).
4. Шағын топтарда жұмыс істеу.
5. Оқыту ойындары (рөлдік ойындар, имитациялар, іскерлік ойындар және білім беру ойындары).
6. Тестілеу.
7. Жоба әдісі (әлеуметтік жобалар, жарыстар, радио және газеттер, Фильмдер, спектакльдер, көрмелер, қойылымдар, әндер мен ертегілер).
8. Пікірталастар.
9. Дәстүрлі емес сабақтар (сабақ-саяхат, сабақ-конференция, сабақ-эстафета, сабақ-викторина, КВН және т.б.).
10. Интерактивті плакаттар.
11. Рефлексия.

Физика пәнін оқытуда интерактивті және мультимедиялық құралдарды мұғалімнің негізгі әрекеттерін қамтитын келесі нұсқаларда қолдануға болады:

1) *Жаңа материалды түсіндіру.*

– сабақ тақырыбы бойынша мәтіндік және графикалық материалдарды таңдау;

– оқу-дидактикалық презентация жасау;

– көрнекі үлестірме материал жасау;

– мультимедиялық құралдар жасау.

2) *Өткен материалдың игерілуін бақылау.*

– бақылау және өзіндік жұмыстарды әзірлеу;

– физик пәнінен қосымша тест тапсырмаларын әзірлеу;

– тірек жазбаларын әзірлеу.

3) *Қосымша білім беру.*

– материалды қайталау, емтиханға дайындық кезінде оқушыларға көмек көрсету;

– мектепшілік конкурстар өткізу үшін материалдар дайындау.

4) *Өткен материалды бекіту.*

Мультимедиялық материалдарды қолдану: тәжірибелерді түсіндіру, физикалық процестерді, құбылыстарды модельдеу.

5) *Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар.*

Қазіргі уақытта мұғалімге қажетті әдістемелік материалдармен бірге барлық оқу бағдарламаларының маңызды тізімі бар. Әрине, әр бағдарламаның өзіндік кемшіліктері бар, бірақ олардың өмір сүру фактісі олардың сұранысқа ие екендігін және сөзсіз құндылыққа ие екендігін көрсетеді [6].

Физика сабақтарында интерактивті технологияларды, интерактивті әдістерді, формаларды, оқыту құралдарын қолдану оқу процесін модернизациялауға мүмкіндік берді деп қорытынды жасар болсақ:

– оқушылардың физиканы оқуға деген ынта деңгейін арттыру;

– білім алушыларды практикалық қызметте қолдану үшін қажетті нақты білімді өз бетінше игеруге үйрету;

– білім алушыларда шығармашылық тапсырмаларды өз бетінше орындау үшін қажетті оқушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыру.

– оқушылардың қоршаған әлемді тануға, әлеуметтік-мәдени ортаны игеруге деген ынтасын дамыту;

– іс-әрекет негізінде жеке-маңызды мәселелерді шешу мақсатында пәндік білімді өзектендіру;

– оқушылар мен мұғалім арасындағы серіктестік қарым-қатынасты дамыту [7].

Сабақта заманауи интерактивті оқыту әдістерін шебер қолдана отырып оқыту үдерісін ұйымдастыру, оқушыларға физика пәнін оқытуды жеңілдетеді және қызықты сабақты ұйымдастырып, оқшылардың пәнге деген қызығушылығы мен оқу сапасын арттыруға, сонымен қатар есте сақтау қабілетін жақсартуға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Бусланова М.А. Использование на уроках метода наглядности // Педагогика и воспитание. – 2012. – №3.

2 Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. – Алматы., 2009.

3 Жолдасова Б.Б. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім, №5, 2007.

4 Дуличанская Н.Н. Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций // Наука и образование. – 2011. – №4.

5 Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы– педагогикалық технология көзі. – Алматы, 2001. – 75 б.

6 Алексеева Л.Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента // Учитель. – 2014. – № 3. – С. 78-80.

7 Қаңтарбай С.Е., Жүсіпова Ж.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі. – Алматы, 2011.

ҒТАМР 14.01.11

ПЛАЗМА ФИЗИКАСЫ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАР ҮШІН АРНАЙЫ КУРС ӘЗІРЛЕУ

А.Е. Султанова

Магистрант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Қазіргі уақытта физика саласындағы ғылыми зерттеулердің даму деңгейі айтарлықтай жоғары. Әрине, физиканың мектептегі оқыту бағдарламасы, ғылымның даму деңгейінен артта қалмауы тиіс. Оқушыларға мүмкіндігінше физикамен байланысты барлық қызықты жаңалықтар мен ашылулардан хабардар болуға тырысу қажет. Соңғы жылдары заттың «төртінші күйі» аталатын плазманың қасиеттерін зерттеу ғалымдардың көбірек назарын аударды, бұл плазма физикасы бойынша ғылыми жарияланымдар ағымында, сондай-ақ плазма физикасы бойынша әдебиеттердің ұлғаюында көрініс табады.

Түйін сөздер: плазма, төртінші күй, физикалық қасиеттері, плазманың қолданылуы, арнайы курс.

Мектеп бағдарламасында «плазма» ұғымы мүлдем кездеспейді. Дегенмен плазма физикасы бойынша оқу материалын зерделеу танымдық қана емес, дүниетанымдық да мәнге ие. Бұл материалды зерделеу кезінде бірқатар педагогикалық проблемалар шешілуі мүмкін: физика пәнінің политехникалық бағыты күшейеді, оқушылардың диалектикалық-материалистік дүниетанымы қалыптасады, олардың ғылыми-жаратылыстану және жалпы ой-өрісі дамиды. Заттың плазмалық жай-күйін зерделеу және оның физикалық қасиеттері туралы ілімі толықтырылуы тиіс деп санаймын.

Курстың мақсаттары мен міндеттеріне тоқталатын болсақ, «Плазма физикасы» тақырыбы өте қызықты және танымдық, бірақ, өкінішке қарай, мектеп бағдарламасында жеткіліксіз, тіпті мүлдем берілмейді. Сондықтан бұл курс үш мақсатты көздейді:

1. «Плазма» ұғымымен мектеп оқушыларын таныстыру;
2. Плазманың негізгі физикалық қасиеттерін, ондағы орын алатын процесстерді толығымен түсіндіру;
3. Плазманы зерттеу саласындағы келешекті белгілеу және ол үшін мүмкін болатын материалды ұсыну.

Міндеттері:

- Заттың плазмалық жай-күйі ұғымын тереңірек зерделеу.

– Плазманың негізгі физикалық қасиеттерін: квазинейтралдылығын, ұжымдық қасиеттерін, иондау дәрежесін, өткізгіштігін, тығыздығын, плазманың температурасын және оны өлшеуді үйрету;

– Плазмада орын алатын серпінді және серпінді емес қатынастар, диффузия, тұрақсыздық және өткізгіштік процестерді қарастырып, түсіндіру;

– Табиғатта плазманың кездесу мысалдарын және оны техника мен энергетикада пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру.

Осы курсты оқыған оқушы:

– Плазма және оның физикалық қасиеттері туралы;

– Табиғатта плазманың болуы және оны техникада пайдалану туралы;

– Плазмаға және оны практикалық пайдалану мүмкіндіктеріне байланысты негізгі ұғымдар туралы;

– Плазма физикасы бойынша күрделі емес есептерді шешуді үйренеді.

Оқытудың маңызды шарттарының бірі табиғат туралы ғылыми білімнің негізін беру болып табылады. Бұл білім қарқынды дамып келе жатқан ғылыми көзқарастарға сәйкес келуі тиіс, яғни оқытушының жаңа физикалық теориялар туралы түсінігі болуы тиіс. Білім беру стандартының жобасына сәйкес зат туралы белгілі бір білім жүйесін қалыптастыру талап етіледі. Ол қатты, сұйық және газ тәріздес үш күйдегі заттың құрылысы мен физикалық қасиеттері туралы білімді қамтиды. Бірақ тағы төртінші агрегаттық күй бар, ол – плазма.

«Плазма» ұғымын оның пайда болу тарихынан және «плазма» сөзінің мағынасын түсіндіруден бастаған дұрыс.

Адам плазмамен өмірінің басында найзағайды көріп танысты. Плазма жер бетіндегі тұрақты радиобайланысты қамтамасыз ете отырып, біздің Жерді ионосфера түрінде қоршайды. Плазма біздің Күн және барлық жұлдыздар болып табылады.

1923 жылы американдық физиктер И.Ленгмюр және Л.Тонкс иондалған газдың ерекше жағдайын плазма деп атады. Плазма алдымен физиктерді электр тогының өзіндік өткізгіші ретінде, сондай-ақ жарық көзі ретінде қызықтырды. Қазіргі уақытта біз плазманың физикалық қасиеттерін басқа көзбен қараймыз – және плазма алдымызға жаңа келбетте көрінеді. Біріншіден, бұл өте жоғары температураға дейін қызған заттың табиғи жағдайы, екіншіден, бұл динамикалық жүйе – электромагниттік күштерді қолдану объектісі. Плазманың жай-күйін зерттеудің жаңа тәсілдері, физика ғылыми іргетас болып табылатын үлкен техникалық проблемалармен байланысты. Олардың ішіндегі маңыздылары – бұл басқарылатын термоядролық синтез және ішкі энергияны электрлік энергияға магнитогидродинамикалық түрлендіру.

Тақырыпты тез және толықтау қабылдау үшін плазманың пайда болу процесін айтарлықтай қарапайым тәжірибеде (қыздыру процесі) көрсетуге болады: өте баяу балқитын материалдан жасалған тұйық ыдыста қандай да бір мөлшері аз зат болсын. Ыдысты жылытып, оның температурасын біртіндеп көтере бастайық. Егер бастапқы кезде ыдыстағы зат қатты күйде болса, онда біраз сәттен кейін ол балқи бастайды, ал одан да жоғары температурада буланады және пайда болған газ барлық көлемді біркелкі толтырады.

Температура жеткілікті жоғары деңгейге жеткенде барлық газ молекулалары (егер бұл молекулалық газ болса) диссоциацияланады, яғни жекелеген атомдарға ыдырайды. Нәтижесінде ыдыста заттан тұратын элементтердің газ тәрізді қоспасы болады. Бұл элементтердің атомдары жылдам және ретсіз қозғалатын болады.

Әрине, егер қызу одан әрі жалғаса берсе және температура бірнеше мың градустан асып кетсе, заттың қасиеті қалай өзгереді деген сұрақ туындайды. Әрине, өте жоғары температурада біз суреттейтін заттың баяу балқытылған ыдыстағы қызуының көрінісін теориялық тұрғыдан ғана ұсынуға болады, өйткені ең баяу балқытын материалдардың термиялық төзімділігінің шегі салыстырмалы түрде аз – 3 000-4 000 градус. Ыдыс қабырғалары бұзылмай және ешқандай өзгеріс көрмей, қаншалықты жоғары температураға қарсы тұра алады деп айтайық. Сонымен, қыздыру жалғасуда. Мұндай жағдайда біз 3 000 – 5 000 градуста зат атомдарының қасиеттерінің өзгеруіне байланысты жаңа процестердің пайда болу белгілерін байқай аламыз.

Белгілі болғандай, әрбір атом оң зарядталған ядродан тұрады, онда атомның барлық массасы дерлік шоғырланған және ядроның айналасында айналатын және атомның электрондық қабығын құрайтын электрондар. Бұл қабық және оның өзекпен салыстырмалы түрде нашар байланысқан электрондары бар сыртқы қабаты едәуір сыңар құрылымға ие. Атомның қандай да бір жылдам қозғалатын бөлшекпен соқтығысуы кезінде сыртқы электрондардың біреуі оң зарядталған ионға айналатын атомнан үзілуі мүмкін. Иондаудың дәл осы процесі затты қыздырудың қарастырылып отырған сатысына неғұрлым тән болады. Жоғары температурада газ бейтарап болудан қалады, онда оң иондар мен атомдардан үзілген бос электрондар пайда болады.

Қыздырылған зат бірнеше ондаған мың градус температурада қоршаған ортамен жылулық тепе-теңдігінде болған жағдайда, кез келген газдағы атомдардың басым бөлігі иондалған және бейтарап атомдар іс жүзінде жоқ. Мысалы, $T = 30\ 000$ градус кезінде $20\ 000$ оң ионға тек бір бейтарап атом ғана тура келеді.

Сутегі атомының электрондық қабығында бір ғана электрон болады, сондықтан атомның жоғалуымен иондау аяқталады. Басқа элементтердің атомдарында электрондық қабықтың құрылысы анағұрлым күрделі. Оның құрамына тұтастай атоммен әртүрлі дәрежедегі байланысы бар электрондар кіреді. Қабықтың сыртқы қабаттарына жататын электрондар салыстырмалы түрде оңай үзіледі. Жоғарыда айтылғандай, $20\ 000$ - $30\ 000$ градус температурада бейтарап атомдардың қоспалары қалмауы тиіс. Бұл газды толық иондау туралы айтуға болады дегенді білдіреді. Алайда бұл иондау процесі аяқталды дегенді білдірмейді, себебі аталған температура саласындағы оң иондар өзінің «электрондық киімінің» едәуір бөлігін сақтайды. Менделеевтің периодтық жүйесіндегі элементтің реттік нөмірі неғұрлым көп болса, атомдағы электрондар саны соғұрлым көп болады және қабықтың ішкі қабаттарының электрондары атом ядросымен соғұрлым берік байланысады. Сондықтан ауыр элементтерді соңғы иондау тек өте жоғары температурада (ондаған миллион

градус) болады. Бұл ретте газ тұтастай бейтарап болып қалады, себебі иондау процестері белгілі бір белгінің зарядтарында артық пайда болмайды. Осылайша, жоғары температурада тез қозғалатын атомдардың немесе молекулалардың соқтығысуы есебінен газ иондалады.

Бұдан әрі «плазма» ұғымының сөздік анықтамасын енгізуге болады: плазма – бұл ішінара немесе толық иондалған газ, онда оң және теріс зарядтардың тығыздығы іс жүзінде сәйкес келеді, яғни жалпы плазма электрлік бейтарап жүйе болып табылады.

Барлық дерлік заттар олардың температурасы абсолюттік нөлден біртіндеп жоғарылаған кезде қатты, сұйық, газ тәріздес, плазма болып кезектесіп өтеді. Оқушылардың плазма туралы қате түсінігі, өте жоғары температурада заттың жай-күйі, яғни атом немесе газ молекулаларының термиялық диссоциациясы болатын температурада қалыптасады. Оқушыларды плазма ұғымымен таныстыра отырып, дәл осы кемшілікті еңсеру керек. Мысалы, қыздырумен қатар газдың иондалуы және плазманың пайда болуы әр түрлі сәуле шығарудан немесе газ атомдарын тез зарядталған бөлшектермен бомбалаудан туындауы мүмкін. Бұл ретте төмен температуралық плазма деп аталатын плазма пайда болады.

Оқушылар «плазма» ұғымының ауызша анықтамасын естігеннен кейін және сауалнама – пікірталас арқылы осы ұғымды қабылдағаннан кейін, оны толықтырып қорытуды бастайтын кез келді. Оны плазманың қасиеттерін көрсете отырып жасауға болады.

Плазманың бірқатар ерекше қасиеттері бар, бұл оны заттың ерекше төртінші күйі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Көп қозғалыстылықтан плазманың зарядталған бөлшектері электр және магнит өрістерінің әсерінен оңай қозғалады. Сондықтан бір заряд белгісінің бөлшектерінің жиналуынан туындаған плазманың жекелеген салаларының электрлік бейтараптылығының кез келген бұзылуы тез жойылады. Пайда болатын электр өрістері зарядталған бөлшектерді электрлік бейтараптылық қалпына келгенше және электр өрісі жоғалмайынша жылжытады.

Молекулаларының арасында қысқа әсер ететін күштер бар бейтарап газдан айырмашылығы, плазманың зарядталған бөлшектерінің арасында қашықтықпен салыстырмалы түрде баяу кететін кулондық күштер әрекет етеді. Әрбір бөлшек оны қоршаған көптеген бөлшектермен бірден әрекеттеседі. Осының арқасында плазма бөлшектері хаотикалық жылу қозғалысымен қатар әр түрлі реттелген (ұжымдық) қозғалыстарға қатыса алады. Плазмада тербелістер мен толқындар оңай қозады.

Плазма жоғары өткізгіштікке ие, ол иондаудың өсуімен ұлғаяды. Өте жоғары температурада толығымен иондалған плазма өзінің өткізгіштігі бойынша аса өткізгіштерге жақындайды.

Енді оқушылар плазманың не екенін, оның қасиеттері мен табиғат пен ғарыш кеңістігінде болуын білетін болса, онда плазманың өмірде қолданылуы туралы айтуға болады. Мұны реферативтік нысанда және оқытушының басшылығымен оқушылардың біреуі жасай алады. Ал алдымен балаларға

плазманы қолдануды ойластырып, мысалдар келтіруге мүмкіндік беруге болады.

Плазма ғылым мен техниканың әр түрлі салаларында кең қолданыста болады: дейтерий мен тритийден жасалған жоғары температуралы плазма, сондай-ақ гелий изотопы – басқарылатын термоядролық синтез бойынша зерттеулердің негізгі объектісі. Төмен температуралық плазма жарық көздерінде, газ лазерлерінде, плазмалық дисплейлерде, жылу энергиясын электр энергиясына термоэмиссиялық түрлендіргіштерде және магнетогидродинамикалық генераторларда қолданылады.

«Плазма» тақырыбы бойынша оқытылатын материалдың көлемі өте аз, тіпті шетелдегі материалмен салыстырғанда. Мысалы, Оксфорд мектебінде плазма мен оның қасиеттерін зерттейтін шағын зерттеу зертханасы бар, онда оқушылар өз тәжірибелерін өз бетінше қояды, осы тақырып бойынша модельдеумен айналысады. Баяндау процесінде зертханалық зерттеулерді орындау барысында процестерді бақылау үшін компьютерлік технологиялар кеңінен қолданылады. Оның үстіне АҚШ пен Англияның кейбір мектептері зерттеу институттарымен байланысты және олардан ақпарат алады.

«Плазма физикасы» тақырыбы тереңірек баяндалған, физика бойынша арнайы курс аясында оқушыларды өте қызықтырады және «Атом ядросының физикасы» сынды курстың әрі қарайғы тақырыптарын игеру және техникалық ЖОО-ларда кейінгі оқыту үшін пайдалы болады.

Жоғарыда ұсынылған материалды физика сабақтарында да, арнайы факультативтік курсты өткізу кезінде де пайдалануға болады. Бұл материалдарды оқушыларға «Заттың агрегаттық жай-күйі» тақырыбын оқығаннан кейін ұсынуға болады.

Барлық жазылғандарды қорыта отырып, негізінен мектептегі физика курсына плазма ұғымының қалыптастыруды мынадай жолмен жүргізуге болады:

- 1) тақырыпты зерделеу сәтінде білімнің, іскерліктің және дағдының қажетті деңгейін қалыптастыру;
- 2) «плазма» ұғымын оның тарихынан бастап түсіндіру;
- 3) плазманың қасиеттерін зерттеу барысында ұғымды одан әрі кеңейту және оның болуы және табиғатпен байланысын;
- 4) адамның өмірде плазманы қолдануы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Смирнов В.П. Физика плазмы. Том 48, №1-12. 2022.
- 2 Франк Д.А. Лекции по физике плазмы. – Атомиздат, 1968.
- 3 Голант В.Е., Жилинский А.П., Сахаров И.Е. Основы физики плазмы. – Атомиздат, 1977.
- 4 Elementary plasma physics. Conrad L.Longmire 1957.
- 5 Кадомцев Б.Б. Вопросы теории плазмы. – Энергоатомиздат, 1990.

- 6 Introduction to plasma physics and controlled fusion. Francis F.Chen. Springer International Publishing Switzerland 2016.
- 7 Котельников И.А. Лекции по физике плазмы. Том 1. Основы физики плазмы. – Лань, 2021.
- 8 Журнал «Квант». – 2018-2022, №1-12.
- 9 Смирнов В.П. Физика плазмы. Том 47, №1-12. 2021.
- 10 Physics of plasmas. Aip Publishing, Vol 1-30. – P. 1989-2022.

ГРНТИ 15.41.43

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ БУЛЛИНГА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ

Г.О. Хасенова

*Ст.преп., магистр, Национальный институт гармоничного развития человека,
г. Караганда*

Статья посвящена, проблема насилия в образовательной среде. Подобное явление всегда было частью существования человеческого сообщества. Его различные формы и проявления можно выделить во всех сферах деятельности. В представленной статье рассматриваются формы, виды, особенности и последствия такого вида насилия как буллинг.

Ключевые слова: образовательная среда, социальное явление, насилие, буллинг.

В настоящее время становится актуальной проблема насилия в образовательной среде. Практически в каждом классе есть ученики, которые становятся объектами насмешек и издевательств со стороны своих одноклассников. Проявления насилия и жестокости в образовательной среде многообразны: от «безобидных» шуток до травли и насилия, которые могут привести к убийству или самоубийству жертвы. В связи с этим данная проблема приобретает особую значимость в контексте проблемы изучения и управления социальными рисками в образовании.

Школьное насилие – это эмоциональное и физическое насилие, которое проявляется между детьми или учителями по отношению к ученикам и крайне редко учениками по отношению к учителю [2]. Как правило, такое насилие направленно на отдельную личность, которая слабее или как-то отличается от других, а также на целые группы людей, так называемых аутсайдеров или лузеров. Подобные действия носят единичный или повторяющийся характер, причем стремление нанести вред всегда является намеренным. В современной научной литературе направленное на человека открытое негативное психологическое давление получило название буллинг.

Первое упоминание о школьной травле появилось довольно давно. Еще в 1905 г. К. Дьюкс опубликовал свою работу. Но первые знания о буллинге были систематизированы в 90-е годы XX века такими учеными как: Д. Лэйна, Е.Мунте, Д. Олвеус, А. Пикас, Е. Роланд и др. По данным Дэна Олвеуса примерно 16 % девочек и 17,5% мальчиков во всех развитых странах мира 2-3

раза в месяц становятся жертвами буллинга в той или иной форме. В некоторых случаях это происходит эпизодически, то есть от случая к случаю, но иногда систематически ребенка унижают и задирают его же одноклассники. Так же 7% девочек и 12 % мальчиков сами являются инициаторами травли – буллерами [3]. Данные почти подходят ко всем странам мира.

В школе складываются определенные ролевые отношения среди детей в диапазоне «лидер-изгой». Дополнительным фактором развития и распространение буллинга выступает неспособность, и даже не желание педагогов бороться с этой проблемой.

Таким образом, буллинг можно рассматривать как отдельное социальное явление, при помощи которого человек скрывает свою несостоятельность посредством агрессии, направленной на другого человека.

Д. Олвеус утверждает, что буллинг – это насилие со стороны индивида или группы в отношении индивида, который не способен себя защитить, и продолжающиеся на протяжении долгого времени [3].

Понимание механизма и причин буллинга дает нам ключ к решению данной проблемы. Итак, возможные причины буллинга:

- 1) неадекватная самооценка личности;
- 2) самоутверждение за счет другого человека (унижение другого, высмеивание, травля, принуждение выполнять свои прихоти, издевательство, дедовщина и т.д.);
- 3) способ снятия психоэмоционального напряжения, выплеск агрессии и раздражения;
- 4) стремление к власти, необходимой для манипулирования другими;
- 5) способ поддержания своего «авторитета».

Буллинг имеет свои определенные закономерности, такие как: возрастные, гендерные и психологические. За ними стоит не только физическое неравенство, а в большей степени дисбаланс власти, при которой один ребенок подчиняет другого, различными способами и продолжительное время.

Особенности буллинга определяются рядом отечественных и зарубежных исследований. Среди них можно выделить:

Во-первых, буллинг асимметричен – с одной стороны находится обидчик, обладающий физической или психологической силы, с другой – пострадавший, который силой не обладает и остро нуждающийся в поддержке и помощи третьих лиц.

Во-вторых, буллинг подрывает у подростка уверенность в себе, и как следствие проблемы с успеваемостью, разрушается здоровье, задевает человеческое достоинство и самоуважение.

В-третьих, буллинг осуществляется преднамеренно, цель которого является нанесение физических и душевных страданий человеку.

В-четвертых, буллинг – это групповой процесс, в котором принимают участия не только обидчик и пострадавший, а также как писал Д. Олвеус:

– Издевающиеся учащиеся (булли) – как правило физически и психологически сильный ребенок, со сниженной ощущением собственного

достоинства и за счет унижений и оскорблений он самоутверждается. Так же инициатором насилия могут стать подростка желающие находиться в центре внимания, импульсивные с агрессивным поведением, или же те, кто боится стать жертвой.

– Учащийся, над которым издеваются. «Жертва» – это ребенок не уверенный в себе, имеющий низкую самооценку, замкнутый в себе, не имеет друзей. И конечно в физически слабее агрессора. Могут издаваться по любым причинам: какие либо физические дефекты, с неблагополучной семьи, часто болеющий и пропускающий занятия.

– Последователи или приспешники – дети, которые поддерживают насилие, но не являются их инициатором.

– Странники или пассивные – активно и всеми возможными способами поддерживают издевательство, но не принимают в этом прямое отношение.

– Пассивные странники или вероятные участники буллинга. Таким детям нравится издевается, но они этого не демонстрируют при других.

– Безразличные наблюдатели – не принимающие участие в процессе и не придерживаются определенной позиции. Можно сказать, что им все равно, но нет, они ощущают вину собственного бессилия.

– Вероятные защитники не любят насилие и считают своим долгом защитить жертву, но ничего не делают.

– Защитники не любят издевательств, помогают или стараются помочь учащемуся, над которым издеваются.

Но все ученые склоняются к мнению, что единого портрета агрессора и «жертвы», нет. Ими может стать любой ребенок.

О.Д. Маланцев [6] акцентирует свое внимание на таких видах насилия как: физическое, эмоциональное, вербальное, психическое и сексуальное.

В целом, можно говорить о том, что школьное насилие содержит различные действия обидчика по отношению к жертве, но все они направлены только на одно, на унижение с помощью физического, эмоционального, экономического и сексуального насилия [2].

Эмоциональное насилие, которое вызывает у жертвы эмоциональное напряжение, снижает самооценку. Унижение происходит путем оскорбления и угроз, то есть главным орудием является голос. В последнее время появилась новая разновидность школьного буллинга – это кибербуллинг. Жертву унижают и оскорбляют через различные социальные сети.

Таким образом, профилактика буллинга должна быть комплексной и направлена на создание доброжелательной атмосферы в образовательном процессе, которая способствует личностному росту каждого подростка и педагога, взаимоуважению, пониманию и принятию индивидуальности каждого человека, а главное, на создание безопасной среды, а также воспитанию и развитию таких личностных качеств, как ответственность, нравственность, самоконтроль и порядочность.

Литература

- 1 Кувшинова О.А. Люди и время: конфликт поколений в зеркале социального согласия. – Тюмень: Печатник, 2009. – С.16-17.
- 2 Попова Е.И., Пчелинцева И.В. Специфика жестокого обращения с детьми в школьной среде // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2014, № 6 (июнь). – С. 106-110.
- 3 Губанова С. Школьный буллинг – что это?
- 4 Кон И.С. Что такое буллинг и как с ним бороться? // Семья и школа. – 2006, №11. – С.15-18.
- 5 Бердышев И.С. Лекарство против ненависти // Первое сентября – 2005, № 18. – С.3.
- 6 Маланцева О.Д. «Буллинг» в школе. Что мы можем сделать? // Социальная педагогика. – 2007, № 4. – С. 90-92.

ҒТАМР 14.29.09

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Ә.Р. Бекібаева

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Б.А. Сабденова

PhD-доктор, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақала сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі ересек топтағы балалардың білім алуына бағытталған. Бұл жұмыста мақсатқа қол жеткізудің өзіндік ерекшеліктері мен тиімді жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда байланыстырып сөйлеу тілін дамытудың педагогикалық шарттары анықталып, теориялық тұрғыда негізделген.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім беру, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, педагогикалық шарттар, байланыстырып сөйлеу тілі, дидактикалық ойындар.

Қазіргі таңда білім – бұл кез келген адам өмірінің ажырамас бөлігі. Балаларды ерте жастан бастап тәртіпке үйрете бастайды. Бірақ барлық бала қалыпты дамымайды, бұзылыстар байқалады. Дегенмен, әр баланың өскен сайын алға қарай қадам басып, интеллектуалды өрісін дамыту қажет. Мектепке дейінгі мекеме мен мектеп арасында байланыс орнату керек. Осы жерде алғашқы қиындықтар туындай бастайды. Әсіресе, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар үшін бейімделу үдерісі өте қиын жүреді. Сөйлеу тіліндегі көптеген бұзылыстар оқуға кедергі болмайынша, байқала бермейді. Бұл әсіресе сөздің дыбыстық құрылымын меңгерудегі кемшіліктерге қатысты болмақ. Мектеп жасына дейінгі баланың ауызша сөйлеу тіліне бұл айтарлықтай әсер етпегендіктен басқалардың назары бұл мәселеге аударыла бермейді. Алайда, мектеп жасында осы кемшіліктер білім алуда бірқатар қиындықтарға әкелуі мүмкін [6]. Мектепте қолайлы және қанағаттанарлық білім алуы үшін, сөйлеуінде ешқандай қиындық болмауы керек. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың мектепте ешқандай қиындықсыз тең дәрежелі білім алуы үшін

олардың бұзылыстарын ерте жастан, яғни мектепке дейінгі мекемеде анықтап, түзету жұмыстарын жүргізу қажет.

Бұл мақаланың мақсаты сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастырудағы педагогикалық шарттарды анықтау болып табылады.

Мақаланың негізгі мазмұны. Сөйлеу тілі жалпы дамымауы (СТЖД) – есту қабілету мен зияты қалыпты дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуының бұзылуынан болатын әртүрлі тіл кемістіктері [1, 359 б.].

Сөйлеу тілі жалпы дамымауын – ХХ ғасырдың 50-60 жылдары Ресейлік дефектология ғылыми зерттеу институтының Р.Е. Левина бастаған ғылыми қызметкерлердің (Г.И. Жаренкова, Г.А. Каше, Н.А. Никашина, Л.Ф. Спирова және т.б.) мектеп жасына дейінгі балалардың тіл кемістіктерін жан-жақты зерттеулердің қорытындыларының нәтижесінде ғылыми тұрғыда негіздеді [2, 624 б.].

СТЖД баламен жеткілікті түрде түзету жұмыстары жүргізілмесе – жалпы және ұсақ моторикасы дамымайды, ақыл-ойының дамуында тежелу байқалады, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсе алмау сияқты қиындықтар туындауы мүмкін.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымау көрінісінің дәрежесін Р.Е. Левина 3 бөліп қарастырса Т.Б. Филичева 4 деңгейін қосып сипаттаған [10, 55 б.].

Сөйлеу тілі жалпы дамымауының *бірінші деңгейінде* вербалды қарым-қатынас мүлдем қалыптаспаған, алайда ым-ишара арқылы сөйлеуі салыстырмалы түрде сақталған. Бұл балаларда енжар сөздік қоры белсенді сөздік қорына қарағанда айтарлықтай көбірек. Яғни, бұл балалар барлығын түсінеді, бірақ ауызша жеткізуде қиналады.

Екінші деңгейдегі балаларда жетілдірілген сөйлеу белсенділігі көрінеді. Бұл деңгей күнделікті қолданыста бұрмаланған тұрақты сөздердің пайда болуымен анықталған. Сөздік қоры барынша алуан түрлі болады, бірақ саны мен сапасы бойынша шектелген.

Үшінші деңгейі фразалық жалпы қабылданған сөйлеу тіліндегі лексикалық-грамматикалық және фонетикалық жеткіліксіздікпен сипатталады. Мұнда көптеген сөздердің мағынасы мен қолданысын толықтай білмеуі байқалады. Сонымен қатар, тілдің санаттары мен грамматикалық формалардың қатары дұрыс құрастырылмаған.

Төртінші деңгейдегі балалар көп буыннан тұратын сөздерді айтуда қиналады, сөзжасам дағдыларында қателіктер кездеседі және фонетикалық қабылдау деңгейі өте төмен болады.

Осыларды қарастыра отырып, әр деңгейдің өзіндік ерекшеліктері бар екені байқалады және талдау жасау арқылы СТЖД балаларда байланыстырып сөйлеу тілі жеткілікті тұрғыда қалыптаспағаны анықталды.

Ал А.Н. Леонтьев сөйлеу онтогенез концепциясына сай байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастырудың 4 кезеңін ұсынған:

- 1) Дайындық (туылғаннан 1 жасқа дейін);

- 2) Мектепке дейінгі мекемеге дейінгі (1-3 жас);
- 3) Мектепке дейінгі (3-7 жас);
- 4) Мектеп кезеңі (7-17 жас) [4, 254 б.].

Біз мектепке дейінгі кезеңді қарастыратын болсақ, бұл жастағы балаларда ерекше қарқынды сөйлеу тілінің дамуымен сипатталады. Сөздік қорын кеңейтуде сапалы алға ұмтылыс байқалады. Бала барлық сөз таптарын белсенді қолдана бастайды, біртіндеп сөзжасам дағдылары қалыптасады. Бұл кезеңде дамып жатқан есту қабілетінің дағдысы өзінің сөйлеуін бақылауда ұстауға және басқалардың да қателіктерін байқауға көмектеседі [8].

Қалыпты дамып келе жатқан балаларда байланыстырып сөйлеуінің қалыптасуы ойлау қабілетінің дамуымен жүйелі түрде жүзеге асады. Бұл сөйлеу белсенділігі мен қарым-қатынастың дамуына байланысты [9].

СТЖД-ның клиникалық бейнесін анықтау оңай емес, алайда ата-аналар баланың сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне мұқият болуы керек. Баланың сөйлеу тілінде бұзылыстар анықталса, бірден арнайы маман логопедтің көмегіне жүгінгені жөн. Егер бала жалпы мектепке дейінгі мекемеде білім алса, тәрбиешілер мен мекеме мұғалімдеріне ескерту қажет. Содан соң, сөйлеу бұзылысын ескере отырып білім берудің бірлескен жоспарын әдіскер, логопед, тәрбиеші және ата-анамен бірге құрады. Сонымен қатар, СТЖД-дан арылу үшін балаларға кешенді түрде көмек көрсетілу керек, өйткені сөйлеу бұзылысы балалардың тұлғалық және психикалық дамуына кері әсер тигізетінін естен шығармаған жөн [10].

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауымен жүргізілетін түзету жұмыстары маңызды және келесідей міндеттерді шешеді:

- 1) дыбыс айту бұзылыстарын түзету;
- 2) фонематикалық естуін дамыту;
- 3) дыбысты талдау дағдыларын дамыту;
- 4) байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;
- 5) қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
- 6) лексикалық қорын кеңейту.

Бүгінгі таңда, СТЖД балалармен түзету жұмыстарын ұйымдастыруға ақпараттық-коммуникативті технологияларды кіріктіру өзекті.

СТЖД балалармен түзету жұмыстарында қолданатын тиімді әдістердің бірі – мультимедиатеchnология. Бұл технологияларға балалардың зейінін ұзақ уақыт сақтай алатын, дыбыстар, видеолар, мәтіндерден құралатын компьютерлік технологияларды жатқызамыз. Бұл технологияларды түзету сабақтарының жоспарына қосуда материалды беруді әлдеқайда жеңілдетеді, сонымен қатар түзету үрдісі мен уақытын оңтайландырады.

Түзету жұмыстары балалардың әрекеттесуіне, ал интербелсенді оқыту балаларды оқуға ынталандырып, қызығушылықтарын арттырады. Интербелсенді технологиялар СТЖД балаға жаңа білім алу ортасын құрауға және білім алуға деген қажеттіліктерін өтеуге көмектеседі.

Оқу материалдарын қабылдау және мазмұндау, сұраққа толық жауап бере білу, өз ойын еркін жеткізу сияқты оқу іс-әрекетінің барлығы балаларда байланыстырып сөйлеу тілінің жеткілікті деңгейде екендігін көрсетеді.

СТЖД балалардың сөйлеу тілі қалыпты балалармен салыстырғанда көптеген көрсеткіштер бойынша артта қалған. СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту үрдісі тиімді жүзеге асуы үшін, түзету жұмыстары келесідей педагогикалық шарттар кешені бойынша құрылуы керек:

1) сабақты ұйымдастыру көру мен есту анализаторларына сүйенген ойын түрінде болуы керек;

2) жұмыс барысында дидактикалық ойындарды қолдану;

3) қарапайымнан-күрделіге біртіндеп өтетін лексикалық және дидактикалық материалдарды таңдау:

4) СТЖД балалармен жұмыста дыбыстық талдау-жинақтау әдісін қолдану;

5) түзету жұмысындағы бүкіл үрдісті үштік одақ яғни бала, ата-ана, педагогпен тығыз байланыста жүзеге асыру керек.

Осы орайда педагогикалық шарттар ұғымына түсінік беретін болсақ – бұл дидактикалық мақсаттарға жету үшін әдістер мазмұнының элементтерін, сондай-ақ оқытудың ұйымдастырушылық формаларын мақсатты таңдау, жобалау және қолдану нәтижесі.

Әр шартты толығырақ талдап өтер болсақ. Ойын түрінде ұйымдастырылған сабақ баланың тұлғалық дамуына жақсы әсер етеді. Балалар ойын кезінде үлкендердің қарым-қатынасымен, мінез-құлқымен танысады, соған сәйкес өздерінің мінез-құлқын қалыптастыруда тәжірибе жинап, құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге керекті басты дағдыларды иеленеді. Балаларды қандай-да бір ережеге бағынуға мәжбүрлейтін ойындар арқылы баланың ерік-жігер сферасын дамытуға болады [5].

Екінші педагогикалық шартта түзету жұмысында дидактикалық ойындарды қолдануды атап өткенбіз. Дидактикалық ойындар – бұл балаларды оқыту және тәрбиелеу мақсатында педагогиканың арнайы құрған ережелері бар ойындардың бір түрі [7]. Олар белгілі бір оқыту міндеттерін шешуге бағытталған, сонымен бірге, ойын үрдісінде тәрбиелік және дамыту іс-әрекеттерін жүзеге асырады [3, 34 б.]. Мектепке дейінгі 5-6 жастағы балалармен жұмыста дидактикалық ойындарды оқыту құралы ретінде пайдалану қажеттілігі бірнеше себептермен негізделеді:

– Мектеп жасына дейінгі балада ойын әрекеті жетекші орын алады [6, 50 б.]. Л.С. Выготскийдің «Мектеп жасында ойын өз жалғасын табады, шындыққа деген көзқарасы өзгереді себебі мектепте және еңбек барысында өзінің ішкі жалғасын табады» деген ойын жалғастыра келіп ойынның формасы мен әдістері балаларды мектептегі оқыту үрдісіне қосудың оңтайлы тәсілі екеніне көзіміз жетеді.

– Оқу әрекетіне балалардың енуі баяу жүзеге асады.

– Танымдық ынтасы жеткілікті қалыптаспаған.

Дидактикалық ойындар жоғарыда айтылған қиындықтарды жеңуге көмектеседі [6, 52 б.].

Балаларға берілетін лексикалық және дидактикалық материалдар, тапсырмалардың біртіндеп күределенуіне сәйкес таңдалып алынады. Бұл шарттың маңызы материалды циклдік және шиыршық қағидасын жүзеге асыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Бұл шарттың жүзеге асуы Л.С. Выготскийдің жақын арада даму аймағының дамуына негізделген. Дидактикалық және лексикалық құралдар баланың өзекті даму аймағынан жақын арада даму аймағына өтетіндей таңдалып алынуы керек. Тапсырмаларды бала қиналса да, өзі орындауы керек.

Төртінші педагогикалық шартты іске асыруда СТЖД балалардың сауаттылығын оқыту негізінде біртұтас сөйлеуді сөйлемдерге, сөйлемдерді – сөзге, сөздерді – буындарға, буындарды – дыбыстарға талдаудың дыбыстық талдау-жинақтау әдісі болуы керек деп болжайды. Талдаумен қатар жүретін жинақтау әдісі дыбыстарды буындарға, буындарды сөздерге, сөздерді сөйлемдерге қосуды қамтиды. Әдістің басты негізі – сөздердің дұрыс айтылуын зерттеу.

Бесінші педагогикалық шартқа сәйкес түзету жұмыстары логопед, педагог және ата-анамен байланыста жүзеге асырылады. Осы педагогикалық жағдайды жүзеге асыру отбасында және мектепке дейінгі мекемеде бала үшін оқыту ортасын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Осылайша, біз СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларда байланыстырып сөйлеу тілін дамытуда түзету жұмыстарының тиімділігін арттыратын педагогикалық шарттар кешенін анықтадық және негіздедік. Бұл шарттардың бірін алып тастайтын болсақ қажетті нәтижеге жете алмаймыз, тиімділігін жояр еді.

Қорытындылай келе, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы – мектеп жасына дейінгі баланың психофизиологиялық дамуына кері әсер ететіндігін айқындайды. Бұл баланың қоғаммен қарым-қатынасқа түсуін қиындатып, білім алуында бірқатар қиындықтарға әкеледі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуіндегі бұзылыстарды жоюдың сәттілігі – бірқатар педагогикалық шарттардың орындалуына, сондай-ақ бұзылыстың уақытында анықталғанына тікелей байланысты екендігі белгілі. Зерттеу материалына сүйене келе, барлық педагогикалық шарттарды толық қамтамасыз ету арқылы СТЖД жеңуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. Оқулық. – Алматы: «Дәуір», 2011. – 495 б.

2 Логопедия: Учебник для студентов дефектол. фак. пед. вузов / Под ред. Л.С. Волковой, С.Н. Шаховской. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1998. – 680 с.

3 Гаркуша Ю.Ф. Новые информационные технологии в логопедической работе // Логопед. 2004. – С. 15-19.

4 Глухов В.П. Основы психолингвистики: учеб. пособие для студентов педвузов. – М.: АСТ: Астрель, 2005. – 351 с.

5 Грибан О.Н. Применение мультимедиа-технологий в образовательном пространстве вуза // Мультимедиа-технологии в образовании: путь к свободе: материалы Первой международной интернет-конференции (25-30 ноября 2011 г., Екатеринбург). – Екатеринбург, 2011. – С. 9-11.

6 Ефименкова Л.Н. Формирование речи у дошкольников. – М.: Национальный книжный центр, 2015. – 176 с.

7 Кувшинова И.А., Баранова Ю.А. Использование дидактических игр в коррекционной работе с детьми с ОВЗ // Здоровьесберегающие и коррекционные технологии в современном образовательном пространстве: сборник научных трудов по результатам Международной научно-практической онлайн конференции. – Магнитогорск: Изд-во Магнитогорск. гос. техн. ун-та им. Г.И. Носова, 2020. – С. 134-138.

8 Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М.: Смысл, 2003. – 287 с.

9 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: мастера психологии. – СПб.: Питер, 2000. – 712 с.

10 Развитие речи дошкольников с общим недоразвитием речи: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 144 с.

ҒТАМР 14.29.09

СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ ФОНЕТИКА-ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ДЫБЫСТЫҚ ТАЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Д.С. Қабылбаева

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Б.А. Сабденова

PhD-доктор, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақала сөйлеу тілінде фонетикалық және фонематикалық жетіспеушілігі бар 5-6 жастағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым дыбыстық талдау дағдыларының ерекшеліктеріне теориялық талдау жасалған. Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері сипатталған. Сөйлеуінің фонетикалық және фонематикалық жетіспеушілігі бар мектеп жасына дейінгі балалардың дыбысты дұрыс айту дағдысын меңгерудегі бұзылыстар және қарапайым дыбыстық талдау мәселесі бойынша жүйеленген теориялық материалдар берілген. Сонымен қоса, отандық және шет елдік ғалымдардың ой пікірлері мен көзқарастары көрсетілген. Осы тақырып бойынша негізгі шешілмеген мәселелер көрсетілген. Онтогенездегі қарапайым дыбыстық талдаудың қалыптасуы туралы әртараптандырылған ғалымдардың ой пікірлері мен еңбектері сараланған.

Түйін сөздер: фонематикалық қабылдау, фонетикалық талдау, дыбыстық талдау және жинақтау, қарапайым дыбыстық талдау, сөйлеудің интонациялық-дыбыстық экспрессивтілігі, фонемалар, фонематикалық есту, фонематикалық талдау.

Фонематикалық процестер саласындағы балалардың мүмкіндіктерін зерттей отырып, В.К. Орфинская фонемалық талдаудың қарапайым формалары мектеп жасына дейінгі балаларда 4-5 жасқа дейін өздігінен пайда болатындығын, ал 6 жастағы балаларда күрделі формалар тек ұйымдасқан оқыту процесінде пайда болатындығын атап өткен. Талдаудың қарапайым формалары тек бір операцияны – сөзден қажетті дыбысты таңдауды білдіреді. Фонематикалық талдаудың күрделі формалары сөздегі дыбыстардың саны мен реттілігін, бір-біріне қатысты орынды анықтаудан тұрады [1, 38-49 б].

Оқыту процесі дұрыс жүргізілетін болса, балалар төл дыбыстарды жақсы меңгереді. Артикуляциялық аппараттың физиологиялық ерекшеліктеріне немесе құрылымына байланысты бала кейбір фонемаларды дұрыс шығара алмауы мүмкін, бірақ сонымен бірге бала тіл дыбыстарын фонематикалық ерекшеліктеріне сәйкес ести бастайды, ол сөздің қате айтылуын танып, қате және дұрыс айтылуын ажырата алады. Дегенмен, 5-6 жастағы балада ауызекі сөйлеуде де, оны қабылдауды да қалыптастыруда сөйлеуінде тіл бұзылысы бар балалардың жиі кездесетінін байқауға болады. Ал мұндай балалардың мектепке дайын болуы көп жағдайда сөйлеудегі осы бұзылыстарды дер кезінде түзетуге байланысты болады.

Сөйлеу тілі дамуында бұзылысы бар бала өз ана тілін түсініп, сөйлеуі үшін біртіндеп артикуляциялық қимылдарды, дыбыстардың тіркесу жолдарын, сөздердің, сөз тіркестерінің ырғақты және интонациялық безендірілуін меңгеруі керек; нақты айтылатын дыбыстарды басқа дыбыстардан ажырату және сөздерді түсінуге, қарым-қатынасқа қажетті дыбыстардың белгілерін анықтай білуі керек. Бұл – берілген тілдің фонемалар жүйесін меңгеру үрдісі болып табылады.

Балаларда ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру процесінде семантикаға, қоршаған шындықты қабылдау мен талдауға сүйену сөйлеу функциясын дамытудың ажырамас шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларда семантикалық-ерекшелік қызметі бұзылмайды, ал фонемаларды есту арқылы ажырату және фонематикалық талдау қызметтері көбіне дамымаған болып шығады. Фонематикалық қабылдау – дыбыстық талдаудың психикалық әрекеті болып табылады. Фонематикалық талдау – сөйлеу тілі дамуының кейінгі кезеңдерінде балаларда дамитын күрделі қызмет. Фонематикалық талдау барысында сөз фонемалардың қабылдануы мен ажыратылуы негізінде танылып қана қоймай, оны құраушы элементтерге де бөлінеді. Сонымен, фонематикалық талдау күрделі аналитикалық функция болып табылады және психикалық әрекет процесі ретінде қарастырылады [2].

Балабақшадағы білім беру бағдарламасы фонематикалық қабылдау мен талдауды дамытуды қарастырады, дегенмен арнайы логопедиялық топтардағы балаларда сөйлеу тілі фонетикалық және фонематикалық қабылдауы дамымаған балаларда сөзге дыбыстық талдау жасау қабілеті нашар қалыптасады. Бұл әрине мектеп жасына дейінгі балалардың мектептегі оқу жүйесінде фонетиканың, графиканың және орфографияның кейінгі дамуын қиындататындығы сөзсіз [2].

Балалардағы фонематикалық дамымауы мыналармен көрінеді:

– дыбыс құрамы жағынан ұқсас фонематикалық қатарларды (сөздер, буын қатарлары) ажырату және танудағы бұзылыстар;

– акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктерімен ерекшеленетін дыбыстарды талдау процесінің толық еместігінде, т.б. Қалыпты фонематикалық дамудың өзінде кеш ажыратылатын дыбыстар («с – ш», «з – ж», «с – ж», «з – ш» сияқты ысқырық және ызың дыбыстар);

– сөйлеу дамуының кейінгі кезеңдерінде, фонематикалық талдаудың қалыптаспаған қызметінде (сөздегі дыбыстың бар немесе жоқтығын анықтау, бірінші және соңғы дыбысты тану, дыбыстардың ретін, санын, олардың сөздегі басқа дыбыстарға қатысын анықтау).

Мектепте емлені саналы түрде меңгеру, емле сезімталдығы, әлсіз және күшті позициялардағы дыбыстарды тексеру әдістерін қолдана білу (бір морфологиялық элементте) мектеп жасына дейінгі балаларда сөзге дыбыстық талдау жасау, жалпылау, фонемаларды ажырату дағдыларын дамыту қажеттілігін талап етеді.

Дыбыстық талдауды қалыптастыруда қолданылатын дидактикалық ойындарда жұмыс реттілігін нақты түсіну керек және кезеңдерін тастап кетпеу керек. Осы ерекшеліктерді қадағалау қажет:

– дыбыстық талдау формаларын берудегі қатаң жүйелілік: сөзден дыбысты окшаулау, бірінші дыбысты, соңғы дыбысты анықтау, дыбыстың орнын белгілеу (сөздің басы, ортасы, аяғы), толық дыбыстық талдау жасау;

– психикалық әрекеттердің қалыптасу реті: материалдық құралдарға сүйене отырып, сөйлеуін жоспарлауын т.б.;

– талдауға арналған сөздердің берілу тізбегі.

Дыбыстық талдау дағдыларын меңгерудің бүкіл процесін төменде келтірілген екі үлкен кезеңге бөлуге болады:

– қарапайым дыбыстық талдау дағдыларын қалыптастыру;

– дыбыстардың бір-біріне қатысты сөздегі орнын нақты белгілей отырып, тізбектей талдауға жаттықтыру.

Дыбыстық талдаудың қарапайым формаларын қалыптастыру кезеңдерінде психикалық әрекеттерді қалыптастырудың келесі реттілігі ұсынылады:

– біріншіден, балаға сөздер айтылады және қажетті дыбыс дауыс арқылы ажыратылады, ал бала сөзді тыңдап, қажетті дыбыспен сөзді естігенде шартты түрде тану керек немесе қолын көтеру сынды белгі беруі қажет;

– содан кейін ол тым көп айтылатын дыбысты ерекшелеп, оны сөзден тыс, окшаулап атау керек;

– одан кейін ақыл-ой әрекеті сөйлеу жоспарына өтеді – баланың өзі сөзді айтады және одан берілген дыбысты бөліп алады;

Фонематикалық қабылдау – сөздің дыбыстық құрамын қабылдау және фонемаларды ажырата білу. Фонематикалық қабылдаудың қалыптасуын Н.Х.Швачкин ерекше атап өткен. Біріншіден, қарама-қарсы дыбыстарды дауысты-дауыссыз дыбыстарды бала таниды. Әрі қарай, біртіндеп дифференциация басталады: дауысты дыбыстар; дауыссыз дыбыстар: үнді, қатаң, ұяң және еріндік дыбыстар, тіласты дыбыстары, ысқырық және ызың – дыбыстар т.б. Автордың пікірінше, сөйлеу дыбыстарының айырмашылығының реті қарама-қарсы дыбыстардан басталып, жақын дыбыстарға ауысады. Алдымен, дауысты фонемалар, одан кейін дауыссыз дыбыстардың айырмашылығы бар, бұл процесс дауысты дыбыстардың жақсы

қабылдануымен және жиі кездесетіндігімен байланысты [3, 36-40 б.]. Д.Б.Эльконин фонематикалық қабылдауға тән 3 операцияны атап өткен:

- сөзде әртүрлі дыбыстардың болмауы немесе болуы дағдылары;
- дыбыстың сөздің басына, ортасына немесе аяғына қатысты орнын анықтай білу;
- дыбыстардың санын және ретін анықтау [4, 164 б.].

Фонетикалық қабылдауды қалыптастырудың ең маңызды *бастапқы кезеңі* – сөйлеуден тыс есту қабілетінің дамуы. Мысалы, «Не естисің, айтшы?» ойынында бала көзін жұмады, тәрбиеші әртүрлі дыбыс беретін заттар (жарма, қағаз, су) бар ыдыстарды шығарады. Бала естігенін дыбыс арқылы анықтауы керек.

Екінші кезеңінде – фонематикалық есту қабілетінің дамуы. Бұл кезең балаларға бірдей сөздерді айту, екпінді ажырата білуге, сонымен қатар дыбыс құрамы жағынан ұқсас сөздерді ажыратуға, дыбыстарды, буындарды ажыратуға үйретуді қамтиды. Ал *үшінші кезең* – қарапайым дыбыстық талдау мен синтезді ассимиляциялауды қалыптастыру.

Д.Б. Эльконин дыбыстық талдауды түсіндіруге мыналарды жатқызады:

- сөздегі буындар мен дыбыстардың орналасу ретін анықтау;
- дыбыстың ерекше рөлін анықтау;
- дыбыстың сапалық негізгі сипаттамаларын бөліп көрсету [4, 164 б.].

Отандық ғалымдар Қ.Қ. Өмірбекова, С.Ж. Өмірбекова, А.К.Жалмұхамедова фонетикалық-фонематикалық жетіспеушілігі бар балалардың сөйлеу әрекеті мен түзету процесін еңбектерінде атап көрсеткен болатын.

Сонымен қатар Қ.Қ. Өмірбекова, Г.С. Оразаева, Г.Н. Төлебиева, Г.Б. Ибатовалардың авторлық құрамындағы «Логопедия» оқулығында фонетикалық фонематикалық жетіспеушілігіне анықтама берілген. Осы анықтамаға сүйене отырып ФФЖ дегеніміз – бұл есту және ойлау қабілеті қалыпты сақталған балалардағы дыбыстарды қабылдап және оларды айтудағы әртүрлі бұзылыстардың салдарынан ана тілінің тілдік жүйесі бұзылысы болып табылады. Фонетикалық фонематикалық жетіспеушілігі бар балалардың дыбыс айтуындағы бұзылыстардың көптеген түрлері кездеседі. Олар: дыбысты анық түрде айтпау, дыбыстарды мүлде басқа дыбыстармен алмастырып айту, дыбыстарды ажыратудағы бұзылыстар және қиын дыбыстарды жеңіл дыбыстармен алмастыру, дыбыс айтылуының тұрақсыздығы сияқты негізгі ерекшеліктер [5, 495 б.].

Онтогенездегі қарапайым дыбыстық талдаудың қалыптасуы. Сөйлеудің дыбыстық құрылымын қабылдаудың дамуы баланың фонематикалық естуінің немесе фонематикалық қабылдауының қалыптасуымен байланысты, көптеген заманауи зерттеушілердің пікірінше, бұл бірдей нәрсе, өйткені бұл мәселені әртүрлі білім саласындағы мамандар зерттейді.

Сөйлеу тілінің даму процесінде мәнерлі және әсерлі сөйлеу бір-бірімен тығыз байланысты: бір жағынан сөйлеу тілін дамыту есту арқылы қабылдауға ынталандырса, екінші жағынан, адамның өзін-өзі тыңдап түзетуге үйретеді.

Л.Е. Журова кіші мектеп жасына дейінгі балалар сөздегі бірінші және соңғы дыбысты ажырата алады, ал ересек мектеп жасына дейінгі балалар бұл тапсырманы оңай орындай алады деп есептейді. Дыбыс құрамын талдағанда, бала оны сол дыбысқа тән интонациялық екпінмен ерекше түрде айта бастайды, содан кейін оны бөлек атау керек.

Балалардағы фонемаларды ажырату қабілетін дамыту бойынша логопедиялық жұмыстың бүкіл жүйесін алты кезеңге бөлуге болады:

I кезең – тілдік емес дыбыстарды тану;

II кезең – сөздегі дыбыстардың қатары бойынша дауыстың биіктігін, күшін, тембрін, сөздер мен сөз тіркестерін ажырату;

III кезең – дыбыс құрамы жағынан жақын сөздерді ажырату;

IV кезең – буындарды ажырату;

V кезең – фонемаларды дифференциациялау;

VI кезең – қарапайым дыбыстық талдау жасау, фонематикалық қабылдау дағдыларының даму кезеңі [6, 74 б.].

В.К. Орфинскаяның (1946) деректеріне сүйене отырып, фонемалармен жұмыс істеудің келесі формаларын бөліп көрсетуге болады:

1. сөздің фонындағы дыбысты тану, т.б. оның сөзде бар-жоғын анықтау;

2. сөздегі бірінші және соңғы дыбыстардың оқшаулануы;

3. дыбыстардың ретін, санын, басқа дыбыстарға қатысты сөздегі орнын анықтау.

Онтогенез процесінде фонематикалық талдаудың дамуы біртіндеп жүзеге асады. Фонематикалық талдаудың қарапайым түрлері (сөздегі дыбысты тану және сөзден бірінші және соңғы дыбыстарды ажырату) ауызша сөйлеудің даму процесінде өздігінен пайда болады. Күрделі формалар (сөздің сандық және дәйекті дыбыстық құрамын анықтау) арнайы оқыту барысында ғана қалыптасады.

Дыбыстық талдау дағдыларының төмен болуы бүгінгі күні кең таралған бұзылыстардың бірі болып тұр. Ол баланың мектеп табалдырығын аттағаннан кейін жазу барысындағы қиындықтар тудырады және оның қалыптасуын қиындатады, пәндерден үлгеру қиындықтарына әкеліп соғады, оқушылардың оқуға деген ынтасын және жаман көзқарасын қалыптастырады және тұлғалық өсуін төмендетеді [7, 62 б.].

Фонематикалық бұзылыстары бар балалар фонематикалық талдаудың барлық түрлерінде – сөзден дыбысты тануда да, бірінші және соңғы дыбыстарды ажыратуда да, сөздегі ретін, саны мен орнын анықтауда да келесідей қиындықтар кездеседі:

1. *Сөзден дыбысты тану*. Мектеп жасына дейінгі балаларға дауыссыз дыбыстар қосылған екі немесе үш буынды сөздермен жұмыста, дауыссыз дыбысты анықтау және атауында осы дыбыс кездесетін суреттерді таңдау қиын. Балалар берілген дыбысты және оған акустикалық жақын дыбыстарды нашар ажыратады.

Балалар сөздегі дыбысты оқшаулау (сөздегі дыбысты тану) тапсырмасын орындай алмайды, өйткені олар әрқашан оқшауланған дыбысты сөйлеуде дыбыспен байланыстыра бермейді.

Фонематикалық бұзылыстары бар балалар сөздегі дыбысты фонематикалық көріністерге байланысты ажырата алмайды

2. Сөзден бірінші және соңғы дыбыстарды ажырату. Фонематикалық талдаудың бұл әрекеті балаларға қиынырақ. Сонымен қатар, соңғы дауыссыз дыбысты анықтау бастапқы дауыссыз дыбысты оқшаулаудан гөрі қиындықпен жүзеге асырылады, ал бастапқы дауыссыз дыбысты оқшаулау бастапқы дауысты дыбысты оқшаулауда көбірек қателіктер жібереді. Ең оңай жолы – сөздегі немесе дауыстылар қатарындағы екпінді бастапқы дауысты дыбысты анықтау.

3. Сөздегі дыбыстың ретін, санын, орнын анықтау фонематикалық талдаудың ең қиын түрі. Сондықтан фонематикалық бұзылыстары бар балаларда сөздегі дыбыстардың санын, ретін және орнын анықтау қабілеті қарапайым сөйлеу материалында да өте баяу қалыптасады. Фонетикалық және фонематикалық бұзылыстары бар балаларға тапсырмалардың барлық түрлерінде қатардың, буынның, сөздің дыбыстық құрамын анықтау қиынға соғады. Дегенмен, тапсырмаларды орындаудағы қиындық дәрежесі әртүрлі. Ол тапсырманың сипатымен анықталады.

А.Н. Корнеевтің еңбектерінде фонематикалық есту сөйлеуді дамытудың негіз құралы ретінде қарастырылады. Ғалым «Егер қабылдау әрекет болса, онда фонематикалық есту – бұл әрекетке қабілеттілік» – дейді [8, 328 б.]

Қорытынды.

Фонематикалық қабылдау – сауаттылықты меңгерудің бірінші сатысын, екіншісі – дыбыстық талдауды қалыптастырады. Бір жастан төрт жасқа дейін фонематикалық қабылдау дамиды, ал дыбыстық талдау кейінгі кезеңде көбірек болады. Сонымен сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық жағының онтогенезінде ол бірте-бірте пайда болады. Сөйлеу құрылымының қызметтеріне сөйлеу алдындағы кезең, дайындық кезеңіне жатады. Баланың белгілі бір дыбыстық, буындық және буындық тіркесімді артикуляциялаудағы практикалық міндеттері ана тілінің құрылымдық құрамымен анықталады, содан кейін фонематикалық есту қабілетінің қалыптасуының алғы шарттары үйлестіріледі. Баланың мектепке дайындық кезеңінде оқу үлгеріміне әсер ететін дыбысты айту мен фонематикалық процестің дамуын меңгеруі өте маңызды болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Орфинская В.К. О воспитании фонологических представлений в младшем школьном возрасте // Уч. записки ЛГПИ им. Герцена.– М.: Альянс, 2009. – 38-49 б.

2 Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. – М.: Просвещение, 1982.

3 Швачкин Н.Х. Развитие фонематического восприятия речи в раннем возрасте // Вопросы психологии восприятия и мышления. – М.: Альянс, 2011. – 36-40 б.

4 Журова Л.Е., Эльконин Д.Б. К вопросу о формировании фонематического восприятия у детей дошкольного возраста // Сенсорное воспитание дошкольников. – М.: Просвещение, 1963. – 163-179 с.

5 Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. Оқу құралы. – Алматы: «Дәуір», 2011. – 495 б.

6 Журова Л.Е. Формирование способности к наглядному моделированию при обучении грамоте // Развитие познавательных способностей в процессе дошкольного воспитания. – М.: Педагогика, 1986. – 73-94 б.

7 Ибатова Г.Б. Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмысы: әдістемелік нұсқау. – Алматы: 2015. – 62 б.

8 Корнеева А.А. Значение фонематического слуха в формировании устной и письменной речи ребенка // Молодой ученый. – 2020, № 44 (334). – 326-328 с.

ҒТАМР 14.25.01

ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ОҚУШЫЛАРДЫ БАҒДАРЛАУ ПРОЦЕСІ

А.Ә. Якуб

*Магистр, аға-оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан қ.*

Қ.А. Якубова

*Магистр-оқытушы, Астана Халықаралық университеті Педагогикалық колледжі,
Астана қ.*

«Құндылық» категориясы аксиологияда негіз болып табылады, өйткені ол адам мен қоршаған әлемнің өзара әрекеттесуінің маңызды қатынасын анықтайды. Педагогикалық процестерде жүзеге асырылатын диалектика заңдары қоғам құндылықтарының эволюциясын көрсетеді, түсінуге әкеледі, жалпыадамзаттық құндылықтардың жаһандық мақсаттарының басымдығы және барлық педагогикалық жүйелердегі интеграция. Қазіргі әлемнің шындықтары оқу-тәрбие процесінің мазмұнында абсолютті құндылықтарды көрсетуді талап етеді – мақсаттар: адамзат дамуының барлық дәуірлеріндегі гуманистік мұраттардың өзегін құрайтын өмір, бостандық, бақыт. Сонымен қатар, педагогикалық идеялардың сабақтастығын талдау мәдениетке тән құндылықтар шеңберінің өзіндік ерекшелігін көрсетеді, оның дамуының белгілі бір кезеңінде қоғам үшін маңызды.

Түйін сөздер: құндылық, оқушы, аксиология, педагогика, бағдарлау, процесс, жеке тұлға.

Құндылықтар әлеміндегі тұлғаның бағдарлану проблемасының өзектілігі қазіргі қоғамның дамуының әлеуметтік жағдайына, елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық өміріндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты. Құндылықтарды қайта бағалау, олардың иерархиялық жүйесін өзгерту, қоғамдық санадағы жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдылығын бекіту өмірге жаңа педагогикалық ойлауды тудырды және қоғам мен жеке тұлғаның қажеттіліктеріне жауап беретін мектепте оқу-тәрбие процесін құруды талап етті. Өзгерістердің осы жаңа бағытындағы жетекші тенденциялар – гуманизация, мектепті демократияландыру және білім берудің үздіксіздігі.

Қазіргі оқушының өсу жағдайын талдау бүгінгі күннің нақты жағдайларында әлеуметтік және пәндік әлемдегі жеке тұлғаның негізгі қатынастары болжау, таңдау еркіндігі, өзін-өзі анықтау және эвристика сияқты компоненттерді күшейту негізінде өзгертінін көрсетеді. Бұл әлеуметтік контексте әсіресе маңызды оқушының айналасындағы объективті құндылықтар әлемінде, қоғамда, өз мүмкіндіктерінде бағдарлану мәселелері: өткен және қазіргі оқиғалардағы бағдарлау, болашақ бейнесін және оның өмірлік перспективасын құруда. Бірқатар басқа ғылымдар (астрономия, география, топография және т.б.) жұмыс істейтін «бағдар» терминінің педагогикалық мағынасы, оның тілдегі көп мағыналы мазмұнынан шыққан процесс пен нәтижені білдіретін кем дегенде екі аспект. Бағдар нәтиже ретінде еркін иеленумен анықталады – белгілі бір саладағы білімнің кең ауқымы және мыналарды білдіреді – сонымен қатар, адам алған деңгей – бұл бар идеяларды үнемі іздеу, дамыту, жетілдіру және тереңдету үшін қажетті негіз. Бұл мағынада бағдар келесідей сипаттамаларға ие – икемділік, эрудиция, тезаурус, проблемалық. Бұл жағдайда бағдарлау таңдалған бағыттың дұрыстығына деген сенімділіктің эмоционалды күйінің болуын болжайды, ойлар, әрекеттер. Бұл ұялшақтыққа қарсы жағдай, адамның іс-әрекеті мен қарым-қатынасы сәйкесінше күмән тудырады.

Бағдарлау – процесс ретінде – бұл дизайннан нәтижеге дейінгі проективті әрекеттер: мақсатты дәл, дұрыс таңдау, оған қол жеткізу құралдары, әрекетті жалпы әрекетпен салыстырудағы әрекетті бағалау бағыттылығы, жоспарлары, өмірлік құндылықтары.

Бағдарлау – өмірдің кез келген саласының қажетті құрамдас бөлігі: еңбек, білім, өнер, қарым-қатынас. «Бағдар» ұғымының педагогикалық мағынасы – өмірлік белгілерді алатын өсіп келе жатқан адам, қоршаған шындықты игереді, әлемде өз орнын іздейді. Сонымен қатар, сыртқы әлемді игеру және оқушының өзін-өзі тануы ересектермен қарым-қатынаста болады, олар оған осы, өте қиын процесте мақсатты түрде көмектеседі. Бағдарлау процесі белгілі бір уақытша және өмір жолын таңдау, жоспарлар құру, таным, қарым-қатынас саласындағы жеке тұлғаны өзін-өзі анықтау сияқты кеңістіктік шеңберде, еңбек негізінен осы уақытқа дейін өзінің контурын алады. Бағдарлау процесінің кеңістіктік шектеулері мектеп болып табылады, ол мектеп оқушысы үшін өзі өмір сүретін қоғамның орталығы болып табылады, ол өте маңызды, оның өмір кезеңі – өсу, өзін-өзі анықтау.

Белгіленген проблема аясында оқушылардың әлеуметтік маңызды құндылықтарға бағдарлану процесі ұсынылуы мүмкін, жеке тұлғаның қоғам құндылықтарына көтерілу процесі ретінде.

Бағдарлау процесінің маңызды сипаттамаларын талдау логикасы бізді тәрбие субъектілеріне, «тұлға-қоғам» қарым-қатынасының жұмыс істеу деңгейіне шақырады, негізгі әлеуметтік қайшылықтарды даралайды. Өмірлік бағдарлардың қалыптасу логикасын анықтайтын қажеттіліктердің жоғарылауының диалектикалық заңдары – оқушылар бағдарлау процесін түсіну

қажет: мазмұн, формалар мен әдістердің жаңа қырынан түсіну оқу-тәрбие процесі.

Педагогикалық теорияға дейін және осыған байланысты тәжірибе бойынша сұрақтар туындайды:

- білім мен тәрбие мазмұнының құндылық мазмұны қандай болуы керек;
- тұлғаның қоғам құндылықтарын иеленуінің педагогикалық заңдылықтары мен тетіктері қандай;
- оқушылардың өмірлік бағдарларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары қандай?

Педагогикалық процестерде жүзеге асырылатын диалектика заңдары қоғам құндылықтарының эволюциясын көрсетеді, түсінуге әкеледі, жалпыадамзаттық құндылықтардың жаһандық мақсаттарының басымдығы және барлық педагогикалық жүйелердегі интеграция. Қазіргі әлемнің шындықтары оқу-тәрбие процесінің мазмұнында көрсетуді талап етеді.

Абсолютті құндылықтар – мақсаттар: адамзат дамуының барлық дәуірлеріндегі гуманистік мұраттардың өзегін құрайтын өмір, бостандық, бақыт. Сонымен қатар, педагогикалық идеялардың сабақтастығын талдау – мәдениетке тән құндылықтар шеңберінің өзіндік ерекшелігін көрсетеді, оның дамуының белгілі бір кезеңінде қоғам үшін маңызды жеке адамдар: отан, адам идеалы, сұлулық стандарттары, еңбек, таным және т.б.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер кезеңінде күрт шиеленісе түседі, басымдықтар мен өткеннің, бүгіннің және болашақтың қайшылықтары. Оқушыларды әлеуметтік маңызы бар бағыттау процесі – құндылықтар белгісіздік, бағдарсыздық тудыратын осы қарама-қайшылықтарды жоюға арналған. Осы уақытқа дейін педагогикада қалыптасқан механизмдер құндылықтарға бағдарлау қазіргі оқушының дамуының жалпы жағдайына қайшы келді және оның пайда болуына себеп болды. Қазіргі кездегі құндылықты бағдарлаудың мазмұндық жағы – уақыт жалпы адамзаттың басымдылығын елеусіз қалдырады, нақты мектеп тәжірибесіндегі құндылықтар. Педагогтердің қызметін регламенттеу, тәрбие мен оқытудың бұрынғы педагогикалық құндылықтар жүйесі, әлемге құндылық қатынасты беру тәсілдері «дайын» өрмелеу процесін орналастыруға жол бермейді, жеке тұлғаның өзі абстрактіліден нақтыға дейінгі жол бойындағы құндылықтарға.

Қоғамның, жалпыадамзаттық мәдениеттің құндылықтар жүйесі көптеген оқушылар үшін абстрактілі, тұлғаға бейтарап деңгейде қалады.

Оқушылардың құндылық бағдарлары жүйесі (олардың мазмұнды толықтығы) әрқашан қоғамның құндылықтар жүйесіне сәйкес келеді. Бұл заңдылық педагогиканың жалпы заңынан алынған, зерттеу деректерін диахрондық талдау және диагностикалық өткізілген эксперимент кезеңі. Қоғамдағы құндылықтарды қайта бағалаудан кейін, қоғамда үнемі болып жатқандығы дәлелденді, ал кейде оны болжай отырып, оқушылардың құндылық бағдарларында өзгерістер болады. Дамудың әлеуметтік жағдайының ерекшелігі – қазіргі оқушы құндылық белгілерін іздеуден тұрады, құндылықтарды түбегейлі қайта бағалау, жаңаларының тууы жағдайында

басымдықтар. Осыған байланысты педагогикалық аксиология, мұғалімдердің құндылық бағдарлары ерекше маңызға ие. Мәдениет тұлғалар бұл жағдайда ерекше маңызды фактор болып табылады, оқушылардың әлеуметтік маңызы бар құндылықтарға бағдарлануы. Педагогикалық ұстанымды монологтықтан диалогтыққа өзгерту, мұғалімнің оқушының қажеттіліктеріне және балалық шақтың құндылықтары, жетекші педагогикалық жағдайлардың бірі бар оқушылардың әлеуметтік маңызы бар құндылықтарға бағдарлануы. Бағдарлау процесінің құрылымдық деңгейі, функционалдық аспектісі құндылық субъектісі ретінде тұлға туралы жетекші психологиялық-педагогикалық ережелер негізінде теориялық тұрғыдан анықталады.

Бағдарлау – бұл жеке даму процесі, онда оның компоненттерін қалыптастыру, өзгерту, интеграциялау көп нәрсеге әкеледі, кезең-кезеңмен жоғары тұтастық орнатады. Даму компоненттерінің жинақталуы, оларды сақтау, байыту және қайта құру, олардың функцияларын бөлу, иерархия және интеграция жаңаларының пайда болуын қамтамасыз етеді, құрылымдық құрылымдар және құндылық бейнесінің жаңа функцияларын – әлем, «мен» бейнесі, болашақ бейнесі құндылықтары.

Бағдарлау процесі зерттеуде қажеттіліктердің жоғарылауының диалектикалық Заңы негізінде тұлғаның қоғам құндылықтарына көтерілуі ретінде қарастырылады. Оқушылардың әлеуметтік маңызды құндылықтарға бағдарлану процесінің мәнін түсіну бір уақытта тұжырымдамалық позиция. Қажеттіліктерді арттыру – заңының педагогикалық проекциясы оқушылардың әлеуметтік маңызды құндылықтарға бағдарлану процесінің мәнін тәуелсіз, қоғамның жетекші құндылықтарына барабар тұлға қозғалысы ретінде сипаттауға, анықтауға мүмкіндік береді, тәрбиенің құндылық функциясы – құндылықтарды мектеп өміріне айналдыру және олардың жасын және дамуының әлеуметтік жағдайын, игерілген құндылықтарды ескере отырып, оқушылардың жеке қажеттіліктерін өзектендіруді қажет етеді.

«Құндылық» категориясы – педагогикада әдіснамалық мәні, әсіресе, үлкен болатын осындай жалпы ғылыми ұғымдардың қатарына жатады. Қазіргі әлеуметтік ойдың негізгі ұғымдарының бірі бола отырып, ол философияда, әлеуметтануда қолданылады, объектілерді және олардың қасиеттерінің құбылыстарын, сондай-ақ әлеуметтік идеалдарды қамтитын дерексіз идеяларды белгілеуге арналған психология, осының арқасында әділеттілік стандарты ретінде. Мазмұны «құндылық» ұғымдары көптеген ғалымдар (В.П. Тугаринов, С.Ф. Анисимов, Л.М. Архангельск, Л.П. Буева, А.Г. Здравомыслов, М.С. Қаған, В. Момов, В.Н. Сағатовский, З.Н. Чавчавадзе, И.Т. Фролов) бірқатар оқшаулау арқылы сипатталады, қоғамдық сананың барлық түрлеріне тән белгілер: маңыздылығы, нормативтілігі, пайдалылығы, қажеттілігі, орындылығы.

Құндылықтың пайда болуы, бір жағынан, қоғамның, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын заттармен, құбылыстармен және олардың қасиеттерімен байланысты деп айтылады. Екінші жағынан, құндылық адамның, қоғамның бар объектісін, құбылысын бағалауға байланысты пайымдау ретінде әрекет етеді. Құндылық – бұл субъект пен объект арасындағы

белгілі бір қатынастың көрінісі. «Сонда ғана, біз адамның әлеуметтік болмысын аспектіде қарастырған кезде құндылықтар – объект-субъективті қатынас, біз құбылысты тіркей аламыз» [1].

Адамның құндылықты түсінуі оның болуын болжайды, қандай да бір түрде немесе құндылықтар тобында бағдарлаудың белгілі бір әдісі. Бағдарлау тәсілі, өз кезегінде, осы немесе басқа заттарды қалыптастыратын ішкі психологиялық механизм болып табылады. Мінезі мен бағыты бойынша оның құндылық қатынастарының ерекшеліктерін анықтауға болатын жеке тұлғаның басқа қалаулары. Егер адам табиғи принципті басып тастаса, оған қарсы әрекет етсе, өзін міндет сезіміне бағынуға мәжбүр етсе, адамгершілікке айналуы мүмкін. Кант моральдық талаптар жоқ деп санайды, бұл заңдар мен қажеттіліктерге негізделуі алынуы мүмкін. Табиғи болмыс ретінде ол кеңістік пен уақыт әлеміне, себептері мен салдарына жатады. Оның әрекеттерін алдынала болжауға және сол әрекетпен есептеуге болады. «Тек басқа әлемде адам еркін және өз іс-әрекеттерін таңдайды және олар үшін жауап береді.

Сіз оны мақұлдай аласыз немесе айыптай аласыз – бұл басқа әлем, әділеттілік пен мәңгілік өмірге кепілдік беретін Құдай әлемі» [2].

Білім беру – бұл іргелі негіз және оқушылардың бойында әртүрлі өмірлік салалардағы адамның шынайы және қиялдағы құндылықтары туралы нақты идеяларды қалыптастырудың қайнар көздерінің бірі болғандықтан, білім берудің құндылық шеңберін, басым құндылықтар жүйесін, тиісті бағдарлаудың педагогикалық технологияларын әзірлеу білім беру жүйесін жетілдіру, оны дамыту стратегиясын әзірлеу жолындағы қажетті және маңызды қадам болып табылады. Бұл үдерісте РАО академигі З.И. Равкиннің пікірінше, аксиологиялық бағдарлардың тарихилығын, құндылық позицияларының цивилизациялық дамудың жаңа кезеңінде жаңа мәнге ие болу қабілетін есте ұстаған жөн [3]. Педагогиканың аксиологиялық негізі – ғылым практикамен тексерілген идеялар жиынтығымен, қабілетті идеялармен құрылған бұрынғы және жаңа ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің нәтижелілігін қамтамасыз ету. Ғылымның құндылық негізі қалыптасты табылған позициялардың синтезінің арқасында педагогикалық заңдылықтардың мәртебесі – педагогикалық принциптер, ерекше маңызды сипаттамалары бар және келесідей аксиологиялық инварианттар ерекшеліктері. Біріншіден, бұл идеялар – ерекше құндылығы, маңыздылығы және пайда болғаннан кейін (уақыт пен объективті жағдайлар талап етеді), олар енді ешқашан жоғалып кетпейді, педагогикалық тұжырымдамалардың, модельдердің, теориялардың негізі болып табылады, білім беру үдерісі тұрақтыға айналады. Екіншіден, бұл жаңа бағыттарды дамытуға, байытуға, түрлендіруге, өндіруге қабілетті педагогикалық идеялар педагогикалық теория мен жұмыс тәжірибесінде мектептер дамып келе жатқан жүйелерге тұрақтылық беріп, өзекті болып қалады. Үшіншіден, аксиологиялық идеялар бар аяқталмау, қанықпау перспективасы, оларды қабылдау, түсіну және түсіндіру жаңасына сәйкес келетін жаңа міндеттер қояды – уақыт, жаңа әлеуметтік-мәдени өлшемдер, педагогикалық шындық. Төртіншіден, аксиологиялық идеяларды педагогика мен білім берудің қарқынды

инновациялық дамуын тұрақтандыру үшін қажет. Аксиологиялық идеялардың негізділігі бұл көзқарас айқын, өйткені ол процесте жаңа мен ескінің өзара байланысын дамытып, қамтамасыз етеді [4]. Мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық дайындығының құрылымында құндылықтар жүйенің барлық басқа компоненттері негіз бола отырып, ерекше орын алады. Мұндағы құндылықтар – бұл жеке мағынасы бар және студенттердің, болашақ мұғалімдердің – өскелең ұрпақтың тәрбиешілерінің адам мінез-құлқы мен өмірлік және кәсіби көзқарастарын қалыптастырудың бағдары болып табылатын рухани құбылыстар.

Аксиологиялық көзқарастарды теориялық талдау педагогикалық процестерде жүзеге асырылатын диалектика заңдары қоғам құндылықтарының эволюциясын көрсетеді деген қорытынды жасауға негіз береді, олар жаһандық мақсаттардың басымдылығын, жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге, олардың әртүрлі педагогикалық жүйелерге енуіне әкеледі [5].

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылық басымдықтарын қамтитын білім берудің гуманистік педагогикалық құндылықтарының болашақ педагогикалық қызметінің жетекші идеалдары, нормалары мен көзқарастары ретінде мұғалімнің жемісті игеруі және қабылдауы үшін кәсіби-педагогикалық даярлық процесінде әлеуметтік пайдалы және өнімді шығармашылық қызметте көрсетілген құндылықтарды өмір сүру және сезіну, қорғау және бекіту қажет. Алайда, педагогикалық университеттің қазіргі білім беру процесінде мұндай қызметтің үлесі шамалы, сондықтан кәсіптік-педагогикалық білім берудің мазмұны жетілдіруді және дамытуды қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Вилюнас В.К. Психологические механизмы биологической мотивации. – М.: Изд-во МГУ, 1986. – 178 с.
- 2 Конникова Т.Е. Роль коллектива в формировании личности школьника. Дис. д-ра пед. наук. – Л., 1970. – С. 35.
- 3 Национальные ценностные приоритеты сферы образования и воспитания (вторая половина XIX – 90-е гг. XX вв.) / Под ред. З.И. Равкина. – М.: ИТОиП РАО, 1997. – С. 409-410.
- 4 Кирьякова А.В. Оренбургская ветвь научной школы аксиологии воспитания. Вестник Оренбургского государственного университета, 2020, № 5 (228).
- 5 Кирьякова А.В. Аксиологическая концепция ориентации личности в мире образования, Вестник ОГУ, 1/99.

ҒТАМР 14.07.09

ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДЕГІ ЭКОМӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АКАДЕМИК Н.САРЫБЕКОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Қ.Н. Сарыбекова

П.э.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Л.Б. Жандаралы

Студент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Мақала педагогика ғылымдарының докторы, академик, Қазақстанның тұңғыш экопедагогы Н. Сарыбековтың табиғат қорғау дәстүрлеріне байланысты жазған еңбектерін талдауға арналған. Атап айтсақ, ұлттық негіздегі экомәдениетті қалыптастыруға Академик Н. Сарыбеков еңбектерінің әсері қарастырылды. Н. Сарыбековтың «Табиғат қорғау дәстүрлерінің тәрбиелік мәні» еңбегіне сүйене отырып, мектептің оқу тәрбие процесінде осы аталмыш мәселені тиімді ұйымдастыру сөз болған.

Түйін сөздер: ғалым, эколог, табиғат қорғау, дәстүр, этноэкология.

Бұл бөлімді Нұрғали Сарыбековтың «Ханның қасында болғанша, бұлақтың басында бол !» деген афоризмінен бастағанды жөн көрдік [1, 81 б.].

Халық арасында кең таралған жергілікті рухани тәрбие өз ұрпақтарын тәрбиелеуде үлкен маңызға ие, өйткені олар өз елдерін аймақтың болашағы үшін тынымсыз еңбек етуді жақсы көреді. Жердің табиғи ресурстарын, суын, өсімдіктері мен жануарларын сақтау, Қазақстан халқының өміріне, экономикасына, қарым-қатынастарына және т.б. байланысты заңнамалар. Ол табиғи қорды ұқыпты пайдалану мен қорғауға байланысты көптеген нақыл сөздер, дастандар қалдырды.

Экомәдениетті ұлттық әдеп арқылы оқытуды өзінің ғылыми мақалалары арқылы алғаш жазған биолог Сутанбек Ысқақов еді. Ол қазақтың экологиялық дәстүрлері туралы айтып берді. 1973 жылы жарық көрген «Табиғатты қорғау дәстүрлері» кітабы ағартушылық насихатты ілгерілету үшін көмекші құрал болды [2, 11 б.].

Бұл зерттеуге ерекше назар қойып, кеңінен бақылауға алу 1990 жылдан басталды. Академик Н.Сарыбековтың бастауымен, профессордың шәкірті болған ғалым, доцент Өміртай Танабаев, Қыздар педагогика институтының

доценті Рысбай Сәтімбеков және ғалымның ұлы педагогика ғылымдарының кандидаты Қайрат-Дармен Сарыбеков терең зерттеді.

Ғалым Н.Сарыбеков өзінің ««Адам – табиғат досы», «Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері» (авторлық бірлестікте) және тағы да басқа еңбектерінде тәрбиенің жаңа түрі этноэкологиялық тәрбие ұғымына тұңғыш рет түсінік берді» [3, 11 б.].

Н. Сарыбеков: «Дәстүр – өзінің өміршендігімен, тұрақтылығымен біршама сипатталатын және қоғамның бір тобынан екіншісіне ауысып отыратын мәдениеттің өткендегі элементі. Олай дейтініміз, дәстүр ғана адамзаттың әлеуметтік-тарихи тіршілігіндегі тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, жинақтайды. Жаңа ұрпақ өткендегі тәжірибеден өздеріне қажетті құндылықтарды қабылдайды» – деп жазған [4, 17 б.].

Халқымыздың көп жылдан бері табиғатты сүйіп, қорғауға байланысты асыл қасиеттерін зерттеп, арнайы жүйеге келтіріп, ұрпаққа жеткізу сабақтастығымен айналысқан.

«Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері» атты еңбегінде: «...сан ғасырлық өмір тәжірибесінің арқасында жинақталған асыл қасиетті халық кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырды. Бұны дәстүр дейміз. Осы аға ұрпақтан мирас етіп алынған асыл қасиеттерді саналы түрде жалғастыра білу, оны іске асырып, келесі жас ұрпаққа мирас ретінде қалдыру – дәстүрдің іске асқанын, асыл мақсаттың орындалғанын, өмір арманының жалғаса отырып дамығанын көрсетеді...» деп түсінік бере келе, «Табиғат», «Өлі табиғат», «Тірі табиғат», «Топырақ» ұғымдарына анықтама берді» [4, 25 б.].

Н. Сарыбековтың ойынша, «Табиғат қорғау дәстүрі дегеніміз – ұрпақтан ұрпаққа берілетін, ұзақ уақыт сақталатын, заңмен бекітілмеген қазына, қоршаған ортаны аялап сақтауға бағытталған игі істер мен ойлардың нәтижесі, халықтың теңдесі жоқ мұрасы» [5, 41 б.].

Ауаны, суды сақтауға байланысты дала дәстүрлерін Н.Сарыбеков өзі өскен ата-баба қоныс Түркістан облысы өңірінің ұрпақтар сабақтастығына қалып отырған өнегелі істерін мысалға келтірген.

Н. Сарыбеков «... жаңадан туылған балаға ауыл маңынан аталары бұлақ көзін тауып, оны аршып тазалап, сол нәрестенің атымен бұлақ көзін атаған. Нәресте бес жасқа келгенге дейін бұлақты ата-анасы күтіп, қамқорлыққа алып келеді де, бес жаста оны баланың өзіне табыстайды... Бұлақтың басына ата-анасы жасыл желектер егіп, айналасын күл-қоқыстан тазалап отырады...» – деп келешек ұрпаққа үгіт-насихат жұмыстарын ұсынған [5, 4 б.].

Ғалымның өзі қазақ даласының табиғаты мен ата-баба тәрбиесінен ілім алған қазақ ұлдарының бірі.

Топырақты, табиғи байлықтарды сақтау тәрбиесін қарастырғанда, табиғи-кең орындарының қасында табиғатты сақтаудың екі ерекше жолын ұсынған:


1. Бос қалдықтарды қазылған жерге тастаңыз, жоғары жағынан құнарлы топырақ құйыңыз, ұзартылған дренаждық арналар жасаңыз, сәндік шөптер мен тұрақты шөптерді, гүл аллеясын себіңіз.

2. Айналаға төгілген зиянды-ұлы қалдықтарды қайта термоөндеп, шаруашылыққа қажет құрылыс материалдарын өндіретін, әр өңірден кішігірім зауыт, цехтар салу.

Топырақ ұғымына анықтама беріп, оны сақтаудың дәстүрлеріне тоқталған. «Топырақ дегеніміз – өз алдына ерекше қасиеті бар табиғи зат. Ол өлі де тірі де табиғатқа жатпайды. Ол тек екі табиғатты байланыстырып, бірінен –бірі керекті заттар өткізіп, екеуін де байытып, табиғи күш беріп, соның арқасында өзі де байып, күш алып тұратын ерекше қасиетті бір бөлшегі» – деп анықтама берген [4, 41 б.].

Ұлтымыздың қоршаған ортаны жанымен аялап, мол табиғи қазынасын сақтауға арналған дәстүрлерін дала тәрбиесіне арналған рухани дәстүрлері, күнделікті бала тәрбиесінің сан түрлі дәстүрлеріне, сайып келгенде әлеуметтік-мәдени дәстүрлерде орын алғаны, жергілікті рухани-табиғи дәстүрлерді екі қатарға бөлу жолдары туралы айтады.

Н. Сарыбеков табиғатты сақтау дәстүрлерін «Сызба – 1» де көрсетті:



Сызба 1. Қазақ халқының дала философиясындағы салт-дәстүрлері.

Н. Сарыбеков: «Шын мәнінде, табиғат тәрбиесінен өткен халық – біздің халық. Табиғат аясында мәңгілікке көшіп жүру, сөз жоқ, оның сырын білуге жеткізеді. Табиғат құпиясын терең білу жағынан қазақтан асып түсетін халықтар бірен-саран» болғанын мақтан тұтты және табиғат қорғау дәстүрлерінің қалыптасуына әсер ететін 7 факторды келтірді» – деп көрсетті [4, 55 б.].

Олар: «Тарихи фактор: қазақ халқының басынан өткен тарихи даму жолы. Шаруашылық фактор: өмірлік қажеттіліктерді қанағаттан-дырудың жолдары. Табиғи фактор: жерінің байтақ, табиғатының да бай да көрікті болуы. Мәдени фактор: ауыз әдебиеті мен өнердің күштілігі, олардың табиғаттан нәр алуы, соны жырлауы. Діни фактор: Аспанды – Ата, Жерді – Ана деп ардақтаған Тәңір дінінің дүниетанымы. Әлеуметтік фактор: қазақ халқының бір текті шаруа

халқы болуы, ауыл тұрғындарынан тұратын этнос болуы. Демографиялық фактор: қазақтардың XX ғасырға шейін өз жерінде басым көпшілік болуы, өзге ұлттармен араласпауы» [5, 52 б.].

Н. Сарыбеков еңбектерінде ұлтымыздың көмескіленіп кеткен ежелгі әдеп-дәстүрлері мен философиялық наным-сенімдеріне түсініктеме жасап, атмосфераны, гидросфераны сақтауға байланысты дала философиясының дәстүрлерін, оның ондаған түрін, тропосфераны қорғауға арналған даланың философиясын дәстүрлі анализдеу әдісін, дала флорасы мен фаунасын сақтап қалудың көптеген әдістерін көрсеткен. «Дәстүр», «салт», «рухани байлық», «дала философиясы» секілді терминдердің мәні мен жетістіктерін тереі педагогикалық тұрғыда зерттеп, орның ұлы дала халқының өмірімен ұштастырып айқындаған [3, 73 б.].

Табиғат байлықтарын, оның әсемдігін сақтау мектепте және өмірде тек биолог-ұстаздың жұмысы ғана емес, жас сәбидің бойында Отанға деген терең махаббатты қалыптастыру барлық ересек адамдардың, ата-ана мен тәрбиеші-ұстаздардың міндеті деген ұстанымды дәлелдеді.

2022-2023 оқу жылының оқу тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі болып табылатын «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасын бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік, экологиялық, азаматтық-ұлтжандылық, көркемдік-эстетикалық тәрбиелердің дұрыс қалыптасуына көмек беретін сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында Н.Сарыбековтың ұлттық негіздегі экомәдениетті қалыптастыруға арналған еңбектерін пайдаланып, оң нәтижелерге жеттік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сарыбеков Н.С. Аяласаң – табиғатты аяла // Парасат, 1997, №12.
- 2 Сарыбеков Н.С., Қонақбаев Е.К. Табиғат – тіршілік тірегі. – Алматы, Қайнар. 2009. – 198 б.
- 3 Сарыбеков Н., Сарыбеков М.Н., Сарыбеков Қ. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 2006. – 198 б.
- 4 Сарыбеков Н.С. Табиғат – тал бесігіміз // Биология және химия, 2016, № 5.
- 5 Сарыбеков Н.С. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлерінің мәні. – Алматы. – 210 б.

SRSTI 14.35.09

USING TRADITIONAL AND DIGITAL MEANS IN TEACHING VOCABULARY

Zh. Esirkep

Master's student, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda

In today's world, digital technologies are essential part of our lives, and the Internet is becoming more accessible. For now information and communication technology moment every year intensively implemented in the field of education, and various programs, applications and online services for learning foreign languages contribute to a more accessible and facilitated process of learning vocabulary.

Key words: digitization, foreign language, vocabulary, foreign language teaching, digital technologies.

The lexical unit, according to the definition of G.V. Rogova, represents from itself a word, phrase or any other unit of language, with which can be used to designate an object, phenomenon or feature. Education foreign vocabulary determines the required volume of lexical units for their application in all types of speech activity.

Vocabulary is an important aspect in learning foreign languages. Successful mastery of lexical skills directly affects the ability to communicate in the target language. Therefore, teaching vocabulary is an important task, for the implementation of which it is necessary to carefully choose a teaching method.

In the absence of knowledge of foreign language vocabulary, further language learning, so the vocabulary expansion stage is most important in the learning process. For the successful implementation of this component, it is necessary to choose the right approach to learning foreign language. The learning approach is defined as a strategy, a method for achievement of specific goals and objectives in teaching foreign languages.

